диссертациясы Сұлтанмахмұттану ілімін толықтыра түскен құнды зерттеулер екендігі аян. 2010 жылы Павлодардан шыққан «Сұлтанмахмұт Торайғыров» тұлғалық энциклопедиясын да ерекше айтуымызға болады [2].

Бар болғаны 27 жыл өмір сүрсе де қазақ халқының аңсаған ой-арманын, данышпандығын бойына сіңірген, оның өмірі мен тұрмысын, әлеуметтік сана, рухани бейнесін түгелдей қамтып жырлаған талантты ақын С.Торайғыровтың шоқтығы биік туындысының бірі – «Кедей» поэмасы. Бұл поэманың негізгі тақырыбы – қоғамдық-әлеуметтік теңсіздік. Қазақ ауылындағы кедейдің тұрмысын реалистік тұрғыдан суреттеп жазған.

«Кедей» поэмасы 1919 жылы шыққан. Бұл поэма 10 бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімі «Қызметі һәм аянышты халі» деп аталады. Поэма басындағы:

Күзгі түн, шөптің басын қырау көмген,
Ызғар шашып, бұлт мынау жерге төнген.
Қараңғы, итпен бірге қой күзетіп,
Мен ояу, ел ұйқыда, оттар сөнген.
Ұзақ түн, жолдасым жоқ иттен басқа,
Бүтін киім менде жоқ жаурамасқа,
Бір бүтін, кірсіз киім кигенім жоқ,
Туғаннан міне шықтым талай жасқа.

– деген жолдарда оның бейшаралық өмірінің шындығы, аянышты халі айқын суреттеледі.

Кедей өзінің балалық шағын еске алып, тіпті өмірінің ең қызықты, балғын балалық шағының өзі байдың баласын ойнатып, сол байға қызмет көрсетумен өткенін айтады:

Қозыға жарауымнан біраз бұрын
Ойнатып, уатпап па ем байдың ұлын?
Сүйретіп, арбасының аты болдым,
Бір аяқ ас еді ғой сондық құным.

Кедей қаншама жыл маңдай термен ас тауып, адал еңбек етіп жүрсе де не себепті құдай оған ырыс-несібе бермейтініне налыды.

Мен сорда жастан бері дамыл бар ма?

Не еңбек сіңірмедім малы барға,

–деп, еш табылмастан еңбек еткенін айтады. Бірақ қаншама еңбек етсе де алатын құны өте аз, тек ішіп-жер тамағы ғана.

Менің-дағы қатарға кіргім келер,
Жақсы ас ішіп, жақсы атқа мінгім келер,
Аз күнгі тіршілікте бейнет көрмей,
Өз еркімше өмірді сүргім келер,

–деп, ешкімге бағынбай, өмірдің азабынан айырылып, әділдік туын орнатып, жақсы ғұмыр кешкісі келетін кедей жайын жырға қосады.

Ең өкініштісі, осы жоқшылықтың кесірінен өз сүйгенінен айырылуы кедейге үлкен соққы болып тиеді.

Малым кедей болғанмен, жаным биік,

Жүрегім жек көре алар және сүйіп,

Қара көз, алтын сәуле, ақ ерке үшін,

Бай ұлындай тарта алам мен де күйік,

–деп, өзінің баласы болған соң оның да сүюге құқығы бар және сүйе, күйе білетінін айтады.

Тіпті өзімен құрдас Жақып екеуінің бірге өскенін, бірақ ол еш қиналмай, еш уақытта тер төкпей қарны ашпайтынын, киінсе киер киімін қарамағындағы кедей жалшылары алып беретінін ашына айтады:

Түре келсе бір кедей кебіс салар,

Есік ашар бір кедей құман алар,

Киінсе киімдерін кісі әперер,

Білмеймін: өзіне-өзі неге жарар?

Осыдан келе кедей мысқылдап, о дүниеге барғанда әділдік орнап, рақат ғұмыр кешерміз дейді:

Сонда ғана жамаусыз киім киіп,

Сонда ғана жақсы асқа аузым тиіп...

...Сонда ғана көн бетім ағара ма?

Ақын тек кедейдің ауыр тұрмысын, жоқшылық өмірін суреттеумен шектеліп қалмайды. Лирикалық кейіпкерге сұрақ қойғызып, оның өмірін өзгерту идеясы бар.

Байларға өгіз болып өту үшін,

Дүниеге шынымен-ақ келгенім бе?

Яғни, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың кейіпкері өз жағдайын дұрыстау үшін бақытқа жету жолын іздейді.

Бұған көніп жүргеннен өлген артық,

Іштен тынып, жанғаннан, сөнген артық,

Текке өлмей, тауға-тасқа басты соғып,

Жолында не кез келсе көрген артық.

Осы жолдардан біз еш қиындыққа мойымай, тек бақытқа, тендікке, әділеттілікке ұмтылған кедейді көреміз.

Поэманың «Бақытқа жететін оңай жол» (Яғни елге масыл болу) бөлімінде, қорыта келіп:

Жол қайсы құдай салған, шайтан салған,

Білмеймін, осы жері маған арман.

Мейлі құдай берсін, шайтан берсін,

Мақсатым — оқу, оқу көңліме алған,

–деп, бақытқа оқу арқалы жетсем дейді.

Адамның дүниетанымы, сана-сезім дүниесі, ақыл-ойы, темпераменті, мінезі, қабілеті, әр нәрсені қабылдауы сол адамның психологиясының көрінісі. Бұл шығармадағы кедей айтқан сөздерге көніп жүре беретін басқа кедейлерге мүлде ұқсамайды. «Біз қашан енбектің жемісін көріп, теңелеміз» деп ойланады. Осы шығарманы бастан аяқ оқи отырып біз кейіпкердің қайратты, ертенгі күніне сенімі мол, жігерлі, еңбекқор, өмірге құштар, өмірді сүйетін адам екенін байқаймыз:

Байдікіндей менде де жүрек, жан бар,

Жүрегімде өмір бар, ыстық қан бар,

Үміт бар, махаббат бар, жек көру бар,

Бәріде байдікіндей, байқасандар.

«Кедей» поэмасының соңы көңілге қонымды аяқталмаса да, бұл поэмдан үміт, күш-қайрат лебі еседі. Төменгі таптың аянышты халі, кедейдің бала кезінен бастап қартайған шағына дейінгі өмірі шынайы әрі шебер суреттеледі.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың қай туындысын алсақ та өте шебер жазылған, халықтың жадында мәңгі қалар үздік туындылар!

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Еспенбетов, А. Сұлтанмахмұт Торайғыров. Монография. - Алматы: Ғылым, 1992. - 200 б.

2 Сұлтанмахмұт Торайғыров. Энциклопедия. - Павлодар: ЭКО, 2010.

«ДАЛА УӘЛАЯТЫ ГАЗЕТІ» МАТЕРИАЛДАРЫ

ҚАПАСОВА Б. Қ.

профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

«Дала уәлаяты газеті» – қазақ баспасөзінің алғашқылары. Алғашқы болғандықтан да оның өзге баспасөз материалдарынан өзгешеліктері де мол. Бүгінгі баспасөз туындылары ақпаратты беруі жағынан, жанрлық, формалық, стильдік сипаттары, жарияланым көзі тұрғысынан ерекшеліктері олардың сан алуан бағыттары мен қоғамдық, әлеуметтік, мәдени орындарын да айқындайды.

«Дала уәлаяты газеті» 1899-1902 жылдары Омбы қаласында екі тілде орыс және қазақ тілдерінде жарияланған.

Пантусов Николай Николаевич (1849-1909) танымал археолог, этнограф, фольклорист және географ, бүкіл өмірін Орта Азия мен Қазақстан жерін зерттеуге арнаған. 1871 жылы Петербург университетінің шығыс факультетін бітіріп, осы жылы кафедрада қызметке қалады. Бірақ 1872 жылы Н.Н. Пантусов Түркістан өлкесін зерттеу қызметіне ауысады. Н.Н. Пантусов Ташкентте, Ферғанада, Жетісу мен Құлжада болады. Түркістан өлкесінде қызмет еткен Н. Н. Пантусовтың еңбектері туралы материалдар мардымсыз.

«Дала уәлаяты газетіне» жазған материалдары мазмұны жағынан көркем үлгіде келеді. Шығыс әлемінің өзгеше танымы мен түсінігі, дәстүрі мен әдет-ғұрыптары жинақталған «Баян сұлу менен Қозы Көрпештің моласы турасынан қазақ арасындағы сөз – Киргизское народное предание о могиле Козу-Курпеч и Баян слу», «Ғұмыр яғни түс – Жизнь – это сон», «Керуен болып өтміш – Караван-призрак» т.б. туындыларды бастырады. Пантусов сол кезеңдегі қазақ әдебиетін жинастырушылардың бірі ретінде қызмет еткені анық. Бірақ Н.Пантусовтың еңбектері мен қазақ танымын жаныммен ұғатын ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушылар Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы мен Ә. Диваев еңбектерімен салыстыруға келмейді. Осы тұста Н.Пантусов туралы, оның ұлт әдебиеті үшін еңбектері туралы ғасыр басындағы ұлт зиялыларының пікірлерін кездестіре алмаймыз. Газет бетіне бірнеше мәрегіалға автор болған Н.Пантусов материалдарының көркемдігі әлсіздігі ме, әлде халық құндылықтарын жинап бастыруда өзге мақсат-мүддесімен байланысты ма деген тұстар әлі де зерттеуді қажет етері сөзсіз.

Алаш қайраткерлердің алдыңғы легінен орын алатын Райымжан Мәрсековтің де халқы үшін атқарған жұмысы айрықша.

Р.Мәрсеков 1879 жылы [Семей облысы](#), Өскемен уезі Айыртау болысында туған. Өскемендегі уездік орыс-қазақ мектебін бітірген соң, Омбыдағы классикалық гимназияға оқуға түседі. Қазақша, орысша екі тілге бірдей жетік болып, зеректігімен жұрт назарына ілігеді. 1897 жылы Қазан университетіне түседі. 1899 жылы [Санкт-Петербургтегі](#) Император университетінің заң факультетіне ауысады. Университетті 1902 жылы [заңгер](#) мамандығы бойынша бітіріп шығады. Р.Мәрсеков – қазақтан шыққан білікті заңгерлердің бірі. Р.Мәрсеков қолына қалам алып, қазақ халқының рухани құндылықтары, әлеуметтік әл-ауқаты туралы мақалалар жазып, дарынды публицист ретінде де танылған.

«Дала уәлаяты газетіндегі» Р.Мәрсековтің еңбегі жеке қарастыруды қажет етеді. Ғасыр басындағы қайраткердің ұлт

болашағы үшін істеген заң мен қоғам істеріндегі үлкен бір саласын баспасөз беттеріндегі мақалалары толықтырады. Баспасөзді халықты бір ортаға топтастыратын, бір ойға жетелейтін, біріктіретін күш деп қабылдаған.

«XX ғасыр басында қазақ интеллигенциясын тарихи аренаға шығарған Алаш қозғалысына, Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің қызметіне де Райымжан бар жан-тәнімен қызмет етті. Ол елдің қамын, болашағын ойлап, отаршыл жүйеге қарсы шыққан, барлық ой-пікірлерін «Қазақ», «Дала уәлаяты газеті», «Серке», «Алаш» сияқты газеттер мен «Айқап», «Шура», «Шолпан» журналдарына жариялап тұрған қазақтың біртуар ұлдары, ұлтымыздың ақыл-ой көсемдері - Әлихан Бөкейханов, Жақып Ақбаев, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамедов, Жаһанша Сейдалиндердің сенімді серіктерінің бірі болып, олармен қоян-қолтық араласты. Солармен бірлесе ұлт мүддесіне кереғар пікірдегі отаршыл патша саясатына қарсы жарияланған мақалаларын үзбей оқып, олардың пікірталастарына белсене араласып, өз ойын да ортаға салып отырды. Ол осы «Алаштың» органы болған «Сарыарқа» газетін ұйымдастырды. Кезінде газет жөнінде С. Сейфуллин: «Семейде шыққан «Сарыарқа» газеті «Алаштың» тілі болды», - деп жазған еді» [1].

«Дала уәлаятының газеті» беттерінен табатын есімдеріміздің бірі – Отыншы Әлжанов.

Отыншы Әлжанов 1873 жылы [Семей облысы](#), [Зайсан уезі](#), [Нарын](#) болысында туған Әкесі Әлжан Сақауұлы дәулетті әрі ықпалды болыс болған екен. Көзі ашық әке баласының ата дәулетіне арқа сүйеп, өз қатарынан қалып қоймауы үшін оны елдегі жақсы адамдардан үлгі алып, өнер білім іздеуге баулыды. [Алаш](#) қозғалысының көрнекті өкілі, [Алашорда](#) үкіметінің мүшесі, [Жетісудағы](#) алаш қозғалысының басшыларының бірі, ағартушы-публицист, халық мұғалімі деген істер – О.Әлжановтың ұлт болашағы жолындағы еңбектерінің жарқын көрінісі. Автордың «Қарынбайдың хикаяты». «Дала уәлаяты», 1894, №17, «Печальное положение современной киргизской женщины», КСГ, 1895, № 33 – 35», «Беседы о воспитании киргизских детей», КСГ, 1898, №13, «Причины обеднения киргизов», КСГ, 1898, №19 – 23 т.б. мақалалары О.Әлжановтың қоғамдық-әлеуметтік тұстарды ұлттың ортасымен, танымымен байланыстыра отырып, соған қайта қарап, өзгеше талдауды қажет ететіндігіне ой салады.

«Дала уәлаяты газеті» бетіндегі жарияланған мақалалардың авторлары қазақ қоғамының әр тұсына назар салғызды. Біліктің

ықпалымен, саясаттың қолымен жасалып отырған газеттің өзін ұлттың болашағына қызмет етуге пайдалана алды. Газеттің басты құндылығы да осында болатын. Бұған дейінгі шыққан «Оренбургские ведомости» мен «Түркістан уәлаяты газетінің» де қазақ баспасөзінің дамуына қосқан үлесін жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен, «Дала уәлаяты газеті» ұлтқа жақындығымен, халық қажетін көтерген, сұранысын өз заманы үшін өтеген басылым болғаны анық.\

«Дала уәлаятының газеті» қазақ даласын үшін төмендегідей міндеттерді орындауды алға қойған. - халықты оқу-ағарту ісіне тарту;

- қазақ арасындағы ауыз әдебиеті үлгілерін жинастыру;
- басқа да халық, ұлт мәдениетінен хабардар ету;
- қоғамның әлеуметтік тұстарына назар аударту;
- қазақ, татар, башқұрт оқығандарының бірігуінің алғышарттарының бірі терінде ұстану;
- халыққа қазақ ішіндегі танымал адамдарды насихаттау;
- ауыз әдебиеті үлгілерінен бастап көркем шығармаларды жазбаша оқытудың алғашқы үлгісінің қызметін қалыптастыру.

Баспасөздің халық үшін ең қажетті міндеті ұлтқа керек істі насихаттау. Қоғамның сол күнгі қажетін өтеуден бастап, болашағына қарай жол тарту. Осы жағынан алып қарағанда қазақ тіліндегі басылымдар ұлтқа керек ең басты міндет – оқу-ағарту идеясын алғашқы лекке шығарды.

«Дала уәлаяты газетінің» редакторлары мен авторлары сан алуан мамандық иелері болатын Сол кездегі белсенді авторларға назар салсақ, ұлт мәселелерін көтеруде барынша шеберлік пен қисынды тәсілдерді таба білген. Қандай да материалды өзекті де қажетті етіп жаза білген, елге ұсына білген.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 <http://alash-orda.kz/figures/1322--alash-azamaty-alash-ayratker-rayymzhan-mrsekov-khaynda> Смағұлова С. Алаш азаматы (Алаш қайраткері Райымжан Мәрсеков хақында).

2 Дала уәлаятының газеті // Құр.: Сухбанбердина Ү. Алматы: Ғылым, 1992, ISBN – 5-628-00536-3.

ЗАҢНАМА ТІЛІНІҢ СТИЛЬДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ҚОЖАХМЕТОВА Б. Р.

гуманитарлық ғылымдар магистрі, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Егер әдеби тіл – басқа лексикаға қарағанда, әбден сараланып, бір ізге түсірілген тіл, сол қоғамдағы лингвистика мәдениетінің үлгісі десек, заңнама тілі (ондай тілдің бар екенін тіл мамандары да, зангерлер де мойындайды) – сол әдеби тілдің барынша жүйеленген, екшеленген ерекше түрі. Сондықтан да заңнамалық стиль – ресми құжат тілі стилінің негізі. Демек, биік лауазым иесінен бастап, қатардағы құжат ресімдеуші қызметкерге дейін заңнама тілінің қыры мен сырына қанық болуға, оған қойылатын талаптарды қатаң сақтауға міндетті.

Қазіргі кезде кітаби стильдің екі түрін белгілеуге болады, жазбаша формада: ресми-іскери, ғылыми, публицистикалық болса, ауызша форманы көбінде, көркем әдебиет пен ауызекі стильдері камтиды. Функционалдық стильдер өз шеңберін тарылтуға тырысса да, бір-бірімен тығыз байланысқа түсіп жатады. Басқа стиль сөздерінің араласпауын, көбінде осы ресми-іскери стильде көруге болады. Ресми стиль элементтерінің қоғамдық-сөйлеу әрекетінің басқа салаларына еніп кетуін, тіл мамандары «тіл бұзушылық» («канцелярит») деп қарастырады. Ресми-іскери стиль әлеуметтік және әкімшілік-құқықтық реттеу саласында қолданылады. Яғни, олар: мемлекетаралық, азаматтар мен мемлекет, мемлекет органдары мен ұйымдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, ұйымдар мен жеке тұлға аралықтарындағы қарым-қатынастар. Бұл қатынастар өндірістік, шаруашылық-экономикалық, құқықтық немесе дипломатиялық қатынастар барысында туындайды.

Қазақ тілінде талай көркем әдебиет пен ғылыми еңбектер, мақалалар жазылып жатса да, сот актілерін мемлекеттік тілде жүргізу қадамдары баяу жасалуда. Тілдің зор мүмкіндіктерін *сөйлеудің* мән-жайын, мақсат-міндетін, қарым-қатынас түрі мен мазмұнын, сондай-ақ тыңдаушысын ескеру арқылы іске асырылады. Осы себептерден тілдік құралдардың стилистикаға байланыстылығы туындайды, яғни тіл қандай қоғамдық-сөйлеу қызмет атқарса, сондай тілдік бірліктер таңдалады.

Функционалдық стиль – әдеби тілдің бір түрі, ол белгілі бір қоғамдық-сөйлеу аясына қызмет етеді, өз нормасы мен тілдік бірліктер тіркесімі болады. Ең басты қызметтері: қарым-қатынастық (коммуникативтік), хабарлау (ақпараттық) және әсер ету [1].

Лингвистика әдебиетінде ресми-іскери стильді - іскери, ресми-құжат, ресми-канцеляриялық, заңнамалық, әкімшілік стилі деп те атайды. Бұл стиль көбінде, заңдылық, құқықтық мәнге ие болу үшін, жазбаша түрде, құжатты ерекше тип бойынша құрастыру арқылы іске асады. Ресми-іскери стиль қызметінің ауызша формасы да бар. Мысалы, **сот залындағы сөз, тергеу, салтанатты кештердегі ресми сөздер, телефон арқылы іскери сөйлеу, коммерциялық сөйлесу** т.б. Аузша сөйлеу айтылымы (произношение) нақтылығымен, мәнерлілігімен, логикалық, сөз екінін дұрыс қоя білулігімен ерекшеленеді. Эмоционалдық тұрғыдан көтеріңкі болуы мүмкін, басқа стильдер элементтерін де қоса сөйлеуге болады, бірақ әдеби норма сақталуы қажет. Ресми-іскери стильдің басқа функционалдық стильдерге қарағанда өзіне тән ерекше белгілері бар. Алдымен ол екіұштылыққа жол бермейтін, нақтылық. Құжат бір мағыналы түсінік беруі үшін арнайы терминология, лексикалық қайталанымдар қолданылады. Ресми-іскери стильдің тағы бір ерекшелігі – іскери қарым-қатынас уақытының шектеулі болуына байланысты оның стандарттылығы. Құжаттарды ресімдеу жұмысын жеңілдету мақсатымен әкімшілік-әлеуметтік және құқықтық мәселелерді белгілі қалыптар мен дайын тілдік формулаларды мәтінге енгізу арқылы жүзеге асырады. Осы себептерден материалдың графикалық ресімдеуінің бірыңғайлығы оның тағы бір ерекшелігі болып есептеледі. Мәтін бөлшектері арасында белгілі логикалық бірізділік пен материал орналасуының тұрақталған қалпы болады және сандық белгілер енгізіледі. Құжат тіліне басқа стиль элементтері кірмейді десек те болады, сөздік қор мен синтаксистік құрылымдардың қарапайым болу себептерінің бірі де осыдан. Осы стильге тән тағы бір айта кетерлік жай, бұндағы жақсыздық, және 1-ші, 2-ші жақтағы жіктеу есімдіктері мен етістіктердің болмауы. Мәтінде жақсыз сөйлемдер мен етістіктен жасалған зат есімдердің, ырықсыз етіс оралымдарының кездесуі. Осындай құжат мәтініндегі берілген ақпарат мазмұнына автор қатысының болмауы. Материал бейтарап тұрғыдан кітаби немесе функционалды белгідегі лексиканы пайдалану арқылы баяндалады. Эмоционалды-бағалаушылық лексика, экспрессивтік құрылымдар мен көркемдеу-айқындау құралдары қолданылмайды. Сөздіктерде, қазақ тілі оқулықтары мен грамматикалық анықтағыштарында белгіленген әдеби нормалар қатаң ұсталады. Ресми-іскери стилінің нормасына сай болу дегеніміз: мәтінге ауыз-екі сөйлеу, диалекті, жоргондар мен анайы сөздердің еңбеуі. Нормалардың

кодификациялануы (яғни заң күшін алуы) ауызша, жазбаша сөйлеуде талаптардың ұстанылуын міндеттейді. Ресми-іскери стиль аясы қатынасатарының кендігіне орай, оны жіктеп қарастыруға болады:

- **әкімшілік стилінің** әкімшілік-канцелярлық түрі (бұйрық, қолхат, өтініш, сенімхат, қолдау хат, түсініктеме, түйіндеме, т.б.) және әкімшілік-коммерциялық түрі (төлем жүктемелері, аккредитивтер, чектер, сәйкестік сертификаты, актілер, т.б.);

- **заңнамалық немесе құқық тілінің стилі**, нормативтік актілер жасау барысында азаматтардың құқықтық қатынастарын реттейтін (заң, жарғы, қаулы, сот актілері, құқықтық құжаттар т.б.).

- **дипломатиялық стиль**, халықаралық құқықтық қатынастармен байланысты (нота, меморандум, коммюнике, конвенция т.б.). Жанрлық жүйесі жағынан көп айырмашылығы болғанымен негізгі сипаттары бір-біріне жақын келеді. Ресми сөйлеу тіліндегі лексика біркелкі болып келеді. Көбінде бейтарап және кітаби сөздер қолданылады. Іскери сөйлеу тілінде функционалдық реңктегі сөздер немесе канцеляризмдер пайдаланылады. Мысалы, **жоғарыда аталғандар, төменде қол қойғандар, тыйым салынады, қажетті, хабарлау, ескерту, ұйғарым** және т.б. Сонымен қоса басқа стильдерге еңбейтін, ресми-іскери стильге тән лексико-фразеологиялық клишелер мен штамптар: **белгіленген тәртіп бойынша, берілген мәліметті ескеру, осында қарастырылған** және т.б. Лексикалық тұрғыда мәмлгерлікпен, құқықтану, экономика, бухгалтер ісі, спортқа байланысты тағы басқа тақырыптық арнайы сөздер мен терминдердің пайдаланылатынын атап өткен жөн. Мысалы, **кассалық арыз, азаматтық жағдай актісі, шықпауы жөнінде жазбаша міндеттеме, сапа сертификаты** т.б. Арнайы лексика мен функционалдық реңкі бар сөздер және тұрақты тіркестер, көбінде, синонимсіз болады сондықтан екіұштылық пен бұрмалаушылыққа жол бермейді. Ресми мәтіндердің тағы бір ерекшелігі – кез келген шындық фактілерін шоғырлы баяндау. Яғни сөйлемдерде күрделі қысқарған сөздер мен аббревиатураларды пайдалану (**ТЖМ, ҒЗИ, ТМД, пединститут, медколледж** т.б.) Іскери сөйлеу стилінде етістіктермен салыстырғанда зат есімдер көптеп қолданылады. Көбінде сөздер өз семантикасында қимыл-әрекетті білдіріп тұрады, өйткені етістіктен **-ым, -ім, -ме, -ма, -діру, -дыру** жұрнақтары арқылы зат есімдер жасалған (**шешім, тыйым, ұйғарым, өкім, міндеттеме, хаттама, баяндама, жетілдіру** т.б.).

Ресми-іскери стильде экспрессивтіліктің болмауына байланысты салыстырмалы және күшейтпелі шырайдағы сын

есімдер мен үстеулер және модаль сөздер, одағайлар қолданылмайды. Сондай-ақ мәтінді жақсыздандыру мақсатында (мен, сен, ол т.б.) жіктеу есімдіктері; (біреу, әлдекім, бір жерде, бірдене, бір нәрсе т.б.) белгісіздік есімдіктері пайдаланылмайды. *Мынау, анау, осындай т.б.* сілтеу есімдіктері *берілген, осы, төменде көрсетілген, көрсетілген* т.б. сөздермен ауыстырылады. Іскери сөйлеу тілінде етістіктен **-ушы, -уші** жұрнақтары арқылы зат есім жасалу үдерісі көп байқалады. Мысалы, **қол қоюшы, демалушы, шығарып салушы, беруші, алушы** т.б. Сондай-ақ модальдік мәндегі сын есімдер мен **-ты, -ті** сөз тудырушы жұрнақтар арқылы жасалған сын есімдер жиі пайдаланылады (**қажет, міндетті, парызды, жауапты** т.б.) Ресми-іскери сөйлеу тілінде етістіктерді қолданудың да бір ерекшеліктері бар. Мәтінде етістіктің есімше, көсемше формалары мен тұйық етістіктер жиі кездеседі. Мысалы, тағайындау, ұсыну, рұқсат ету, міндеттеу т.б. Сондай-ақ міндеттелу мәндегі семантикалық топтар, яғни ырықсыз етіс жұрнақтары арқылы жасалған етістіктер де осы стильге тән (хабарландыруы тиіс, жүктеледі, болуы мүмкін, негізделуі қажет т.б.). Етістіктің осындай формалары мәтіннің авторлық мәнін жояды. Мәні бойынша бір етістікке тең «етістік + зат есім» тіркестер (көмек көрсету – көмектесу, бақылау жүргізу – бақылау т.б.), етістік мәні солғынданған «есімдер + етістік» тіркестері (бақылау жасалады, тыйым салынады, заңды деп табады т.б.) жиі пайдаланылады. Осы, келер шақтағы етістіктер ұйғарым, өкім, бұйрық, міндеттеме, қажеттілік мәнді келеді (Жауапкершілік жетекшіге жүктеледі). Іскери сөйлеу тіліндегі жақсыз сөйлемдер мен стандартты құрылымдардың, клише фразалар мен тұрақты құрылымдардың жиі кездесуі осы стильдің синтаксистік ерекшеліктері деуге болады. Синтаксистік клишелер әдеттегі сөйлеу жағдайында іскери мәтіндер құрастыруға жеңілдік туғызады. Ресми стильдегі синтаксис деңгейіне келсек мұнда тек хабарлы сөйлемдер мен сабақтас құрмалас сөйлемдердің кездесетінін көруге болады. Өткені құрмалас сабақтас сөйлемдер фактілерді ретті баяндауға мүмкіндік береді. Ал жай сөйлемдер көбінде бірыңғай немесе сөйлемнің айқындауыш мүшелерімен күрделеніп тұрады.

Сот актілері ресми-іскери стильдің бір жанрына, яғни заң шығару (құқықтық) кіші стиліне жатады. Сот актісі – сот басқармасы мен сот әділдігінің жүзеге асырылу мақсатында шығарылатын мемлекеттік билік органдарының ресми құжаты. Ол жазбаша формада бөлек құжат ретінде немесе сот отырысы хаттамасының бөлімі ретінде жүзеге асады. Сот актілері мемлекеттік билік беделінің айнасы

болғандықтан, белгілі бір тілдік және стильдік ерекшеліктерді сақтап құрастыру қажет. Құжат мәтінінің сауатты да дұрыс рәсімделуі билік органдарының мәдени деңгейін көрсетумен қоса олардың мемлекет азаматтарына деген сыйластығын да көрсетеді. Сот актісіндегі іс материялын баяндау әдісі директивті болуы сот шешімімен бекіген заң мәртебесіде. Құжат тілі нақты, қарапайым, ең бастысы – айтылған ой анық, түсінікті болуы қажет. Сот актілерінің мазмұны тура мағынада қабылдауға бағытталғандықтан, сөз қолданыстарының анық та нақты болуы қажет, астарлы мәнді сөздерді пайдалану мен түсініктерді бұрмалауға жол берілмейді. Дұрыс тандалмаған немесе түсініксіз айтылған сөз қате ұғу жағдайына ұшыратуы мүмкін, соның салдарынан қате әрекеттер жасалып ауыр нәтижелер туындайды. Сот актілерінің лексикалық құрылымы құрғақ, экспрессивтік-бағалауыш реңкті сипатсыз болып келеді. Экспрессивті реңтегі лексика сот актілерінде болмауы тиіс, өйткені олар қосымша эмоциялар туғызып іс мәнін бұрмалауға әкелуі мүмкін. Мұнда көбінесе құжатқа қатандық, нақтылық пен анықтық беретін, тура мағынадағы кітаби және бейтарап лексика қолданылады. Сот актілерінің мәтінде сөзді, сөзтіркесін, сөйлемдерді дұрыс қолданбау, сөздердің орын тәртібін сақтамау сияқты көптеген стилистикалық қателер де кездесіп тұрады. Осындай қателерді лексика-стилистикалық, синтаксистік-стилистикалық және логика-стилистикалық деп жіктеуге болады. Лексика-стилистикалық қателерге сөзді дұрыс қолданбау, яғни лексикалық тұрғыдан асыра сілтеу немесе жеткіліксіз болуы, синтаксистік-стилистикалықтарға сөйлемдегі сөздер тәртібінің сақталмауы, инверсия, септіктерді тізбектеу, сөйлемдерді өте күрделендіріп жіберу жатса, логика-стилистикалық қателерге тавтологиялар, орынсыз қайталауларды т.б. жатқызуға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Стилистический энциклопедический словарь русского языка под ред. М.Н.Кожиной / М.Н.Кожина. - М.: Флинта: Наука, 2006.
- 2 Балақаев М., Томанов М., Манасбаев Б., Жанпейісов Е. Қазақ тілінің стилистикасы. –А., -2005.- 254 б.
- 3 Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. –А., -2004. -282 б.
- 4 Голуб И.Б. Стилистика русского языка. - М.: Айрис-Пресс, 2002.
- 5 Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. –А.
- 6 Қордабаев Т. Қазақ жазбаларының синтаксисі.-А., -1966.-158 б.
- 7 Дүйсенбекова Л. Іс қағаздарын қазақша жүргізу. –А., -2000. -205 б.
- 8 Ғашық наме. –А., -1976.-461 б.

А. СҮЛЕЙМЕНОВ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЗМ ПОЭТИКАСЫ

ҚҰРАЛҚАНОВА Б. Ш., БЕКСҰЛТАНОВА С.
ПМПИ, Павлодар қ.

Қазіргі қазақ прозасы адам жанының құпиясын бейнелеуде биік көркемдік жетістіктерге қол жеткізіп отыр.

Көркем шығармадағы кейіпкердің жан дүниесін ашуда оның ойлауы (кейіпкердің ойлануы), түс көруі, жылауы, қиялға берілуі т.б. психологиялық процестерін суреттеу жиі кездеседі. Қазақ әдебиетіндегі психологизм жайлы пікірлер баршылық. Мәселен, Б. Майтанов: «Көркем әдебиеттегі психологизм табиғаты – ғылыми, әдеби мәні мол, күрделі мәселе. Психологизм – психологияның әдебиет ордасындағы тұрақты елшісі, көркемдік әлемінің жұлын жүйесі. Психологизмнің негізгі қызметі - өмірлік шындық пен көркем шындықтың жанды тамырластығын сақтау» [1, 36.], – деп жазады. Әлем әдебиеттануында мойындалып, ғылыми тұрғыдан нақтыланған терминдік анықтамаға сүйенсек: «Әдебиеттегі психологизм – шығарманың эстетикалық әлемін құрайтын кейіпкердің ішкі ойын, толғанысын, рухани күйзелісін терең әрі детальді түрде бейнелеу» [2, 15946.]. Ұлы суреткер М. Әуезов айтқандай нағыз көркем прозаға «психология араласпаса өзгенің бәрі сылдыр су, жабайының тақ-тақ жолы» екендігі күмәнсіз. Көркем шығармадағы кейіпкердің әр түрлі қалыптағы ой-толғаныстарын, іс-әрекет, сезім қайшылықтарын тудыратын психологиялық құбылыстарды тереңдетіп, күрделендіре бейнелеу психологизмнің табиғатын айқындап берері анық. Белгілі әдебиеттанушы, ф.ғ.д. Б. Майтанов: «...психологизм сөз өнерінің тектік белгісі ... қаһарманның рухани әлемін, жан сырын жеткізудің амал-тәсілдерінің жиынтығы...» [1, 2326.],- десе, Г. Ж. Пірәлиева: «Қазақтың көркем прозасындағы психологизм табиғаты және оның бейнелеу құралдары» деген еңбегінде психологизм туралы пікірлерді жинақтай келе: «Психологизм дегеніміз – кейіпкердің ойы мен іс - әрекетінің кереғарлығы, сана қақтығысынан тұратын ерекше көркемдік жүйе» [3, 5-76.], - дейді.

Қазақ әдебиеті тарихындағы көрнекті қаламгерлердің бірі - Асқар Сүлейменов шығармашылығы өзіндік қолтаңбасымен, даралығымен ерекшеленеді. Бұған Д. Амантайдың: «Асқар Сүлейменов – ешқашан түбіне жетіп, толық танып біле алмайтын Бүкіл Әлемдік Космос сияқты» [4, 2176.] - деп баға беруі

де дәлел бола алады. Жазушының, әсіресе, терең психологизмге құрылған әңгімелері үлкен қызығушылық тудырады.

Жалпы, әдебиеттегі психологизм дегеніміз – кейіпкердің ішкі дүниесінің, оның ойы мен сезімдерінің әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы жете суреттелуі.

«Ақ кемпір» әңгімесінің басты кейіпкерлері – ақ кемпір, шалы, немересі. Шығармадағы негізгі әрекет біреу ғана, ол - ақ кемпірдің жерленуі. Осы әрекет ақ кемпірдің артында қалған шалы мен немересінің өмірдің мәнін қайта бағамдауына әкеліп соқтырады.

Бір ерекшелігі, А. Сүлейменов кейіпкерлерінің портретіне егжей-тегжейлі тоқталмайды, тек «ақ тақыр құйка; ұзын, жіңішке майысқақ саусақтары; қағылез ақ кемпір» сияқты сөз тіркестері арқылы сырт тұлғасына назар аудартады.

Ал кейіпкердің жан дүниесін ішкі монологтар, автордың өз сөзі және бейвербалды ишараттар арқылы ашып көрсетеді. Әсіресе кейіпкердің психологиясын ашудағы ішкі монологтің рөлі зор. «Тек қана осы жерде ішкі монологтан ғана сананың тура да шынайы, таза даусын естисің» [4, 856.], - деп жазады В. В. Виноградов.

Әңгімедегі әр монологтың өз айтар ойы бар. «Нұрғазы қалтасын қармады – сигарета жоқ екен. Дұрыс, деді ол сонсон ішінен, күрекке қарап. Дұрыс демегенде қайтпек: жоқтың аты жоқ, бардың аты бар да. ... жоққа көнген, барды көтерген жақсы. ... барлыққа жарлы жігіттердің бірі өзі» [5, 3066.], - деген басты кейіпкер Нұрғазының ойын автор «... жаңағы «дұрыс» деген жалғыз сөзі темекінің жоқтығына келіскен ғана емес, әжесінен айырылғанына көнген түрі де екен. Ау, көнбегенде не шара? Сексеуілдің де сөлін сығып алатын шоқ шілдеде қызылсыраған қорқау жердің қарауылына әжесі іліксе, көнбегенде қайтсін енді» [5, 3066.], - деп қанағат пен көнушілік сезімдерін осылай білдіреді. Жас жігіт осы уақытта, яғни «қалтасын қармалаған» кезде ғана ендігі уақытта, араға бір күн, бір ай, бір жыл өтсе де «жарығым-ау» дейтін әжесін көре алмайтынын түсінді. Есінде тек даусы, ақ басы, саусақтары, толық тәні мен бет-пішінін елестете алмағанына көп ойланды.

Сондай-ақ әңгімеде мінездеудің жанама түрлері де шебер пайдаланылған. Бұл туралы Гүлзия Пірәлиева: «Адамның келбетін бейнелегенде беттің кескіні, дене құрылысы, қимыл-қозғалыстағы ерекше көзге түсер қылықтар, бейвербалды ишараттар, сөйлеу мәнеріндегі жеке адамға ғана тән дауыс түрі, интонация толқыны, дикция характері, дауыс толқынының бұзылуы, өзіндік мінездемесі, көзқарастың, күлкінің сан алуан құбылыстары т.б. секілді сыртқы

белгілер арқылы адамның ішкі психологиялық портретіне, рухани әлеміне жол ашылады» [3, 22б.], - деп жазады.

Әңгімеде ақ кемпірді жерлеу кезіндегі эпизодта Нұрғазының аласапыран сезімдері ым-ишараттар арқылы суреттеледі. Ыдырыс молданың құран аяттарын әндете бастауы, Нұрғазының өз қолымен қазған қара салқын қабірге ақ әжесінің ақ кебінге оранып жерленуі, сол уақытта Нұрғазы бабасының, атасының, Әбекеннің жанарын ұстаумен болды. Бірақ ол қарамады. «Нұрғазы ып-ыстық топырақты қос уыстап көсіп алды да қабірге тастады, тастап ап бабасына қарады – бабасы қараған жоқ» .

«Үйден бір сағат бұрын шығып, оралмай кеткен бабасын іздеген Нұрғазы:

- Қайда барғаны сонда?
- Қайда бармақ сонда?

Нұрғазының қорқатыны да осынысы – соңғы сұрауы» [5, 310б.] – деп, сауал қойып, өзімен-өзі үрей мен қорқыныш сезімінің қамауында қалады. «Бабасы осы ауылда қарауыл, жемнің қарауылы. Кешелі бері жай қарауыл емес, жетім қарауыл», «Үш ұйықтаса түсіне кірмеген жалғыздық атты бөлекше саяқ, суық ұғымның бары, үйреншікті жылу-мейірін іздеп бәкеңе балшық үйге кіріп барған шалдың безірейген ыс-ыс қабырға, өлі төсек, қыңсылаған тазы көргенде нәңдей хал кешері Нұрғазыны оңай орап алды...» [5, 310б.] Ендігі кезекте Нұрғазы өзінің жалғыздығын, шалдың жалғыздығын, қамқоршы да тірекшісі де жоқ, өздерімен өздері қалғанын түсінді. «Күнгірт бөлме, сол кітапхана, ырдуан проигрыватель пластинкалар» [5, 312б.] тәрізді интерьер арқылы да жалғыздық, жетімдік, жүрдайлық көрінеді.

Әңгімеде Нұрғазыдан басқа оның әкесі - шалдың да кемпірі өлгеннен кейінгі жай-күйі монолог арқылы аңғарылады: «Қабырғаға батары – жалғыз немерені жалғыз шалға жібермейді. Бір өзім бір үйде не істеймін? Мешітке де барып көрдім. Әңгімелері ақырзаман. Ал, мұнда адам көп. Жұмысқа шығасың, тәп-тәуір орысшам бар – оттасасың, бес сөзінің үшеуі боктық әңгімелер естисің. Кітап оқуға құлқым жоқ. Қыз бейбақтар шақырады, бірақ қайтіп барам? Қазақ үшін қыздың қолында тұрғаннан пазор бар ма? Әсіресе ер адамға. Сосын ішем. Кемпірімді есіме алам».

Жалғыз баланың әйелі - кесір келіннің шайпаулығы мен жалғыздықтан пайғамбар жасындағы ақсақалдың ішімдікке салыну себебін автор өз аузымен баяндатады.

Әңгімеде тек шал мен немересі ғана ақ әженің өліміне қайғырып қоймайды, ит екеш ит Сарбалақ тазы да қыңсылап жалғызсырайды:

«Өзегі талғанда ғана дәліздегі ағаш итаяқтан сорпа жалап кетеді. Жалап тұрып дыбыс аңдиды, ақ кемпірдің дауысын аңдиды – жоқ. Көрсек болды Әбекен мен Нұрғазыға сүмендеп жетіп барады, ақ кемпірше шымшып жіберер ме екен деп ботаның құмалығындай тұмсығын тосады – жоқ.

Жоқ. Жоқ. Жоқ» [5, 316]. Осы бір соңғы ащы «жоқ» деген сөздің үш рет қайталануы - өткеннің қайырымсыздығын көрсетеді.

Шалдың кемпірдің қабіріне келуінде де сол өткенді аңсау, оны қайтару түйсігі қылаң береді.

Жазушының «Қара шал» әңгімесі де адамның ішкі жан толғанысына құрылған психологиялық шығарма. Әңгіме қара шалдың совхоз басқармасынан «... жаназаға ұйыған қария боп момын тыншыған қалпында...» [5, 326б.] оралуынан басталады. Әшейінде адуын қарттың дәл бұлай моп-момақан боп отырған қалпы таң қалдырады. Бұл - алдағы үрей алдындағы үнсіздік, тыныштық, адам психикасындағы заңды құбылыс. Совхоз басшысы Сафиннің кеңсеге не үшін шақырғаны беймәлім қалыпта ол тұңғыш ойға батады, іштей төлемедім-ау деген салықтарын санады, «... санап отырғанда көкірегіне құптан қорқыныш шым-шымдап кіре берді...», енді бір сәт «... құптан қорқыныш жайлап алды...» [5, 329б.]. Жоқ, шаруақор Үкең бір салығын төлеп қойған. Қарызы жоқ. Енді басшы кеңсесінде неғып отыр?! Үміт пен күдік те күшейе түсті. Ішкі түйсігі қара шалға алдағы болатын оқиғаны меңзегендей сезім қалыптастырды.

« - Иә, Үке, өзіңіз естіп те жүрген шығарсыз. Қызыл айғырды совхозға өткізесіз...» [5, 329б.]. Сафиннің «өзек өртер зәрі бар сияқтанған» сөздерін естіген қара шал жанына шоқ түскендей әсерде болады. Одан әрі Сафин мен Үкеннің диалогында шалдың атқұмарлығы анық байқалды.

« - Маған ат ұстауға неге болмайды?

- Сіз кімнен артықсыз?

- Мен емес, атым артық қой».

«Мен емес, атым артық қой» [5, 330б.] деген сөзі қара шалдың жылқы малының қадір-қасиетін өз жанынан да ерекше бағалайтынын танытады. Қызыл айғырды етке өткізу қара шал үшін қанатының қайрылғанымен бірдей. Осы диалогтан кейін қара шалдың денесінің мұздап, айнала дүниенің меңіреуге айналуы, өзімен өзі күбірлеп сөйлесуі мазасыздық қалпын танытады. «Жалған-ай! – деді төбе ұйқасы шымырлап кеткен қара шал.. есіне Жақсылық, аңырап қалған сары айғыр түсті. Сонсоң Үкең домалап жөнелген ақ көлеңкеге

қарады да тұрды. Әрі тесіліп, бері тесіліп көзі талғанда көңіліне үрей кірді – құптан мәшiнi емес, қазыл айғырды жұтып жатқандай екен» [5, 334б.]. Жақаңдағы сары айғырдың жалғыз қалғанына қапа болып, өзiнiң қызыл айғырының тағдыры толғандырған қара шал өзiмен өзi осылайша онаша сөйлеседi.

Әңгiмеде Қара шал мен табиғат мiнезi қатарласып берiледi. «Жер де ол бiр адам ғой... Ол шiркiнде де тән бар, ол да ашу шақырады, ол да шамырқанады, оның да пайын шайнап қалар кезi болмақ. Қанша айтқанмен торы айғырдың құлын даусын естiген төбе ғой, торының тұяғына – қызыл айғырға, төнген бiр қатерлi ол да сезген шығар» [5, 335б.]. Қара шал өз жан күйiн табиғат, жер туралы ойы арқылы аша түседi де, торы айғырды еске түсiру арқылы ой тұңғығына шым батады. Аз ғана уақыт iшiнде түрлi сезiм күйiне бөленiп, ақыры елес құшағында қалады. «Қара шал бұл тұста қорыққан да, ашуланған да жоқ. Себебi бұл елес, бұл көрiнiс, дәл қазiр қара шал үшiн атамзаманда естiген әуен сияқты, сырқат әуен, үкiм әуен, әрине, бiрақ атам заманғы әуен. Неге? Оны бүгiн естiмеп пе, оған бүгiн буындап па едi? Бiлмейдi. Бар бiлерi: бұл әуеннiң сырқаттығынан үкiмдiгi басым, сөз жоқ». Жазушы қызыл айғырдың тағдырын ойлап қамыққанын қара шалдың науқас жандай жылқы елестерiн көз алдынан тiзбектей өткiзуi арқылы көрсетедi. «Қара шалдың тамағы кұрғады, жұтынды – жастың дәмiн сездi». Қара шалдың осындай қимыл-әрекеттерi арқылы iшкi жан күйлерi ашыла түседi. Бiраздан соң сол елестiң қызыл айғырға айналуы да жазушы шеберлiгiмен шынайы суреттелген. Асқар Сүлейменов кейiпкер толғанысы, iшкi монологы арқылы шығарма идеясын ашқан.

А. Сүлейменов психологиялық талдаудың негiзiнде характердi ашуға, адам табиғатын психологиялық тұрғыда танытуға ұмтылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1996.

2 Литературная энциклопедия терминов и понятий. – Москва: Интелвак, 2003.

3 Пiрәлиева Г.Ж. Қазақтың көркем прозасындағы психологизм табиғаты және оның бейнелеу құралдары. Жоғары оқу орындарының студенттерiне арналған оқу құралы. – Алматы, 2007.

4 Серiкқалиұлы З. Сын кiтабы. – Алматы: Раритет, 2008. – 212-237 б.

5 Сүлейменов А. Бесатар. – Алматы: Атамұра, 2009. – 349 б.

ОСОБЕННОСТИ ЖИЗНЕННОЙ СИТУАЦИИ ВЫБОРА СПУТНИКА ЖИЗНИ

МАЛЬГИНА А. В.

к.псих.н., заместитель руководителя ООО-«Исток», г. Санкт-Петербург

Современный молодой человек очень часто сталкивается с проблемой выбора, которая выступает как составная часть процессов планирования и целенаправленного поведения. Именно выбор выступает часто единственным способом решения неопределенности той или иной жизненной ситуации.

О влиянии ситуационных факторов на поведение и формирование личности говорили еще философы, но только с возникновением ситуационного подхода. В работах Л. С. Выготского выделено понятие «социальная ситуация развития» которая отражает тот факт, что жизненная ситуация человека создается его отношениями с окружающей средой и только через изучение этих отношений может быть понята. К. Левин считал, что «поведение есть результат взаимодействия личности со средой» [3]. D. Magnusson считает, что понятийную неопределенность к ситуации можно преодолеть с помощью уровневого подхода. Рассматривать ситуацию нужно на четырех уровнях: ситуация как совокупность объективных условий внешней среды; ситуация, как она воспринимается действующими индивидами; как имеющая общие характеристики ситуации; и как «жизненная ситуация» [3].

Поддерживают эту позицию и современные авторы. Они считают, что понятие ситуации зависит от акцентов, которые расставляют авторы при её определении, так: на внешних (средовых) аспектах – Х. Э. Штейнбах, В. И. Еленский. На внутренних (личностных) аспектах – Дж. Келли, представители экзистенциализма. На взаимодействие среды и личности, на личностном преломлении объективной реальности – Л. И. Анцыферова, Л. Ф. Бурлачук, Е. Ю. Коржова, К. Муздыбаев. Так, Х. Э. Штейнбах, В. И. Еленский интерпретируют жизненную ситуацию преимущественно как внешнюю среду, которая создается человеком, а затем оказывает влияние на его личность. В качестве примера авторы приводят архитектурный кризис 60-х годов: появление в крупных городах спальных районов, бетонных унифицированных зданий, построенных машинами, что привело к немотивированным всплескам агрессии и вандализма у жителей этих районов [3].

Таким образом, жизненную ситуацию и личность нужно рассматривать в единстве и исследовать, прежде всего, такие виды ситуаций, которые оказывают влияние на жизненный путь личности, например, ситуации связанные с экзистенциальным выбором. Современные авторы: дают уровневую классификацию видов выбора: простой, смысловой и экзистенциальный выборы.

Простой выбор представляет собой ситуацию, в которой представлены альтернативы и критерии их сравнения. Основной задачей личности является рациональное сравнение предлагаемых альтернатив для определения наиболее оптимальной для него в данной ситуации. Смысловой выбор представляет собой ситуацию, когда альтернативы даны, но критерии сравнения неоднозначны. В этой ситуации имеют значения не только интеллектуальные способности личности, но и личностные качества. Экзистенциальный выбор представляет собой ситуацию неопределенности, когда у личности нет фиксированного набора альтернатив и критериев выбора к нему относятся ситуации: профессионального самоопределения, выбора места работы после окончания вуза, принятие решения о выборе семейного партнера и заключение брака. Выбор для личности амбивалентен, так как, выбирая что-то, одновременно с этим она теряет другой, возможно более привлекательный выбор. Экзистенциальный выбор требует от личности принятия на себя ответственности за его реализацию, что предполагает, по мнению Д. А. Леонтьева, «готовность к действию, внутреннее согласие затратить ресурсы и усилия, заплатить некоторую цену, например, отказавшись от других привлекательных возможностей» [1].

М. П. Папуш выделил необходимые условия совершения экзистенциального выбора: самостоятельность, спонтанность, очевидность, целостность и удовлетворенность собственным выбором [2]. Самостоятельность подразумевает опору на свое собственное мнение, взгляды, способность опираться на себя совершая выбор, не перекладывая ответственность на других людей и обстоятельства. Спонтанность выбора – своеобразный фокус внимания и интереса, а именно «откликнуться положительным или отрицательным интересом или констатировать его отсутствие, то есть прочувствовать, чем является для человека то, на что сейчас направлено его внимание» [Там же, с. 436]. Но если выбор будет спонтанным, то он может стать импульсивным и необдуманным, а не основанным на истинных интересах. Очевидность выбора, это представленность в поле сознания той альтернативы, которую

выбирает человек. Целостность – единство психической деятельности и личностной целостности. Удовлетворенность выбором, является наиболее значимым качеством экзистенциального выбора. В этом, собственно, и состоит экзистенциальность выбора. «Только «совпадая» со своим выбором, принимая свой выбор и себя, как выбравшего, личность начинает экзистировать, то есть существовать» [Там же, с. 476]. Также на протяжении всей жизни человек осуществляет «временной выбор» жизни в настоящем или с направленностью в будущее, тогда возможно полное пренебрежение интересами в будущем или, напротив, лишение радостей в настоящем или жизни в прошлом. Достижение гармонии между ориентацией на будущее и умением жить в настоящем с учетом прошлого опыта, считает И. Г. Малкина-Пых, необходимо на протяжении всей жизни. Но в ситуации выбора личность, прежде всего, ориентируется на будущее, тем, что личность является «существом, которое устремлено к будущему и сознает, что оно прецирует себя в будущем». Личность выбирает из множества альтернативных вариантов тот, который в будущем позволит реализовать свои возможности, достичь поставленных целей, удовлетворить жизненные потребности, тот, который, по ее мнению, является наиболее перспективным.

С. Мадди показал, что выбор зависит не только от будущего, но он также может отталкиваться от прошлого: он обозначает его как «выбор в пользу прошлого» [3]. В этой ситуации личность не меняет способ своих действий и испытывает чувство вины в связи с нереализованными возможностями. А вот «выбор в пользу будущего» вызывает тревогу в связи с неопределенной, новой ситуацией, в которую попадает личность.

Следовательно, выбор может быть разным в зависимости от ситуации предлагаемых альтернатив и от его влияния на жизнь в целом. Каждый выбор человека не случаен, он несет в себе определенный смысл, даже, возможно, не осознаваемый еще самим человеком, и при изменении внешней ситуации меняется и смысл личности, поэтому изучать его необходимо в контексте жизненной ситуации. Вступление в брак и создание семьи является одним из значимых выборов в жизни человека. Перед тем, как вступить в брак, молодой человек совершает неоднократный выбор. Так, в теории фильтров А. Керкгоффа, К. Дэвиса процесс выбора партнера представляет собой прохождение через «фильтры», которые постепенно отсеивают возможных претендентов. Например, место жительства, социальные критерии, сходство ценностей,

возможно религий и ролевые ожидания. Результатом прохождения «фильтров» является вступление в брак. Теории, описывающие выбор брачного партнера, в разной степени опираются на принцип гомогенности: сходство или равенство социального и материального положения, религиозных взглядов как основа выбора партнера - это теории А. Най, Ф. Берардо, Дж. Боссард. Другая точка зрения принадлежит Р. Уинч и представляет собой теорию комплементарных потребностей, на социальном уровне люди сходятся по общим и похожим характеристикам, а на личностном уровне притягиваются по принципу противоположности, дополняя друг друга.

Теория выбора брачного партнера Б. Мурстейна заключается в серии последовательных стадий, на которых осуществляется выбор: тот, кто не соответствует условиям, выбывает из числа потенциальных спутников жизни. На каждой стадии выбора прочность отношений зависит от «равенства обмена» благами или личностными ресурсами Б. Мурстейн выделил три стадии «стимул – ценность – роль». На первой стадии «стимула» выбор партнера основывается на внешних факторах: внешней привлекательности партнера, особенностями и манерами поведения в обществе, престижной или уникальной профессией, социальным статусом. Большое значение имеет на первой стадии оценка партнера значимыми людьми: родителями, друзьями. Вторая стадия выбора – «ценность» – заключается в изучении сходства и различия ценностей, потребностей, мотивов и интересов друг друга. И последняя стадия, «роль», заключается в сопоставлении ролевых ожиданий мужа и жены, в анализе стереотипов «мужского» и «женского» поведения в семье. На всех стадиях оценивается как сходство и характеров и наклонностей, так и противоположность взаимодополняющих черт. Заключение брака возможно на любой из стадий выбора, но, пройдя только все стадии, человек совершает продуманный и самостоятельный выбор, и можно предположить, что брак будет более устойчивым.

«Круговая теория любви» принадлежит А. Рейсу и заключается в том, что выбор брачного партнера проходит четыре этапа. Первый этап – установление взаимосвязи друг с другом, налаживание контакта. Большое значение на этом этапе имеют совпадения по социально-культурным факторам: уровню образования, религии, стилю воспитания. Второй этап заключается в процессе самораскрытия себя перед другим человеком. По мнению А. Рейса, большое влияние оказывают социально-культурные факторы. Третий этап – формирование зависимости друг от друга,

выражающиеся в возникновении взаимных привычек, увлечений, стремления проводить друг с другом свободное время. Последний этап заключается в реализации основных потребностей личности: в любви, доверии, признании. Так происходит развитие чувства любви и как следствие - вступление в брак; пропуск одного из этапов приводит к утрате стабильности и искажению любовных отношений.

Р. Стернберг определил три основных составляющих любви в процессе выбора семейного партнера: интимность, страсть и решение/обязательство. Интимность – проявляется на первых этапах отношений в чувстве близости, любящие с удовольствием делятся друг с другом своими вещами, мыслями, чувствами. Страсть – относится к таким видам возбуждения, которые приводят к физическому влечению и сексуальному поведению. Решение/обязательство – последний этап в протекании чувства любви, может иметь кратковременный или долговременный аспект. Кратковременный аспект проявляется в решении того, что один человек любит другого человека, а долговременный аспект представляет собой обязательство сохранить эту любовь длительное время.

В нашем исследовании был проведен анализ ситуации выбора спутника жизни и выявлены различия по трем показателям: экзистенциальные смыслы, семейные смыслы, смыслы саморазвития (табл. 1). Для сравнительного анализа данных групп (1СЖ) и вступивших в брак (2СЖ) был использован U- критерий Манна-Уитни, так как группы не равнозначны по составу.

Экзистенциальные смыслы предполагают стремление личности к осмысливанию, обдумыванию процесса своей жизни. Показатели экзистенциальных смыслов выше в группе 1СЖ у респондентов, которые находятся на этапе выбора вступления в брак. Для них имеют значение вопросы, касающиеся жизни в целом, любви, индивидуальной свободы, волнуют вопросы своего предназначения и смысла жизни, а вопросы собственного саморазвития отступают на второй план.

Сравнительный анализ жизненных смыслов в ситуации выбора спутника жизни (СЖ)

| Показатель* | 1СЖ | 2СЖ | U-критерий (Z-преобразование) | Уровень достоверных различий |
|-------------------------|-------|-------|----------------------------------|------------------------------------|
| Альтруистические смыслы | 14,33 | 14,54 | -0,16 | $p \leq 0,87$ |
| Экзистенциальные смыслы | 10,67 | 13,42 | -2,57 | $p \leq 0,01$ |

| | | | | |
|------------------------|-------|-------|-------|--------|
| Гедонистические смыслы | 13,75 | 14,79 | -0,83 | p≤0,41 |
| Смыслы саморазвития | 13,33 | 11,46 | 1,92 | p≤0,05 |
| Статусные смыслы | 15,58 | 16,88 | -0,99 | p≤0,33 |
| Коммуникативные смыслы | 11,67 | 12,04 | -0,42 | p≤0,68 |
| Семейные смыслы | 12,67 | 9,96 | 2,39 | p≤0,02 |
| Когнитивные смыслы | 15,75 | 14,25 | 1,10 | p≤0,28 |

Условные обозначения:

* – данные интерпретируются обратно пропорционально

1СЖ – ситуация выбора спутника жизни до вступления в брак, 1 этап, «до» выбора

2СЖ – ситуация выбора спутника жизни после вступления в брак, 2 этап,

«после» выбора

В группе 2СЖ наиболее выражены смыслы саморазвития и семейные смыслы. Актуализация данных смыслов предположительно связана с жизненной ситуацией, когда вопрос выбора решен, и человек уже находится в новой социальной ситуации, в новой социальной роли, он ищет возможности собственного развития в ней. Увеличение значения семейных смыслов в видовой структуре смысла является положительным показателем для развития семейных отношений. Был так же сделан корреляционный анализ взаимосвязей характеристик выбора в ситуации выбора спутника жизни «до» и «после» вступления в брак.

Выбор и принятие решение о вступлении в брак является значимым для личности, так как изменяет ее жизненный путь. Данное решение должно быть осознанным, продуманным и в то же время основанным на чувствах. Качественными характеристиками выбора спутника жизни, а именно аргументами в пользу его продуманности могут быть аргументы выбора направленные на: влюбленность и чувство любви, сходство или различие в ценностях и ролевых ожиданиях, продолжение рода.

ЛИТЕРАТУРА

1 Леонтьев, Д. А. Психология смысла: природа, строение и динамика смысловой реальности / Д. А. Леонтьев. — 2-е испр. изд. — М.: Смысл, 2003. — 487 с.

2 Папуш, М. Психотехника экзистенциального выбора / М. Папуш. — М.: Ин-т общегуманит. исслед., 2001. — 533 с.

3 Росс, Л., Нисбетт, Р. Человек и ситуация. Перспективы социальной психологии / Л. Росс, Р. Нисбетт. — пер. с англ. В. В. Румынского под ред. Е. Н. Емельянова, В. С. Магуна. — М.: Аспект Пресс, 1999. — 429 с.

ВОЗМОЖНОСТИ ЮВЕНАЛЬНОЙ ЮСТИЦИИ В РЕШЕНИИ ПРОБЛЕМ ОТКЛОНЯЮЩЕГОСЯ ПОВЕДЕНИЯ ДЕТЕЙ И ПОДРОСТКОВ

МАЛЬГИНА Л. Ф.

к.псих.н., психолог-консультант психологического центра «Семья»,
г. Санкт-Петербург

- 8 Қазақ совет поэзиясының антологиясы. -Алматы: Жазушы, 1966. - 512 б.
- 9 Ыдырысов Қ. Арабстан, армысың. -Алматы: Жазушы, 1974. -140 б.
- 10 Ыдырысов Қ. Жолыққан жолдар. -Алматы: Жазушы, 1971. - 232 б.

ENGLISH FOR SPECIFIC PURPOSES: HOW TO TEACH BUSINESS ENGLISH USING THE INTERNET

NURSAPINOVA M., KABBASOVA A.
senior teachers, The S. Toraighyrov PSU, Pavlodar

The Internet is a wonderful resource for teachers of business English. The Internet can enrich your lessons, provide you with authentic and up-to-date materials, and help you prepare for lessons as well as provide a fantastic opportunity for both your own research and that of your students. No matter how much experience or confidence you have in incorporating the Internet into your business English classes, you can take advantage of the benefits the Internet offers you at any level. Here are some tips to help to give you some ideas.

Even if you have no knowledge of your students' jobs or industries, the Internet is the perfect way to prepare before a course, or before meeting new students. If you are working within a company, find out a little about the company and its products and services by visiting its website. This will give you confidence and your students will appreciate your knowledge about what they do and respect your professionalism.

You may teach students who have roles you know very little about. In order to prepare, it is advisable to find out a little about their jobs in general terms. This will stand you in excellent stead when it comes to asking questions and setting contexts. When asking your students questions, you can ask in a little more detail, thereby giving students the opportunity to practise explaining their role in English. For example 'So you are an IT Co-ordinator. Does your job involve training staff, for example in Word and Excel?' You will feel able to prompt responses more effectively. You can find many job profiles on this website: [jobprofiles.monster.com/http://jobprofiles.monster.com/](http://jobprofiles.monster.com/)

Business contexts: The main difference between teaching general English and business English is setting contexts so that your students are practising language in settings they may find themselves in. The Internet is a great source of authentic materials which are ideal for use in business English classes, whatever the level of your students.

Corporate websites are one such source of authentic materials. Even though these materials are clearly intended for native speakers, you can adapt all types of activities to suit all levels of students when exploiting these materials. You can choose company websites that are related to your students' work, which can therefore provide the vocabulary practice

your students need. Then you can prepare questions about the content of the website you have chosen, and let your students scan the website for information (this can be timed activity if you choose). Whatever the level of your students, scanning activities are ideal because there is no need for them to understand every word. And they work with lots of types of websites. For example, you could pick 5 famous entrepreneurs and prepare questions about them (perfect for practising business-related vocabulary and structures, for example 'Which business did he found?') using <http://www.biography.com>. Then let your students create their own questions for the rest of the class, or prepare an imagined interview with a personality of their choice.

The structures that business English students have to learn are in principle the same as general English students. The difference is in context and vocabulary. Websites that are not necessarily intended for business audiences can be an ideal resource for business English teachers. For example, students could visit an airline website to practise travel vocabulary and structures.

Why not let students plan a business trip using a website such as www.ba.com? They may want to plan free time around their business meetings as well, so why not let your students find out more about their chosen destinations and let them plan an itinerary? www.lonelyplanet.com or www.businesstravel.com/articles.html will be very useful for their research.

The Internet also offers lots of authentic writing practice. From beginner level through to advanced, your students will be able to practice their writing skills within a business context using the Internet. One of the most important writing skills your students are likely to need is writing effective business emails. The correct tone, structures and layout are all components students need to learn. There are websites that give lots of useful information in writing business emails which are worth visiting. This website is very useful: http://owl.english.purdue.edu/handouts/pw/p_emaillett.html. Why not set a writing task and let students email you? You can reply with your comments. This is more realistic than students simply writing or typing out an email.

Projects: The Internet is an excellent research tool. By allowing your students to research a particular topic using the Internet, they can prepare either individually, in pairs or in small groups for a presentation or a piece of writing. Where books may be out of date or hard to come by, the Internet offers a host of free information that is current and relevant. Presentation skills are extremely useful, as is the ability to write concise

reports, therefore you are allowing students to practise vocabulary related to their field in addition to giving them the chance to do relevant research. If necessary.: pre-teach the vocabulary and structures your students are likely to need, and let them research either by giving them one or more relevant websites, or by allowing them to search for suitable websites themselves via search engines, for example the excellent <http://www.google.com>. As with any Web-based activity, the most important thing to remember is to set the students very concrete goals and achievable tasks. A presentation or piece of writing, therefore, is a perfect culmination of Internet research work.

Internet Jargon: A useful addition to any business English course is a lesson in Internet terminology. From a student being able to say their email address 'correctly (explaining that @ is pronounced 'at') to being able to understand and use English language websites with confidence, it may be worth spending some time on teaching useful Internet-related vocabulary and phrases. This website has lots of useful information about Internet and computer related jargon: <http://www.netguide.co.nz>.

To practise this terminology why not create a WebQuest for your students? A WebQuest is an inquiry-oriented activity in which students gather information from the Web. You can see some examples on onestopenglish by clicking here. You can make your WebQuest as simple or as complex as you want. It is a good idea to choose a theme if using more than one website, or to choose a relevant website to the topic or language you are teaching. To learn more about creating your own WebQuest have a look at this online tutorial: <http://www.teachersfirst.com/summer/webquest/quest-a.shtml>.

Numbers: The Internet provides a lot of materials that can be used to practise structures in a context familiar to your students. For example, many corporate websites publish annual reports and statistics (for example, <http://www.sony.net/SonyInfo/IR/>), providing you with numbers, prices and percentages in an authentic context. Students could analyze figures and practise useful structures related to statistics ('there was an increase in sales of 5% last year').

To practise numbers, prices and currencies, why not create a real situation by letting students use a commercial website. Your choice of website can depend on the vocabulary you want to teach or revise. You could practise office-related vocabulary using <http://www.officeworld.com>, food and drink using <http://www.harrods.com>, clothes at <http://www.gap.com> or you could find a website that sells items related to the industry your students are working in. Give your students a budget

and let them choose and order goods online. They can have practice too in the ordering process in English as close as possible to the point of purchase. Again, language related to buying online will also be useful for students ('shopping cart').

«ҰЛ ТУМАС ҚАЗАНҒАПТАЙ АТА ҰЛЫНАН»

НҰРБАЕВ Қ. Ж.

С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазанғап Сатыбалдыұлы (1771-1856 жж.) қазақтың атақты батыры бәсентиін Малайсарының үзеңгілес досы Байдаулет батырдың немересі, Бәсентиін елінің төбе биі, сауаттылығы мен абыройы үлкен саяси тұлға, руы бәсентиін ішінде бөрі. Қазанғап орыс тілін жақсы білетіндіктен «... Батыс-Сібір губернаторы мен Омбы облысының басшысы қазақ даласындағы істері бойынша алдымен осы қазекен арқылы байланысып отырған» [1, 43 б.]. «Мысалы, Қалқаман көлінен шығарылған тұзды түйелерге артып, Керекуге тасымалдау жұмысын ұйымдастыруда Сібір үкіметіне үлкен қолғабыс тигізген. Жалпы, ол дала билері атынан орыс үкіметімен келіссөз жүргізіп, халқының игілігіне қажетті міндеттерді өз мойнына алыпты» [1, 43 б.].

1843-1848 жылдар аралығында Қазанғап Сатыбалдыұлы Баянауыл округінің аға-сұлтаны қызметін атқарады. Алайда сонау 1820 жылдардың бас кезінде Орта Жүз қазақтарының аумағында алғашқы округтер құрыла бастағанда Қазанғап Сатыбалдыұлы дербес Баянауыл округін құру үшін көп еңбек сіңіреді және өзінің қарамағындағы бәсентиіндерді ғана емес «көрші Бура-наймандарды да осы округке кіруге көндіреді» [1, 43 б.]. 1833 жылы Баянауыл округі ашылғаннан кейін «халыққа да, жоғарғы ұлықтарға да ықпалы күшті, шен-шекпен, сый-сияпатқа басқалардан бұрын ие болған Қазанғап... - аға-сұлтан болып сайланбаса да есесіне - 5 болыс Бәсентиін елінің көңілін аулау үшін Қазанғаптың ұлы Бердәліні қазы қып сайлайды» [1, 43-44 б.]. Қазанғаптың аға-сұлтан қызметін атқарып жүргенінде жергілікті Омбы әкімшілігінің алдында қазақтардың қамын жеп мүддесін қорғағанын дәлелдейтін тағы мысал келтірсек «... бәсентиіндер казак әскерлерінің үлесіндегі жерге мал жіберіп, 29 мың сотық жердің шөбіне зиян...» – келтіргендіктен казак әскерінің Коряковский, Выдрин сияқты өкілдері қазақтардан айып шығынын толық төлеуін талап еткен екен [1, 29 б.]. Аталған

«... жерді ертеде қоныстанған қазақтар екендігі... - анықталса да, - бұл әрекеттерді қылмыс етіп көрсету үшін, казак атамандары Ертіс бойына мал жайылдырған қазақтарды жоғары жаққа қаралап көрсетеді» [1, 29-30 б.]. Осындай «... жағдайда аға-сұлтан Қазанғап Омбыға барып, қазақтарды көп айып төлеуден құтқаруды ойлаған – және – Қазанғапты арқа тұтқан бәсәнтиіндер салық төлеуден мүлде... – бас тартқан көрінеді» [1, 29 б.]. Демек, Қазанғап бабамыздың қазақ халқының мұң-мұқтажын патша үкіметіне жеткізіп, мүддесін қорғаудағы еңбегі орасан зор деп айтуға болады, өйткені ол өз заманында сауатты, орыс тілін жетік меңгерген саяси тұлғалардың бірі болған. Сондай-ақ патша үкіметіне де билік басында екі жаққа да жағымды, ымырашыл, қоғамдағы беделі жоғары адамның болғаны қолайлы болды.

Қазанғап Сатыбалдыұлының саяси қайраткер ғана емес мал шаруашылығы мен егін шаруашылығымен де айналысқан ірі кәсіпкер һәм халыққа жанашыр, демеуші болғанын тарихи деректер айғақтайды [2, 208-209 б.]. Мысалы, Қазанғап Сатыбалдыұлы 1843 жылы дуанбасы болған соң қызметін дуанға мешіт салдырудан бастаған екен және молда ғып Қазанның татары Ғабұлғафар есімді азаматты тағайындаған. Осы молдамен бірге еріп келген Рамазан деген татар жігітін Қазанғап Сатыбалдыұлы қолына ұстап, сауда-саттығын жүргізетін көмекші еткен. Ал Рамазанның немересі Абдулфаттах Рамазанов Павлодар қаласындағы Әлкей Марғұлан көшесінде Қазанғап биге арнап ақ күмбезді мешіт салғызған, бұл діни мекеме әлі де жұмыс істейді [1, 150-151 б.]. Демек, ақ мешіттің салынуына бабамыз Қазанғап Сатыбалдыұлының да қосқан үлесі бар деп айта аламыз. Зерттеуші-ғалым С.Н. Мамытова тарихи деректерге сүйене отырып Қазанғап Сатыбалдыұлы мен оның ұрпақтарының Ертіс өңірінде ірі кәсіпкер-саудагер болғандарын жазады [1, 131 б.]. Сондай-ақ айта кететін жәйт Қазанғап Сатыбалдыұлының қыстауы Коряков станицасынан 12 шақырым Бауыртас аталған жерде деген мәлімет сақталған [3, 443 б.].

Қазанғап Сатыбалдыұлының шешендігі де Арқа жұртының арасында кең тараған. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының деректеріне жүгінсек, сырым Малайсары батыр Байдаулет сардарға айтқан екен: «Байеке, ... бата-құтыңды кімге тастадың», - деп [1, 149 б.]. Сонда Байдаулет батыр: «Менің құтым балам Сатыбалдының тұңғышында қалады, онда қалмаса мылтығымның ұңғысында қалады», - деген екен [1, 149 б.]. «Байдаулет батырдың айтқаны келіп, Сатыбалдының үлкені Қазанғапта қалған екен. Қазанғапты сұраған сол заманның

адамдарынан мынадай сөз бар: «Шоң сөйлегенде қара арғымақты су түбіне батырады, Қазанғап сөйлегенде ол арғымақты су бетіне шығарады», - деген мағлұматтар бар [1, 149 б.]. Атақты Шөже ақын Ертіс бойындағы Бәсәнтиін елін аралап жүріп шығарған өлеңінде Қазанғап Сатыбалдыұлы туралы былай деген екен:

«... Тұсында Керекудің апай, бөрі
Жақсының күнде жиын жүрген жері
Жол бермей азулыға қарсы тұрған
Қазекең өткен екен кеменгері» [1, 42, 152 б.].
Танымал ақын Біржан сал Сара ақынмен айтысында...:
«Ұл тумас Қазанғаптай ата ұлынан
Тұқымы дегдар шыққан жатынынан.
Полковник шен алады туған бала

Шырылдап түскеннен соң қатынынан», - деп, оны бүкіл Орта Жүз арғынның арысы ғып көрсетеді [1, 42 б.]. Есімі әлемге әйгілі атақты Абай ақынның әкесі Құнанбай да Қазанғап Сатыбалдыұлының үйінде жиі тоқтап, сыйлы қонағы, сырлас жолдасы болған, оны ерекше құрметтеген [1, 44-46 б.].

Қазанғап Сатыбалдыұлының атақ-шені мен марапатталған белгі-сыйлықтары жөнінде айтар болсақ (оның ұрпақтарына тиесілі сый-марапаттар жайында мағлұматты «Қазанғап би Сатыбалдыұлы» кітабынан қараңыз) ол «... Сібір қазақтарының ішінде бірінші болып... Санкт-Петербург қаласында ақ патшаның қабылдауында болған – және – сол жылы старшын шенін алған..., жыл сайын 50 сом ақша алып тұратын болған» [1, 42, 151 б.; 3, 190-191 б.]. «1810 жылы капитан шенін алды, - 1817 жылдан бастап штаб-офицер және – сыйлыққа шекпен бас киімімен 500 сом ақшадай (күміспен - автор) алған» [1, 42-43, 151 б.; 3, 190-191 б.]. «1825 жылы Батыс-Сібір генерал-губернаторының шекпенін иеленді» [1, 151 б.; 3, 190-191 б.]. 1833 жылы майор атағын, 1838 жылы 300 сом күміс ақша, 1842 жылы Владимир лентасына тағылған алтын медальды, 1844 жылы алтынмен апталған күміс бокалды иеленді [1, 42-43 б.; 3, 190-191, 443 б.].

Қазанғап Сатыбалдыұлының әйгілі атасы, Байдаулет батыр туралы бірер сөз айтар болсақ, ол Қайып хан елшілігінің құрамында 1716 жылдың қыркүйегінде Тобылға келіп, «... Сібір губернаторы М. Гагаринмен «мәңгілік бітім» жасасу, Ресеймен Жоңғар хандығына қарсы әскери одақ құру туралы келісімге қол жеткізу және оларға сауда-саттық жолымен Тобылға баруға мүмкіндік беру үшін Ресейдің жақын жердегі рыноктарына қазақ малшыларының кедергісіз баруына кепілдік алу... - мәселелері бойынша келіссөздер

жүргізген еді, - алайда Сібір губернаторы келіспеді» [4, 111, 127 б.].

Қазанғап би Сатыбалдыұлының танымал ұрпақтарына қатысты айтсақ, оның баласы Бердәлі Қазанғапұлы (1802-1842 жж.) Бәсентиін болысының биі, Баянауыл округінің қазысы (1833-1837 жж.), 1840 жылы аға-сұлтанға үміткер, «1841-1842 жылдары Баянауыл округінің аға-сұлтаны қызметін атқарды [1, 46-48, 151 б.].

Қазанғап Сатыбалдыұлының немересі Иса Бердәліұлы (шамамен 1825-1899 жж.) ауыл басшысы, биі болған, Алтыбай болысын басқарған. «Иса мырзаның қайтыс болуына байланысты «Дала уәялатының газетінде» 1899 жылғы, 14 қарашадағы № 42 санында жарияланған мінақыпта мынадай жолдар бар: «Иса Бердәлі баласы қашан болса да халық пайдасын ойлаушы еді» [1, 49 б.]. Сондай-ақ павлодарлық зерттеуші В.Д. Болтинаның мәліметтері бойынша бірінші бүкілресейлік санақ комиссиясының құрамына орыс шенділерімен қатар, Семей облысының әскери губернаторының 1896 жылы 14 қазандағы арнайы жарлығымен бекітілген Алтыбай болыстығы, «құрметті қырғыз» деген атағы бар Иса Бердалин сайланған [2, 198 б.].

Исаның баласы, Қазанғаптың шөбересі Қабыш Исаұлы Бердәлі есімі күллі Ертіс-Семей өңіріне әйгілі саяси және қоғам қайраткері, Павлодар уездік Алашорда кеңесінің төрағасы, А. Барлыбаевпен бірге Орынбор қаласында өткен ІІ қазақ құрылтайына қатысқан, ұлт-азаттық «Алаш» қозғалысының белді өкілі [1, 121-122, 124 б.]. Қабыш Исаұлы жетекшілігіндегі Алашорданың уездік кеңесі жас Қазақ мемлекетінің негізін қалыптастыруда айтарлықтай жұмыс жүргізді. «Атап айтар болсақ Алашорда кеңесінің басшылығымен Павлодар уезінде большевиктерге қарсы күрес үшін 150 жігіттен құралған «Алаш» әскері құрылды» [1, 124-125 б.]. Қабыш Бердәлінің «Қазақстанның солтүстік-шығыс аймағында қоғамдық-саяси қызметінің және беделі жоғары болғанын дәлелдейтін тағы тарихи дерек келтірсек, 1919 жылдың 7 шілдесінде құрамында Райымжан Марсеков, Қабыш Бердалин және Тұрағұл Құнанбаев бар Семей облыстық делегациясын Уақытша Сібір үкіметі Министрлер кеңесінің төрағасы қабылдайды. Қазақтың сот ісі, қазақ жерлерінің әкімшілік құрылымы, жер қатынасын реттеу сынды мәселелерімен келіссөз жүргізген делегация мүшелері қазақ зиялыларын қудалауды тоқтату қажеттілігін де назардан тыс қалдырмаған» [1, 121 б.]. Сондай-ақ Қабыш Исаұлының «ақындық өнерін оның қаламынан

туындаған өлең-жырлары дәлелдей түседі» [1, 117-118 б.]. «Кезінде Біржан Сарамен айтысында «Ұл тумас Қазанғаптай ата ұлынан» десе, Құдайберген Қадишамен айтысында Кереку-Ертіс өңірінде Қабыш Бердалиннің беделдігі атап өтіледі:

«Затында Апай-Бөрі Қабыш боп тұр

Қабыштар Керекуді қырына ілген» [1, 120 б.].

Мақала соңында айтарымыз, бүгінде Қазанғап Сатыбалдыұлының өмірі мен қызметіне қатысты мұрағаттық, өзге де деректер толық жинақталмаған, сондықтан әр аймақтың, жалпы Қазақстанның дамуына үлес қосқан тарихи тұлғалар тақырыбында ғылыми-зерттеу жұмыстар жүргізу Қазақстан тарихы үшін маңызды және өзекті мәселелердің бірі екені айқын. Бұл тақырыпты зерттеу жақын болашақтың еншісінде деп сенеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазанғап би Сатыбалдыұлы. Павлодар: «Кереку», 2008.
- 2 Среднее Прииртышье в источниках и материалах. Сборник документов и материалов (XVIII - начало XX вв.). Том 1-2. Павлодар: «Кереку», 2008.
- 3 История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. Часть 1. VIII том. А.: «Дайк-Пресс», 2006.
- 4 Қазақстан тарихы. Бес томдық, 3 том. А.: «Атамұра», 2010.

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНЫҢ ДАМУ ҚАРҚЫНЫ

НҰРФАЛИЕВА А. А.

э.ғ.к., доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Павлодар облысы Қазақстанның ең ірі индустриясы дамыған орталығының бірі, әр түрлі саладағы өндірістік кешендері бар, құрылыс материалдары және шикізат өндіруші өндірістер, машина жасау, мұнай өңдеу кешендерінің орталығы. Металлургия өндіретін және өндейтін өндіріс орындарының 70 пайызымен қамтамасыз ететін аймақ.

Жалпы республика көлемінде территориялық еңбек бөлінісінде өздік орынды иеленушілердің бірі: бұнда тас көмірдің 62 % шығады, лигниттің 96 %, электрқуатың – 41 %, феросплав өндірудің 75 %, мұнайды қайта өңдеудің және жерасты батпағын өңдеудің – 100 % шоғырланған.

Павлодар облысында ең ірі Қазақстан бойынша алюминий өндірісі дамыған АҚ «Қазақстан Алюминий» өндірісі бар.

Алюминий өңдеу өндірісі арқылы «Қазақстанның электролиз зауыты өсті».

2014 жылы 4500 жұмыс орны құрылды, аймақта халықты жұмыспен қамту көрсеткіштері жоғарылады, Павлодар қаласында жұмыссыздар санының деңгейі 3 % төмендеді, халықтың еңбек көзі 5,2 % құрады. Әлемдік бәсекелестік нарығына ферросиликомарганец, ферромарганец, АЗФ ТНК «Қазхром», 75 пайыз өнімдерді Еуропаға, Азияға, Америка мен Ресейге экспортқа шығарылады. Облыста 10 өндіріс орындары ашылып, металлургия зауыты, темір жолға қажетті шығаратын зауыттар жобалары белгіленеді, каустика содасын, хлорлар технологиялары бар зауыттар да ашылды.

Облыста жұмыс орындарын сақтауға байланысты 344 Меморандум іс-әрекет етуде, дағдарысқа қарсы бағдарламалар негізінде Жол картасы әлеуметтік бағдарламасы өз жалғасын табууда. Мемлекет басшысының жолдауы бойынша жол картасына облыста 2012 жылы 6,1 млрд. теңге бөлінді, әлеуметтік нысандардың 183 жөндеуден өткізді.


Жол картасы шеңберінде 2012 жылы 12 мың адам жұмыспен қамтылды. Жаңа өндіріс орындарын құруға байланысты ауыл шаруашылығында 1 мың жаңа жұмыс орындары құрылды, жастар практикасы бойынша 5096 адам жұмыспен қамтылды және әлеуметтік жұмыс орындары ашылды. Кәсіби даярлық және қайта даярлау курстарына 3073 жұмыссыз оқуға жіберілді, жалпы облыс бойынша 5000 жұмыссыз жүрген адамдар жұмысқа орналастырылды. Өткізілген жұмыстардың нәтижесінде жалпы облыс бойынша 34 мың адам жұмыспен қамтамасыз етілді. Павлодар облысының еңбек нарығының негізгі индикаторлары 1-кесте мен 1-суретте көрсетілген.

Кесте 1 - Павлодар облысының еңбек нарығының негізгі индикаторы

| Атаулары | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл |
|--|----------|----------|----------|
| Экономикалық тұрғыдан белсенді халық, мың адам | 439,2 | 440,0 | 441,5 |
| Экономикада жұмыспен қамтылған халық, мың адам | 417,5 | 418,0 | 418,9 |
| Жалдамалы жұмысшылар, мың адам | 326,7 | 328,9 | 329,1 |
| Өздігінен жұмыспен қамтылған халық, мың адам | 90,7 | 89,1 | 90,5 |
| Жұмыссыздар, мың адам | 21,7 | 22,0 | 21,9 |
| Жұмыссыздық деңгейі % | 4,9 | 5,0 | 4,9 |

| | | | |
|---|-------|-------|-------|
| Жастар жұмыссыздығының деңгейі % (15-24 лет) | 4,1 | 3,6 | 3,4 |
| Экономикалық тұрғыдан белсенді емес халық, мың адам | 159,2 | 157,7 | 157,0 |

1-кестенің мәліметтеріне байланысты экономикалық тұрғыдан белсенді халықтың саны 2014 жылы 2012 жылмен салыстырғанда 2,3 мың адамға артқан, жұмыспен қамтылғандар саны керісінше 2014 жылы 2012 жылмен салыстырғанда 0,9 мың адамға артқан, жұмыссыздық деңгейіне шаралар қолданылып ол 4,9% көлемінде сақталған, жастардың жұмыссыздық деңгейі де 2012 жылға қарағанда 0,7 % кеміген.



Сурет 1 - 2012-2014 жылдар аралығындағы Павлодар облысының еңбек нарығының динамикасы

1-суреттің мәліметтеріне сүйенсек 2013 жылы жұмыссыздардың саны 22,0 мың адамды құраса 2014 жылы ол 0,1 мың адамға артып 21,9 мың адамды көрсеткен. Ол мемлекеттегі басқару органдарының жұмыспен қамту саясатының дұрыс бағытта атқарылғандығының нәтижесінде орын алған.

Индустриялық даму стратегиясын жүзеге асыру барысында 3209 жаңа жұмыс орындары ашылатын болады, өнеркәсіпте істейтіндер саны 1,8 мың адамға көбейеді деп күтілуде.

Аграрлық өнеркәсіп кешенін дамыту бағдарламасы шеңберінде ауыл шаруашылығы бейініндегі мамандарға сұраныс артады деп күтілуде. Болжау кезеңінде ауыл шаруашылығы саласында 8472 жаңа жұмыс орны ашылатын болады, ал осы саладағы жұмыспен қамтылғандар саны 2,0 мың адамға көбейеді.

Нарықтық инфрақұрылымдарды ұйымдастыру, тұрмыстық және халыққа сервистік қызметтер көрсету, көлік, байланыс,

мектептегі білім беру, ғылым қызметкерлеріне тұрлаулы сұраныс болады деп болжануда.

Экономиканың білікті кадрларға қажеттілігі басқару және әкімшілік-өндірістік қамтамасыз ету саласындағы басшылар мен мамандарға деген тұрлаулы сұраныспен сипатталатын болады. Өнеркәсіп, көлік, құрылыс, байланыс және т.б. кәсіпорындарының менеджмент және шаруашылық қызметін талдау салаларында тікелей жұмыс істейтін мамандарға деген сұраныс едәуір артады.

Қоғамды ақпараттандырудың дами түсуі процесіне байланысты компьютерлік технологияны игерген білікті мамандарға және техникалық орындаушыларға сұраныс көбейді деп болжануда.

Павлодар облысының аудандары бойынша 2014 жылы «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы бойынша кәсіптік даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыруға жіберілген тұрғындар саны келесідей болды 2-кестеге сәйкес.

Кесте 2 - 2013 жылы кәсіптік даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыруға жіберілген тұрғындар саны


| Адам | | | |
|----------------------|--------|------------|-------|
| Қалалар мен аудандар | Жоспар | Факт, адам | % |
| Павлодар қаласы | 1010 | 1010 | 100,0 |
| Ақсу қаласы | 390 | 390 | 100,0 |
| Екібастұз қаласы | 570 | 570 | 100,0 |
| Ақтоғай | 95 | 95 | 100,0 |
| Баянауыл | 143 | 143 | 100,0 |
| Железин | 102 | 102 | 100,0 |
| Ертіс | 125 | 125 | 100,0 |
| Качир | 120 | 120 | 100,0 |
| Лебяжі | 95 | 95 | 100,0 |
| Павлодар | 110 | 110 | 100,0 |
| Май | 106 | 106 | 100,0 |
| Успен | 102 | 102 | 100,0 |
| Шарбақты | 105 | 105 | 100,0 |
| Облыс бойынша | 3073 | 3073 | 100,0 |

Жоғарыда келтірілген мәліметтеріне сәйкес облыс бойынша 3073 адам кәсіптік даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыруға жіберілді оның ішінде басым бөлігін Павлодар қаласынан адамдары алды, яғни 1010 адам біліктілігін жоғарлатты. Содан соң

Екібастұз қаласы-570 адам мен Ақсу қалалары бойынша 390 адам жіберілді. Ең төменгі деңгейді Лебяжі мен Ақтоғай аудандары көрсетті, яғни 95 адам өз біліктілігін арттырды.

Еңбек нарығында талап етілетін 76 мамандық бойынша 41 оқу орынында кәсіптік оқыту жүргізілді.

2013 жылы экономика саласында кәсіптік даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыруға жіберілгендер саны 2-суретте берілген.



Сурет 2 - 2013 жылы экономика саласында кәсіптік даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыруға жіберілгендер саны

953 адам оқуын жалғастырып жатыр. Олар 2-ден 3 жылға дейін оқитын түлектер болып табылады.

Қайта даярлау және біліктілік арттыру тобының 2066 адамы оқуын аяқтап, еңбек нарығында талап етілетін мамандық алып, біліктіліктерін арттырды. Оларды жұмысқа орналастыру жөнінде 351 жұмыс берушімен келісімшарт жасалды. 1351 адам немесе 65 пайызы жұмысқа кірісті. Кәсіптік оқыту үшін республикалық бюджеттен 836,0 млн. теңге бөлініп, қаражат толықтай игерілді.

Әлеуметтік жұмыс орындарына орналасқан азаматтарға еңбекақысын төлеуді қаражаттандыру мақсатында республикалық бюджеттен 70,1 млн. теңге қарастырылды. 2014 жылы әлеуметтік жұмыс орындарына орналасқандар саны 3-кестеде берілген.

Кесте 3 - 2013-2014 жылдары әлеуметтік жұмыс орындарына орналасқандар саны

Адам

| Қалалар мен аудандар | 2013 жыл | | 2014 жыл | |
|----------------------|----------|------|----------|------|
| | Жоспар | Факт | Жоспар | Факт |
| Павлодар қаласы | 341 | 577 | 425 | 435 |
| Ақсу қаласы | 80 | 137 | 95 | 95 |
| Екібастұз қаласы | 150 | 163 | 110 | 180 |
| Ақтоғай | 10 | 13 | 25 | 80 |
| Баянауыл | 30 | 33 | 25 | 45 |
| Железин | 20 | 27 | 35 | 35 |
| Ертіс | 40 | 57 | 35 | 35 |
| Қашар | 15 | 27 | 20 | 30 |
| Лебяжі | 10 | 11 | 20 | 35 |
| Павлодар | 30 | 30 | 30 | 50 |
| Май | 40 | 63 | 55 | 55 |
| Успен | 5 | 7 | 15 | 15 |
| Шарбақты | 19 | 30 | 10 | 20 |
| Облыс бойынша | 790 | 1175 | 900 | 1110 |

3-кестеге сәйкес 2013 жылы жоспардағы 790 адамның орнына 1175 адам, 2014 жылы жоспардағы 900 адамның орнына 1110 адам жұмысқа орналастырылды. Әлеуметтік жұмыс орындарына орналасқандардың басым бөлігін Павлодар, Ақсу, Екібастұз қалаларының тұрғындары құраса, әлеуметтік жұмысқа орналасқандардың ең аз саны Успен, Қашыр мен Шарбақты аудандарында байқалды. Бағдарламаға қатысушылардың орташа айлық жалақысы 38,4 мың теңгені құрады. Жұмыс берушілер мен мемлекет оларға ай сайын 19200 теңгеден төлеп отырды.

Қазіргі кезде экономиканың нақтылы секторында жұмыссыздықпен күресу мәселесі жұмыс орындарын құрылуымен, жұмыспен қамтудың белсенді саясатын жүргізумен, жұмыссыздықтан қорғау мен біртұтас түрде қаралуға тиіс.

Жұмыспен қамтудың негізгі басымдықтарының бірі - жаңа жұмыс орындарын ашу.

Халықтың тұрмыс деңгейін арттыру, өнімді жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мемлекеттің әлеуметтік экономикалық саясатының маңызды бағыттары болып қалып отыр. Елдегі нарықтық

қатынастардың дамуы барысында халықтың жұмыспен қамтылуына байланысты сұрақтардың барлығы бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады.

Еңбек нарығындағы ең өзекті мәселелері анықталды:

- облысымыздың әр түрлі аймақтарындағы жұмыспен қамту деңгейінің біркелкі еместігі өседі;
- жұмыссыздық мерзімінің өсу ұзақтығы;
- жұмысшы кадрлардың көп бөлігінің материалдық өндіріс пен ғылым салаларынан қызмет көрсету саласына өтуі;
- жұмыссыздықтың қатары әйелдер мен жастардың құрамында көбейеді.

Сонымен қатар жұмыспен қамту саласындағы өзгерістер ұлттық еңбек нарығында келесідей кері үрдістердің пайда болуына әкеледі:

- жабық жұмыссыздықтың өсуі;
- жұмысшының кәсібилік деңгейі мен табысы арасындағы нақты байланыстардың жоқтығы;
- жалақыны төлеудегі кешіктірулер;
- кәсіби аурулардың және зақымданудың өсуі (рухани ескірген жұмыс орындарының көбеюі);
- білікті мамандардың тапшылығы, сондай-ақ оларды қажетті мамандықтар бойынша тез арада қайта даярлаудың мүмкіндігінің жоқтығы;

- жұмыспен қамтылған халықтың жұмыс уақытын толық пайдаланбауы (ол білікті жұмысшылардың еңбек потенциалын жоғарылатуына әкеледі);

- жастар, әйелдер, мүгедектер, әскери міндетін атқарып келген әскери қызметкерлер, сондай-ақ бұрын жұмыс орындарын талап етпеген зейнеткерлер мен жасөспірімдер сынды халықтың әлеуметтік-демографиялық топтарының жұмысқа тұруындағы мәселелердің қауырттылығы.

Сонымен қатар халықты жұмыспен қамтуды арттырудың барлық мүмкіндіктері жергілікті жұмыс күші сапасының жұмыс берушілердің талаптарына сәйкес болған жағдайда ғана іске асырылуы мүмкін. Сондықтан басым міндет облыстың оқу орындарының және еліміздің басқа өңірлерінің және шетелдердің білім беру ұйымдарының әлеуетін пайдалана отырып, жаңа өндірістерде жұмыс жасау үшін жергілікті мамандарды дайындау болып табылады.

Ұсыныстар:

- жеткіліксіз мамандарды даярлау, жұмыскерлердің біліктіліктерін арттыру;

- экономиканың қайта құрылуы нәтижесінде жұмыссыз қалғандарды қоғамдық жұмыс орындарына жіберу;
- жеке меншік кәсіпорындарды марапаттау;
- тұрғындардың өзін - өзі жұмыспен қамтуына ынталандыру, орта және шағын бизнесті дамыту;
- тұрғындарға бос орындар туралы (вакансия) мол ақпарат беру (бос орындар жәрменкесін, ашық есік күндерін және т.б. өткізу).
- жұмыс күшіне сұраныс пен ұсынысты теңестіру жөніндегі шараларды қабылдау;
- мемлекет бюджетінен бөлінген қаражатты тиімді пайдалану;
- жұмыспен қамту мәселесіне байланысты бағдарламалар бекіту және оны ұтымды жүзеге асыруын қадағалау;
- қазіргі дағдарыс кезіндегі жұмыспен қамту мәселесіне көп көңіл бөлу;
- жас түлектерді жұмыспен қамтамасыз ету;
- жұмыссыздықты жою;
- жұмысқа орналасуға жәрдемдесу.

Павлода облысы бойынша еңбек ресурстарын пайдалануды жақсартудың негізгі шаралары келесідей болуы керек:

- облыс тұрғындары үшін жалпы ұлттық деңгейдегі бос тұрған жұмыс орындары мен жұмысшыларға қойылатын талаптар жөнінде ақпараттық жүйені қалыптастыру;
- болашақта еңбек нарығының тапсырысына еңбек ресурстарын қайта дайындау;
- елдің барлық аймақтарында оның ішінде ауылдық жерлерде еңбекке сұраныс пен ұсыныс бойынша инфрақұрылымды дамыту;
- жаңа жұмыс орындарын ашылуына қолдау көрсету;
- салааралық және кәсіпкерлік еңбек ресурстарын, еңбектің көші-қонын реттеп қайта орналастыруға өз үлесін қосатын іс-шараларын жасап қабылдау;
- мамандық, тұрақты кәсіп және алдын-ала сұраныс бойынша, орнынан босап қалған жұмысшыны қайта дайындау жүйесін және кәсіптік білім беру мониторингін жасау;
- еңбек ресурстар нарығындағы қажеттілікке қол жеткізу үшін басқару және қаржыландыру жүйесін жетілдіру қажет.

Жұмыспен қамту саласындағы мәселелер мен оларды шешу жолдары 4-кестеде берілген.

Кесте 4 - Жұмыспен қамту саласындағы мәселелер мен оларды шешу жолдары

| | |
|---|--|
| Жұмыспен қамту саласындағы мәселелер | Жұмыспен қамту саласындағы мәселелерін шешу жолдары |
| облысымыздың әр түрлі аймақтарындағы жұмыспен қамту деңгейінің біркелкі еместігі өседі | әр түрлі аймақтарындағы ерекшеліктерін ескеріп, жұмыспен қамту жүйесін жетілдіру бойынша іс-шаралар өткізу |
| жұмыссыздық мерзімінің өсу ұзақтығы | жұмыстарын жоғалтқан азаматтарды әлеуметтік кепілдемемен қамтамасыз ету |
| жұмысшы кадрлардың көп бөлігінің материалдық өндіріс пен ғылым салаларынан қызмет көрсету саласына өтуі | жұмысшыларды тиімсіз сектордан тиімді секторға, тұрғындардың жұмыспен қамтылуына және экономикадағы көлеңкелі сектормен күресудегі шаралар өткізу |
| жұмыссыздықтың қатары әйелдер мен жастардың құрамында көбейеді | қосымша жұмыс істеу, үйде отырып жұмыс істеу, қосымша табыс көздерін жасау және іздеу; еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетсіз тұрғындар тобына әлеуметтік қорғауды күшейту |
| жабық жұмыссыздықтың өсуі | тұрғындарға бос орындар туралы (вакансия) мол ақпарат беру (бос орындар жәрменкесін, ашық есік күндерін және т.б. өткізу); жұмыссыз қалғандарды қоғамдық жұмыс орындарына жіберу |
| жұмысшының кәсібилік деңгейі мен табысы арасындағы нақты байланыстардың жоқтығы | жұмыс күшіне сұраныс пен ұсынысты теңестіру жөніндегі шараларды қабылдау |

| | |
|--|---|
| жалақыны төлеудегі кешіктірулер | жұмыспен қамтуға кепілдік беру, еңбек ақысын төлеу, еңбек жағдайын жасау және режимі жөніндегі мәселелерді шешудегі әлеуметтік серіктестік (жұмысшылар, жұмыс берушілер, мемлекет) жүйесін құру |
| білікті мамандардың тапшылығы, сондай-ақ оларды қажетті мамандықтар бойынша тез арада қайта даярлаудың мүмкіндігінің жоқтығы | шетел жұмыс күшін тартуды реттеу, олардың еңбек қызметіне жағдай жасау; |

Қорыта келе еңбек нарығы және халықты жұмыспен қамту саласындағы үдерістер әрқашан әлеуметтік – экономикалық даму аспектілерінің орталық мәселелері болып табылады. Өйткені елдің тұрақты дамуы тікелей тұрақты жұмыспен қамтылу және еңбек нарығы саласындағы әртүрлі қолайсыз жағдайлардың алдын алумен байланысты.

Қазіргі кезде экономиканың нақтылы секторында жұмыссыздықпен күресу мәселесі жұмыс орындарын құрылуымен, жұмыспен қамтудың белсенді саясатын жүргізумен, жұмыссыздықтан қорғау мен біртұтас түрде қаралуға тиіс.

Жұмыспен қамтудың негізгі басымдықтарының бірі - жаңа жұмыс орындарын ашу.

Халықтың тұрмыс деңгейін арттыру, өнімді жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мемлекеттің әлеуметтік экономикалық саясатының маңызды бағыттары болып қалып отыр. Елдегі нарықтық қатынастардың дамуы барысында халықтың жұмыспен қамтылуына байланысты сұрақтардың барлығы бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Информационное агентство KazakhstanToday. «МОН планирует в ближайшие два года сократить количество вузов до 100». Дата обращения: 26.03.13г. (/kt.kz).

2 Официальный сайт премьер-министра РК. «Главным критерием оценки вузов страны является трудоустройство выпускников». Дата обращения: 26.03.13г. (primeminister.kz).

3 Алашеев С. Ю. Кутейницына Т. Г. Обзор мировых практик организации взаимодействия рынка труда и системы профессионального образования. - Центр профессионального образования Самарской области, г.Самара. Дата обращения: 05.03.13г.

ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

НҰРФАЛИЕВА А. А.

э.ғ.к., доцент,

АХМЕТОВА Д. Д., БЕЙБІТХАНҚЫЗЫ А.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Еліміздегі экономикасының бәсекеге қабілеттілігі мен экономиканың жаңа деңгейіне жетуі біршама күрделі кезеңді қамтиды. Осы кезеңдегі бәсекеге қабілеттілікті бағалауды үйренбей, оны өлшейтін көрсеткіштерді білмей басқаруға болмайды. Бәсекелестік -нарықтық экономиканың тиімді қызмет етуі үшін қажетті басты механизм.

Әлемдік экономиканың жаһандануы мен халықаралық экономиканың бәсекелестігі жағдайында ұлттық экономиканың бәсекеге қабілетсіздігі әлемің алдыңғы қатарлы елдерінің даму деңгейімен айырмашылықты қысқартуға бағытталған барлық талпыныстарымызды жоққа шығара отырып, Қазақстанды әлемдік экономикадан тыс қалдыруы мүмкін. Сол себептен біз үшін еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселесі өзекті болып табылады. Осыған орай мемлекетімізде алдыңғы он жыл ішінде әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру мақсаты қойылып отыр, сонымен қатар экономиканы әртараптандыруға бағытталған және ұзақ мерзімді перспективаға негізделген индустриалды-инновациялық стратегияны жүзеге асыру ісі бастау алды. Стратегияда экономикадағы жетекші салаларды кластерлік үлгімен дамыту қарастырылған, сол себептен елімізде осы бағытта әр түрлі жұмыстар атқарылып жатыр. Қазіргі кезде кластерлер елдердің, сол сияқты жекелеген аймақтардың экономикасын дамыту мен бәсекеге қабілеттілігін көтеруде танымал әрі маңызды құрал болып табылады.

Кластер –бұл қосымша құнды құру үрдісінде өзара байланысқан жабдықтаушылар, өндірушілер, тұтынушылар, өнеркәсіптік

инфрақұрылым элементтері мен зерттеу институттарының жүйесі. Ол адам капиталы, ғылыми, инновациялық және өндірістік әлеуеттердің шоғырлануымен сипатталады, әйтпесе кластерлер тұрақты әрі бәсекеге қабілетті бола алмайды. Кластерлік жүйе алдыңғы қатардағы ұлы елдер экономикасының көп бөлігін қамтыған. Күннен күнге кластерлер экономикалық дамудың ұлттық және аймақтық жоспарларының маңызды құраушысына айналууда. Дәстүр бойынша кластерлер теориясы көп жағдайда қызметтер секторының, оның ішінде туризмнің, жоғары қарқынмен дамып келе жатқаны мен болашақтағы зор әлеуетіне қарамастан өндірістік өнеркәсіпке бағытталған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ниетімен жасалған Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін бағалау жобасы нәтижесінде анықталған жеті салада кластерлік бастаманы енгізу жөнінде шешім қабылданды. Оның ішінде туризм индустриясының ел экономикасындағы перспективті салалардың бірі және осы саланың өркендеуі мен дамуы үшін нақты нарықтық мүмкіндіктердің бар екендігі анықталды. Қазақстанның туризм үшін қажетті табиғи ресурстары бар бола тұра оны дамытуда өзінің мүмкіндіктерін толығымен қолданбайды деген болады. Сол себептен «туризм» пилоттық кластерін дамыту мен оның перспективаларын анықтау өзекті мәселе болып табылады. Еліміздің әлемдік туризм нарығында өзінің орнына ие болуына ерекше мүмкіндігі бар, ол үшін туристер үшін тартымды жаңа территориялар мен объектілерді ашып, оларды қамсыздандыру керек. Туризм кластерінің дамуына барынша қолайлы жағдай жасау, осы мақсаттағы тиімді әрі жедел жолдардың бірі.

Қазіргі уақытта туризм әлемдік шаруашылықтағы неғұрлым қарқынды дамып келе жатқан салалардың бірі және ең табысты бизнестердің бірі болып табылады. Ол мемлекет экономикасы үшін маңызды. Туризмнің негізгі үш оң әсерін байқауға болады: ол шетел валютасының құйылуын қамтамасыз етеді, төлем балансы мен жиынтық экспорт сияқты маңызды экономикалық көрсеткіштерге жағымды әсерін тигізеді, халықтың жұмыс бастылығын арттыруға көмектеседі. Сонымен қатар туризм экономиканың 32 саласының дамуы мен елдің инфрақұрылымын дамытуға жағдай жасайды. Сондықтан Қазақстандағы басымдықты кластерлердің бірі – туризм кластерінің дамуына баса назар аударған жөн.

Кластерлік теорияның негізін қалаушы Майкл Портер зерттеулері, сонымен қатар басқа да кластерлік зерттеулерде дәстүрлі түрде басты назар өндірістік өнеркәсіпке аударылған. Бұл басымдық

қызмет көрсету секторының, оның ішінде туризм маңызының өсуі мен оның зор болашағына қарамастан әлі де сақталуда. Туризмге тән осы салада қызмет етуші объектілердің дамуы мен табыс алуында бір-бірімен тығыз байланыста болуы мен туризм саласының басқа салалар дамуына тәуелді болуы сияқты ерекшеліктерді ескере отырып, оның кластерлік әдіспен дамуының маңыздылығы өзекті.

Кластерлер туралы білімді өсіріп, кластерлік тұжырымдаманың не үшін керектігін түсіну түрлі деңгейдегі жеке және мемлекеттік кәсіпорындар үшін маңызды, өйткені бұл механизмді іске қосу арқылы кез келген субъект кластер құраушысы бола отырып экономикалық өсу мен дамуға өз үлесін қоса алады. Бүгінгі күні басқа елдермен салыстырғанда еліміздің бәсекелестік жағынан артықшылықтары жоқ емес. Осы артықшылыққа экономикалық жағынан тартымды әрі ішкі тұтыну үшін арзан энергия мен басқа да пайдалы кен қазбаларының қорлары жатады. Сонымен бірге еліміздің экологиялық және геэкономикалық, оның ішінде аумақтың транзиттік әлеуеті де баршылық.

Экономиканың бәсекеге қабілеттілігін елдің бәсекеге қабілеттілігінен ажырата білген дұрыс. Сол себепті экономиканың бәсекеге қабілеттілік проблемасы елдің инвестициялық тартымдылығымен байланысты, ал елдің бәсекеге қабілеттілігі елдегі өмір сүрудің сапасымен байланысты. Бәсекеге қабілеттілік бәсекелестік артықшылықтың болуын тіркейтін нәтиже болып табыламақ. Бәсекеге қабілеттілікке кәсіпорынның қызметіне ықпал ететін нарықтағы стратегиялық және тактикалық өзгерістер (сұраныстың өзгеруі, демографиялық өзгерістер, табиғи құбылыстар және т.б.) ықпал етеді. Ұйымның бәсекеге қабілеттілігі оның қазіргі жағдайын талдау нәтижелерінің негізінде алынады. Осы процесте бәсекелестік артықшылық көздері, бәсекеге қабілеттілікті, жұмыстың тиімділігі мен тұрақтылығын, сондай-ақ бәсекелестік ортасының даму жағдайы мен оның даму үрдістерін арттыру факторлары анықталады.

Бизнес жағдайының өзгеруі салдарынан ұйымның бәсекелік жай-күйін жүйелі түрде талдау қажет. Кәсіби жасалған талдау іске асырылатын бәсекелестік стратегиясының артықшылықтары мен кемшіліктерін, ұйымның мүмкіндіктері мен нашар жақтарын анықтауға, сондай-ақ бәсекелестік жағдайында өзін қорғау қабілетін анықтауға мүмкіндік береді. Талдау нәтижесінде алынған ақпаратты басшылық бизнестің өзгерген жағдайын да ұйымның қажетіне жауап беретін стратегия әзірлеу үшін пайдалана алады. Ұйымның бәсекеге

қабілеттілігін талдау нәтижелерінің негізінде бағалау үшін жүйелі, кешенді және нормативтік тәсілдемелер қолданылады.

Ұйымның бәсекеге қабілеттілігі жүйелік тәсілдеме тұрғысынан бағаланғанда бизнестің сыртқы және ішкі ортасының факторлары жеке бағаланады. Бәсекелестік артықшылықтарды бағалау кезінде кешенді тәсілдеме тұрғысынан техникалық, құқықтық, нарықтық, ғылыми, экономикалық, ұйымдастыру, психологиялық және бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ететін және өзара ықпал ететін басқа да аспектілер ескеріледі. Бағалауда нормативтік тәсілдемені қолданумен қатар ұйымның бәсекеге қабілеттілігінің нақты факторлары нормаланады және мониторинг жасалады. Бәсекелестікке қабілеттік экономикадағы нарық типтеріне байланысты сатушы баға қалыптастырғанда әртүрлі деңгейдегі еркіндікте болады.

Экономистер нарықтың төрт түрін бөліп көрсетеді және әрқайсысы баға қалыптастыру бойынша өз шарттарын ұсынады. 1. Таза бәсекелестік нарығы ұқсас тауар өнімінің, мысалға, бидайдың, мыстың, бағалы қағаздардың көптеген сатушыларынан және сатып алушыларынан құралады. Бірде-бір жеке сатып алушы не сатушы нарықтағы күнделікті тауардың баға деңгейіне үлкен ықпалын тигізе алмайды. Сатушы нарық бағасынан жоғары баға да сұрамайды, себебі сатып алушылар қажетті тауар көлемін керегінше осы нарықтан ешқандай кедергісіз нарық бағасымен сатып ала алады. Сатушылар нарық бағасынан төмен баға да сұрамайды, өйткені барлық тауарын нарықтағы бағамен сата алады. Бұл нарықта маркетингтік зерттеу, тауарды дайындау, баға қалыптастыру, жарнама және өткізуді ынталандыру минимальды болады, бірақ та мүлдем нольге жеткізбейді. 2. Монополиялық бәсекелестік нарығы келісімді біркелкі нарықтық бағамен емес кең диапазонды бағалармен жасайтын сатып алушылармен, сатушылардан құралады. Баға диапазонының болуы сатушылардың, сатып алушыларға тауарлардың әр түрлі варианттарын ұсыну мүмкіншілігінде. Реальды бұйымдар бір-бірінен сапа, қасиеті, сырт безендіруі бойынша айырмашылықта болады. Айырмашылық тауарға қосымша атқарылатын қызметтерде де болуы мүмкін. Бағадан басқа кейбір айырмашылықта болу үшін сатушылар әр түрлі тұтынушылар сегменттеріне түрлі ұсыныстар дайындауға тырысады және тауарларға маркалық атау беру тәжірибесін, жарнаманы және жеке сату әдістерін кеңінен пайдаланады. Бәсекелестердің көп болуына байланысты олардың маркетингтік стратегиясы әр фирмаға тигізетін ықпалы олигополистикалық нарық жағдайынан төмен болады.

3. Олигополистикалық нарық баға белгілеу саясатына және бір-бірінің маркетингтік стратегиясына өте сезімтал біршама сатушылардан құралады. Жаңа талапкерлердің нарыққа енуі өте қиын болғандықтан сатушылардың саны көп болмайтын. Әр сатушы бәсекелестің стратегиясына және қимылына дереу қарсы әрекет көрсетеді. Егер қайсы бір болат қорыту компаниясы өз бағасын 10 % төмендетсе, сатып алушылар дереу осы компанияға ауыса бастайды. Басқа болат өндірушілер бұл жағдайды ескеріп не бағаны төмендетуі, не атқаратын қызмет санын, не көлемін өсіруге тиіс. Олигополистер бағаны төмендету арқылы ұзақ уақытқа созылатын нәтижеге жететініне ылғи сенімде бола алмайды. Екінші жағынан олигополистер бағаны жоғарылатса, оның бәсекелестері оған ермеуі мүмкін. Мұндай жағдайда ол бағаны не бұрынғы қалпына келтіруі керек, не өз клиенттерінің бәсекелестер жағына ауысуына дайын болуы керек.

4. Таза монополия жағдайында нарықта тек қана бір сатушы болады. Бұл мемлекеттік мекеме (мысалға, Қазақстанда темір жол компаниясы), жеке жүйеленетін монополия (мысалға, “Қарағанды-Жылу”) не жүйеленбейтін монополия (мысалға, нарыққа нейлонмен шығаркөзіндегі “Дюпон”). Әр ерекше жағдайда баға белгілеу әр түрлі болып құралады. Мемлекеттік монополия баға саясаты көмегімен әр түрлі мақсатты көздеуі мүмкін. Ол тауар сатып алушылар үшін өте маңызды болып, бірақ олар оны толық бағасына сатып ала алмайтын жағдайда, оның бағасын өзіндік құнынан төмен белгілеуі мүмкін. Баға тек шығындарды қайтару, не жақсы табыс табуы көздеуі мүмкін. Тұтынысты жалпы қысқарту мақсатында өте жоғары баға белгіленуі де мүмкін. Жүйеленген монополия жағдайында үкімет компанияға “Әділ нормалы табыс” келтіретін, соның нәтижесінде мекемеге өндірісті қолдап отыратын, ал қажетті жағдайда оны кеңейтуге мүмкіншілік беретін баға тағайындауға ұлықсат береді. Оған керісінше, жүйеленбейтін монополия жағдайында фирма нарық көтеретін кез келген бағаны белгілей алады. Дегенмен бірқатар себептерге байланысты, фирма мүмкіншілігінше максимальды бағаны тағайындамайды. Бұл әрі мемлекеттік жүйелеуді енгізуден сескену, әрі бәсекелестерді елеңдетпеу, әрі төмен бағаны пайдаланып -нарықты игеруді тереңдете түсу. Беделді тауарлар үшін сұранымның қисығы басқаша болады. Тұтынушылар тауардың бағасы неғұрлым жоғары болса, сапасы да соғұрлым жоғары болады деп есептейді. Бірақ бағаны шектен тыс жоғары бағаласа сұраным күрт төмендейді. 2020 жылға дейінгі даму бағдарламасын жүзеге асыра отырып, қазақстандықтар

сапалы медициналық қызметке, білім алуға қол жеткізеді. Елімізде тұрғын үй-коммуналдық қызметі едәуір артты. Зейнеткерлер, мүгедектер және тұрмысы төмен отбасылар сенімді түрде қорғалатын болады. «Біз 2030 жылға дейінгі даму Стратегиясында айқындалған мақсаттарды жүзеге асыра отырып, тәуелсіздігі бекем, экономикасы өркендеген, саяси тұрақтылығы орныққан Қазақстанды құру туралы миссиямызды табысты орындап шығамыз», – деп атап көрсеткен Елбасы. Осы Елбасының атап көрсеткен қағидаларын басшылыққа ала отырып, ел экономикасын көтеруде бәсекеге қабілетті ұлттық экономикамызды қалыптастыруда, қазіргі күнде сұранысқа ие инновациялық-технологиялық үрдістерді басшылыққа алып, білім сапасын жаңартып, жалпы ішкі өнімді сапалы өндіріп, әлеуметтік хал-ахуалымызды басты орынға қоюымыз шарт.

Ұлттық экономикадағы нақты саланың дамуын қамтамасыз етуде, отандық өндірушілердің өнімдерін әлемдік нарықтың сұранысына сәйкестендіру бағытында атқарылатын іс-шаралардың тобына шығарылатын өнімдердің бәсекелік қабілетін қамтамасыз ету мәселесін жатқызуға болады. Қазіргі кезде өзекті болып отырған мемлекеттің экономикалық, азық-түлік қауіпсіздігін қалыптастыру әрекеттері де сыртқы өндірушілердің ұқсас өнімдеріне төтеп бере алатын отандық өнімдердің өндірілуіне тәуелді. Еліміздің табиғи, экономикалық, ұлттық ерекшеліктеріне сай иелігіміздегі құндылықтарды барынша тиімді, әрі ұтымды жұмсау, тек ішкі нарықта ғана емес, әлемдік нарықта да жоғары сұранысқа ие болатын халық тұтынатын тауарлар шығару, сол нарықтың қомақты бөлігін қосылған құны жоғары өнімдер өткізу арқылы иемдену, осы арқылы мемлекетіміздің беделін арттыру бүгінгі таңда қарқынды жүргізіліп жатқан саяси-экономикалық үрдістердің негізін қалайды.

Сонымен қатар, тұтыну нарығындағы өскелең талаптар да отандық тауар өндірушілерге шығаратын өнімдерінің бәсекелік қабілетін арттыру мәселесін алдыңғы қатарға қойып отыр. Мұның өзі бәсекелік ортаның дамуына, өндірілетін өнімнің сапасын жоғарылатуға, бағаны төмендетуге ықпалын тигізіп, тұтынушылардың кең көлемді сұранысын қанағаттандыруға итермелейді. Бәсекеге қабілетті өнім шығару кәсіпорынның, саланың дамуына ықпал ететін негізгі фактор екенін уақыттың өзі дәлелдеуде.

Бәсекеге қабілеттілік дегеніміз — кез-келген экономикалық объектілерге тән қасиет. Физикалық табиғатына және атқаратын қабілетіне қарамай, барлық тауарлар, сондай-ақ оларды өндіру,

пайдалану жүйелері бәсеке мәселесі шеңберінде қарастырылады, тіпті мұндай талдау аспектісі абстрактілі емес, нақты экономикалық қызметтің практикалық мәні. М. Эрлих және Дж. Хайн пікірлері бойынша бәсеке қабілеті - фирманың өз тауарын сату қабілеті. «Бәсеке қабілеттілік» түсінігі ХХ ғасырдың 70 жылдарында Батыста пайда болды. Шамамен сол уақытта өнімнің бәсеке қабілеттілігі мәселесімен КСРО да айналыса бастады. Бәсекеге қабілеттілік — өнеркәсіптік өнімнің құндық және сапалық параметрлерін ғана қамтымай, сондай-ақ кәсіпорын қызметіндегі инвестиция мен инновациялық басқаруға, менеджмент деңгейіне тәуелді жан-жақты ұғым.

Өнімнің бәсекеге қабілеттілігі - тауарлардың тұтынушы қажеттілігін жоғары деңгейде қанағаттандыруын және осының арқасында нарықты өз орнын табуы. Басқа сөзбен айтқанда, бұл тұтынушының талғамына сай келетін және оның сатылуын қамтамасыз ететін өнімнің қасиеттері.

Қазақстанның бәсекеге қабілетті ғылымының өркендеуі үшін екі мәселенің шешілуін атап кеткен орынды. Біріншіден, ғылымның жаңа жетістігін өндіріске енгізудің тетігін қалыптастыру керек. Біз осы уақытқа дейін ондай тетіктің жоқ екендігін дәлелдеумен келдік. Енді оны дәлелдеудің керегі жоқ, ондай жүйені құру керек. Ол үшін:

- монополияға қарсы саясатты жетілдіру; бәсекелестікті қамтамасыз ету;
- амортизациялық саясатты жетілдіру; өндірістің өндіруге қабілетті жақтарындағы тепетеңдікті сақтай отырып, ғылыми прогресті енгізу;
- нанотехнологиялық саясатты жетілдіру; фирмалар мен ғылыми құрылымдарды ынталандыра отырып инновациялық өнімдерді енгізу;
- зияткерлік меншік саласына қатысты саясатты жетілдіру; ғылыми жаңалықтарды материалдық қолдау арқылы ғалымдардың ынтасын ояту мен қорғауды жолға қою.

Бәсекеге қабілеттілікті анықтайтын факторлар – экономикалық әлеует және экономиканың өсу қарқыны; өндіріс тиімділігі; халықаралық еңбектің бөлінуіне қатынасуы; ішкі рыноктың серпінділігі мен сыйымдылығы; ғылым мен техниканың даму деңгейі, техникалық жетістіктерді игеру қарқыны; қаржылық жүйенің айқындылығы мен икемділігі; экономиканы мемлекеттік реттеудің ықпалы; еңбек ресурстарының біліктілік деңгейі мен олармен қамтамасыз етілуі; әлеуметтік-экономикалық және ішкі саяси ахуал.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2010 жылғы 29 қаңтардағы «Жаңа он жылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында экономиканы диверсификациялау және ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру арқылы Қазақстан экономикасының тұрақты және біркелкі дамуына ерекше көңіл бөлген болатын. Тауар өндірушілердің басым бөлігі өз шаруашылық қызметтерінде және кәсіпкерлікте еркін болған жағдайда ғана бәсекелестік – нарықтық механизмнің жұмыс істеуінің маңызды бөлшектерінің бірі ретінде қызмет ете алады. Бұл дегеніміз, тауар өндірушілердің еркін түрде жабықтаушылар мен тұтынушыларды таңдауына, салық төлегеннен кейін қалатын пайданы жұмсауына, шаруашылық қызметтерімен және өнеркәсіптің дамуымен байланысты басқа да мәселелерді өз беттерінше шешуіне мүмкін-дік береді. Ал 2010 жылғы қаңтардағы Жолдауында Индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасын жария етті. Қазірдің өзінде оны іске асырудағы бірінші жылда нақты нәтижелер бар. Мемлекет 152 кәсіпорынын іске қосты. Елімізде барлығы 800 әртүрлі өндіріс орындары құрылды. 2014 жылға дейін құны 8,1 триллион теңгені құрайтын 294 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарлануда. Жаңа өндіріс орындарының пайда болуы Қазақстан нарығындағы жаңа бәсекелестердің пайда болуына ықпал жасайды. Бүгінде ұлттық дәулетіміздің үштен бір бөлігі шағын және орта бизнестен құралады. Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі – ұлт пен жастар білімінің бәсекеге қабілеттілігіне байланысты.

Бәсекеге қабілеттіліктің барлық факторларының қызметі адами әлеуетпен толығады. Адам мүмкіндіктерін жүзеге асырудың маңызды бағыты – еңбек, оны ынталандыру және кәсіпкерлік ресурс. Кәсіпкерлік нарықтық экономиканың қозғаушы күші болып табылады және өндіріс процесінде барлық ресурстарды біріктіреді. Атап өтетін мәселе, тіпті нарықтық экономикалық тарихы бай елдердің өзінде халықтың 15%-ы кәсіпкерлік қабілетке ие, ал іс жүзінде одан 2-3 есе аз адам кәсіпкер болады екен. Еңбек және оны ынталандыру экономиканы дамытуда ең ірі қор болып отыр. Бұл еңбек әлемде негізінен жалдамалы, яғни меншік қатынасын тікелей сезінбейтін еңбек болып отыр. Дайындалған жоғары білікті мамандар – барлық деңгейлер мен бағыттардың бәсекеге қабілеттілігін құрудың негізі болып табылады. Ұлттық экономиканың белгілі бір саласында қызмет ететін фирма нақты фактор мәніне байланысты бәсекелік артықшылықты құруға және оны ұстап тұруға қажет қолайлы не болмаса тиімсіз өндіріс шартына жолығуы мүмкін.

Бұл факторлар жалпы және арнайы болып бөлінеді, яғни барлық фирмаларға немесе жекелеген нақты бір фирмаларға қатысты факторлар болады. Фирма стратегиясы, оның құрылымы мен бәсеке факторларын қарастырып бастасақ, әрбір фирма бәсекелік артықшылықтан көбірек пайда табуы және ең жақсы позицияны жаулап алу үшін өзінің жеке бәсекелік стратегиясын ұстанатынын айту қажет. Бұл дегеніміз бәсекелес фирмалардың акциялары мен контракциялары фирманың қызмет етуінің жаңа шарттары мен жағдайларын құруға алып келеді. Егер елде бәсеке болмаса немесе бәсекелік орта әлсіз жетілген болса, фирмалар арасында бақталастық болмаса, егер фирмалардың стратегиялары бәсеке жағдайындағы қызметке икемделмеген болса, ішкі, сыртқы нарықтарда бәсекелік артықшылықтың пайда болуына сенуге болмайды.

«Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі заманауи әлемнің экономикалық дамуының негізі болып табылады», - деп есептейді ғалымдар. Экономикалық өзара қатынастың күрделену жағдайында, жаһандану үрдістерінің кеңеюімен байланысты ел экономикасын жеделдете жаңғырту қажеттілігін негіздейтін мәселелер кезек күттірмейді. Сонымен, біздің экономикамыздың алдында тұрған міндеттерді шешу қажеттілігі әлемдік қаржылық дағдарыстың дамуымен байланысты. Қазақстан үшін ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету - ең маңызды қажеттілік. Бәсекеге қабілеттіліктің ең басты кезі саяси еркіндік пен ұлттық табыс болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Елбасының Қазақстан халқына жолдауынан, 2010 ж.
- 2 Республикадағы кондитерлік сала кәсіпорындарының бәсеке қабілеттілігінің ерекшеліктері // Халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция. «Көлік коммуникациялық кешені дамуының қаржы-экономикалық механизмін жетілдіру». – Алматы, 2008. 231-233 б.-0,2 б.т.
- 3 Сәбден О. «Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі» Алматы, 2008 ж
- 4 Воронов А. Конкуренция в XXI веке // Маркетинг – 2005- № 5-б. 16-25
- 5 «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылдың 28 қаңтарындағы Жарлығы.

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ ЕҢБЕК НАРЫҒЫ МЕН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

НҰРФАЛИЕВА А. А.

э.ғ.к., доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
КУЛУМБАЕВА Г. Н., НУРПЕИСОВА Г. Б.
студенттер, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Еңбек нарығы мен білім беру қызметтерін көрсету нарығының әрқайсысы әлеуметтік кеңістіктің ерекше сегменттері болып табылады. Білім беру қызметтері нарығы білім беру қызметін өндіру, бөлу және тұтыну үдерістерінде өзара әрекет ететін қоғамдық қатынастардың, институттардың жүйесін береді. Өз кезегінде еңбек нарығы жұмыс күшін бөлу мен қайта бөлу механизмі болса, білім беру қызметтерін көрсету нарығы сұраныс пен ұсыныс, жұмыс күшінің резерві, бәсеке, инфрақұрылым сияқты элементтерді қамтитын жұмыс күшін бөлу мен қайта бөлу механизмі болып табылады.

Еңбек нарығы мен білімдік қызмет көрсету нарығының өзара әрекетінің үдерісі бәсеке мен нарықтық қатынастарға қатысушылардың іс-әрекеттік стратегияларының келісілуінің диалектикасын білдіреді. Бұл стратегиялар қажеттіліктерін қанағаттандыруға, еңбектік қамту мен білім беру аяларындағы құндылықтары мен өмірлік мәндерін жүзеге асыруға бағытталған жекелеген адамдардың, әлеуметтік топтар мен ұйымдардың өмірлік қызметінің тұрақты тәсілдері мен әдістері ретінде көрінеді. Олар субъектілердің лауазымдық дивансификациясымен сипатталады, атап айтқанда: ұзақ мерзімді сипаты болады; көптеген факторлар әсерін тигізетін сұраныс пен ұсыныс нысанында жүзеге асырылады. Бұл нарықтардың өзара әрекетін реттеу нарықтық қатынастарға қатысушылардың стратегияларын келістіруді қамтамасыз ететін технология болып табылады. Осының нәтижесінде жұмыс күшіне сұраныс қанағаттандырылады, адам тұлғасының дамуы үшін жағдай жасалынады және мемлекеттің жиынтық (демографиялық, экономикалық, зияткерлік ж.б.) әлеуеті жинақталады. Бұл жағдайда еңбек нарығы мен білімдік қызмет көрсету нарықтарының өзара әрекетінің негізін адам капиталы теориясы береді.

Қазақстанда еңбек нарығы мен білім беру жүйесінің өзара әрекетінің бірнеше үлгісі ауысты.

1) Кеңес үкіметі үлгісі.

Мұнда халық шаруашылығы үшін дайындалатын кадрлар көлемін мемлекеттік жоспарлау мемлекеттік деңгейде салалық

қағидаты бойынша іске асырылды және білім алу тек бюджет қражаты есебінен ғана қаржыландырылды.

2) Өтпелі кезең үлгісі.

Еңбек нарығындағы жағдай негізінен тұрғындарды жұмысқа орналастыру қызметі арқылы реттелді. Ал кадрларды дайындау жүйесі қаржының жетіспеушілігі жағдайында тұрғындардың төлем қабілеттілігіне бағытталды, оқытудың ақылы нысандары дамыды.

3) Кадрларға қажеттілікті Қазақстан субъектілері деңгейінде болжау арқылы реттеу үлгісі.

Мұнда кадрларға қажеттілікті мамандықтар шеңберінде болжау орын алады. Қажетті мамандықтар бюджет арқылы қамтамасыз етіледі [1, 1-2 бб.].

Еңбек нарығының экономикасы кез келген мемлекетпен экономиканың микро- және макро деңгейімен байланысты экономикалық білімнің маңызды облысы болып табылады. Еңбек нарығы экономикасының сұрақтары еңбек нарығының экономикасында ұзақ уақыт тарихи қарастырылмады, тек XIX ғ. соңында саяси жағдайы әсерінен экономикалық теорияда жаңа кезеңнің пайда болуымен, еңбек нарығының мәселесі аталған шығыс экономистердің жағынан белсенді талдана және қарастырыла басталды.

Еңбек нарығының тек өзіне тән қасиеттері, яғни ерекшеліктері бар. Еңбек нарығы – бұл ресурстар нарығы, басқа да өндіріс факторларының нарығы сияқты жалпы ұқсастығы мен айырмашылығы бар. Еңбек нарығының басқа да ресурстар нарығынан ең негізгі ерекшелігі – нарықта маңызды институттардың (мемлекет, корпорациялар, кәсіби одақтар) болуы. Еңбек – ресурс, өндіріс факторы. Еңбектің басқа факторлардан, яғни жер мен капиталдан айырмашылығы, еңбек - адамның қызмет, әрекет етуі.

Егер біздің мемлекетіміз туралы айтатын болсақ, Қазақстан Республикасында 1992 жылға дейін еңбек нарығы болған жоқ. Себебі, еңбек нарығының экономикасы көп уақыт бойы талапты болмады, басқа сөзбен айтқанда экономика білімінің берілген бөлімін оқу артық деп есептелінді.

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан Республикасында шетелдік жұмыс күшін реттеуге бағытталған, қосымша жұмыс орындарын құру, шетелдік жұмыс күштеріне үйретуші мекемелерде қазақстандық азаматтарды кәсіптік даярлау жұмыстарын жүргізеді, еңбек беру проблемалары туралы мәселелер қарастырылады. Сонымен қатар, Қазақстан аумағында халықты жұмыспен қамту деңгейін,

жұмыссыздық және кедейшілікпен күресу жөніндегі бағдарлама көрсеткішіндегі келеңсіз әрекеттерді жою мақсатында кешенді іс-шаралар қабылданады [2].

Еңбек нарығының мәселелері үнемі экономистерге назар аударады. Экономикалық ойлауда еңбек нарығы мәселелерін талдау кезіндегі бірнеше жолдар белгілі. Еңбек нарығы сұрақтарының жоспарындағы негізгі жолдарды қарастырамыз.

1) неоклассикалық.

Еңбек нарығы еңбек нарығының баға балансына әсер етеді. Еңбек ақы сұраныс және ұсыныс реттеушісі болып саналады. Білімдегі инвестирлеу, персоналды оқыту қажетті болып саналады. Жұмыс күшінің бағасы сұраныс және ұсынысқа байланысты ұлғая және кішірейе талапқа көңіл аударады, ал жұмыссыздық – бұл еркіндік іс немесе профсоюздік іс.

2) классикалық.

Экономика тұрақты, ал еңбек нарығы одан да тұрақтырақ. Сатушы және сатып алушының жұмыс күші конфликтісі адамның интеллектуалдылық және физикалық әдісімен және оларды капиталға түзетуінің мойындауымен байланысты.

3) кейнсиандық.

Кейнсиандар әр уақыттағы қалыпсыздықтың пайда болуы ретіндегідей еңбек нарығы қарастырады. Еңбекақысы қатаң түрде бекітілген және өзгермейді, одан кейін ол еңбек реттеушісі болып саналмайды.

4) монетаристік.

Монетаристер қатаң бағаның пайда болуынан жұмыс күшіне шығады. Олар жұмыссыздықтың табиғи деңгейі түсінігінен шығады, яғни бұл ықтималды деңгей экономикада тұрақтылықты қамтамасыздандырады. Еңбек нарығы салмағы үшін мониторинстер орталық банктің ақшалы-несиелі саясатының құрал-жабдықтарын пайдалануды ұсынады – есептік ставка, резервті талаптар, ашық нарықтағы операциялар.

5) институционалистер.

Мұнда кәсіби және салалық құрамдарының талдауына, жұмыс күшінің айырмашылығына және еңбек ақы деңгейі сәйкестігіне назар аударады. Олар кәсіби және демографиялық топтың жеке саласы динамикасының ерекшеліктеріне еңбек сипатын түсіндіреді. Экономика әлемі адамның тәрбиесінен және оның қоғамдық институтына байланысты деп есептейді.

б) қазіргі заманға сай мектептер – мысалы, экономика ұсыныстары.

Осы мектептің ұсынушылары бұрыс салық салуға байланысты еңбек нарығындағы қиыншылықтар тауары деп есептейді, неғұрлым аз төленсе, соғұрлым өндірістің белсенділігі көп болады, әрі қарай бюджетке көп түседі. Сондықтан салықтан пайданы міндетті түрде тазалау тиіс, ал бюджет – жұмыссыздық бойынша жәрдемақы, әлеуметтік төлеуден жұмыс істеуді әлсіретеді [3, 9-10 бб.].

2014 жылдың көрсеткіштері бойынша Павлодар облысы еңбек нарығын дамыту бойынша 3 орында. Еңбек нарығын дамыту деңгейі бойынша Алматы және Астана қалаларынан кейін өңірлік көшбасшылар үштігіне кіреді. Сондай-ақ жалдамалы жұмысшыларды төлем карталарымен қамту бойынша – 12 орында. Жалдамалы жұмысшылар облыс тұрғындарының 44 пайызын құрайды. Қазақстан бойынша бұл көрсеткіш 35 %-ға тең. Бір жылда (2013-2014 жылдардың II тоқсанында) өңірдегі жалдамалы жұмысшылардың қатары 2111 адамға артқан. Еңбекақы қоры 9 %-ға, орташа айлық көлемі 4,8 %-ға ұлғайды. Еңбек нарығы дамуының төмендеуіне ірі және орта кәсіпорындар санының азаюы себеп болған. 2013-2014 жылдары тамыз айында орта бизнес кәсіпорындары 15 бірлікке, ірі кәсіпорындар 7 бірлікке кеміген. Еңбек нарығы дамуының тежелуі аймақтың төлем карталары артуына да әсер етуде [4].

Қазақстан Республикасындағы еңбек нарығы жағдайын зерттеп, келесі тұжырымдарды айтуға болады:

- халықаралық стандарттарға қарағанда, жұмыссыздықтың табиғи дәрежесі фрикциондық және құрылымдық жұмыссыздықтың қорытындысы болады. Республикалық және аймақтық еңбек нарығындағы жұмыссыздықтың табиғи дәрежесі негізінде өнімнің түсуімен сипатталады;

- еңбек нарығы жағдайының күшеюі жұмыс күшіне озып бара жатқан сұраныс, жұмысшылар нақты босатылу қарқынның өсуі және жасырын жұмыссыздықтың едәуір өсуі;

- материалдық өндірісте жұмыс бастылықтың деңгейі түсіп, халыққа қызмет көрсететін саласында жұмыс істейтіндердің саны көбейді;

- материалдық өнім саласында жұмысшылардың саны мүлде төмендеуі еңбек өндіргіштігінің өсуімен толтырылмайды. Толық емес жұмыс бастылықты және жасырын жұмыссыздықтың едәуір масштабтары аз нәтижелі еңбегімен өнеркәсіпте соңғы көрсеткіштерде көрінеді. Республиканың Ұлттық жалпы өнімнің қысқаруы, Қазақстан халқының материалдық тұрмыс дәрежесінің төмендеуі. Еңбек нарығындағы жағдай талдау еліміздің әлеуметтік-

экономикалық саясатымыздың ең маңызды бағытының біреуі боп саналады [2].

Ал білім беру қызметін алатын болсақ, Қазақстан экономикасы техникалық білім жүйесін және қызмет көрсету еңбегіне қатысты білікті мамандар санын ұлғайтуды қажет етеді. Бүгінгі күні 848 техникалық және кәсіптік ұйымдарда 605 мыңнан астам адам, 158 мамандық пен 216 кәсіптік білім және орта білім алудан кейінгі оқу орындарында оқытылуда (ТиКО 318 кәсіптік лицейлер мен 530 колледж). Аталған ұйымдар жыл сайын 45 мың маман дайындайды. Соған қарамастан, еңбек нарығының осы мамандарға қажеттілігінің 30–40%-ы ғана қанағаттандырылады [1, 4 б.].

Павлодар облысында инновациялық оқу мекемелері қызмет етеді: мектепке дейінгі гимназиялар, жалпы білім беру лицей мен гимназиялары, дарынды балаларға арналған мектептер. Сонымен бірге мектептен тыс білім беру мекемелері ұйымдастырылған – облыстық оқушылар Сарайы, балалар шығармашылық ұйымдары, музыкалық және спорт мектептері, жасөспірім ұжымдары, т.б.

Облыс аумағында барлық мектептер, бастауыш және орта кәсіби білім беру мекемелердің компьютеризациясы аяқталды. Ғаламтор желісіне бүкіл облыс мектептері жалғанды.

Білім беру қызметінің дамуы жыл сайын артатын қаржыландырумен сипатталады. Білім беру жүйесіне бөлінетін қаржы 1998 жылдан 2010 жылға қарағанда 6 есе өсті (4,2 млрд теңгеден 25,5 млрд теңгеге дейін).

1–3 кестелерде Павлодар облысындағы білім беру мекемелерінің саны көрсетілген.

Кесте 1 - Мектепке дейінгі білім беру саны

| Мектепке дейінгі білім беру | |
|-----------------------------|-------------------------------|
| Қала/аудан | Мектепке дейінгі ұйымдар саны |
| Павлодар қ. | 66 |
| Екібастұз қ. | 23 |
| Ақсу қ. | 10 |
| Ақтоғай а. | 2 |
| Баянауыл а. | 5 |
| Железинск а. | 3 |
| Ертіс а. | 4 |
| Қашыр а. | 3 |
| Лебяжье а. | 7 |

| | |
|-------------|---|
| Май а. | 7 |
| Павлодар а. | 7 |
| Успенск а. | 3 |
| Шарбақты а. | 4 |

Білім беру жүйесінің даму Бағдарламасымен 2008–2010 жж. мектепке дейінгі ұйымдар құрылысы бойынша іс-шаралар жүргізілді. Бір жыл ішінде 14 мекеме қалпына келтірілді, 1 мекеме құрылды және 2270 орынға есептелген 5 балабақша аумағы кеңейтілді.

Кесте 2 - Орта білім беру мекемелерінің саны

| Орта білім беру | |
|-----------------|------------------------------------|
| Қала/аудан | Орта білім беру мекемелерінің саны |
| Павлодар қ. | 45 |
| Екібастұз қ. | 49 |
| Ақсу қ. | 34 |
| Ақтоғай а. | 30 |
| Баянауыл а. | 33 |
| Железинск а. | 36 |
| Ертіс а. | 31 |
| Қашыр а. | 31 |
| Лебяжье а. | 23 |
| Май а. | 14 |
| Павлодар а. | 28 |
| Успенск а. | 20 |
| Шарбақты а. | 28 |

Облыста 2 гимназия, 2 лицей, 12 арнаулы мектеп бар. 2010 жылы арнаулы мектеп қатарына Ақсу қаласындағы гимназия қосылды. Колледж саны – 29. Оның 22-сі Павлодар қаласында, 5-еуі Екібастұз қаласында, қалған екеуі Ақсу қаласы мен Красноармейка селолсында орналасқан.

Кесте 3 - Жоғары оқу орындар саны

| Жоғары білім беру | |
|-------------------|-------------------------|
| Қала/аудан | Жоғары оқу орындар саны |
| Павлодар қ. | 3 |
| Екібастұз қ. | 1 |

Жалпы облыс аумағында 4 жоғары оқу орны қызмет етеді. Оның үшеуі Павлодар қаласында, біреуі Екібастұзда орналасқан: С.Торайғыров ат. Павлодар Мемлекеттік Университеті. Павлодар Мемлекеттік Педагогикалық Институты. Инновациялық Еуразиялық Университеті. Академик Қ.Сәтбаев ат. Екібастұз Инженер-Техникалық Институты.

Сонымен қатар облыста басқа жоғарғы оқу орындардың филиалдары қызмет етеді [5].

Қорытындылай келсек, соңғы жылдары Павлодар облысында еңбек нарығы мен білім беру қызметі жоғары қарқынмен дамуда. Павлодар қаласының еңбек нарығы халықтың жұмыспен қамту деңгейінің өсуімен және жұмыссыздық деңгейінің азаюымен сипатталады. Ал білім беру жүйесін айтатын болсақ, ол түрлі бағыттағы оқу мекемелерінің дамуымен, жаңа ұйымдардың құрылуымен анықталады. Міне, қазіргі кезде инженерлік білімнің қарқынды дамуы, мемлекет тарапынан техникалық мамандықтарға бөлінетін гранттардың жедел өсуі, қосымша жұмыс орындарын құру, шетелдік жұмыс күштеріне үйретуші мекемелерде қазақстандық азаматтарды кәсіптік даярлау және т.б. Павлодар облысындағы еңбек нарығы мен білім беру қызметінің жетілдіруінің көрсеткіші болып табылады, және осы екі нарық ұйымдастырылған үдеріс элементтері түрінде үнемі өзара әрекет жағдайында болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 <http://repository.enu.kz/bitstream/handle/123456789/5469/enbek-narygy.pdf>.
- 2 http://studentke.com/ebek_naryiyida_alyp_tasu_erekshelkter_men_problemalary.html.
- 3 Еңбек нарығының экономикасы: оқу-әдістемелік құралы/ құраст. С.Қ.Құнязова. – Павлодар: С.Торайғыров ат. ПМУ, 2008. – 46 б.
- 4 <http://m.pavon.kz/post/view/37488>.
- 5 https://ru.wikipedia.org/wiki/Павлодарская_область.

ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНДАҒЫ ҚАЗІРГІ ЕҢБЕК НАРЫҒЫ МЕН БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТІ ДЕҢГЕЙІН БАҒАЛАУ

НҰРФАЛИЕВА А. А.

э.ғ.к., доцент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазіргі ғылыми-техникалық төңкеріс өндіріс пен өмірдің материалдық-техникалық жағдайларын елеулі өзгертті, бірақ сонда да ғылыми-техникалық ілгерілеудің маңызды себебі білім, дағды қорының құрылымы, мазмұны мен сипатының, жұмыс күші тәжірибесінің түбегейлі өзгеруі болды. Өндірісті күрделендіру, өнімді жаппай өндіру үрдістерінде игерілуі тиіс ғылыми-техникалық ақпарат ағынын кеңейту жағдайларында өндірісті дамыту үшін білім беру мәнінде үлкен өзгеріс болды. Өндіріс өзінің жұмыс күшінде қажеттілігін біліксіз жұмысшылар арқылы қанағаттандырып жатқанда, білім беру жүйесі экономикамен нашар байланыста болды.

Сондықтан ХХ ғасырдың басына дейін азғана инженерлер, техниктер, білікті жұмысшыларды даярлау көбінесе қоғамдық қажеттіліктерге бағытталмады. Жұмыс кадрларын даярлау тікелей өндірісте жүзеге асырылды, ал ғылым көбінесе жеке ғалымдардың ісі болды және қоғамдық өндірістік дамуына салыстырмалы түрде нашар әсер етті.

Білім өзінің мазмұны бойынша негізінен жалпы мәдени сипатқа ие болды және негізінен әлеуметтік функцияларды орындауға бағытталды. Бірақ өндірісті ары қарай дамыту жоғары білікті жұмыс күшін жаппай пайдаланусыз мүмкін емес болған кезде, яғни жұмыскерлердің білімі өндіріс барысының қажетті шартына айналған кезде, мысалы еңбек құралының болуы сияқты, жағдай түбінде өзгерді. Білім беру қызметтері нарығы мен еңбек нарығы мәселелерінің өзара тәуелділігін соңына дейін бағаламау дұрыс болмас еді. Осы нарықтардың тиісті мемлекеттік реттелуі болмаған жағдайларда мүмкін көбінесе практикада ақылға сыймайтын жағдайлар байқалады, мемлекеттік білім беру мекемелері оқу бітірушілер тарапынан білім беру қызметтеріне деген сұранысқа бағыттала отыра, салық төлеушілердің ақшасына болашақ жұмыссыздарды дайындайды, сосын басқа мемлекеттік мекемелер сол салық төлеушінің қалтасынан оларға жәрдемақы төлейді. Алайда, сол мемлекеттік білім беру мекемелері жастардың қалауына емес, кәсіпорындар мен мекемелер тарапынан сол немесе басқа

мамандықтардың мамандарына келесі сұранысты ескеруі тиіс еді, тіпті еңбек нарығы жағдаятының аяқ астынан өзгеруіне.

Еңбек нарығы мен білім беру қызметтері нарығының өзара әрекеті механизмін жетілдіру қажеттілігі туралы Б. Захаров жазады. Оның ойынша, маңызды мәселелердің бірі барлық деңгейдегі кәсіптік білім беру мекемелерінде мамандар шығарудың кәсіптік-біліктілік құрылымының еңбек нарығы қажеттіліктерімен теңгерімсіздігі болып табылады. Қазіргі уақытта еңбек нарығын белгілі бейіндердің мамандарымен жүйелі түрде молықтыру және кәсіптер мен мамандықтар бойынша оқу бітірушілердің тапшылығы байқалады. Аталған мәселе Қазақстанның солтүстік-шығыс бөлігінің индустриалдық және экономикалық тұрғысынан дамыған аймақ – Павлодар облысы үшін де айтарлықтай өзекті болып табылады. Біздің аймақ көптеген пайдалы қазбалар қорлары бойынша республикада алдыңғы орындардың бірін алады. Мұнда елдің баланстық көмір қорының 35,7 % (республикада бірінші орын), никельдің 16 % (екінші орын), алтынның 5,2 % (төртінші орын), мыстың 3,7 % (бесінші орын), молибденнің 2,3 %, цинктің 0,9 %, қорғасынның 0,3 %, бариттің 1,7 %, қосынды әктастардың 30 % шоғырланған. Павлодар ертіс өңірі электр және жылу энергиясын өндіру, бензин өндірісі бойынша көшбасында тұр және Қазақстанның анағұрлым энергиямен жаракталған аумақтар қатарына жатады.

Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының жоғары деңгейі де төмендегідей: дамыған банк саласы, шағын және орта бизнестің динамикалық дамуы, білікті мамандардың болуы, республиканың басқа аймақтарымен салыстырғанда анағұрлым жоғары жұмыспен қамту деңгейі. Соңғы он жыл ішінде облыста оның макроэкономикалық көрсеткіштерінің көбісінің өзгеруінің оң динамикасын қамтамасыз еткен қолайлы экономикалық жағдай қалыптасты.

Қоғамда болып жатқан өзгерістер қазіргі уақытта пайда болған білім беру статистикасы жүйесінде байқалады. Ол жағдайды сипаттайтын көптеген мәліметтерден, сонымен қатар білім беру саласында болып жатқан сандық және сапалық өзгерістерден тұрады. Білім беру жүйесінің жағдайына әсер еткен елеулі факторлардың бірі демографиялық өзгерістердің үрдістері болып табылады. Жуырдағы демографиялық құлдырау тікелей түрде және ең бірінші кезекте біздің жалпы білім беру мектептеріміздің қызметіне әсер етті.

Төменде келтірілген 1-кестеде көріп тұрғанымыздай, Павлодар өңірі үшін халық санының өсуі тән. Бұл көрсеткіш бойынша Павлодар өңірі республикада 8 орынды алады.

Кесте 1 - Павлодар облысының халық санының динамикасы, мың адам

| | 2012 | 2013 | 2014 |
|------------------|-------|-------|-------|
| Облыс бойынша | 747,0 | 749,0 | 752,8 |
| Қала тұрғындары | 514,4 | 518,2 | 524,9 |
| Ауыл тұрғындары | 232,6 | 230,8 | 227,9 |
| соның ішінде: | | | |
| Павлодар к. | 342,4 | 345,7 | 352,7 |
| Қала тұрғындары | 331,2 | 334,4 | 339,2 |
| Ауыл тұрғындары | 11,2 | 11,3 | 13,5 |
| | | | |
| Ақсу к.а. | 69,0 | 69,4 | 69,4 |
| Қала тұрғындары | 45,9 | 46,0 | 46,0 |
| Ауыл тұрғындары | 23,1 | 23,4 | 23,4 |
| | | | |
| Екібастұз қ.а. | 146,4 | 147,0 | 149,1 |
| Қала тұрғындары | 137,3 | 137,8 | 139,7 |
| Ауыл тұрғындары | 9,1 | 9,2 | 9,4 |
| | | | |
| Баянаул ауданы | 27,8 | 27,9 | 27,7 |
| Ақтоғай ауданы | 14,0 | 13,7 | 13,3 |
| Железинка ауданы | 17,2 | 16,9 | 16,5 |
| Ертіс ауданы | 19,5 | 19,0 | 18,4 |
| Қашыр ауданы | 21,3 | 21,3 | 21,0 |
| Лебяжі ауданы | 14,0 | 13,8 | 13,5 |
| Май ауданы | 12,0 | 11,8 | 11,5 |
| Павлодар ауданы | 29,2 | 28,7 | 26,6 |
| Успенка ауданы | 12,9 | 12,8 | 12,6 |
| Шарбақты ауданы | 21,3 | 21,0 | 20,5 |

Алайда білім беру мекемелерінің түрлері бойынша оқығандар саны азаймалы динамиканы көрсетеді (2 кесте).

Кесте 2 - Оқу жылының басына білім беру мекемелерінің түрлері бойынша оқығандар саны, адам.

| | 2011/2012 | 2012/2013 | 2013/2014 |
|-----------------------------|-----------|-----------|-----------|
| Жалпы білім беру мекемелері | 91517 | 89051 | 88804 |

| | | | |
|-----------------------------|-------|-------|-------|
| Кәсіптік-техникалық ұйымдар | 29447 | 28144 | 25907 |
| Жоғары оқу орындары | 21195 | 18076 | 15257 |

Көріп тұрғанымыздай, талапкерлер құрамының қысқаруы білім берудің жеке деңгейлерінің мемлекеттік оқу орындарына қабылдау құрылымын өзгерту қажеттілігіне әкеледі. Кәсіптік білім берудің белгілі деңгейін алуға халықтың сұранысының, әртүрлі бейіндегі кадрларға экономика сұранысының өзгеруінің жалпы үрдістерін ескере отыра, орташа және жоғары білім беру оның өсуі кезінде бастапқы кәсіптік білім беру деңгейінде кадрлар даярлау үлесінің кейбір төмендеуі болып жатыр.

Сонымен қатар ҚР Білім және ғылым министрлігімен жүргізілген 2014 жылдың ЖОО рейтингі нәтижелері бойынша үш аймақтық ЖОО – С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты және Инновациялық Еуразиялық Университет елдің үздік ЖОО-ның қатарына сенімді түрде енетіндігін атап өткен жөн. Ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижелері бойынша төртінші жыл қатарынан Павлодар облысының жалпы орта білім беру жүйесі республика облыстары арасынан көшбасшы орынды ұстап тұр.

Осылайша, білім беру қызметтерінің сапасы бойынша біздің облыс елде басты орындардың бірін сенімді түрде алады. Сонымен бірге Павлодар облысының дамуының негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерін талдау аймақтық дамудың жалпы макрокөрсеткіші болып табылатын жалпы аймақтық өнім көлемінің өсуін көрсетеді (3 кесте).

Кесте 3 - Павлодар облысының дамуының негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері

| | 2012 | 2013 | 2014 |
|--|-------|-------|-------|
| Тіркелген заңды тұлғалары (жыл басына), бірлік | 12264 | 12821 | 13042 |
| Халық саны (жыл соңында), мың адам | 749,0 | 752,8 | 755,8 |
| Табиғи өсім, халықтың азаюы (-), адам | 4772 | 5590 | 5616 |
| Экономикадағы жұмыс бастылар саны, мың адам | 417,5 | 418,0 | 420,3 |
| Жұмыссыздар саны, мың адам | 21,7 | 22,0 | 21,0 |
| Жұмыссыздық деңгейі, % | 4,9 | 5,0 | 4,8 |

| | 2012 | 2013 | 2014 |
|--|--------------------|--------------------|--------------------------|
| Тұтынуға қолданылған халық кірістері (орташа есеппен айына халық басына шаққанда), теңге | 33096 | 37487 | 38771 |
| Халықтың ақшалай шығыстары (орташа есеппен айына халық басына шаққанда), теңге | 31233 | 35052 | 36236 |
| Бір жұмыскердің орташа айлық номиналдық еңбекақысы, теңге | 85844 | 93639 | 102310 |
| Жалпы аймақтық өнім, млрд. теңге | 1 528,4 | 1 766,0 | 1 766,4 ¹⁾ |
| Халық басына жалпы аймақтық өнім, мың теңге | 2 043,2 | 2 049,7 | 2 342,0 |
| Республикалық көлемде облыстың ЖАӨ үлесі, пайыз | 5,0 | 4,5 | 4,6 |
| Іс жүзіндегі бағадағы негізгі капиталға инвестициялар, млн. теңге | 263 513 | 276 246 | 353112 |

Соңғы үш жыл ішінде инвестициялық үрдістер сипатын талдау тұрақты өсу үрдісін анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар 2012 жылдан 2014 жыл аралығында аймақ кәсіпорындарының негізгі капиталға инвестициялар көлемі 89599 млн. теңгеге өсті. Бұл негізгі қаражатты жаңғыртумен жағдайды біраз жақсартты.

Өндірістің өсуіне әсер ететін негізгі факторлар арасында жеделдетілген капиталдандырумен қатар басты рөлдердің бірі біліми-біліктілік деңгейін ескере отыра, халықты жұмыспен қамту ауқымын атқарады. Жұмысбасты халықтың біліми құрылымын талдау (4 кесте) жоғары білімі бар мамандардың төмен үлесін көрсетеді.

Сонымен қатар өндіріске көп үлесті анықтайтын жоғары және орташа кәсіптік (арнайы) білімі бар жұмыскерлер үлесі осы кезең ішінде 53,2-56,1 % деңгейінде болды.

Кесте 4 - Білім бойынша Павлодар облысы халқының жұмысбасты халық құрылымы, мың адам.

| Жылдар | Экономикалық тұрғысынан белсенді халық | Соның ішінде білімі барлар | | |
|--------|--|--------------------------------|--------------------------|--------------------------------|
| | | Жоғары және аяқталмаған жоғары | Орташа кәсіптік (арнайы) | негізгі, орта, жалпы, бастауыш |
| 2012 | 441,1 | 100,7 | 180,0 | 160,4 |
| 2013 | 439,2 | 100,2 | 191,6 | 147,4 |
| 2014 | 440,0 | 105,5 | 215,5 | 118,2 |

2012-2014 жылдары осы білім беру деңгейі бар жұмыссыздар үлесі айтарлықтай жоғары болды (5 кесте).

Кесте 5 - Білім беру деңгейі бойынша Павлодар облысындағы жұмыссыз халық құрылымы, мың адам.

| Жылдар | Барлығы | Соның ішінде білімі барлар | | |
|--------|---------|--------------------------------|--------------------------|--------------------------------|
| | | Жоғары және аяқталмаған жоғары | Орташа кәсіптік (арнайы) | негізгі, орта, жалпы, бастауыш |
| 2012 | 22908 | 47908 | 7132 | 10978 |
| 2013 | 21725 | 3485 | 8292 | 9948 |
| 2014 | 22024 | 4968 | 10808 | 6248 |

Көбісі, біздің топшылауымызша, мұнда облыстық еңбек нарығындағы жағдайға да байланысты, ол біздің пікірімізше, қазір өте теңгерімсіздік жағдайында тұр.

Сонымен қатар соңғы жылдар ішінде бастауыш кәсіптік білім берудің оқу бітірушілерін жұмысқа орналастыру бойынша оң динамика байқалады (2012-2013 жж. - 58%, 2013-2014 жж. – 62% жұмысқа орналастыру). Сонымен бірге 2014 жылдың оқу бітірушілерінің жұмысқа орналасуын талдау № 1, 5, 9, 13, 15, 26, 31 кәсіптік мектептерде (лицейлерде) оқушылардың 60-тан 80 % дейін тәжірибеден өткен сол ірі кәсіпорындарға жұмысқа орналасқандығын көрсетеді («Кастинг» ЖШС ПФ, «Машина жасау

зауыты» АҚ, «Қазақстан алюминийі» АҚ, «Крендель» кофеінесі ЖШС және басқалары).

Облыстың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаментінің деректері бойынша 2013, 2014 жылдары мамандықтар бойынша жоғары білімі бар оқу бітірушілердің жетіспеушілігі сезімді: агрономия (52 бос орын), ветеринарлық медицина (56), есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (35), зоотехния (19), информатика, математика және физика (124), емдеу ісі (317), педиатрия (33), кітапханатану және библиография (21), электр энергетикасы (18), жылу энергетикасы (25), құрылыс (14). Сонымен қатар мамандықтар қатары бойынша оқу бітірушілердің артылуы байқалады: филология (132), қаржы және несие (192), сәулет (58), биология (59), журналистика (42), дизайн (60), заң саласы (191), педагогика және психология (153), есеп және аудит (69), экология (31), менеджмент (77) және т.б. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаментімен жүргізілген еңбек нарығын талдау 2015 жылға қарай кәсіпорындарға 93 мыңнан астам маман қажет екендігін көрсетті.

Сонымен бірге бүгінгі таңда кәсіптік лицейлер мен колледждерде кадрлар даярлау сандық та, сапалық көрсеткіштер тұрғысынан да өндіріс қажеттіліктерінен қалып бара жатқандығын атап өткен дұрыс. Осы жылы бастауыш кәсіптік білім беру жүйесінің оқу орындары үш мың маманды оқытып шығарды, ал білікті мамандарға экономиканың қажеттілігі он мыңнан астам адамды құрады.

Бұл қысқа талдау облыс экономикасы үшін маман кадрлар даярлау жүйесі мен оның тиісті қажеттіліктері арасындағы тиісті өзара байланыстың болмауын сенімді түрде дәлелдейді. Павлодар облысының кадрлық әлуетін басқару еңбек нарығы мен білім беру қызметтері нарығының тұрақты мониторингін қажетсінеді. Жұмыс күшінің сұранысы мен ұсыныстарының мамандықтар (кәсіптер), салалар, облыс аумақтары аясында бейін мен біліктілік деңгейі бойынша сәйкестігі туралы сенімді деректер, сонымен қатар еңбек нарығының дисбалансының себептері туралы ақпарат қажет.

Барлық жоғарыда айтылғандардан біздің аймақтың дамуы және оның экономикалық өсуін қамтамасыз етуі үшін оңтайлы жағдайлар жасау мақсатында келесі артықшылықтар анықталуы тиіс деген қорытынды жасауға болады:

- біріншіден, экономиканың тиісті қажеттіліктерін ескере отыра жоғары білікті мамандар даярлауға мемтапсырысты көбейту, оның

сатылары бойынша кәсіптік білім жүйесіне ең төмен бюджеттік шығындар нормативін белгілеу;

- екіншіден, - бірінші жоғары білім бойынша тек мемлекеттік оқу орындарға кадрлар даярлау құқығы берілсін, ал екінші, үшінші т.б. жоғары білім бойынша – тек мемлекеттік емес ЖОО-ға;

- үшіншіден, - «енбек нарығы сұраныстарын қанағаттандыру деңгейі» көрсеткішін мемлекеттік және мемлекеттік емес ЖОО жұмысын әлеуметтік бағалау критерийі ретінде заңды түрде бекіту.

ЖОО мемлекет атынан бюджеттік бөлімдердің оқу бітірушілерін бөлумен айналысу құқығын беру (оларға нақты бөлімдердің оқу бітірушілеріне жұмысқа орналасуға нақты көмек көрсету міндетін қатар жүйтеу);

- төртіншіден, - жоғары кәсіптік білім берудің мемлекеттік емес қызметтерінің бағасын олардың жоғары және төменгі сатыларда орналастыру жолымен мемлекеттік реттеуді жүргізу;

- бесіншіден, - Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі, ҚР Білім және ғылым министрлігі жанынан еңбек нарығы сұраныстарына жоғары кәсіптік білімді қайта бағдарлау бойынша жүйелік ұсыныстарды әзірлеумен бірлесіп айналысатын зерттеу орталықтарын құру.

Барлық жоғары айталғандарға қорытынды келтіре отыра, Павлодар облысының экономикалық даму бағдарламасы және білім беру жүйесін дамытудың облыстық бағдарламасы арасындағы қазіргі жағдайларда елеулі қарама-қайшылықтар бар деген қорытынды жасауға болады. Мұның барлығы толықтай экономикалық өсудің біліми факторларын басқару мен қоғамдық еңбекті зияткерлендіруін арттыруды жетілдіруге кешенді тәсіл қажеттілігін растайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Назарбаев Н. А. Казахстан-2030. – Алматы, 2001. – 12 с.
- 2 Нұрғалиева А. А. Кәсіпкерлік қызметінің негіздері: оқу құралы. – Павлодар, 2012. – 97 б.
- 4 Нұрғалиева А. А. Ауылдық аудандара әлеуметтік инфрақұрылымды дамытудың экономикалық механизмі : монография. – Павлодар, 2011. – 196 б.
- 5 https://ru.wikipedia.org/wiki/Павлодарская_область.

«НҰРЛЫ ЖОЛ – ПУТЬ В БУДУЩЕЕ» – ЭТО В ПЕРВУЮ ОЧЕРЕДЬ ВОСПИТАНИЕ ВЫСОКОНРАВСТВЕННОГО И ВЫСОКООБРАЗОВАННОГО ГРАЖДАНИНА НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА

ОМАРОВ Ж. М.

к.т.н., асоц. профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

МУКЫШЕВА К. С.

докторант, КазНУ имени аль-Фараби, г. Алматы

КАДЫРХАНОВА А. А.

студент, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Послание Лидера нации, Президента Казахстана Н. А. Назарбаева «Нұрлы жол – путь в будущее» - это путь к счастливому будущему – «Вхождения независимого Казахстана в число 30-ти развитых стран мира», через активную и смелую реформу образования, науки и экономики, создания устойчивой динамично развивающейся рыночной экономики.

Президентом независимого Казахстана Н.А. Назарбаевым поставлена амбициозная задача двадцать первого века – это войти в мировые лидеры не только экономического, а в первую очередь образовательного и политического развития. Это комплексная, системная и глубоко продуманная стратегическая программа и задача развития суверенного Казахстана в новом тысячелетии.

Многие ученые и специалисты на протяжении ряда лет спорят о путях построения высококачественной системы образования для детей. Еще на заре двадцатого века великий ученый-теолог и мыслитель Машхур Жусуп Копеев предсказал, что в начале нового тысячелетия будет небывалый расцвет Казахстана, основанный на великой мудрости степи, на равенстве, любви и взаимном уважении ее граждан и в первую очередь на передовой модели образования и науки в новом тысячелетии.

Пока Казахстан и другие страны СНГ слепо копируют европейскую модель образования, не учитывая исторических и национальных сторон, сложившихся испокон веков культурных, языковых и образовательных основ наших государств, то такие страны как Финляндия, Сингапур, Китай и другие быстроразвивающиеся экономики мира создали свою своеобразную систему образования, основанной на своем историческом, культурном и образовательном фундаменте и новой надстройкой с учетом опыта всех передовых образовательных систем других государств, имеющих в мире. Это

позволило им в короткие сроки вырваться вперед на более высокий уровень не только в образовании, но и также в плане экономического и социального развития.

В качестве хорошего примера необходимо на наш взгляд перенять передовой пример, как Финляндия построила сильную систему образования, почти с нуля. Финляндия не имела успешной системы образования в 1970х, в то время как Соединенные Штаты были бесспорным лидером образования в мире. Тем не менее, эта страна создала продуктивную систему преподавания и обучения путем расширения доступа при целенаправленном инвестировании в амбициозные образовательные цели, используя стратегические подходы в построении преподавательского потенциала. Финляндия неожиданно стала мировым лидером в успеваемости студентов и финская стратегия образования противоположна американской [1, стр. 5].

В недавнем анализе политики образовательных реформ, финский аналитик Паси Салберг описывает, как с 1970х, Финляндия изменила традиционную систему образования “в модель современной, государственно – финансируемой системой образования, основанной на равенстве, хорошем качестве и расширении участия в сфере образования – все это по разумной цене”. На сегодняшний день более чем 99% студентов успешно получают обязательное образование, и более 90% получают среднее образование. Две трети выпускников поступают в университеты или профессионально ориентированные политехнические лицеи. Более 50% финского взрослого населения участвует в программах обучения взрослых. 98% затрат на образование всех уровней покрывается государством, нежели частными средствами. Несмотря на то, что был ощутимый пробел в достижениях среди студентов Финляндии в 1970х, связанный с социально-экономическим статусом, этот пробел был постепенно сокращен в результате реформирования учебных программ, начавшегося в 1980х. К 2006 году разница между финскими школами, согласно шкале ПМОУ (Программа Международной Оценки Учащихся) была только 5%, в то время как средняя разница между школами стран ОЭСР (Организации Экономического Сотрудничества и Развития - так называемые «развитые» страны) составляла 33%. Большая разница между школами в основном зависит от социального неравенства. [2, стр.7].

Общая разница между достижениями среди финских студентов также ниже, чем в других развитых странах. Несмотря на тот факт, что иммиграция из других стран с низким уровнем образования резко

выросла за последние годы, и происходит борьба с лингвистическим и культурным различием. Недавно проведенный анализ отметил, что в некоторых сельских школах число детей иммигрантов или тех, у кого родной язык не финский, достигает 50%. Несмотря на то, что большинство иммигрантов является выходцами из таких стран, как Швеция, начиная с 1990х стала расти, группа вновь прибывших из таких стран, как Афганистан, Босния, Индия, Иран, Ирак, Сербия, Турция, Тайланд, Вьетнам и других стран. Эти новые эмигранты говорят на более чем 60-ти языках. Несмотря на это, успеваемость и равенство в Финляндии растут.

В связи с этими тенденциями, многие смотрят на Финляндию как на ключ к загадке в области изменений в сфере образования. Как отметил один аналитик: «Многие из тех, кто посещает Финляндию замечают прекрасные здания школ, в которых учатся спокойные дети и высококвалифицированные преподаватели. Они также отмечают автономию школ, не сильное вмешательство центральных органов администрации в ежедневную жизнь школы, систематические методы для решения проблем в жизни студентов, и целевая профессиональная помощь для тех, кому она необходима.

Лидеры Финляндии связывают эти достижения с интенсивными инвестициями в обучение преподавателей – все преподаватели получают трехгодичную высококачественную подготовку за счет государства – плюс масштабный пересмотр учебных планов и программ и системы оценки, предназначенных для обеспечения доступа к «мыслящим учебным планам и программам» для всех студентов. Недавний анализ Финской системы обобщил основные принципы следующим образом:

Ресурсы для тех, кто в них нуждается.

Высокие стандарты и поддержка специальных нужд.

Квалифицированные преподаватели.

Оценка образования.

Баланс децентрализации и централизации.

Процесс перемен почти полностью перевернул политику в Соединенных Штатах. За последние 40 лет, Финляндия трансформировалась из высоко централизованной системы, опирающейся на внешнюю оценку, в более локализованную систему, в которой высоко квалифицированные преподаватели разрабатывают учебные планы из не очень четких национальных стандартов. Эта новая система реализуется через равное финансирование и усиленную подготовку всех преподавателей. Логика системы состоит

в том, что инвестиции в потенциал местных преподавателей и учебных заведений для удовлетворения потребностей всех студентов, связанные с вдумчивыми целями, могут раскрыть местный творческий потенциал в целях достижения общих справедливых результатов. Тем временем, Соединенные Штаты больше используют внешнюю оценку – зачастую усложненную дифференцированным доступом к учебным планам и программам – создавая несправедливые условия для местных учебных заведений. Ресурсы для детей и школ, в форме общего финансирования и наличия подготовленных, опытных преподавателей стали более разрозненными во многих штатах, что подрывает способность школы соответствовать желаемым результатам. Салберг отмечает, что Финляндия приняла совсем другой путь. Он отмечает: «Финны систематически работают вот уже более 35 лет, чтобы обеспечить наличие компетентных профессионалов во всех учебных заведениях, которые могут создать лучшие условия обучения для всех студентов, вместо того, чтобы верить в то, что стандартные инструкции и соответствующее тестирование могут быть использованы в последнюю минуту, чтобы поддержать процесс обучения студентов и слабые школы». Салберг определяет комплекс глобальных реформ, реализованных особенно в Англо-Саксонских странах, от которых отказалась Финляндия, включая стандартизацию учебных программ и проведение частых внешних тестов; сужение содержания учебных программ и сведение их к базовым навыкам в области чтения и математики; сокращение использования инновационных стратегий преподавания; использование образовательных идей из внешних источников, нежели чем развитие местного внутреннего потенциала для инноваций и решения проблем; а также внедрение строгих механизмов отчетности, основанных на поощрениях и санкциях для студентов, преподавателей и школ. В качестве сравнения, он поясняет: «Финская образовательная политика это результат 40-летних систематических, в основном намеренных работ, которые создали культуру разнообразия, доверия и уважения среди Финского общества в целом, и в образовательной системе, в частности... Развитие образовательного сектора основывалось на равных возможностях для всех, равном распределении ресурсов, нежели чем на конкуренции, на преемственных мерах на ранней стадии и построении постепенного доверия среди практиков, особенно среди преподавателей». Равенство в возможностях обучения поддерживается разными способами в дополнение к основному финансированию.

Как и в случае многих других европейских и азиатских стран, почти половина времени учителя используется, чтобы отработать практику по школьной программе, а также для коллективного планирования и сотрудничества с родителями, что позволяет школам и семьям более тесно сотрудничать в интересах студентов. В результате: «Финские учителя - сознательные, критические потребители профессионального развития и услуг производственного обучения. Наряду с повышением уровня профессиональной подготовки педагогического персонала, за последние два десятилетия повысилось также качество поддержки профессионального развития преподавателя. Большая часть обязательного, традиционного производственного обучения исчезла. На ее месте появились долгосрочные программы и возможности профессионального развития на базе учебного заведения или муниципалитета. Непрерывное повышение педагогического профессионализма учителей стало правом, а не обязанностью. Этот сдвиг в условиях и методах обучения преподавателей, часто отражаются на способах организации обучения в классе. Как следствие укрепления профессионализма в школе, стало понятно, что учителя и школы несут ответственность за свою работу, а также за решение большинства проблем, без передачи их другим. Сегодня финская профессия учителя находится на одном уровне с другими профессиональными работниками, учителя могут диагностировать проблемы в своих классах и школах, принимать решения, основанные на фактических данных и часто альтернативные пути, а также оценивать и анализировать воздействие реализованных процедур.

Акцент на обучение и развитие профессиональной практики в подходе Финляндии в организации системы образования привел, по всем данным, к распространению эффективных методов преподавания в учебных заведениях. Кроме того, усилия в направлении обучения школ на опыте друг друга привели к «широкому наращиванию потенциала»: широкое внедрение эффективной практики и экспериментирования с инновационными подходами в рамках всей системы, «поощрение учителей и школ в продолжении расширения набора методов обучения и преподавания, нацеленного на индивидуума, чтобы удовлетворить потребности всех учащихся».

Финский чиновник так отметил этот ключевой урок, извлеченный из реформ, которые позволили Финляндии, подняться от неравной, посредственной системы образования к самой высокой

позиции на международном уровне: «Укрепление позиций профессии преподавателя дает хорошие результаты. Профессиональные преподаватели должны иметь пространство для инноваций, потому что они должны попытаться найти новые пути повышения эффективности обучения. Преподаватели не должны рассматриваться в качестве техников, чья работа заключается в осуществлении строго продиктованных учебных программ, но в качестве специалистов, которые знают, как улучшить качество обучения для всех. Это сложная задача что, безусловно, требует изменений в программах подготовки учителей и преподавателей. Преподаватели занимают самое высокое место по значимости, потому что образовательные системы работают через них.

В основном финские школы небольшие (менее чем 300 учеников) с относительно небольшими классами, и одинаково хорошо оснащены. Идея заботы о студентах (в личном плане и в плане их образования) является основным принципом в школах. Все студенты ежедневно получают бесплатное питание, а также бесплатное медицинское обслуживание, транспорт, учебники и консультации в школах, таким образом, создана надежная база для учебы. Более того, доступ к качественным учебным программам и преподавателям стал основным аспектом Финской образовательной политики [3, стр.10].

Все это архиважно и для молодого государства как Казахстан, учитывая многонациональный состав населения независимого Казахстана - это свыше 130 народностей и национальностей, дружно проживающих на необъятных просторах нашей родины, также с резким оттоком людей с сельских районов в промышленные города и другие страны ближнего и дальнего зарубежья, в аулах и селах стало много малокомплектных классов и небольшое количество учеников, как и в Финляндии менее чем 300 учеников.

Одной из больших пробелов и проблем в системе школьного и среднего, но и также уже высшего образования в странах СНГ является низкий процент учителей и преподавателей мужского пола ввиду низкой оплаты учительского и преподавательского труда – это негативно сказывается не только на уровне образования но и в плане воспитательного процесса.

Как показывают научные исследования ученых, мужское мышление резко отличается от женского и поэтому преподавание особенно фундаментальных или точных наук учителями и преподавателями мужского пола дают более высокие результаты

вследствие их отличия, как в методиках подачи знаний так и в мышлениях и суждениях по их решению.

Также одной из основных проблем образования и науки в странах СНГ является стандартизация учебных программ и частое проведение внешних тестов, сужение содержания учебных программ, низкое качество учебников и учебных материалов, оторванность их от реальной жизни и их несоответствие уровню современных научно-технических достижений, слабая материально-техническая база учебных заведений и многие другие проблемы, описанные выше.

Еще одним из веских аргументов для принятия финской системы образования странами СНГ является еще то, что до революции 1917 года, Финляндия находилась, как и все страны СНГ в составе Российской империи и ее система образования в основе все равно близка к сложившейся Советской модели образования.

Неконтролируемая коммерциализация образовательной системы, ликвидация независимой Академии наук во многих странах СНГ, создание множества частных университетов и «карманных» научно-исследовательских научных организаций и центров по подготовке и переподготовке кадров при каждом министерстве и ведомстве, привело к застою в развитии образования и науки. И многие государственные университеты и научные центры остались без источников финансирования, произошел отток ученых и высокоинтеллектуальных специалистов в дальнее и ближнее зарубежье. Все это нанесло большой урон не только науке, но и всей экономике независимого Казахстана.

Можно с большой досадой вспомнить, когда Лидеры Советского союза - генеральные секретари компартии СССР большой И. В. Сталин и недалёковидный Н. С. Хрущев начали бороться один с учеными врачами и биологами, другой с математиками, которые были в первых рядах в мире в области генетики, микробиологии и кибернетики и тогда многие выдающиеся ученые были репрессированы или уехали за рубеж. В основном уехали в США и там получили резкое развитие такие отрасли науки как генетика, микробиология и кибернетика и началось использование их передовых достижений во всех отраслях экономики в том числе в программных продуктах компьютерных и других вычислительных систем. И до сих пор США являются лидерами в этих областях науки, все это дало рывок в развитии не только науки, но и всей экономики в целом, то есть полная автоматизация и роботизация многих технологических процессов с учетом всех передовых

достижений в различных областях науки, привело к резкому росту в десятки и более раз производительности труда и ее рентабельности, вследствие этого удешевления в десятки и более раз себестоимости производимой американскими компаниями своей продукции. И США за короткие сроки стали мировыми лидерами не только в научном, но и в экономическом и технологическом развитии.

И когда весь цивилизованный мир переходит к всеобщему бесплатному образованию и бесплатному питанию не только в дошкольных учреждениях и школах, но и также в средних и высших учебных заведениях, то споры в Казахстане о прекращении финансирования питания в дошкольных организациях и школах напрямую противоречат программе вхождения независимого Казахстана в число 30-ти развитых стран мира, озвученной Лидером нации, Президентом Казахстана Н. А. Назарбаевым с высокой трибуны перед обеими палатами парламента и казахстанским народом.

В Казахстане, после развала Советского союза вообще сошло на нет послевузовское образование, особенно курсы по подготовке и переподготовке инженерных кадров и т.д.. В Советское время выпускник вуза на протяжении трех лет после ее окончания как молодой специалист проходил, как теоретические так и практические образовательные курсы и государство в законодательном порядке обеспечивало молодых специалистов жильем и это было хорошим социальным пакетом для поддержки молодых граждан государства. Все это способствовало становлению активной гражданской позиции молодых людей во всех сферах жизни государства и способствовало неуклонному росту научного и экономического благосостояния государства, политической и социальной стабильности, не было сильного оттока молодых граждан, высококвалифицированных специалистов и ученых в дальнее и ближнее зарубежье, что сейчас мы наблюдаем в Казахстане.

И независимому Казахстану, хороший опыт по стратегии реформирования финских школ, также активно нужно перенять, это позволит за короткие сроки значительно повысить интеллектуальный потенциал учащихся, выявить талантливую молодежь, которая уверенно поведет молодое государство к новым вершинам научного и экономического развития. «Мощь любого государства определяется в первую очередь высоким уровнем нравственности, образования и культуры» об этом неустанно твердит во всех своих выступлениях Глава государства, Президент независимого государства Н. А. Назарбаев.

На основе послания «Нұрлы жол-путь в будущее» может быть сделан основной вывод, что главной задачей современных педагогов является воспитание высоконравственного и высокообразованного человека, как сказал великий русский ученый и гуманист К.Э. Циолковский -это воспитание «Гражданина вселенной», который «будет болеть душой и сердцем не только за свое государство но и за все человечество и вселенную в целом».

И Лидер нации, Президент независимого Казахстана Нурсултан Абишевич Назарбаев, как в свое время, пророк «Ной» ведет под своим небесно-голубым флагом дружный и многонациональный, высоконравственный и высокообразованный народ Казахстана на большом и просторном корабле «Казахстан» к новым «великим свершениям»!

ЛИТЕРАТУРА

1 Ф. Бухбергер и И. Бухбергер 2004, Способность решения проблем системы педагогического образования как условие успеха? Анализ «Примера Финляндии», Ф. Бухбергера и С. Бергхамера (ред.), Анализ политики образования в сравнительной перспективе.

2. П. Салберг, 2007, Политика образования для содействия обучению студентов: Финский подход, журнал политики образования.

3. П. Салберг, 2009 года, Перемены в сфере образования в Финляндии, А. Харгривз, М. Фуллан, А. Либерман, Д. Хопкинс (ред.), Международный Справочник изменений в образовании.

МАҒЖАН ТУЫНДЫЛАРЫНДАҒЫ ТАБИФАТ ТЫНЫСЫ

ОРАЗБАЕВА Б. Қ
мұғалім, №19 жалпы білім беру орта мектебі, Павлодар қ.

Мағжан Жұмабаев – талантымен де, табиғатымен де ешкімге ұқсамайтын дара тұлға. Ол сыршыл, толғағыш, суретші, сөз ұстасы, түршіл, романтик, «мәдениетшіл ұлт ақыны».

«Мағжан – ақын, өте күшті ақын. Мағжанның қуаты – оның лиризмнің нәзіктігінде, сырластығында, кейіпкерлерінің ақындық жарқындығында, сөздерінің нақтылығында, оның сөздері Маржан жібі секілді нәзік те, мамық секілді женіл, әуенді де сазды. Мағжан – бірінші кезекте терең лирикалық ақын.

Мағжан өлеңдері – оның өзінің жанымен, халқымен сырласады», - дейді Жүсіпбек Аймауытов.

Мағжан өзін табиғаттың бір бөлшегіндей сезінеді, табиғатты жырлап келіп, оның аясында өмір сүріп жатқан адамдар жайлы жазбау, әрине, мүмкін емес.

Ана тіліне арнаған өлеңінде былай дейді:

Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың,
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың...

Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,

Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!

Бағыт сілтер Шолпан жұлдызындай қашан, қайда жүрсен де жарқырап осы – туған тіл деп жырлайды Мағжан жыры. Тас бауыр тағдыр қара жердің бетіне бырдай шашқан қазақтарды бір құшаққа тарта алар күш – тек қана қандастық емес, анадай аялап, бір шаңырақ астына жинайтын магнитті күш – туған тіл- дейді Мағжан [3. 31 бет].

Мағжан ақынның көптеген өлеңдерінде «күн», «жұлдыз», «ай» сөздері жиі кездеседі. Бұған қарап ақынның табиғатпен ажырамас бірлікте екенін байқауға болады. Мысалы, «Бір күні» өлеңінде:

Қыздырып Күн, ойлауға ерік бермей,

Мал шулап, бөлді ойымды ырық бермей.-десе,

«Туған жер» өлеңінде:

Жаратылдым топырағыңнан, сен – түбім,

Жалғаны жоқ, бәрі сенен жан – тәнім.

Сенен басқа жерде маған қараңғы,

Жарық болар Шолпан, Айым, сен – Күнім.-

дейді. Яғни бұл жолдар арқылы туған жеріне деген махаббатын, ондағы күннің жылуын, ай мен күннің жарықтығын өз жерінде ғана сезіне алатынын жеткізеді. Осындай ой желісі «Сағындым» өлеңінде де «Абақтыда айдаң күннен жаңылдым», «Алтын күнді, қара жерді сағындым», «Абақтыда айға баға күні ұзақ» деген жолдармен жалғасады.

Мағжан Жұмабаевтың көп өлеңдері махаббат лирикасын құрайды. Мұндағы жүрек жарды сезімі, сүйгеніне деген сағыныш, сүйініші табиғатпен астарласа берілген. Өлең жолдарына көз жүгіртіп көрейік. «Жарыма» өлеңінде:

Сол күнде, алтын сәулем, қолыңды бер,

Жасытпа, жолым бастап алдыма жүр.

Қара түн қорқынышты қаптағанда

Жарқырап жұлдызым боп, төккейсің нұр.

Осы жолдарда ақын жарын жарыққа жетелер, жақсылық жаршысы ретінде таныса, «Есімде..тек таң атсын!» өлеңінде:

Күн алтын жан-жағына сәуле шашты,

Жарық пен қараңғылық араласты.

Сәулесі қызыл алтын – сәлемі еді,

«Көргенше қош, алаш!» - деп амандасты.

Ай туып, Күн орнына көкте қалқып,

Гүлдерден мас қыларлық иіс аңқып,

Төңірек тыныш ұйқыға батқан шақта

Кетіппіз біраз ғана біз де қалғып.

Мұндай тіркестер «Зар» өлеңінде де көрініс тапқан.

Күз жетіп, жердің жүзі солғын тартса,

Алтын күн нұры кеміп, салқын артса.

Алтын күн алтын сәуле жерге шашар,

Жан кіріп, жан-жануар қыбырласар.

Жоғалды, батты, кетті сәулем – күнім,

Жайнаған жүз құлпырып, қызыл гүлім.

Сәулесіз, Айсыз – Күнсіз қараңғыда

Өтермін аһ ұрумен шықпай үнім.

«Алтын Күн» тіркесі бірнеше өлеңінде (жоғарыда аталған өлеңдерінен басқа да «Батқан күн, атқан таңның жыры», «Қараңғы, дауылды түн», «Жазғытұрым» т.б.), тіпті бір өлеңнің ішінде де қайталануы жиі кездеседі және берер мағыналары да бір – Алтын Күннің жылуы, алтын сәулесі. Күн – жарық, жақсылық, қуаныш нышаны болса, ай – қараңғылық, қайғы – мұң белгісі. Түнге нұрын шашқан Ай болса да, күндізгімен салыстырғанда көмескі, күңгірт. Мұны «Айға» өлеңінен анығырақ байқауға болады:

Күн батып, қараңғылық қанат жайды,

Аспанда сансыз жұлдыз жарқырайды.

Отырған қараңғы үйдің терезесінен

Көремін мұнды, нұрлы толған Айды.

Ақынның «Батқан күн, атқан таңның жыры» атты туындысындағы тіркес пен берер ойы мүлде бөтен.

Алтын Күн батып барады,

Алтын Күн ақырын өледі.

Сорлы бұлттар – сорлы жар,

Қан жылап Күнді көмеді.

Сорлы бұлт – жесір жар алтын Күнін – күйеуін қан жылап жоқтап отыр. Мұнда Күн – тіршілік иесі, бір шумақтың өзінде кейіптеу, көріктеуіш, теңеу түйдектеле берілген.

Ал «От» өлеңінде лирикалық қаһарман өзін осы «Алтын Күннен» жаралған жалынды жан иесі етіп суреттейді.

Күннен туған баламын,
Жарқыраймын, жанамын.
Күнге ғана бағынам.
Өзім – күнмін, өзім – от,
Сөзім, қысық көзімде – от,
Өзіме - өзім табынам.
Қараңғылық бұққанда,
Қызарып күн шыққанда,
Күн отынан туғанмын;
Жүрегімді, жанымды,
Иманымды, арымды
Жалынменен жуғанмын.

Ақын алдымен Күннің құдіретін оның жылу шашар, жарық берер қасиетімен бағаласа, өзін сол Күннің жалынынан жаралған, бойында оттай ыстық қуаты бар, жігерін жалынмен жаныған жанға балайды.

Енді бірде ақын «Күн», «Ай», «Жұлдызды» сүйгеніне сыйлар сұлулықтың сырындай, жаратылыстың жауһар жасынындай қырлайды. Махаббат, сезім, сүю деген – бұл дүниенің ең ерекше еншісі.

Келші, көзім, күн бетінді көрейін,
Сүйші, сәулем, тұншығып мен өлейін.
Жет, жұлдызым, жылжып қана жібектей,
Жұлдызды – жүзік, Айды алқа ғып берейін.
Сөзің – сиқыр, есті тұман басқандай,
Ессіз жүрек дария болып тасқандай.
Күлкің, Күнім, күндей күміс табаққа
Мінсіз сұлу меруертті шашқандай.

Осы жолдарда ақынның сөз қолданысына қарайықшы, тұнып тұрған теңеу, ауыстыру, көріктеуіш, кейіптеу. Сүйгенін өзіне «көзім», «сәулем», «жұлдызым», «күнім» деп қаратып, оның жүзін – күнге, жүрісін – жібекке, сөзін – сиқырға, күлкісін – күміс табаққа шашылған меруертке теңей келе, оған жұлдыздан – жүзік, айдан – алқа сыйлайды. Айналасы екі шумақта қаншама қалауын тапқан құнды құрастырулар жатыр.

Сыншылардың Мағжан - сыршыл ақын деп бағалаулары бекер еместігіне көзіміз жеткендей.

Бүкіл лирикасының ішіндегі табиғаттың тынысы – «Ай, күн» сөздерінің қолданылуына ғана тоқталдым. Ал басқа да туындыларындағы тұнған табиғат сырларын, сыршылдық пен

сыншылдықты ұран еткен асыл дүниелерін кейінгі күн еншісіне қалдырдым.

Карл Маркс: «Батырлардың өлуі күннің батқанымен бірдей» деген екен. Батырларынан, батырларға бергісіз ақындарынан әлсін - әлсін айырыла берген халық – ана күнінің қаншама рет мезгілсіз батқанын көзімен көріп, қабырғасы қаншама рет қайысты екен?..

Тірідей айырылып, атаусыз өлген, көмусіз қалған аяулы ақыны, біртуар бірегейі Мағжанның туған жұрты қатарынан қаншама жыл ішінен таусыла, қан жылап жоқтады екен?! Бірақ поэзияның алтын күндері батпайды өсте! [3. 8 бет]

Таудай талант Мағжан – қазақ халқының күңгірт тартпас мәңгілік мақтанышы, ол әрі көптің жүрек жарасындай ұмытылмас өкініш – қасіреті...

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жұмабаев М. Сүй, жан сәулем. Алматы, 2002.
- 2 Мәшһүр-Жүсіп Қ. Көркем сөздің құдіреті. Павлодар, 2000.
- 3 Әлімбаев М. Толқыннан толқын туады. Алматы, 1992.
- 4 Умарова Г.С., Шарабасов С.Ф. Қазақ әдебиетінің тарихы. Астана, 2007.

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ – ПУБЛИЦИСТ

БАТКЕЕВА Б. Т.
профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ОРАЗБАЕВА Н.
студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

*«... классикалық реализмді
өз шығармасында жарқырата пай-
даланып, ешкімге жалынып-жалтылдамай
өзіндік еркіндік пен
тәуелсіздікті пайдаланып,
алашыыл қалпын сақтап өткен
дарын-Жүсіпбек».
Тұрсынбек Кәкішұлы*

XX ғасыр басында алмасқан қоғамдық құрылыстар мен жіктелеген екі дәуірдің шекарасында өмір сүріп, сол бір аласапыран заманның шындығын әдебиет тілінде үлкен суреткерлікпен бейнелеген қаламгердің бірі – **Жүсіпбек Аймауытов**. Әдебиеттің әр

алуан жанрларында қалам сілтей жүріп, ол қазақ әдебиетінің жаңа өріске шығуына мол еңбек сіңірді. Сан қырлы талант иесі Жүсіпбек Аймауытовтың артында қалған шығармашылық мұрасы аса бай. Оның ішінде көптеген өлеңдер, «Қартқожа», «Ақбілек» романдары, «Күнкейдің жазығы» хикаяты мен «Әнші» секілді бірқатар көркем әңгімелері, «Рәбиға», «Мансапқорлар», «Қанапия мен Шәрбану», «Ел қорғаны», «Шернияз» пьесалары, «Нұр күйі» поэмасы, сондай-ақ бірсыпыра сын мақалалар мен аудармалары бар. Газет беттерінде жарияланған публицистикалық мақалаларының өзі бір төбе.

Жүсіпбек Аймауытовтың әдеби мұрасының ең салмақты саласы – прозалық шығармалар. Кішігірім әңгімелерден бастап жазушы қаламынан «Қартқожа», «Ақбілек» романдары туды.

«Қартқожа» романы 1926 жылы Қызылордада кітап болып басылып шықты. Роман жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақ еңбекшілерінің, олардың әлеуметтік аласапыран тұсындағы тағдырын бейнелеген алғашқы күрделі шығармалардың бірі болды. Онда 1916 жылғы Ресей патшасының қазақ жастарын майданның қара жұмысына алу туралы жарлығы кезіндегі аласапыран, патшаның тақтан құлауы алдындағы қазақ ауылының көрінісі, адамдар психологиясы көркем бейнеленген. Жазушы осы тартыстар арқылы қазақ кедейінің қоғамдағы теңсіздіктің сырын ұғуы, әлеуметтік әділетсіздіктің себептерін түсінуі секілді ояну процесін көрсетуге ұмтылады.

Романдағы оқиғалар бас кейіпкер Қартқожаның басынан өткен нақты жағдайларға негізделген. Сол арқылы жазушы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының басталуы мен оның патшаны тақтан құлатқан 1917 жылғы ақпан төңкерісіне ұласуы, қазақ азаматтарының ел ішіндегі әлеуметтік тартысқа араласуы, алаш қозғалысының өмірге келуі, ақтар мен қызылдардың соғысы, қазан төңкерісі, азамат соғысы тұсындағы жайларды баяндайды. Осы оқиғалар тұсында роман кейіпкері Қартқожа да есейіп, ес жинайды, алға қарайды, болашаққа бет алады.

Төңкерістен кейінгі біздің Тұрар Рысқұлов сияқты саясаткер, не болмаса атылып кеткен Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы қандай зиялы қауымдар болды?! Қазақ неге екіге бөлінді? Ол қазақтарды екіге бөлген өздері емес – заман, саясат болғанын осы «Қартқожа» романы толық ашып береді.

Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романы кезінде кітап болып шықпаған. 1927-1928 жылдары баспасөзде жарияланған. Тақырыбы жағынан ол «Қартқожа» романымен үндес. «Қартқожада»

көтерілетін күрес, азаттық идеясы «Ақбілекте» одан әрі жалғасады. Романда ескі ортадағы жікшіл тартыстардан қорлық көрген қазақ қызының төңкерістен кейінгі жаңа сипатты заманның мүмкіндігіне сай өз құқығы үшін күресу жолы баяндалады. Шығарманың бас кейіпкері Ақбілек өшіккен адамдардың кесірінен ақ әскерлерінің тұтқынына түсіп, неше қилы қорлық көреді. Елінде де алуан қиындыққа жолығады. Кейін төңкерістен соң қалаға кетіп, оқу оқып, өз бақытын табады. Ақбілектің басынан өтетін осы оқиғалар арқылы Жүсіпбек сол бір қилы-қыстау кезеңдегі қазақ ауылдарындағы өмір шындығын, адамдардың қилы-қилы тағдырын кең бейнелейді. Роман кейіпкерлері заман өзгерістерімен ілеседі, қоғамдағы өз орындарын іздейді. Түптің түбінде дегендеріне жетеді. Қысқасын айтқанда, «Ақбілек» романы – бір ғана қазақ қызының күрделі тағдыры негізінде әлеуметтік төңкерістер тұсындағы қазақ ауылының өзгеру процесін суреттеген алғашқы қазақ романдарының бірі.

Ж. Аймауытұлының «Ақбілек» романы қоғамдық ахуал мен кезең көріністерін, өмір-уақыт шындықтарын, шабытты шақ пен талант қолтаң-басын айқындаумен қоса негізгі тұлғаның тағдыр-талайын, адами әлемі мен бедерлі бейнесін, қыр елінің тұрмыс-дәстүрлерін, тәрбие-тағлымдарын т.т. жан-жақты ашады. Басты байқалар ерекшелік-туынды тақырыбы мен табиғатына, авторлық ұстаным мен образ жасау шеберлігінен тіл-стиль сипаттарынан ұлттық мұрат-мүдде, ел-жердің қадір қасиеті, адам әлемі мен мүмкіндіктері кең көлемде көрініс береді. Осы орайда, бір ғана Ақбілек бейнесі – қазақ қыздарының азаттық-теңдік жолындағы талайлы тарихын, қиын-қыстау соқпақтарын, қилы кезеңдерін алға тартады. Сондай-ақ, адал еңбек пен ақыл-парасаттың, жастық пен махаббаттың, құштарлық пен сүйіспеншіліктің, әсемдік пен сұлулықтың көркем шежіресі, үздік үлгісі болып табылады.

Аймауытов Ж. «Ақбілек» романы жанр табиғаты мен талабына толық жауап берумен бірге кемел ой мен көркемдікке, нақышты тіл мен келісті суреттеулерге де толы. Оны, атап айтқанда, Алтай мен ауыл көріністері, Ертіс – Күршім сипаты, Марқакөлдің мөлдір суы мен оның айналасындағы аң-құс, жан-жануарлар әлемі, алуан түсті адам портреттері мен этнографиялық деректер байыта, толықтыра түседі. Сайып келгенде, қазақ қызының өмір, тағдыр жолын баяндағанда да Ж.Аймауытұлының ескі ауыл, этнографиялық суреттерді, адамдар қарым-қатынасын ой мен сезім өрілімі арқылы риясыз жеткізер тіл байлығына, шеберлік иірімдерінің үлгі-өрнектеріне көз жеткіземіз. Сондай-ақ, романдағы әлеуметтік-психологиялық иірімдерден,

жекелеген кейіпкерлерді мүсіндеу мен олардың ішкі монологтарынан, ең негізгісі қазақ тұрмысы мен заман көріністерінен, уақыт сырынан реалист суреткердің қолтаңбасы айқын көрінеді. «Ақбілек» әлемі – халқымыздың өткен өмірі мен тарихының, қазақ қызы мен әйелінің тағдыр – талайын кең көлемде суреттеген тағлымды туынды. Жазушы Р. Токтаров «Ақбілек» романынан адам мінездерінің энциклопедиясын көруге болады» деп қысқа да нақтылы түйін жасайды.

Екі заман шекарасында көзін аша бастаған туған халқының ақылы, ойы, ары, баскөтерері болып, оның қамы үшін, тағдыры мен болашағы үшін бастарын тауға да, тасқа да соғып, ақыры бір кездерде біздің елді жайлаған зорлық-зомбылық дертінің, социалистік заңдылықты бұзудың құрбаны болып кеткен арыстарымыздың қатарында Жүсіпбек Аймауытовтың орны ерекше.

Ж. Аймауытовтың үлкен ұлы Бектұрдың айтуынша, «Ол мейірімді болатын. Кісінің әңгімесін құлақ қойып, мұқият тыңдайтын. Ешкімді бөле-жармай, теңдей жақсы көретін. Қолы қалт еткенде, күн демей, түн демей жазумен айналысатын».

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ақиқат. – 2010. – №12. – 58 – 63б.
- 2 <http://e-history.kz>.
- 3 <http://asyl-bilim.kz>.
- 4 Ж. Аймауытов сайты.

ИСТОРИЧЕСКИЙ ОПЫТ ЭТНОКУЛЬТУРНОГО ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ ЭТНОСОВ ПАВЛОДАРСКОГО ПРИИРТЫШЬЯ

ОСПАНОВ Н. М.

магистрант, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

МАМЫТОВА С. Н.

д.и.н., профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Одним из ключевых направлений государственной политики в сфере национальных отношений является формирование патриотизма и толерантности граждан Казахстана. Известно, что путь к толерантности лежит через понимание и уважение многообразия культур, самобытности народов нашей многонациональной страны. Поэтому сохранение и пропаганда уникальной культуры всех народов Казахстана является весьма актуальной проблемой.

Современные перемены, происходящие в образе жизни и культуре этносов Казахстана в процессе интенсивного взаимодействия, вхождение их в социокультурное пространство современного мира обусловили стремление к их культурному самоутверждению, желанию сохранить этническую и культурную идентичность. В этих условиях для успешного развития диалога между этносами важную роль играет, созданная в 1995 году по инициативе Президента РК Н.А. Назарбаева, Ассамблея народа Казахстана. В этом году в Казахстане отмечают юбилей этого уникального института гармонизации межнациональных отношений. Его опыт плодотворной деятельности вызывает огромный интерес исследователей не только Казахстана, но и зарубежных экспертов.

Особое внимание заслуживает в ее работе направление, связанное с развитием этнокультурного взаимодействия, которое имеет важное значение не только для сохранения и развития культуры каждого этноса, но и для обеспечения единства многонационального казахстанского общества. Это особенно важно, поскольку в настоящее время ярко проявляются, с одной стороны, направленность движения современной цивилизации к обретению общечеловеческих ценностей, а с другой стороны, - обострение межнациональных конфликтов, приводящих к серьезным и тяжелым последствиям.

Богатый опыт этнокультурного взаимодействия в рамках деятельности Ассамблеи народа Казахстана содержит история Павлодарского Прииртышья, которое представляет собой этнокультурное пространство, характеризующееся исключительным многообразием. Здесь пересеклись пути и судьбы многих этносов: представители примерно 60 национальностей проживают на этой территории. В условиях полиэтничного существования этносов Павлодарского Прииртышья в регионе сложился многовековой диалог культур.

Миграции, переселения народов, происходившие на протяжении столетий, обусловили дисперсность расселения этносов и наличие множества контактных зон в регионе, в которых исторически развивались активные межкультурные связи. Одна из первых волн переселений из центральных губерний России в Прииртышье начинается еще в XVIII веке. Наиболее интенсивное переселение в край происходит во второй половине XIX – начале XX века, когда завершилось вхождение Казахстана в состав Российской империи. В процессе колонизации край постепенно заселяли казаки, крестьяне из России, Украины, Белоруссии.

С приходом переселенцев многие элементы традиционной культуры стали постепенно утрачиваться, изменилась хозяйственная практика, начался процесс взаимозаимствований. Переселенцы, большинство из которых были крестьяне, принесли с собой специфические культурно-бытовые особенности, оказавшие влияние на коренное население, но с другой стороны сами подверглись значительному культурному воздействию иноэтнического местного населения. Казахи, являющиеся титульной нацией, находились в тесном контакте со всеми народами, с которыми связала их историческая судьба.

Не миновала прииртышскую землю участь стать местом политической ссылки и депортации в советский период. В конце 30-х – середине 1941 гг. на павлодарской земле появились первые депортированные народы из разных регионов Советского Союза. Позже во время войны сюда были насильственно переселены чеченцы, ингуши, балкарцы, карачаевцы, кабардинцы. Особенно много было немцев, депортированных из Поволжья, Крыма и Кавказа. Немцы Павлодарского Прииртышья занимали 4 место по численности в составе немцев КазССР – 10% [1, с. 57]. В результате размещения в области депортированного немецкого населения из различных областей и районов Союза происходят процессы внутриэтнической консолидации и ассимиляции. Усиливается также интерферирующее влияние казахского и русского языков на немецкий, развивается полиязычие. Среди активно употребляемых слов из казахского языка можно назвать «қонақ», «той», «дастархан».

Крупные этнодемографические изменения произошли в период освоения целины, а также в ходе интенсивной индустриализации края. Это внесло определенные коррективы в межнациональные отношения. Процессы культурного и экономического взаимодействия казахов и других народов были достаточно сложными, противоречивыми, но, в большей степени, позитивными.

Современный этап характеризуется накоплением первоначального опыта возрождения различных культур в полиэтничном сообществе на уровне Ассамблеи народа Казахстана, этнокультурных центров.

В Павлодарском Прииртышье сейчас действуют 19 областных, 14 городских и более 45 районных этнокультурных объединений. Они являются инициаторами и участниками многих общественно-значимых акций и мероприятий, проводимых в области в рамках реализации государственной национальной политики. Прежде

всего, их деятельность способствует развитию языков, сохранению традиций народов. У людей появилась возможность национального самовыражения, пропаганды своей культуры, языка. Ежегодно в Павлодаре в мае проводится неделя славянской письменности, а в апреле – неделя тюркской письменности, в рамках которых организуются научные конференции, круглые столы, выставки.

Особая роль в создании условий для развития культуры, традиций, обычаев и языков этносов, проживающих на территории области, отводится областному фестивалю этнических культур «Дружба. Единство. Независимость» и традиционному летнему фестивалю «Живем в семье единой». Действенным средством возрождения культурно-исторического наследия этносов, проживающих в регионе, является работа творческих коллективов этнокультурных объединений. Следует отметить, что ряд этнокультурных объединений имеют несколько десятков творческих коллективов. Например, павлодарское общество немцев «Возрождение» имеет более 40 творческих объединений.

Работа этнокультурных объединений находит широкое освещение в СМИ. В областных газетах выходят специальные рубрики, спецвыпуски, приложения к газетам, посвященные проблемам межнационального взаимодействия. Популярна еженедельная передача «Казахстан – наш общий дом», который звучит на разных языках.

Большую работу по изучению языков, культурных традиций и обычаев многонационального народа проводит Школа национального возрождения – учебное заведение дополнительного образования, ориентированное на создание условий для изучения родного языка, истории, культуры, обычаев и традиций этносов. В структуре школы работает 14 учебных национальных отделений. Все обучение направлено на то, чтобы они усвоили нравственные ценности национальной культуры этносов, выросли патриотами, с высоким чувством ответственности за сохранение мира и согласия в нашей многонациональной стране.

Ассамблея стала истинно демократическим регулятором межэтнических отношений. Ежегодно на сессии Ассамблеи обсуждаются важные вопросы жизни общества и ключевые направления развития государства. При ассамблее действуют научно-экспертная группа и клуб журналистов по этнической тематике.

С каждым годом растет интерес к Ассамблеи народа Казахстана у молодых. Их участие в деятельности Ассамблеи придает

ему особую энергию и подвижность. Сейчас при национально-культурных центрах действуют 16 молодежных клубов. Их основной целью является приобщение молодежи к культуре, языку, истории и народному творчеству, а также создание условий для духовно-нравственного, интеллектуального и физического потенциала, социального статуса и экономического положения, политической, правовой, экологической и духовной культуры подрастающего поколения. Главным принципом, проводимым в молодежной политике многонационального Казахстана, является создание равных условий для духовного и физического развития, участия в общественно-политической жизни страны, запрет на любые дискриминационные действия по отношению к молодым людям другой нации, веры, социального положения, одинаковый доступ молодежи к социальным правам, к информации.

Чтобы привлечь молодежь в клуб, заинтересовать их, при клубах организуются кружки по интересам. Каждый находит для себя занятие, соответствующее интересам, характеру, вкусам. Ежегодно проводятся такие мероприятия, как обрядовые праздники, выставки национальной кухни и прикладного творчества, национальные состязания, а также. В этом году на базе Дома Дружбы г. Павлодара, при активном содействии Секретариата Ассамблеи народа Казахстана Павлодарской области, представители молодежи под руководством ученых-экспертов приняли участие в историко-этнографической экспедиции «Павлодарское Прииртышье – крупный центр межэтнического взаимодействия и территория толерантности». В рамках реализации проекта «Память во имя мира» проводился сбор информации по истории этносов края, выявлялись новые, значимые события в истории межнационального взаимодействия. Полученные результаты имели большое значение для воссоздания целостной картины межкультурного взаимодействия в регионе и популяризации этнокультурного наследия народов Павлодарского Прииртышья. Было собрано множество свидетельств большого вклада различных этносов в развитие региона и страны, в целом.

Так, в Щербактинском районе Павлодарской области заметный след в социально-экономическом развитии с. Орловка оставил В. В. Поляков, бессменный председатель колхоза «Победа». Более 34 лет он руководил хозяйством, сделал его передовым. Он требовательно, по-крестьянски расчетливо, бережно, особенно в отношении кадров, вел хозяйство. Удачный год удался в 1972 г., когда колхоз дал государству невиданный урожай –

19200 тонн зерна! До сих пор село Орловка, которое возглавляет сын Владимира Пантелеевича, является рентабельным, стабильным и благоустроенным. Его можно, без преувеличения, назвать большой, дружной семьей, в которой живут и трудятся представители разных этносов, объединенные общими интересами, любовью к земле и своему селу – с его ценностями и традициями [2, с. 90].

На благодатной земле Успенского района также большой вклад в укрепление мира и согласия вносят любители поэзии Л. И. Белая, Н. В. Борисенкова, Т. М. Баянова, Н. И. Середа, В. В. Окатенко, Н. М. Бершова, С. М. Романенкова, З. В. Амельченко, И. В. Дроздова. В их произведениях отражена великая любовь к Родине, звучит призыв к верному служению своему Отечеству.

Тебя я прославляю цветущая моя
Делю с тобой радости, земля моя
Пою о мире песни для тебя
Цвети республика моя! [3, с. 6].

Создание условий для сохранения и развития культуры всех этносов, проживающих в стране, укрепление стабильности межэтнического согласия дают зримые результаты. К наиболее значимым достижениям за годы независимости, в частности, можно отнести тот факт, что нам удалось переломить динамику миграционных процессов в республике. Если раньше люди уезжали из страны в основном по экономическим причинам, то теперь тысячи семей эмигрантов возвращаются в Казахстан, признавая его своей единственной родиной, прочным и комфортным домом.

Последовательная национальная политика, эффективно решающая вопросы межэтнических отношений, значительно повысила международный авторитет Республики Казахстан.

Во многом благодаря работе Ассамблеи народа Казахстана нам удалось выстроить в регионе оптимальную модель гармонизации межэтнических отношений с учетом исторических особенностей нашей страны. Открытость, атмосфера взаимообогащения культур, во всевозможных формах контактов и проводимых мероприятиях, создают мощный потенциал доверия и толерантности в обществе.

Прошлый опыт взаимоотношений не должен быть забыт, и он ценен для нашего времени, поскольку давал хорошие результаты в деле установления межэтнических связей и полезных культурных взаимодействий.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Подопригора Ю.И. Немцы Павлодарского Прииртышья. – Алматы, 2010.- 160 с.
- 2 Гегер В., Гостищев Н., Кызыр Д. По вехам нашей памяти. – Павлодар, 2004. – 181 с.
- 3 Белая Л.И. Моя республика / Поэтический дневник земли Успенской. – Павлодар, 2013. – 157 с.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ «ЖЕР» КОНЦЕПТІСІ

ОСПАНОВА Д.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Адамның барлық танымдық әрекетіне дүниені тануға бағытталған бір дамушы үрдіс ретінде қарау керек, себебі бұл әрекеттер объектінің ұқсастығы мен айырмашылығын ажыратудан басталады. Бұл әрекеттердің нәтижесінде концепт қалыптасады. Концептіні анықтау үшін дүниенің кейбір аса ерекшеліктері мен заттық құндылықтары, олардың объектілермен қатынасы, олардың қызметі мен оларға берілген ұжымдық сананың сипаты әрі бағасы айқындалуы қажет.

Когнитологтар белгілеген концептіні анықтаудың жолдары мынадай ретте жүргізіледі: концептілер бақыланған, қиялдан туған бейнелерді өзара ұқсастырып, ұқсас дүниелердің ортақ белгілерін бір ортаға жинақтайды. Бұл білім санада сақталып, субъектінің тәжірибесі ретінде оның концептуалдық жүйесінің құрылымдық элементтеріне айналады. Екі не одан да көп әр түрлі объектілердің (бейне, дүние) әрқайсысы бір элемент ретінде категорияның құрамына ене алады. Осы белгі төңірегіне жинақталған дүниелер бір класқа ене алады. Әрбір класс топтаса келіп, категорияны құрайды немесе маңызды концептілер кодталады.

Қазіргі тіл біліміндегі зерттеулер тәжірибесінде өзектеліп, осы саланың ғылыми терминологиясының жүйесі ретінде анықталған, қалыптасқан когнитивтік лингвистиканың тірек терминдері: сана, зерде, ой, білім, концептуалдану, концептуалдық жүйе, когниция, дүниенің тілдік бейнесі, когнитивтік қор, ментальді репрезентация, когнитивтік модель, категориялану, вербалдану, ментальдылық, мәдениеттің тұрақтылығы, концепт, дүние бейнесі, концептосфера, ұлттық мәдени кеңістік, т.б. Көріп отырғанымыздай, олардың

бәрі бірдей тың терминдер емес, көбі бұрыннан бар қолданыс негізінде қалыптасқан. Бұл тілді зерттеу тарихындағы ғылымның сабақтастығын көрсетеді. Аталған ұғымдардың әрқайсысы когнитивтік әрекеттер мен адамның білім алу және белгілі бір шешімге келуіне тікелей қызмет етеді. Когнитивтік қызметтер ақпаратты өңдеуші әрекеттерге жатады және бұл әрекет нәтижесі сананың ерекше құрылымында қорытындыланады. Ал тілдік қызмет – когнитивтік қызметтердің бір түрі ғана.

Осы арада жалпы когнитивизмнің адамның сана, зердесін, ойлау қабілетін және ментальді әрекеттері мен оның жай-күйін зерттейтін ғылыми бағыт екеніне, яғни оның адам болмысындағы білімі мен танымы туралы, дүниені қабылдау және тануы туралы ғылым екеніне назар аударылуы қажет. Жалпы таным-білімге, жан-жақты жинақталған ақпараттарға қатысты әрекеттердің барлығы когниция немесе когнитивтік әрекеттер деп аталады.

Концепт ұғымы қазіргі тіл білімінде ХХ ғасырдан бастап белсенді қызмет атқара бастады. Алғашқыда концепт тілді логикалық талдау тұрғысынан тану бірлігі ретінде анықталып, ұжымның тұлғаның мәдени, рухани ой-санасын, менталитетін тануда қарқынды қызмет атқарады. Сөйтіп рухани мәдениетті танытатын тірек сөздерді (тірек-ұғым) концепт деп атау қарастырылды. (Н. Д. Арутюнова, А. Н. Мороховский, Д. С. Лихачев, В. В. Колесов т.б.). Н. Д. Арутюнова: «Мәдени концептілер – бұл ең алдымен философиялық мәдени терминдердің қарапайым сәйкестігі (үйлесімі). Осы ұғымды білдіретін тіл бірліктері ғылыми философиялық, мәдени ұғымдарды таныта отырып, жалпыға ортақ күнделікті қолданыстағы мағыналардың таңбасы бола алады», -деп түсіндіреді [1,117 б]. Мысалы, тіл иесі күнделікті қолданыстағы (тағдыр, ақиқат, ар,ождан, еркіндік т.б.) сөздерді нақты дифиниция арқылы таныта алмайды. Сондықтан бұл сөздер ұжымдық санада қалай танылса, қай қырынан басым түссе, сол мәнді танытатын (көбіне әлеуметтік, мәдени мазмұн) тіл бірліктері арқылы ұғынылады. Бұл ұғымдық мән субъектінің жеке өмірлік тәжірибесі, жинаған ақпараты арқылы бірнеше тіл бірліктері арқылы көрініс табады. А. К. Мороховский зерттеулерінде концепт ұғымы мен оның қалыптасуы тілдің семантикалық мазмұны арқылы анықталады. Ғалым тілді үш түрлі семантикалық топқа ажыратады:

1. Мәдени сөздер;
2. Ғылыми сөздер;
3. Идеологиялық сөздер;

Топтастырудағы басты себеп: біріншіден, олардың мағынасы белгілі бір мақсатқа бағытталады, екіншіден, олардың әрқайсысының қалыптастырушы иелері бар, үшіншіден, олардың қолданылу орны аясы бар. Мәселен, ғылыми терминдерді жеке тұлғалар қалыптастырады, мақсаты-жаңа идеялар мен концептілердің атауын береді. Мәдени сөздер-әлеуметтік ортада қалыптасады, мақсаты- социумда мазмұндық сипат алған концептілерді рухани санада тіл арқылы бекіту, нақтылау. Идeологиялық сөздер жеке тұлғалар санасында қалыптасып, социумға қолданысқа ұсынады, мақсаты-үгіт, насихат, нұсқау. Бұл сөздер иллюзорлы (бұлдыр) санадағы бейнелерді танытуда айқын көрінеді. [2,55 б]. Концепт табиғаты жөніндегі ғылыми зерттеулерінде А. Вежбицкая: "Концепт идеалды дүниенің объектісі ретінде танылып, субъектінің дүние туралы түсінігінде қалыптасады",- деген тұжырым жасаған [3,79 б]. А. Вежбицкаяның бұл пікірі С. А. Аскольдов-Алексеевтің: "Концепт санадағы актілердің мазмұны" [4,29 б]- деген пікірімен сабақтас. Демек, концепт тілге дейінгі санадағы ой әрекеті арқылы пайда болып, ондағы мазмұнды танытатын бірлік ретінде ұғыныла бастады.

Бұдан кейін зерттеушілер (В. В. Колесов, Д. С. Лихачев, Е. С. Кубрякова, Р. И. Павиленис т.б.) концептіні ментальды түсінік ретінде тани бастады.

Д. С. Лихачев зерттеулерінде концепт ұғымының тұлғалық санасында шоғырланып, өзара байланыс жасай отырып, концептілік отау (орта) құрайтынын дәлелдейді. Бұл отауды "концептосфера" деп атап көрсетеді [5, 7 б]. Кейінгі зерттеулерде концептосфераның қызметі концептілік жүйеге айналады. Ғалым зерттеулерінде концептосфера концепт-1 (алғашқы ментальды түсінік және концепт-2 (рухани мәдениеттің тірек сөздері) арқылы құралған. Олардың тілдік көрінісі көп жағдайда фразеологизм болып табылады. Н.К.Рябцева концепт қасиеттерін былай айқындайды:

- адам санасындағы ақпарат тұлғаның тәжірибесі, танымы, қабылдауы арқылы толығып, өзгеріп отырады;

- концепт логикалы ұйымдасқан динамикалық құрылымнан тұрады. Оның базистік элементі – негізгі құрылым болып танылса, прототиптік мазмұндары – көмекші элементтер болып саналады;

- көмекші элементтер болып саналады;

- концепт (санадағы ескі және жаңа ақпараттар) уәждеделген және өңделіп ұсынылған өнім ретінде танылады [17, 74 б].

Концепт – лингвистикалық категория. Бірақ басқа лингвистикалық терминдермен балама қолдануға болады. Концепт когнитивтік тіл

білімінің басты термині ретінде қарала бастағаннан-ақ мағына мен ұғым лингвомәдени бірлік терминдерімен ауыстыра қолдану жағдайы кездесе бастады. Сондықтан зерттеушілер ең алдымен осы ұғымдарды ара жігін ажыратып көрсеткенді жөн көрді. Ю. Степанов "Мағына тек тіл жүйесінде ғана анықталатын тіл білімінің термині, ал ұғым тіл білімі мен логика саласындағы логикалық қатынастар жүйесінде анықталады", - деп көрсетеді. С.Аскольдов-Алексеев "концепт - лексикалық мағынаға қарағанда ауқымы кең дүние", - деп таниды.

"Концепт" пен "ұғым" терминдері ішкі формасына қарай бірдей: концепт латынның "conceptus - ұғым" сөзінің калькалық аудармасы [2]. Бірақ қазіргі таңда екі ұғымның да өзіндік ерекшелігі байқалуда. Егер ұғым танылатын объектінің мәнді, мазмұнды қасиеттерінің жиынтығы болса, ал концепт ұлттық болмысқа негізделген ментальды білім жиынтығы. Оның мазмұн межесі – объект туралы ұжымдық, тұлғалық санадағы барлық білімі ақпараттар шоғыры болса, тұрпат межесі – тіл бірліктерінің жүйеленген көрінісі (лексикалық, фразеологиялық, паремиологиялық т.б.). Концептіні таныту мақсатында кез-келген тілдік бірлік, лексикалық мағынасы бар сөздер қолданылады. Ал концепт ретінде барлық ұғымды ала алмаймыз, тек белгілі бір мәдениетті тануда қолданылатын және автор үшін маңызы зор деп танылатын күрделі ұғымдарды, ең бастысы жалпы адамзаттық, жалпыхалықтық, жалпыұлттық құндылықты таныта алатын ұғымдарды тани аламыз. Мысалы, қазақ халқы үшін киіз үй, шаңырақ, камшы, жазық дала, көш, бөрік, бесік, домбыра, тұмар т.б. сөздер лингвомәдени бірлік ретінде ұлттық мәдени концепт деп таныла алады. Ал орыс халқы үшін баспалдақ, коңырау лингвомәдени бірлік ретінде мәдени концепт деп танылады.

Концепт пен ұғымның басқа да өзгешеліктері бар: ұғым өз бойына мәнді, маңызды белгілерді жинайды, ал концепт – бұнымен қоса, мәнді емес қасиеттерін де қамтиды. Ұғым құрылымына қарағанда концепт құрылымының шеңбері едәуір кең. Концепт пен ұғымды оның құрылымдары арқылы ажыратуға болады. Ұғым құрылымында тек мазмұндық элементтер болады, оған концептілік құрылымдағы барлық компонент ене бермейді. Концептінің әрқашан эмоционалды, экспрессивті, бағалауыш сәулелері көрінеді (В. А. Маслова). Яғни концепт бойынан адамның объект (дүние) туралы жағымды, жағымсыз бағасы, әсері, эмоциясы, ойы, танымы көрінеді.

А. Б. Бабушкин концепт пен ұғым терминдерін ұқсас деп танып, ғылыми саладан оның бірін, яғни "ұғымды" ығыстырып шығаруды ұсынады. "Қазіргі таңда тілші-ғалымдар "ұғым" терминін

классикалық мәнде қолдана бермейді, оның орнына концепт деп аталатын ойлау конструктісін қолданғанды жөн көреді» [6, 14 б]. Н.Н.Болдырев, керісінше екі терминнің де қолданылу аясы бар деп есептеп, оларды былай ажыратады: “Егер ғылыми танымда ұғымның көлемі (берілген дүниені толықтыратын белгілер мен қасиеттерінің жиынтығы) және мазмұны (ондағы бір немесе бірнеше объекті белгілерінің біріккен жиынтығы) болса, ал концептіде ұғымның мазмұндық бөлігі ғана көрінеді.

Қазіргі тіл білімінде “концепт” ұғымы кең мағынада қолданылады және тілдің семантикасын бейнелеуде немесе тілдің мағынасын айқындауда концептілік құрылымға сүйенеді.

Сонымен концепт пен ұғым ғылымда екі түрлі термин. Ұғым – логика мен философия термині, ал концепт – математикалық логика, мәдениеттану, когнитивтік тіл білімі термині. Концепт пен мағына біржақты ұғымдар емес. Концепт дүние туралы тұрақты мәліметтер жинайды, ал сөз өз мағынасымен концептінің бір элементін ғана танытады. Дегенмен, концептіні анықтауда оны танытып тұрған мағыналар мен сөйлемдерге, дискурсқа сүйенеміз [2]. Концепт объектінің семасы арқылы да танылады. Бірақ ол мазмұн – жадыда саналы түрде автоматты сақталған форма. Концепт сөзден туындайтын идеялардың санада өңделіп, болжам ұсыну бірлігі. Концепт бұл жалпы мағына емес, ол жалпы түсінік. Концептіні барлық жағдайда бейне деп тани алмаймыз, себебі, ол бірде бейне ретінде, бірде жалпы идея ретінде танылады. Дегенмен, сөздің мағынасы концепт қалыптастырушы материал ретінде қызмет атқарады. Сондықтан да концепт термині түсінік беруде санадағы ментальды бейнелерден бұрын сөздің мағынасы бірден тілге тиек болады. Концепт терминін анықтау сөз мағынасының қалыптасуына үнілуден туындайды. В. Виноградов зерттеулерінде сөз мағынасы ұғым белгілерімен сәйкестендіріліп, “ақиқаттың үзігі формасында танылған” [7, 16 б]. Г. В. Колшанский, Б. А. Серебrenниковтардың зерттеулерінде де сөз мағынасын санадағы мазмұнның бейнеленуі мен таныту басым көрінеді [8, 193 б]. Демек, сөз мағынасы санадағы ұғымның мазмұнына қызмет етеді. Сөз мағынасын сана әрекеті арқылы танылатын ойлау субстратының бір элементі деп тануға болады.

Қазақ халқында «Жер» ерекше бағаланады. Адамзат баласы үшін ардақты жа ең қымбат жан – ана. Жер қазақ ұғымында анамен пара-пар алынады, «Жер-ана» деген ұғым қалыптасқан. Мұны тіліміздегі жермен қатысты тұрақты тіркестердің, алғыс-қарғыс

сөздердің, мақал-мәтелдердің мән-мағынасынан көре аламыз. Жер атауының концептілік мағыналарын білдіретін мынадай тұрақты тенеулерді атауымызға болады: жерден пішіп алғандай, жер тенгедей, аспан тебінгідей, жер мен көктей т.б.

«Жер» мен «Су» көркемдіктің концептісі ретінде танылатын болғандықтан, кейде екеуі қатар бір тұрақты тіркестің құрамында да кездеседі. Бұған мына тұрақты тенеулерді атауымызға болады: жер шырайы, судай жаңа, судай жорға, судай таза т.б.

«Жер» мен «Су» концептісінің қатар қолданыс табуы: жер жастанып, су сүйеніп отыр.

Жермен қатысты алғыс-қарғыс сөздер: жер жарығын бітедім бе?, жер қуанышынды көргір, жер жұтқыр, жер жастанғыр, жерге қарағыр, жер бол, т.б.

Жер концептісінің мақал-мәтелдердің құрамында келуі: жер түбінен ойлады; Күн түспеген жер көгермес, көсемі жоқ ел көгермес; т.б.

Тіліміздегі «Жер» атауымен байланысты тұрақты сөз тіркестердің, алғыс-қарғыс сөздердің, мақал-мәтелдердің бұлайша мол ұшырасуын көне замандардағы осы жерге табынудың, құрметтеудің уақыт өте келе концептілік мәндерге ауысуының нәтижелері деп түсінгеніміз жөн.

Ал «Жерге» табынудың бастауы тым көне замандардан басталады. Қытай жылнамаларының жазуынша, хундар мен уханьдар Күнді ерекше құдай деп танып, оған табынған. Түркі халықтарының шығу тегі жағынан хуин тайпаларымен байланысы бар.

Қазақ халқында тура жердің өзіне табыну тым әлсіз сақталған. Мысалы, жер қазуға болмайды, жерге түкіруге болмайды, жер өртеу т.б. ертеден келе жатқан ырымдар. Түңілген жағдайда жерге түкіретін болған.

Жерге табынушылықтың ізі, жоғарыда аталған, алғыс-қарғыс сөздердің мән-мағыналарынан байқалады. Мәселен, қазақ «жер жастанғыр!» деп қарғайды.

Жердің қасиетті танылуы, жерге табыну ауыспалы мағынасы ретінде оны алмастырады, яғни оның орнына қолданыла береді. Сондықтан Жерді құрметтеушілік осы сөздердің қолданылуынан да байқалады. Ұялу «жерге кіріп кете жаздады», «жер болды», т.б.

Жер айналуына байланысты күннің қозғалысын бақылай отырып, халқымыз уақытты айырған. Қазақ тіліндегі таң қылаң берді, таң сыз берді, таң сібірледі, таң арайланды, таң құлан иектенді, күннайза бойы көтерілді, кіші сәске, сиыр сәске, шабдар сәске, сәске, қан сәске, ұлы сәске, шаңқай түс, тал түс, түс ауды, күн төбеде

ауды, күн еңкейді, күн ұясына қонды, күн қызарды, күн батты деген сөз, сөз тіркестері — бір тәуліктің күндізгі мерзіміндегі тікелей күннің аспандағы қозғалысымен байланысты шыққан халқымыздың өзіндік уақыт өлшемдерінің атаулары. Жалпы қазақ тіліндегі көптеген күнтізбе атауларын жердің қозғалысымен байланысты шыққан деп айтуымызға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Арутюнова Н.Д. Образ/ опыт концептуального анализа // Референция и проблемы текстоборудования. -М., 1988. -45-50 с.
- 2 Мороховский А.Н. “Культурные” и “некультурные” слова // Концептуальный анализ: методы, результаты, перспективы. Тезисы конференции. -М., 1990. -13-23 с.
- 3 Вежбицкая А. Язык, Культура. Познание. -М., 1996. -255 с.
- 4 Аскольдов-Алексеев С.А. концепт ислово // Русская речь. Новая серия. Вып I I. -Л., 1986. -23-30 с.
- 5 Лихачев Д.С. Концептосфера русского языка // Известия РАН. Серия, лит.и яз., 1993., №1. -56-60 с.
- 6 Рябцева Н.К. “Вопрос” прототипическое значения концепта // Логический анализ языка. Культурные концепты. -М., 1991. 89-95 с.
- 7 Бабушкин А.П. Типы концептов в лексико- фразеологический семантике языка их личностная и национальная специфика. Дисс... док. Филол. Наук. Воронеж, 1998. 156 с.
- 8 Павиленис Р.И. Проблемы смысла; Современный логико-функциональный анализ языка. -М., 1983. -125 с.
- 9 Нишанов В.К. О смысле смысла // Экспериментальный анализ смысла. -Фрунзе., 1987. -56-60 с.

МӘШҰР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ОТ» КОНЦЕПТІСІ

ОСПАНОВА Д.
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Тіл – таным бәйтерегі. Сондықтан тілдегі ғалам бейнесі адамның әлемді тануының өзегі болып табылады. Э. Сепир мен Б. Уорф болжамы бойынша түрлі тіл өкілдері әлемді өз көзқарасы негізінде танып, өзінше пайымдайды. Басқаша айтқанда, тіл

біздің ата-бабаларымыздың «ғалам бейнесін» қалпына келтіруге көмектеседі. Кез келген тілдегі ғалам бейнесі екі жақты сипатқа ие: бір жағынан, кез келген тілдегі ғалам бейнесі адамның әлемге көзқарасымен байланысты болса, екінші жағынан нақты әр тілдегі әлем моделіне әлеуметтік – мәдени қоғамдағы ұлттық «әлем бейнесі» жалғасады. Осының нәтижесінде жеке тіл өзіндік сипатқа ие болады. Әр табиғи тіл ғаламды өзінше бөлшектейтіні белгілі, ол дегеніміз – тілдің өзінің ерекше концептуализациялық (әлемді ұйымдастыру) әдістері бар. Басқаша айтқанда, әр концептуальды тілдің негізінде ерекше бір модель жатыр немесе ғалам бейнесі бар. Сондықтан сөйлеуші осы модельге байланысты өз ойын жинақтап, баяндауы қажет. Соңғы кездегі ғаламның тілдік бейнесін зерттеу бағытында ізденістерде ұлттық сипатқа ие жеке концептілер қаралады. Концепт ұғымы – когнитивтік лингвистикадағы негізгі ұғым. Семантикалық бағытта концепт сөзге сәйкес келсе, логикалық бағытта ұғыммен сәйкес келеді. Демек, әлемнің пәк бейнесі (наивная картина мира) когнитивтік модельде айқындалады. Ол өз кезегінде ұжымдық санамен, көзқараспен, ұжымдық философиямен байланысты болады. Ал ғаламның кез келген ұлттық тілдік бейнесінің әмбебаптығы және өзіндік ерекшелігін айқындайтын метафора, теңеу және символ болып табылады.

Символдық мәнге ие сөздердің табиғаты ерекше, ол ерекшелік символ – сөздердің танымдық, ұлттық мәдени, фондық мағыналарын сол тілде сөйлейтін халықтың дүниені тану мен құбылыстарға баға берумен, әлемнің тіл бейнесімен тығыз байланысты.

Концепт ұғымымен байланысты әлем бейнесі және әлемнің тілдік көрінісі қазіргі тіл білімінде өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Әлем бейнесін ұлт, әр адам, әр ұжым мүшесі өз дүниетанымына, мәдениетіне, ментальдық ерекшелігіне, ұлттық психологиясына, жеке психикасына, т.б. байланысты түрлі қабылдайды.

Әлемнің тұтас бейнесін тілдік бірліктер арқылы танымдық аспектіде айқындауда “концепт” термині маңызды рөл атқарады. Оттың концептуальды өрістері тілімізде тілдік бірліктерде, сөз қолданыстарында, мақал-мәтелдерде, көркем әдебиетте, тұрақты тіркестерде мольнан ұшырасады. Көне замандарда отқа байланысты наным-сенімдер болған. Қазақ тіліндегі от басы, от берді, оттай жанды, т.б. фразеологизмдерден көне замандағы оттың күдіретіне сенушіліктің, оған табынушылықтың белгілерін байқауымызға болады. Шынында да көпшілік халықтар, соның ішінде түркі халықтары отты ерекше қадірлеп, отқа байланысты түрлі ырымдар

жасаған т.б. отты беріктік ретінде қабылдап жас отауға отқа май күйғызған. Ал ерте дәуірлерде от жер бетіндегі тіршілік атаулыға әсер етеді деп сеніп, отқа табынған. Мұны қазақ арасындағы отқа қатысты наным-сенімдерден көруімізге болады.

Жалпы қазақ ұғымында от жүрек деген тіркес бар. От батылдық пен батырлықтың символы. От сонымен қатар, жамандықтың да белгісі болып табылған. «Отқа қарады», «отқа оранып, суға сүрінді» т.б.

Отқа байланысты қатысты алғыс-қарғыс сөздер: оты жанбаған, отын өшірді, отқа түсті т.б.

т.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Рақатсыз өтсе де өмір жасым,
Бұл жөнімнен құдайым айырмасын,
Ұзақ жолға ниет қып бір шыққан соң,
Жарым жолдан қайтпаспын, қарымдасым.
Су да болар ол жолда, тау да болар,
Жаудың оғы, жайған тор, ау да болар.
Мынау пайда, мынасы зиян демек,
Ол ерліктің ісі емес, сауда болар.
Мен өлсемде өлемін жөнімменен,
Тәннен басқа немді алар өлім менен.
Өлген күні апарып тығары көр,
Мен жоқ болман көміліп тәнімменен.
Тән көмілер, көмілмес өткен ісім,
Ойлайтындар мен емес бір күндігін.
Жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын,
Ел бір күншіл, менікі – ертеңгі үшін.

– деп Ахмет Байтұрсынұвтың Нәзипа Құлжанованың талантын танып, қатты қадір тұтатын әріптесіне өзінің ішкі сырын осы «Н. Қ. ханымға!» деп атаған өлең сөздерімен жеткізген [1, 11].

Қазан төңкерісінен кейін жаңа заманның мән-мағынасын, мақсатын әлі жете ұға алмай, елең-алаң уақытты бастан кешіп отырған дүрбелең шақтың өзінде сәби тәрбиесі оның болашағы

тумысынан ұстаз, көзі ашық, рухы биік тәрбиеші, ұстаз, қайраткер Нәзипа Құлжанованың жанын тыным тапқызбай салиқалы ой тербеуге жетелегені байқалады. Азаматтың болашағы ұрпақ тәрбиесіне келіп тіреліп, әсіресе мектеп жасына дейінгі балалардың тағдыры мазалаған, яғни «бесігін түзеуге» бет бұрған сезімі сергек Н. Құлжанова бейнесін көз алдымызға әкелгендей [2, 2].

Нәзипа Құлжанова артынан өшпес мұра қалдырған. Газет-журналдарда көшпелі қазақ елінде бұрын-соңды айтылмаған, жазылмаған бала тәрбиесінің жаңа түрлерін бірталай мақал-мәтелдерінен кездестіре аламыз, сонымен қатар «Мектептен бұрынғы тәрбие» және «Ана мен бала тәрбиесі» атты кітаптарын келешек ұрпаққа қалдырған. 1923 жылы Орынбор қаласында «Мектептен бұрынғы тәрбие» кітабы басылып шықса, 1927 жылы Қызылордада «Ана мен бала тәрбиесі» кітабының 5000 данасы жарық көрген. Оның бұл еңбектері «Қазақ балалар педагогикасының» алтын қорына қосылды. 1993 жылы оның педагогикалық еңбектері толық жинақталып, «Халқыма деп іс қылдым» деген атпен жарияланды.

Нәзипа Құлжанова ана мен бала, ұрпақ тәрбиесі тақырыбында жазған көптеген шығармалары бір-бірімен өте тығыз байланысты қарастырылған. Елім, халқым үшін деп қызмет еткен апамыз Нәзипа баланы өмірге әкелмей тұрып, яғни күрсағында жатқаннан бастап кездесетін әр түрлі ауру сырқаттардан қалай сақтауға болатыны жайлы жазып қалдырған өте құнды мағлұматқа айналған. Қазіргі заман қарқындылықпен дамып, тұрмыс-салт өзгергенімен сонау өткен кезде жазған талаппаз, ізденімпаз журналист Нәзипа Құлжанованың қаламынан туған мақалалар әрі күнге дейін өз септігін тигізетін мағлұмат, кеңестер баршылық.

Өмірге келген нәрестелер мен мектеп жасына дейінгі балалардың өсіп жетілу заңдылықтарын мектепке дейінгі педагогика ғылымында зерттеген. Мектепке дейінгі педагогика ғылымын зерттеуде баланың тәні мен жан дүниесін, этика мен әдеп, гигиена мен педиатрия, тіл білімі мен дене шынықтыру сияқты ғылымдармен тығыз байланыстыра қарастырған.

Нәзипа Құлжанова кезінде 1920 жылы халық комиссарлар қызметі Қырғыз (Қазақ) АКСР Оқу-ағарту халық комиссариатының қазақ тілінде оқулықтар, кітапта шығару мен баспасөз істері жөніндегі арнаулы комиссия құрамында болған. Осы қызметте жүріп, жаңа қазақ әдебиетін енгізу жөніндегі ОК-нің құрамына мүшелікке енген. Осы комиссия құрамына А. Байтұрсынұв, М. Жұмабаев, М. Дулатов, С. Дөнентаев, С. Садуақасов, Қ. Жұбанов,

Б. Кулеев, Т. Шонанов, Ф. Қарашев, Ә. Бөкейханов, С. Сейфуллин сияқты ірі тұлғалар қызмет еткен. Яғни бұл комиссияның аса беделді екенін көрсетеді. Ал соншалықты мәртебелі комиссияның құрамындағы жалғыз қазақ қызы – тағы да Нәзипа Құлжанова екенін көреміз. Бұл Нәзипаның Семейден Орынборға келген кезі еді.

Халық ағарту комиссиясының қызметкерлігіне тағайымдалған Нәзипа Құлжанова біраз жыл өткеннен соң жаңа қазақ әдебиетін енгізу жөніндегі Орталық комитеттің құрамына енген. Орталық комитеттің «1927 жылғы 1 мамырынан 1928 жылдың 10 маусымына дейін қызметі жайында» баяндама жасалып, 1927 жылдың 1 қазанынан комитеттің құрамын жаңа мүшелермен толықтыру сөз болған. Олардың арасында «әйелдерден Құлжанова мен Бегалиеваның бар екендігі» хабарланған.

1920 жылдары Нәзипа Құлжанова араб әліпбиін тастап, латын әліпбиіне көшу жөніндегі саяси астары терең істің басы-қасында болды. Үкімет бекіткен комиссия құрамына енгендіктен, өз көзқарасына қайшы келседе латын әліпбиіне еріксіз көшіру ісін амалсыз басынан өткерді. Бұл сол кездегі қазақ зиялыларының бармақтарын тістеткен көпе-көрнеу зорлықтың нәтижесі еді. Кирилл әліпбиіне көшу жолдарындағы алғашқы саты екендігін қазақтан шыққан ұлтжанды қайраткерлер мен ғалымдар әуел бастан ұққан болатын [3, 30 б.].

Оқу комиссариатының арнайы тапсырысымен «Мектептен бұрынғы тәрбие» атты кітабын жазған. Бұл кітаптың кіріспесінде оқулық Н. Альмединген – Тумим кітабының ізімен деген ескерту бар еді, алайда ол аударма емес еді. Бұл мектепке дейінгі тәрбие жөніндегі кітаптар мен мақалалар негізінде жазылған автордың өзінің шығармасы болған [4, 181 б.]. Ол қазақ педагогикасында сәбилер тәрбиесіне арналған алғашқы әдістемелік құрал. Осы кітапқа ұлы ұстаз Ахмет Байтұрсынов: «Заман амалының жарысынан, заман көшiнiң қатарынан қалмай өмiр сүру үшiн бүгiнде адамға көп өнер-бiлiм даярлау керек» деп, алғысөз жазған. Нәзипа Құлжанова кітабына жазған алғысөзінде: «Заман алыбының жарысынан, заман көшiнiң қатарынан қалмай өмiр сүру үшiн бүгiнде адамға көп өнер-бiлiм керек. Тiршiлiкке керек сол өнер-бiлiмге баланы бастан даярлау керек деген соңғы заманда пiкiр күшейдi. Оны күшейтiп отырған да тiршiлiк iсiне бұл күнде өнер-бiлiм көп керектiгi», - дей келе, баланы сәби шағынан өмiрге, оқуға, тәрбиеге баулу мәселелерiн басты назарда ұстауды мензейдi. Осы кітапта мектепке дейiнгi балаларға арналған мекемелердiң тарихы, олардың Отандық және

шетелдiк үлгiлерi туралы сөз болады. Мектепке дейiнгi тәрбиенiң мәнi мен оның қазақ жерiндегi ерекшелiктерi де ашылады. Онда бала табиғатты сүю мен еңбекке баулуды баса көрсетiп, екеуiн де өзектес мәселе деп қарайды. Өзi де қазақ жерiне мектепке дейiнгi мекемелердi ұйымдастыру iсiне белсене араласады [5, 33 б.].

Сол кездерде елiмiздiң келешек ұрпақты тәрбиелеудiң мiндеттерiн iс-жүзiне асыру бағыттары әлi айкындала қоймаған едi. 20-жылдарда сәбилер мен мектепке дейiнгi ұрпақтармен тәрбие жұмысын жүргiзетiн мекемелер, әдiстемелiк құралдар және т.б. жоқтың қасы болатын. Нәзипа осы кезден бастап осы мәселенi қолға алып, оны өрбiтiп ұрпаққа жеткiзудi мiндет еткен.

Құлжанова ХХ ғасыр басындағы орыстың көрнекті педагог ғалымы Н. Альмединген – Тумимнің мектепке дейінгі тәрбиеге қатысты көптеген еңбектерінің маңызды тұстарын ескере отырып, қазақ қоғамының ағартушылық ойларын, тәрбиенің ең қажетті тұстарын ескере отырып, қазақ қоғамының ағартушылық ойларын, тәрбиенің ең қажетті саласын жаңалық ретінде оқырманға ұсынған. Қазақ ағартушылық идеяларын және педагогика тарихында мектепке дейінгі тәрбиенің іргетасын қалауға күш салысқан [4, 182].

Нәзипа Құлжанова мектепке дейінгі тәрбие мекемесінің жұмыс мазмұнын, атқаратын қызметін айта келіп, баланы тәрбиелеу мен өсірудегі ұлттық ойындардың ерекшеліктеріне тоқталады. Үш пен жеті жас аралығындағы балалардың физиологиялық ерекшеліктерін – бала әлемін сөз етеді. Өсіресе жас баланың айналы білуге деген құмарлығын, сөйлеуге, сұрақтар беруге бейім болатынын, сол арқылы ойы өсіп жетілетінін айта келіп, «баланың ойын дамыту үшін олардың сұрақтарын жауапсыз қалдыруға болмайды. Қазақтар баламен сөйлесуге жете мән бермейді. Сондықтан олардың сөйлеу мәдениеті жетілмейді» - дейді. Баланы табиғат арасында тәрбиелудің, табиғат құбылыстары жайында үнемі әңгіме жүргізудің мәніне тоқталады. Автор баланы жас кезінде көбінесе табиғат аясында тәрбиелудің тиімділігін айта келіп, «бала даланың кеңдігіне, шолпылдатып суға түсіп, жүгіріп күспен бірге сайрап, көбелек қуып, шыбын-шіркей, құрт-құмырсқамен бірге көкорай шалғын, тоғай арасында сайрандап жүріп, көңілі де, жан-тәні де бірдей өсіп өркендеме» - дейді. Автор осы пікірін әрі қарай жалғастыра келе, «Әрбір қылықты жақсы адам мінезінің түпкі негізінде болатын еңбектеу, көңіл көтеру және денесі еліктегіш тал-шыбықтай икемді, нәзік сезімді болып келеді» деп, мектеп жасына дейінгі балалардың тыныс-тіршілігін сөз етеді. Баланы үйде, балабақшада еңбекке бейімдей тәрбиелудің маңызына

тоқталады. Ол үшін әр балабақша жанында биологиялық бұрыш, тәжірибе үлескісі болуы керек. Бала торғайды, қоянды, тоқылдақты, кірпішешенді балықты өсіруді білсін, аулаға көкөніс, гүл отырғызып, оған су құюды үйренсін, саз балшықпен ойыншықтар жасап үйренсін дейді. Баланың санасын оятып, қиялын өсірудегі ойыншықтардың тәрбиелік роліне ерекше мән береді. «Ойнай білу дегеніміз – ойлай білуге үйрету» дейді [6, 7 б.].

Автордың «Мектептен бұрынғы тәрбие» атты кітап мынандай тараулардан тұрады:

- 1 Күллі жер жүзінде;
- 2 Мектеп жасына толмаған балалар;
- 3 Мектеп жасына толмаған балаларға тәрбие не керек?;
- 4 Мектептен бұрынғы тәрбиенің Россиядағы түрі;
- 5 Бала бақшасы деген не? [7, 5 б.].

«Мектептен бұрынғы тәрбие» атты кітабын жазуға бірнеше ірі қалалардағы бала-бақшалар мен бала үйлерінің жағдайларын байқау, көңілге түйгендерін зерттей түсуінен туындаған. Көрген жағдайларын суреттеп жазудағы себебі – оқырмандардың басқа мәдениетті елдердегі бала тәрбиесінен хабар ету болған. Осы мақсатпен сол елдердегі балалардың болашағына дұрыс, нақты, яғни нысаналы бағыт беретін тәрбие жолдарын саралап, нақтылы көзге елестетіп, соларды көре жүріп, жұрт өзінде туындаған, осыны қазақ жерінде қолдануға меңзеп, өзінің ой-түйінділерін жеткізеді.

Оқулықта Н. Құлжанова қазақ тұрмысына әлемдегі дамыған елдердегі бала бақшалардың артықшылықтарын енгізе, ұрпақ тәрбиесінде зор үлесін тигізер еді деп санаған. Сол кездің өзінде шет елдердің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жұмыстарына зерттеу жүргізгендігін осы кітаптың мазмұнынан айқын көруімізге болады. Мысалы, «Күллі жер жүзінде» атты алғашқы тарауында дүние жүзін мекен еткен автор дамыған елдердегі бала бақшалардың мән-жағдайын баяндай келе, қазақ тұрмысында балабақша болашақ ұрпақты тәрбиелеуге оң септігін тигізетініне сеніммен қарайды.

Онда автор Италия мен Швейцария және Шотландия елінің бала бақшалары туралы жазған. Ол Италия балабақшаларының балаларға арналған құрал-жабдықтары талапқа сай қамтамасыз етілгендіктерін, Швейцарияның Цюрих қаласында тастан жасалған мектептің бір жағында мектепке жасы толмаған балалардың үйі бар екендігін және ол балалардың жасына сай құрал-жабдықтарын бейнелеп сипаттайды. Шотландиядағы Эдинбург қаласындағы балабақшасын өз алдына ерекше етіп жеткізген. Ол жерде күнделікті

танертен ашық далада балалардың басы қосылғанда, кешкісін үйлеріне қайтарда бір-біріне амандық өлеңдерін айтады дейді. Сонымен қатар Европа елдеріндегі балабақшасының өмірін үлгі ете отырып, күншығыстағы Жапония мемлекетіндегі балалардың тірлігін де еңгімелейді [7, 5 б.].

«Бала бақша дегеніміз не?» деп аталатын соңғы тарауда – мектепке дейінгі тәрбие орындарының бір-бірінен айырмашылығы, оларға қойылатын талаптар жан-жақты жазылады.

Бұл балабақша деген құр әдемі сөз ғана деп ұғу қате. Мұнда зор мағына бар. Балабақшаға гүлден, ағаштар, жер мен ауадан өздеріне керекті тағамдарын алып отырып өскені сияқты мектеп жасына толмаған бала да төңірегіндегі тұрмыстың өсіп көркейуіне керекті заттарды пайдалана отырып, сол өздерінің «бақшаларында» жайымен, табиғатының еркінше дамып, көгертіп өспек. Яғни, «бақша еккен кісі ағаштарын өсіргенде, жерінің дәні кем болса су құйып, су сіңіріп, солып қалған бұтақтары болса кесіп тастап, жері шығымсыз нашар болса жақсы топырақ салып тыңайтып, өмірбойы еккен ағаштарын, яки жемісінің тұзу, көркем болып өсуін талмай қарап отырады». Балабақшасындағы қайнаған қызмет – балалардың өсіп қалыптасуына, бұғанасының бекіп, белгілі бір жүйеге түсуіне әкеледі [2, 3 б.].

Н. Құлжанова аса көңіл аударған мәселе мектеп жасына толмаған баланы тәрбиелеу мәселесі болды. Ол мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде нақты мысалдар арқылы жас ерекшеліктеріне назар аударады. Құлжанова нақты деректерге сүйеніп отырып бала өлімінің артуын байқап, оны түсінген. Бір жасқа толмаған жүз сәбидің Филияндияда 13-і, Скандинавияда 13-18 сәби, Ресейдің кейбір уездерінде 44-45-ке дейін шетінеуі орын алған. Ресей құрамында болған XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Қазақстанда да балалар өлімінің статистикасы сондай болатын. Мектептен бұрынғы тәрбиені түзеп, мыңдаған балалар бекер мағынасыз қырылып жатқанына сескенбей, тыныш қарап отыра алмайтын үкіметтер керек болған [4, 182].

Н. Құлжанова мектеп жасына дейінгі Ресейдегі балаларды тәрбиелейтін мекемелердің түп-түріне тоқтала келіп, олардың қазақ тұрмысына лайықтап енгізуді мақсат тұтты. Ресейдегі ата-анасыз қалған балаларға арналған «Жетімдер үйі», үш жасқа дейінгі балалар үшін ясли, жеті жасқа дейінгілерге «балалар бақшасын» қазақ жерінде ашу үшін ұлттық рух пен мінездің, қоршаған ортаның ерекшеліктерін есте сақтауды алғы шарт деп санаған [4, 182].

«Мектептен бұрынғы тәрбие» кітабы нәрестенің өсіп, жетілуі, мектеп табалдырығын аттауға дайындық төңірегінде жаңа ойларды ұсынған алғашқы жаңалыққа толы еңбек болды.

Мәдениетті елдің болашақ ұрпағы қандай ортада, қандай тәрбие алу керек деген сұрақтың жауабын өзі береді. Осыдан тәрбие жұмысын жүргізетін арнаулы мекемелердің, онда қызмет атқаратын арнайы дайындалған маман-кадрлардың қажеттілігін саралап түсіндіріп, оны үлкен мәселе етіп қояды.

Кітапта мектеп жасына толмаған балаларға тәрбие не үшін керек, мектеп жасына толмаған бала не ұғып, түсініп, үйренеді деген сұрақтардың жауаптарын түбегейлі түп тамырымен талданып сараланады. Мектеп жасына дейінгі балалар мекемелерінде баланың дұрыс қимыл-қозғалыстар жасап, денесін шынықтыру, еңбекпен ақыл-ойынның жетіле түсуі, этика мен эстетикалық сезімнің дамуы, адамгершілікке тәрбиеленуі үнемі жүріп жататыны, мұндағы маман педагогтардың ролі көрсетеді.

Ол мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, оларға айтылатын сөздердің де, көрсетілетін іс-қимылдың да орынды, тағылымды болуын ескерткен. Танымал педагог алдындағы баланың бойындағы білуге, ұғуға, көруге деген әуестігін тыйып тастамай, оларды алға қарай бағыттап, оның қасиеттерін дамыта отыру керек екендігін нақты мысалдармен түсіндіріп берген.

Бұл жағдайларды қысқаша түрде былай түйіндейді: «Үй ішіндегі хәм бақшадағы шаруа міндеттерін атқарған соң, отырып түрлі суреттер көреді. Бірігіп, яки басқаша жекелей жүгіріп, топырақтан ойыншықтар жасап, сурет салып ойнайды. Түскі тамақтан соң бәрі бірігіп істейтін қызметтерге кіріседі... Жер жүзіндегі неше түрлі қалықтың жас балалары сол өзінің «балабақшаларында» еркін өсіп, қызғалдақтай жайнап, гүлденіп, балалық шақтың бақытына, қызығына кеңеліп, өзінше ортақтасып, рақатын көрмек».

Сол сияқты, балабақшаларда басты әлеуметтік ролі атқаратын тәрбиеші екендігін айқындап беретін ұстаздың пікірі мынадай: «...жас балаға жұмсалатын тәрбие құралдарының ең күштісі – алдындағы үлкеннің өзінің үлгісі. Сондықтан бала тәрбиешісі жыры шырайлы, сабырлы, шыншыл болуы керек. Бір сөзді де, жұмсақ болғаны да дұрыс. Балалардың тілегіне үйлес келіп, бұлардың білімінің ілгері басуына басшылық ету үшін басшы әйел өзі еңбекпен тіршілік етуі керек. Тәрбие ғылымын басшы әйел тым шұғыл қарастырып даярланбауы тиіс. Әсіресе бала табиғатын тану жөнінде баланың міндетін, зейінін, тілегін хәм қай ретпен қарайлау дұрыс

екенін біліп отыруы міндет... және ең мықты керегі – балаларды да сол қызметінде сүйіп, өзіне-өзі хәм істеген ісінде сеніп, жан-тәнімен кірісуі керек» [1, 13 б.].

Қазіргі кезде мектепке дейінгі педагогика баланың дамуына бағыт беріп, белсенді түрде басшылық етуге бағытталған. Осында балалардың мінез-құлқына өзгеріс енгізіп, ұйымшылдыққы, көпшілікке, мейірімділікке, еңбеккерлікке, іздемпаздыққа, т.б. ізгіліктерге баулу алға қойылған.

Автор мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде оның жас ерекшеліктеріне назар аудару қажеттігін нақты мысалдармен түсіндіреді. Ол баланың қалыпты дамуы үшін оған айтылатын сөз де, көрсететін қимыл да, үйрететін тағылым да шамадан тыс көп болмауы керек және де тым ауыр болмауын ескеруіміз тиіс. Мөлшерден артық тапсырмалар баланың дамуына кері әсерін тигізуі мүмкін, баланың дамуы үнемі дәрігердің және педагогтың бақылауында болуы шарт. Сол кездің өзінде оқымысты ғалымдардың өзі үш жастағы баланың даму ерекшелігін, білімге, зерттеуге, құпия ашуға құмарлығын мәлімдейді. Автор баланың бойындағы білуге, көруге, естуге, тануға, ұғынуға, байқауға, өзінше қайталауға әуестігін тыйып тастамау керектігін, оларды бағыттап, алдында тұрған сауалдарды бірігіп шешуге ұмтылу қажеттілігін, бала мүмкіндігіне қарай тұқым қуалаған мінездің әртүрлі құбылуын дәлелдеп көрсеткен. Мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке дайындауды, олардың «Мен» түсінігін қалыптастыруды және де жас шамаларына қарай даму деңгейін ғылыми түрде анықтауға негізделген. Сонымен қатар, балаларды мектепке толыққанды дайындау мәселелері бойынша қойылған сауалдарды жауапсыз қалдырмаған, ғылыми тұрғыда негіздеп берген. Сонымен қатар мектеп жасына толмаған бала тәрбиесінде ойынның ерекше қызмет атқаратындығына айрықша көңіл бөлген. Ол былай деген: «Балаға керегі – ойын. Ең мағыналы, пайдалы мектебі, бар қызығы ойын. Ойында бала көрген-білгендеріне еліктейді, үйренгендерін нығайтып, бекітеді».

Автор мектепке дейінгі тәрбиенің басты бағыттарына «Тән саулығы», «Баланың сырт сезімдерінің дамуы», «Заттың түр-түсін ажыратуы», «Бала тілінің шеберлігі», «Баланы еңбекке дағдыландыру», «Баланың әсемдік сезімін ояту», «Бала ойындары мен ойыншықтары», «Баланы көпшіл болуға баулу» деп жіктей келіп, осы мәселелердің әрқайсысының мән-мағынасын ашып талдайды.

Атам қазақтың ертеден келе жатқан бала тәрбиесі мен ана мәселесіне қатысты ойларын есте сақтап, сол заманға лайық, тәрбиелік игі істерді санада ұстап, «Баланы – жастан, келінді бастан тәрбиеле» дейтін нақылды жазу барысында ұран етіп ұстанған [4, 182 б.].

Автор «Мектептен бұрынғы тәрбие» атты еңбегінде ең бастысы бірігіп ойын ойнап, еңбекке дағдыландыру, тазалыққа, ұқыптылыққа, реттілікке, ұйымшылдыққа баулу, баланың ойына, жас ерекшелігіне, қабылдау ерекшеліктеріне ескеруге, барлық жұмысты бағындыра алуы, дәрігерлік бақылауда болуын қадағалау, өлең айтып, сурет салуы және т.б. баланың бойындағы өнерлерін дамыту мәселелеріне ерекше көңіл бөледі. Келешек ұрпақтың, яғни қазақ халқының балаларының бақшасы осындай болса екен деп армандаған.

Нәзипа Құлжанованың кейінгі ұрпаққа қалдырған өшпес екінші бір көлемді еңбегі – «Ана мен бала тәрбиесі» деп аталатын кітапшасы. Бұл оқу құралы педагогтарға, тәрбиешілерге, ата-аналар мен балалар дәрігерлеріне анықтамалық ретінде ұсынылған. Одан күнделікті қажетті нәрсені тауып алуға мүмкіндік беретін кітап. Шығарманың көлемі шағын, ал ішінде үлкен мән мен мағынаға толы [7, 6 б.].

Ұлттық және бүкілхалықтық маңызды іс ол ана мен бала мәселесі – денсаулық сақтау, оқу-ағарту, әлеуметтік қорғау ведомстваларын қамтитын, бірнеше салалар бірлесіп шешуге арналған ауқымды құбылыс.

Әйел – ел анасы: ел бастайтын ерлер, данышпандар әйелден туып, әйел тәрбиесінде болады. Сондықтан автор осы еңбегінің кіріспесінде: «Бала қалай бітеді, қалай туады, әйел босанған кезде қалай күтіну керек, жаңа туған баланы қалай тәрбиелеу дұрыс, баланы тамақтандыру тәртібі қалай болуы керек?» туралы сөз етеді. Осы тақырыптарға арнап жазған мақаласын «Әйел теңдігі» журналына жариялап, өз атын халыққа таныта бастады. 1927 жылы №4 номерінде «Әйел теңдігі» журналына «Бала емізудің дұрыс тәртібі», №8-9 санында «Бала ауруы», №10-11 номерінде «Баланың жұқпалы аурулары» атты мақалаларын жариялады [4, 183].

Осы кітапшада баланың дені сау болып өсуіне, оның ана құрсағында қажетті жағдайды жасайтын қоғам дей келіп, әйел-ананың отбасы тіршілігіндегі жауаптылығын сезінуі, ол үшін әйел-ананың сауатын ашып, әрдайым уақыты болғанда оқып, ізденіп жүруі, өмір легінен қалыптаспауға тырысуы керектігін ескертеді. Осы еңбекте әйел-ананы дертке шалдығуынан сақтандыратын кеңестері де бірталай баршылық. Әйелдің екіқабат және босану

кезіндегі ескеретін жағдайларды одан кейін жас нәрестені күту ережелері тәптіштей сөз етіліп, күнделікті өмірге қажетті ақыл-кеңестер айтылады.

Нәзипа Құлжанова бала тәрбиесін екі жағдайда сабақтастыра қарайды. Біріншісі – отбасында ата-ананың беделін сақтаудан туса, екіншісі – бала тәрбиесінің жан-жақтығын қадағалайтын әрекеттер. Ата-ананың отбасындағы бірлік, достық, татулық, ананың денсаулығы, рухани дүниенің кеңдігі, бала тәрбиесіне тікелей әсер ететін жағдайлар деп санайды. Осы себепті дөрекі еркектердің әрекеттерінен, анаға деген феодалдық көзқарастарынан, әйелдің өз міндеттеріне салақ немесе немқұрай қарайтын жалқау, еріншек, жағымсыз қылықтарымен жирендіре, оларды жағымды да сүйкімді мінез-құлықтарымен салыстыра екшеп, ойлануға жетелейді.

Осы кітапшада «Жүкті әйелдің күтімі», «Емшек баласын дұрыс емізудің тәртібі», «Емшек баласының дене тәрбиесі», «Бала күтімі», «Баланың аурулары», «Баланың жұқпалы аурулары», «Баланы аурудан сақтандыру», «Баланың өсуіне күннің сәулесі, таза ауа қажет» дейтін тақырып мәселелері терең жан-жақты қарастырылған [1, 14 б.].

«Бала күтімі», «Баланың аурулары», «Баланың жұқпалы аурулары», «Баланың өсуіне күннің сәулесі, таза ауа қажет» жазған мақалары балалардың табиғи қалпын бұзбай мінсіз баулу, оған өскен ортасының әсері, балдырғанның мінеқұлқын, іс-әрекетін қалыптастыру, оның сезім мүшелерінің ақаусыз дамуын, баланың жаратылысқа еркін қызығуын өркендету, зейін, зерде, қабілет, түйсік туралы жан-жақты, терең, әсерлі баяндалған. «Баланы аурудан сақтандыру» атты тақырыпта баланы уақытында тамақтандыру, таза ауаға шығарып серуендетіп ойнату, бала өзін еркін сезіне алуға үйрету туралы жан-жақты баяндалған [8, 43 б.].

Нәзипа Сегізбайқызы арнайы дәрігерлік білімі жоқ болса да көптеген әдебиеттерді ақтара келе, бала мен ана денсаулығына қатысты пайдалы кеңестерді рет-ретімен оқушысына, көпшілікке ұсынып, қазақ тарихында өз есімін мәңгілікке қалдырған еліміздің көрнекті ұстазы.

Нәзипа әйел адамның міндеттерін ескере отырып, олардың өз жұмыстарына жауаптылықпен қарауға итермелейді, бірақ жұмыстарын атқаратын жауапкершіліктерін жеңілдете қоймайды. Оны айту себебіміз, келесі мақалалардан көреміз: «Жұма күндерінде қазақ әйелдеріне кеңес», «Үй қандай болуы керек?» деген ойласу ретіндегі ақыл-кеңесінен, отбасының шаңырағын биіктете,

босағасын берік ете түсуге шақыруынан көреміз. Осының бәрін жазушы отбасы тұрмыс салтының олқы жақтарын көзімен көріп күйзелген толғанысын ортаға салуы да – әйелдің ертенгі қамы үшін жазған. Үйдің таза да дұрыс ұстауды мойындата отырып, үндейтіні, шақыратыны - тірлік қамындағы үздіксіз еңбеккерлік. Қорыта айтқанда отбасының жағдайы баланың болашақ өміріне, тәртібіне көп әсер етеді. Бала ата-анасынан көргеніне еліктеп, өскенде соларға ұқсайды. Сондықтан баланың тәрбиесіне отбасының жан-жақты көңіл бөліп, оларға бос уақыттарын арнауы тиіс, сонда ғана бала ештеңеден қысылмай қоршаған ортада жақсы жағынан дамиды. Бұл қоғам заңдылығы.

Автордың артынан қалдырған еңбектері педагогика тарихының мәңгілік өшпес із қалдырды. Ол қазіргі кезде мектепке дейінгі тәрбие саласында қызмет атқарып жатқан мамандар үшін теориялық және әдістемелік құралға айналған, сонымен қатар осы кітап әлі осы уақытқа дейін өз құнын жоғалтқан емес.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Халқыма деп іс қылды // Құр. Сыздықова Р. – Алматы : «Рауан», 1993. – 168 б.
- 2 Кәріпжанова Г. Ана мен бала тәрбиесінің алғашқы қарлығашы // Мектепке дейінгі педагогика, – 2008, – 1-3 бб.
- 3 Селкебаева А. Нәзипа Құлжанова: қоғамдық саяси және ұстаздық қызметі // Қазақ тарихы, – №2 (107), – наурыз-сәуір, – 2011. – 29-30 бб.
- 4 Чакенова Б. Нәзипа Құлжанованың ұстаздық жолы мен ағартушылық қызметі // Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының Хабаршысы, – Алматы, – 2008, – №2 (3), – 180-184 бб.
- 5 Садықова Ә. Нәзипа Құлжанова мен Ахмет Байтұрсынұлы // Қазақ тарихы, – №2 (107), – шілде-тамыз, – 2013, – 33-34 бб.
- 6 Куришбекова А.А. Құлжанова Нәзипа Сегізбайқызы ағартушы-педагог, журналист-аудармашы, туғанына 125 жыл (1887-1934жж.) // «Туған өлке», «Радной край». – Алматы, – 2013. – №1. – 6-8 бб.
- 7 Каненова Г.Т., Сейдалықызы Д. Нәзипа Құлжанованың оқу-ағарту саласындағы қызметі // Егеменді Қазақстан, – 13 мамыр, – 2008. – 4-7 б.
- 8 Елкеева Ә. Нұрғали және Нәзипа Құлжановтардың әлеуметтік-педагогикалық көзқарастары // Қазақстан мектебі, – 2004, – №9, – 42-44 бб.

О РОЛИ Г. Н. ПОТАНИНА В ФОРМИРОВАНИИ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОЙ ОБЩНОСТИ КАЗАХСКОГО И РУССКОГО НАРОДОВ

РАХИМЖАНОВ К. Х.
 профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар
 АКОШЕВА М. К.
 профессор, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Как справедливо пишут исследователи жизни и деятельности Григория Потанина, «Интеграционные процессы, заметно усилившиеся в последнее десятилетие на евразийском пространстве, способствуют росту интереса исследователей к становлению и развитию межкультурных связей этносов, проживающих на этой огромной территории. Новые государства на территории Евразии сначала начали стремительно отдаляться друг от друга, затем, осознавая свою историко-культурную общность и общие экономические интересы в условиях глобализации, снова начали сближаться, что привело к логическому результату — образованию Таможенного Союза» [1, 9 с.]

В деле формирования историко-культурной общности казахского и русского народов большую роль сыграла передовая научная интеллигенция, которая в итоге целенаправленного изучения Центральной Азии внесла значимый вклад в сближение двух народов.

Велико значение научного наследия Григория Николаевича Потанина, учёного-путешественника, одним из первых начавшего историко-географическое изучение Центральной Азии. Это очень важно, ибо «Вплоть до второй половины XIX в. Центральная Азия оставалась для российских ученых-историков неизведанным краем. Целенаправленного изучения этого региона не было, если не считать одиночек-энтузиастов, зачастую не имевших серьёзных научных знаний и подготовки. Несмотря на то, что Русское Географическое Общество (РГО) время от времени оказывало им помощь, результаты этих псевдок были малоизвестными и незначительными. Отрицательную роль для изучения Азии сыграла европоцентристская концепция, отвергавшая наличие государственности и своей собственной истории у кочевых народов. В середине XIX в. в российском научном сообществе всё чаще стало высказываться мнение о необходимости проведения экспедиций в Центральную Азию. Поэтому РГО ставит одной из своих задач исследование Туркестана,

Монголии, части Китая. Попутно снаряжались поездки в казахскую степь и в Среднюю Азию» [1, 10 с.].

Исследование жизни и деятельности Г. Потанина убеждает в том, что заслуги ученого перед наукой бесценны, что научное наследие Г. Н. Потанина отличается своим содержательностью и глубиной научного поиска.

Открытия Потанина, сделанные в ходе экспедиций, носят междисциплинарный характер, касаются географии, биологии, этнографии, истории, культуры. Наш интерес к жизни Г. Потанина связан и с желанием представить свое видение исторических процессов, связанных со сферой деятельности выдающегося ученого. На нынешнем этапе развития государственности Казахстана иначе воспринимаются и вопросы, связанные с «евразийским» аспектом в богатом наследии учёного, а также со взаимоотношениями ученого с представителями казахской интеллигенции, цветом степной элиты. Немаловажно то, что «Г. Потанин собрал образцы богатейшего фольклора тюрко-монгольских народов, позволившие выработать концепцию цивилизационного развития, основная суть которой заключалась в признании равноценности историко-культурного наследия азиатских и других народов. Восток воспринимался Г. Н. Потаниным как необходимое звено мировой культуры. Благодаря его путешествиям раздвинулись границы стран, и в русской общественной среде узнали о казахах, монголах и других народах Азии. Исследователь, используя метод сопоставления, выявлял определенные тенденции к взаимодействию народов и межэтнической интеграции» [2, 11 с.].

Г.Н. Потанин – крупнейший региональный деятель, путешественник-исследователь. С учётом всех экспедиций и поездок Г. Потанина в Казахстан, 15 лет жизни исследователя прошли здесь. И он не забывал места своего рождения. Казахская тематика была одним из главных направлений его научной деятельности. За свою долгую жизнь Потанин написал немало исследовательских работ о Казахстане. Если попытаться определить круг интересовавших его вопросов, то можно выделить такие основные темы, как быт и культура казахов, взаимосвязи казахов и русских, крестьянское и казачье население Прииртышья и Алтая.

Еще в 1863 году Г. Н. Потанин по рекомендации Семенова-Тянь-Шанского принял участие в экспедиции К. Струве на Зайсан. Основной целью группы была съемка местности для составления подробных карт, а для Г. Н. Потанина – дополнительно к этому – всестороннее изучение степного края.

Весной 1863 года экспедиция прибыла в казачью станицу Кокпектинскую. Оттуда, в сопровождении проводника Тана Тлемисова, двинулась к озеру Марка-Коль. Г. Н. Потанин с интересом собирал гербарий, живо интересовался жизнью местного населения. В свой научный отчет он внес много сведений о быте казахов, немало данных из архивных документов XVIII – начала XIX веков, применив для этого свое знание материалов Омского архива. Ему пригодились все!

Добравшись до озера Марка-Коль, он узнает, что живущие в этом районе казахские аулы рода Кожамбет имеют в Зайсанской долине небольшие посеи, а зимовки их находятся в горах, у озера. С интересом наблюдал Г. Н. Потанин каждый вечер рыбную ловлю, когда при свете факелов гонят рыбу вверх по реке к истоку, перегороженному неводами; как делят улов. Это были не простые наблюдения за жизнью. Именно Потанин отметил необычайное стремление казахов к оседлости, распространение у них русских орудий труда и предметов быта в результате торгового обмена.

Летом 1864 года К. Струве и Г. Н. Потанин продолжили работу. В совместно написанном труде «Поездка по Восточному Тарбагатау летом 1864 г. Карла Струве и Григория Потанина», опубликованном в 1867 году, они красочно и подробно писали о своем путешествии. Г. Потанин много страниц посвятил описанию быта казахов: то были кочевка на джайляу, пословицы и поговорки, загадки, песни, сказки. Перимечателен тот факт, что к своему отчету он приложил сведения о горах Заир и Ирень-Хабирга, материалы о торговле Семипалатинска в конце XVIII века, которые он обнаружил в Омском архиве.

Г. Н. Потанин один из первых заговорил о взаимодействии и взаимовлиянии русских крестьян и казахов. В «Заметках о Сибирском казачьем войске» он рассказывает о том, что в среде казаков казахский язык был разговорным, им были хорошо знакомы местные обычаи, част населения придерживалась этих обычаев. И что интересно для нас, он обнаружил: более тесно русские и казахи взаимодействуют в районе станиц Коряковской и Ямышевской.

Потанин, будучи казачьим офицером, часто засиживался в Омском архиве, результатом этих чтений и поисков стали «Материалы для истории Сибири», увидевшие свет в 1866 году. В этих «материалах» мы находим сведения о заселении и земледельческом освоении Казахстанского Прииртышья. Также много сюжетов из казахстанской тематики содержит работа «Памятники сибирской истории 18 века».

Известны встречи Г. Н. Потанина с Ш. Уалихановым, с А. Бокейхановым, А. Байтурсиновым и другими алашордынцами.

Изучение казахских легенд и сказок, записанных как на языке оригинала, так и в переводе на русский язык, получило отражение в научных трудах. В этом благородном деле ученый-этнограф тесно сотрудничал с такими известными просветителями, как Абай Кунанбаев, Муса и Садвакас Шормановы, Имантай Сатпаев (отец академика Каныша Сатпаева), Алихан Букейханов, Ахмет Байтурсинов, Миржакып Дулатов, Алихан Ермеков, Жакып Акбаев.

Автор около 260 фундаментальных трудов, Г. Потанин за работу над «Легендами и сказками казахов и алтайских тюрков» в 1886 году был удостоен Большой Константиновской медали Императорского Русского географического общества.

Вот один примечательный факт. В 1915 году в научных кругах отмечали 80-летие Григория Потанина. Выражая чувство особого уважения, специально к юбилею его ученики и соратники выпустили сборники трудов сибирского исследователя.

Не остались в стороне и казахские демократы – Алихан Букейханов, Ахмет Байтурсинов, Муса Шорманов, Алимхан Ермеков, Жакып Акпаев и Миржакып Дулатов. В качестве подарка А. Байтурсинов готовит к изданию записанную Потаниным полную версию поэмы-жыр «Ер Сайын», которая была издана в 1923 году в Восточном издательстве Народного комиссариата национальностей редактором казахского отдела А. Букейхановым.

Книга открывается еще нигде не опубликованным стихотворением А. Байтурсинова, которое было посвящено 80-летию сибирского аксакала Греке (глубокоуважаемого Григория Николаевича) на казахском языке – «В дар Г. Н. Потанину». Уважительное «Греке» говорит об отношении Байтурсинова к Потанину. Этим обращением он как бы подчеркивает общетюркский характер научной деятельности Потанина. Так уважительно относятся казахи только к своим аксакалам. Но Греке превзошел аксакалов своими знаниями и мудростью. Байтурсинов отмечает трудолюбие Потанина, отправлявшегося в экспедиции даже в свои преклонные годы:

Невзгоды и лишения бесчисленных дорог
Тобою пройдены за долгий жизни срок.
Через дожди, метели, снег, жару
Ты шел дорогой верной, благородной, друг.
Не восхваленье это: доказательство тому

На благо родины твой кропотливый труд.
Такое время выпало всем нам:
Безбрежной нищетой война обрекая крестьян.
Алаша скромный дар прими от нас –
Не конь склоняет голову перед тобой,
Не шубой, отороченной мехами с шелком,
Ты слово доброе взамен богатств прими.

Ахмет Байтурсинов подписывает стихотворение «А. Б. 1915 г.». После полного текста поэмы-жыр «Ер Сайын» А. Букейханов дает биографический материал под заголовком «Григорий Николаевич Потанин». Этой статье 96 лет, но, несмотря на это, она не утратила своей познавательной-воспитательной ценности.

Историко-географическое изучение Г.Н. Потаниным Центральной Азии намного обширней в сравнении с исследованиями других русских путешественников XIX в. В отличие от них, он собрал образцы богатейшего фольклора тюрко-монгольских народов, позволившие ему выработать впоследствии концепцию цивилизационного развития, основная суть которой заключалась в признании равноценности историко-культурного наследия азиатских и других народов. Он также оставил обширный материал по истории и этнографии азиатских народов.

Восток воспринимался Потаниным как необходимое звено мировой культуры. Благодаря его путешествиям раздвинулись границы стран, и в русской общественной среде узнали о казахах, монголах и других народах Азии.

В своих изысканиях Г.Н.Потанин, используя метод сопоставления, выявил определённые тенденции к взаимодействию народов и межэтнической интеграции. Обращаясь к вопросу о контактах тюрко-монгольских народов, отметим, что сопоставительный анализ их этнокультурных процессов дает возможность выявить особенности территориальной организации, этносоциальной и хозяйственно-культурной структуры общества. Известно, что этнокультурные процессы являются неперенным аспектом всех национальных процессов в широком смысле. В результате этнических и этнокультурных процессов претерпевают различные изменения этнические общности [2].

Взаимоотношения Г.Н. Потанина с видными представителями казахского народа – одно из значимых звеньев жизни и деятельности ученого. Благодаря контактам с казахской интеллигенцией, Г.Н. Потанину удалось собрать большой фактический материал

по истории и культуре казахов. Исследование темы в контексте русско-казахских отношений дает возможность еще раз проследить динамику их развития. Неоценим вклад Г.Н. Потанина в дело собирания, изучения и публикации устного поэтического творчества казахского народа. Ученый всегда решительно выступал против различных теорий о неполноценности духовной культуры народов Центральной Азии [3, 7 с.].

Вопросы становления и развития демократических взглядов ученого осветил в своих трудах профессор А. Захаренко. Ученый пришёл к выводу, что Потанин – это прежде всего общественный деятель, а уж потом учёный. Автор представил свое понимание его просветительской миссии. Подчеркивая видное значение Г.Н. Потанина среди крупных научных деятелей России второй половины XIX– начала XX в., он отмечал: «Общественно-политическое, научное наследие его громадно. Оно отражает жизнь России, Сибири, Казахстана на переломном, наиболее сложном, во многом знаковом этапе. События этого периода представлены в наследии Потанина в широком, в ряде аспектов в оригинальном восприятии. Это как бы микроэнциклопедия эпохи» [4, 9 с.].

Научное наследие Г.Н. Потанина отличается своим разнообразием, содержательностью и глубиной научного поиска. Анализ его научных и общественно-политических взглядов позволяет подчеркнуть масштаб его уникальной личности и его выдающийся вклад в историко-культурное изучение Центральной Азии.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Рахимжанова Г. Х. Историко-культурная общность центральноазиатских народов в научном наследии Г. Н. Потанина. : автореф. дис. ... канд. ист. наук : 07.00.09. Алтайский гос. ун-т. – Барнаул, 2013. – 24 с.
- 2 Абдулина А.Т. Современные этнокультурные процессы в среде сельского населения Жетысу: автореф. дис... канд. ист. наук. – Алматы, 1998. – 26 с.
- 3 История Казахстана в русских источниках XV1-XX веков. ТУП. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2006. – С.7.
- 4 Захаренко А.Л. Общественно-политическое и культурное наследие Г.Н. Потанина // Учебное пособие для студентов исторических специальностей. – Павлодар: Изд-во ПГУ, 2009.

МЕТОДЫ ПРЕДУПРЕЖДЕНИЯ ДЕТСКИХ ПСИХИЧЕСКИХ РАССТРОЙСТВ

РАХИМОВА Ж. А., КРЫКБАЕВА М. С.

Психическое здоровье является важной составной частью здоровья человека. В первую очередь это обусловлено тем, что организм человека, в котором все элементы взаимосвязаны друг с другом и воздействуют друг на друга, в значительной степени находится под контролем нервной системы, поэтому психическое состояние сказывается на работе каждой из функциональных систем, а состояние последних, в свою очередь, сказывается на психике.

Огромную роль в формировании здоровой психики может и должна сыграть семья. Психика ребенка начинает закладываться в утробе матери. От психологической обстановки вокруг будущей матери, ее эмоционального состояния зависит формирование психики ребенка. И в дальнейшем, уже после рождения ребенка, от того, как относятся к нему в семье, чувствует ли он себя комфортно, защищено, зависят не только индивидуальные особенности ребенка, но и то, насколько полно он сможет самореализоваться в процессе своего развития, насколько разовьются заложенные в нем природой генетические предпосылки. Генотип каждого человека по-своему уникален. От того, насколько окружающая среда, воспитание адекватны природным особенностям человека, во многом зависит его будущее, его психическое здоровье.

На сегодняшний день можно с грустью констатировать, что с каждым годом растет число детей с неврозами, вегето-сосудистыми дистониями, заиканием, энурезами, функциональными заболеваниями внутренних органов, в основе которых лежат нервные факторы: патологии нервной, сердечно-сосудистой, пищеварительной, дыхательной систем. Часто родители читают в амбулаторных карточках диагнозы невропатологов и психологов: минимальная мозговая дисфункция, задержка раннего речевого развития, задержка психического развития, перинатальная энцефалопатия. Но зачастую родители даже не задумываются, что означают эти слова в карточках, ну а немногие специалисты поликлиник спешат объяснить и подробно рассказать родителям, к каким последствиям может привести несвоевременное лечение подобных заболеваний. Купив в аптеке прописанные таблетки,

суспензии, а иногда даже и препараты для внутримышечного введения, родители надеются, что пропьют как положено месяц-другой, и все проблемы как рукой снимет. В большинстве не сильно запущенных случаях медикаментозные препараты помогают, они снимают симптомы раздражительности, приводят в норму внутричерепное давление, в некоторых случаях ребенок начинает говорить большее количество слов. Однако не всегда эффект от такого лечения остается продолжительным. Через некоторое время ребенку опять требуется очередная «доза» психотропных, седативных средств. На что же стоит обратить внимание родителям, если ребенку поставили «нехорошие» диагнозы? В первую очередь разобраться в причинах появления отклонений и патологий.

Каждый ребенок, не считая сильно травмированных неполноценных детей, рождается, чтобы стать разумным, добрым человеческим существом. Кем в дальнейшем становится ребенок – это работа родителей. Каждому ребенку необходимо, чтобы его ласкали, улыбались ему, играли с ним, любили его и были с ним нежны. Это эмоциональное общение для каждого ребенка более важно, чем витамины и калории. Если его много и правильно любят, это научит его в дальнейшем любить других людей, наслаждаться жизнью, то есть нести в себе те положительные эмоциональные качества, которые ему прививали с детства. Ребенок, которому не хватает любви и ласки, вырастает холодным, черствым, отчужденным человеком. Любить ребенка нужно таким, какой он есть, за его наружность, какой бы она ни была, за его повадки. Не нужно в этой любви вспоминать о тех качествах, которые бы вы хотели, чтобы были в ребенке, но которых в нем нет. Это мешает любить. Если вы его любите таким, какой он есть, он вырастает уверенным человеком, верящим в свои силы, а значит, человеком счастливым. Этот человек всегда сумеет себя реализовать.

К сожалению, практикующие психологи и невропатологи не всегда способны помочь таким детям, поскольку в лечении многих психосоматических заболеваний обязательно нужны медицинские знания и опыт. Многим дошколятам необходима консультация психиатра, но это обычно так пугает родителей. Однако чем дольше откладывается визит к специалисту, тем сложнее потом справиться с проблемами. Сложность лечения совсем маленьких детишек заключается еще и в том, что у них возможны совершенно непредсказуемые, парадоксальные, отличные от взрослых реакции на лекарства и психологические вмешательства. Так, выпив

успокоительное, ребенок вместо расслабления может вдруг резко возбудиться. Опасны для малышей и столь популярные сейчас гипноз и экстрасенсорика. Что же остается? Если говорить о психотерапевтических методах, то это семейная и игровая терапии, но они эффективны не во всех, а только в определенных ситуациях. То есть маловероятно, что они помогут при сильных невротических расстройствах.

На сегодняшний день существуют довольно достаточно методов и средств лечения различных физических и психических заболеваний и отклонений. Начиная с традиционной и заканчивая нетрадиционной медициной, человек может взять себе на вооружение один или несколько из множества возможных вариантов лечения. О традиционных методах давно известно всем, и их число растет из года в год. консультации и лечение мануального терапевта, остеопата, гомеопатию, прием БАДов, использование различных методик, например метод Б. Драпкина, настройки Сытина, аффирмации, самовнушения и прочие. К нетрадиционным методам в большей части прибегают только тогда, когда использование традиционных имеет значительный побочный эффект, либо результаты от лечения ими минимальны.

По мнению многих современных педиатров и невропатологов, основным залогом здорового развития ребенка является в первую очередь физическое и моральное здоровье матери. Ее физическое состояние, привычки, ведение здорового образа жизни. Немаловажным также является ее эмоциональное состояние. Начиная с внутриутробного развития, рождения, развития, влияние матери является наиболее сильным, чем многое другие факторы. Физическое состояние ребенка зависит от психологического состояния матери. Нередко мамы удивляются, почему их дети часто болеют, ведут себя неадекватно, замыкаются в себе. Любой врач, будь то психолог или педиатр, скажет, что лечение нужно начинать с матери. Автор одной из успешных методик Б. Драпкин впервые показал не только причины развивающихся у детей психических расстройств, но и как на практике лечить и предупреждать их. Он убеждает нас, что одна из важнейших причин психических расстройств и у детей, и у взрослых – это лишение человека материнской любви. Если в основе взаимоотношений матерей и детей не лежит любовь, то все остальное: дисциплина, успехи в учебе, школе, взаимодействие со сверстниками не имеет большого значения. Если отношения между матерью и ребенком основываются на насилии, они как бы лишены определенного фундамента.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Психология семейных отношений с основами семейного консультирования: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / Е. И. Артамонова, Е.В. Екжанова, Е.В. Зырянова и др.; Под ред. Е. Г. Силяевой. – 3-е изд., стер. – М.: Издательский центр «Академия», 2005. – 192 с.
- 2 Добряков И.В. Перинатальная психология. – СПб.: Питер, 2011. – 272 с.: ил. – (Серия «Мастера психологии»).
- 3 Мастюкова Е. М., Московкина А. Г. Семейное воспитание детей с отклонениями в развитии: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / Под ред. В. И. Селиверстова. – М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2003. – 408 с.
- 4 Ранк О. Травма рождения и ее значение для психоанализа / Пер. с нем. – М.: «Когито-Центр», 2009. – 239 с.

THE USE OF STALACTITE CAVES LISTED AMONG THE WORLD HERITAGES IN CATEGORY „NATURE”

DR. BULCSÚ REMENYIK-DR. DÁVID LÓRÁNT

Associate Professor, Budapest Business School, Budapest, Hungary
Professor, Eszteházy Károly University of Applied Sciences, Eger, Hungary

Abstract

Three caves in Europe were given the world heritage title: two stalactite caves and the Altamira cave in Spain with drawings of the prehistoric man. Škocjan cave and k Škocjan Regional Park have been part of the world heritage since 1986, whereas Aggtelek, Hungary, and caves of the Slovakian karst have been under world heritage protection since 1995. The most visited part of Aggtelek and the Slovakian Karst is the Baradla-Domonica stalactite cave. Both national parks have shown a significant growth in the number of visitors since Hungary joined the EU in 2004. Both in Hungary and in Slovakia visitor and demonstration centers have been built financed by EU sources.

Key words: world heritage, priority natural value, stalactite cave, karst forms

Introduction

Aggtelek, part of Aggtelek stalactite cave and Škocjan stalactite cave part of Karst Mountains differ according to how they were formed: the Hungarian-Slovakian cave system is an A-type (autogenous) karst with rain-water supply and primary cavities close to the surface. Secondary

cavity formations are resulted by mixing corrosion on the lower borderline surface of the karst water lense where bigger cavities (halls) with narrow sections (stenoses) among them can be formed. The Slovenian cave is a B-type karst which means a cave with stream-water-flow system from the sinkhole up to the spring with free airspaces and significant sediment (alluvium) and erosion in case of floods (WALTHAM 1976). The B-type karst is more sensitive of rain water that may cause floods resulting in the formation of several floors upon one another. As far as solid alluvium is concerned in an A-type karst it is minimal, but saturated with dissolved lime whereas in B-type caves it is of significant volume but unsaturated with dissolved lime (HOLDEN, 2003). Both stalactites have been open for the public since the early 19th century, but the number of visitors started to grow only in the late 1970's. The peaks were in 1978 with 24000 visitors in Aggtelek and 50000 visitors in k Škocjan. Such a huge number of visitors started to endanger even the formation of stalagmites, so it had to be decreased. After the caves became a part of the world heritage the number decreased under 200 000 in Aggtelek and reached 66 000 in k Škocjan. Presently the two caves have roughly the same number of visitors (100 000/year) to be decreased under the above number which means a maximum of a 1000 persons a day in groups of 50 (CATER-LOWMAN 2005). The income missing could be completed with introduction and development of new touristic products such as ecotourism, climate tourism and scuba diving tourism. Target groups could be widened effectively with ecotourists interested in therapies and diver tourists of several age-groups.

Table 1
Percentage of availability indices of the EU-27 average (Hungarian Statistical Office, 2006)

| NUTS 3 | Percentage of availability indices of the EU-27 average, 2006 | | | |
|----------------------|---|------|----------|------------|
| | railway | road | aviation | multimodal |
| Obalno-kraška | 69,9 | 75,9 | 82,9 | 79,9 |
| Borsod-Abaúj-Zemplén | 50,5 | 59,3 | 55,6 | 56,2 |

It is equally important to examine accessibility in relation to the given region (in this case (NUTS 3). According to the Spiekermann-Wegener researches (on the basis of traffic sectors, cooperations and their relations) available on the Epson homepage we can see, that accessibility in Borsod-Abaúj county is bad in European terms which means that a

better infrastructure could markedly increase the number of visitors (TÓTH-DÁVID-VASA 2013).

Cave management

Among world heritage nature sites stalactite caves are of a special value. needing equally special professional attitude in management: aspects of sustainability are priorities in relation to touristic demonstration: vulnerable biology and the formations of stalagmites have to be protected along with visiting possibilities for tourists.

Aspects of sustainability differ according to cave types and the increase of visitors is not necessarily the most important goal.

Despite permanent temperature all year, management of winter – period has to take end-of-the – winter snow-melting into consideration that may cause the rising of the water level (Unique natural values of stalactite caves are stalagmite column).

Target-groups may be the so-called discoverer type of tourist (in Cohen's definition) on the one hand, but mass-tourists are also attracted. Caves also serve as illustration of some subjects like Biology and Geography, because cave studies are important part of school curriculum.

With regard to the significant youth tourism (secondary and general school classes in the framework of the so-called „ forest school” – a one week nature protection project obligatory for all schoolchildren in Hungary, once a year) a „honey jar” concept with a number of further attractions should be created (e.g a little paddle lake, a bat-museum, etc) with pseudo-functions like restaurants and bars close to the entrance.

Families, pulmonology patients coming for a treatment in the the unpolluted air as well as cave specialists with sporttouristic and scientific motivations are among the prior target groups.

For adventure tourists (Cohen) newly opened cave section are of special interest.

As part of attraction management skeletons and image or maquettes of extincted animals that once lived in the caves should be demonstrated (bear, sabertooth tiger). To create a story matrix fabulous mystic creatures like dragons could be modelled.

Night tours may be a huge experience, but for this possibility a full light system should be created.

To turn world heritage sites into elements of attraction is an important means of ecocentric lifestyle and an important platform for ecomarket.

In terms of caves world heritage categories could be widened towards rare natural phenomena such as thermal (Pál-völgyi cave, Szemlő-hegyi cave) karst caves and ice caves.

A comparison of Aggtelek and Škocjan caves

Instead of further increase of the number of visitors new target groups should be addressed as listed above. Further target groups could be those interested in esoteric ideas: some trends consider caves the the gates of the underworld and link various mystical things to this concept.

Both mountains were formed in the tertiary period, the Karst mountain's formation started in the Cretaceous, whereas Aggtelek in the Triad producing characteristic temperate karst surface (MIDDLETON-WALTHAM 1986) the features of which are plateaus of average heights of 600 m, dolines, bowl form hollows, multiline karst valleys and uvalas, rock karren and karren fields formed on steep bare slopes, called „devil plows” („ördögszántás”). There are some small dolina lakes in clogged dolinas and blind valleys at borders of karst and non-karst terraces where in the sink-holes - traditionally called „cunning holes”(ravaszlyuk”) or „devil-holes” („ördöglyuk”) by the locals- temporary waters disappear. Spectacular surface formations of the region are completed by smaller and bigger caves and cave systems. The biggest among them is Baradla with its more than 25,5 km length. together with Dominica cave opening in Slovakia. The hidrological relation of the two caves is a good example of multi-layer cave development (PUC 1987).

The swot analysis of the two caves prove many common features, although the Škocjan cave has a more favourable location because of the Slovenian seaside, the ski-centers and the motorway.

Besides the positive elements of the image development there are also more attraction elements since another 4000 other caves can be found close to it, among others the famous Postojna cave. The attendance rate is very similar, because of the national park regulations in both cases. The reason of the difference is rooted in the different development of the two caves as mentioned above. A-type caves are possible to visit throughout the year, even in winter-time unlike the B-type caves. Entrance fees are also similar (12 euro in Aggtelek and 15 euro in Škocjan). The most visited cave is the Postojna (545424 persons in 2008).

Table 2

Visitor numbers in Škocjan cave and Aggtelek cave (Remenyik 2010)

| visitors/year | Škocjan cave/persons | Aggtelek cave/persons |
|---------------|----------------------|-----------------------|
| 2004 | 90 000 | 128 000 |
| 2005 | 93 000 | 150 000 |
| 2006 | 94 000 | 137 000 |

| | | |
|------|---------|---------|
| 2007 | 100 000 | 140 000 |
| 2008 | 100 000 | 132 000 |
| 2009 | 96 000 | 130 000 |
| 2010 | 95 000 | 127 000 |

In both cases there were much more foreign than inland tourists. Perhaps the growth of youth tourism could increase the proportion of inland tourists. A massive seasonality is demonstrated in both caves: the most popular period are July and August, there is an intensive increase in the number of tourists from May on and a quick decrease from September.

Sustainable development in case of caves

In cases of World Heritage Natural Sites the basic goal is the protection of natural values, so instead of increasing the number of visitors it is preferable to widen the group of those interested. For ecotourists the national park itself is the value. and the other 250 caves besides Baradla-Dominica are equally interesting for them. From the 1970's the growing environmental pollution antropogenic effects resulted in new species appearing in the Škocjan cave (DÁVID et al. 2009). Original species are also present, sometimes in a much bigger number. According to the latest researches it is not light which is the minimum factor for wildlife, but food supply. Caves are short of food because of the lack of vegetation, food supply is concentrated around the entrances. Here even species not used to cave circumstances can survive such as certain soil creatures, s saproxylics, and micophag organizations. Due to a rich food supply typical troglodytes spread such as woodlouse (*mesoniscus graniger*, a cave isopod). The most significant troglodyte species using the caves only in certain periods of their lives are the bats. Masses of bats once spectacular disappeared by the turn of the 19-20 centuries as a result of the damaging factors of civilization. Some of the bats more disturbance tolerant (*Rhinolophus hipposideros*, *Rhinolopus ferrumequinum* and *Rhinolopus euriale*) use caves for dwelling and mating. The population of *Rhinolopus euriale* sometimes exceed a thousand.

An absolute novelty is that some mammals have appeared lately in the Aggtelek section of the cave. Firstly in the 1980' martens, then from the 90's foxes started to spread. Eurasian water shrews and the hazel dormouse is also frequent, not disturbed by the tourists.

As a result of artificial light a so called lamp flora appeared in other caves, doing quiet a bit of damage, but luckily it has not spread significantly in Baradla.

Whereas by the end of th 70's some twenty species of moss and two species of fern were indicated, fern has absolutely disappeared by now and only living blocks can be found.

Effects of tourism on Caves

Caves, similarly to humans are born, evolve and die. Their forms, size and character are permanently changing. Formation of crevices is the first step, then it becomes coated with minerals to lose in the end their form and grace because of filling up. This is a project inconceivable in terms of human life and can be measured only in terms of geological ages.

Besides natural forces the human being is able to cause changes to be termed damage rather than change (MICHALKÓ 2007).

The biggest enemy is the human being in case of the stalactite caves: most of the changes are due to visits but careless surface activity has caused damages as well. Earlier breaking of stalagmites was the biggest damage. Not only the have visitors broken pieces to take them home but earlier rich nobles had whole columns sawed to decorate their palace gardens. Braking stones was forbidden first in 1839 in Baradla and in 1849 in Škocjan and even transport of cave formations was regulated. Much mineral precipitation fell victim of careless cave tourism. Permanent damages were caused by the soot of torches producing a thick cover on the walls of cave corridors and halls. Bats were also endangared by humans: tour guides used to shoot among the bats hanging in colonies so that squealing bats flying around should make the tour even more exciting. Already in 1846 Salamon János Petényi the founder of Hungarian ornitology and as paleontology protested against this cruel routine. Construction of a convenient route along the main way and along the Aggtelek –Vöröstó-Jósvafő sections have caused huge changes. The ground structure has been rearranged, narrow parts were widened with explosions, pavements, steps, bridges and stone walls have been constructed, wires and lamps have been put on the walls and cables digged under the ground with much non-organic material brought into the cave in the past 100 years. Cave formations, archeologicaland paleontological remains have fallen victim to these carelessnesses.

Deliberate abuses have been stopped as a result of controlled visiting and guides do not illustrate acoustics by knocking stalagmites any longer. Electric lights are used, polluting carbide lights have been forbidden. Legal regulations secure wildlife. Built sections have been reconstructed according to expectations of nature protection. The basic principles were not to interfere with the natural state more than the minimum requirements, asthetic appearance of technical equipment should harmonize with the underground environment, unnecessary

facilities should not disturb the sight and last, but not least new equipment should be possible to be repaired or changed later without damages. The danger of chemical fertilizers as a result of incompetent plowing around the sinkholes have also ceased to exist. Soil loosened in the direction of the slope let a huge volume of rainwater inside the cave causing a big amount of clay filling up Styx-wing and raising the level of the small paddle-lake. Fertilizers have saturated the soil changing the chemical components of Jósvalfő springwaters (REMENYIK 2010).

Conclusions

The research started from the hypotese, Slovenia and Hungary to the V-Series is located in a large pan-European strategic route that connects the Spanish coastal tourist destinations in Ukraine and Russia. Currently, the Trans European Network Section Five of the Ukrainian -Hungarian border ends. The hypothesis is that the western part of the corridor through Europe ,s most visited destinations forward and rich cultural world heritage, as will the Slovenia and passing through Hungary, the eastern half of the more appealing could be the natural attractions of exploiting even more visitors (Karst Mountains, Alps , Lake Balaton, in the Transdanubian and Northern Mountains). They are based in the region are the world's natural heritage and Geoparks. These include the stalactite caves such Skocjani cave part of the world heritage and the Aggtelek stalactite cave. Their importance is shown that natural categories, importance and unique stalagmite caves are similar only in the U.S. at Mammoth Cave National Park Carlsbad Caverns National Park and the The U.S. declared protected national parks is due to prevention of significant guano development, despite carrying a serious natural values. Established between the two countries Greenway extension, would both increase the number of visitors to the five eastern section of the corridor, Western and Eastern Europe. However, the availability calculations we have carried out have not been all that close to the place, an agreement between the accessibility and the caves closer cooperation would result in a significant number of visitors.

Acknowledgement

The paper was compiled within the frameworks of the TÁMOP Programme (Social Renewal Operative Programme) Research, Innovation, Cooperation - Strengthening the cooperation of social innovation and research networks by the collaboration of Eszterházy Károly University f Applied Sciences, Bay Zoltán Applied Research Non-profit Ltd. and Agria TISZK Non-profit Ltd, project identification number: TÁMOP-4.2.1.D-15/1/KONV-2015-0013. The project is co-funded by the European Union and the European Social Fund.

REFERENCES

- 1 CATER E.– LOWMAN G. (2005): Ecotourism. A Sustainable Option? Royal Geographical Society. Chichester–NewYork–Brisbane.
- 2 DÁVID L. – JANCSIK A. – RÁTZ T. (2007): Turisztikai erőforrások (Tourism resources) – A természeti és kulturális erőforrások turisztikai hasznosítása, Budapesti Gazdasági Főiskola – „GLOBUS-Globális BSc az üzleti képzésben, országos szintű felsőfokú alapképzés megteremtése az üzleti alapszakokon”, Budapest.
- 3 DÁVID L. – TÓTH G. – KINCSES Á. – KELEMEN N. – KOVÁCS B. (2009): A turizmus szerepe a regionális fejlődésben (Az Észak-Magyarország Régió, az I. Nemzeti Fejlesztési Terv 2004-2006 és az Új Magyarország Fejlesztési Terv ÚMFT 2007-2013 alapján) (Tourism in regional development), Regionális Turizmuskutató Monográfiák 1., Károly Róbert Főiskola, Turizmus és Területfejlesztési Tanszék, Gyöngyös.
- 4 HOLDEN A. (2003): Environment and Tourism. Routledge. London–New York.
- 5 MICHALKÓ G. (2007): A turizmuselmélet alapjai (Basis of Tourism Theory). Székesfehérvár.
- 6 MIDDLETON J. – WALTHAM A. (1986): The Underground Atlas-gazetteer of the World's Caves and Karst. Robert Hale, London.
- 7 PUC M. (1987): Škocjanske Jame. UNESCO, Paris/Top Portoroz, Divaca, Slovenia. 20 pp.
- 8 REMENYIK B. (2010): Development of ecotourism in the region of the Aggtelek-Slovakian Karst Mountain and the Tokaj-Eperjes Mountain. Journal of Tourism Challenges and Trends 2010/3. Bucuresti, pp.137-150.
- 9 TÓTH G. – DÁVID L. – VASA L. (2013): The Role of Transport in European Tourism Flows, ACTA GEOGRAPHICA SLOVENICA 54: (1) pp. 1-11.
- 10 WALTHAM A. (1976). The World of Caves. Orbis. London.
- 11 WEARING S. – NEIL J. (2000), Ecotourism: Impacts, Potentials and Possibilities. Butterworth–Heinemann. Oxford–Auckland–Boston.
- 12 WETLANDS INTERNATIONAL (1999). A Directory of Wetlands of International Importance. Slovenia.
- 13 UNESCO (1997): New protection of Škocjanske jame. World Heritage News 12.4. Párizs, pp. 132-156.
- 14 UNESCO World Heritage Committee (1998): Report on the 22nd Session of the World Heritage Committee. Paris.

ЛИЧНОСТНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ КАК ФАКТОР, ЛЕЖАЩИЙ В ОСНОВЕ ГАРМОНИЧНОГО РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕКА

САГАНДЫКОВ А. С.

магистрант, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Вопрос о том, какими внутренними качествами должен обладать человек формировался с начала появления самого человека. Внутренние качества определялись условиями быта, особенностями культуры и общественным строем. Например, задолго до появления термина «личность» история формировала идеальные образы человека в представлениях философов и мыслителей древних времён. Такие философы как: Платон, Аристотель, Сократ выдвигали свои концепции относительно того каким должен быть человек.

Тема реализации личностного потенциала, тесно связана с человеческими потребностями и сферами его жизнедеятельности. По мнению американского психолога Маслоу А. самоактуализация личности – означает выбор возможностей роста [1, 65 с.]. и является одной из основных потребностей, удовлетворение которых поддерживает жизненную активность в человеке. Именно потребность в самоактуализации предполагает развитие и преумножение личных возможностей и является характерной отличительной чертой человека от животного.

Если развивать личностный потенциал через сферы жизни человека, с учётом индивидуальных потребностей, то способность к умножению личных возможностей можно использовать для: повышения духовного и материального благосостояния, активации личностного роста, нормализации жизненной активности, благоприятного взаимодействия с окружением и окружающей средой, улучшения эмоционально-психологического фона.

Но в первую очередь вопрос развития личностного потенциала интересует педагогов и психологов, так как именно они участвуют в формировании личности.

Определение личностного потенциала, является одним из ключевых понятий в психологии личности. Леонтьев А. Н. отмечал: «слово личность употребляется нами только по отношению к человеку, и притом начиная лишь с некоторого этапа его развития» [2, 196 с.].

Категория «личностный потенциал» имеет свою специфику, что привлекает широкий круг учённых и специалистов в области

психологии и педагогики. Леонтьев Д. А. рассматривает личностный потенциал как: «интегральную характеристику уровня личностной зрелости» [4, 315 с.]. и предлагает соотнести данное понятие с понятием «жизнестойкость» – которое включает в себя личностные ресурсы, позволяющие справляться с жизненными задачами [5, 8 с.].

Иными словами личностный потенциал представляет собой совокупность внутренних способностей, навыков, психических качеств которые человек может развивать и применять для удовлетворения личных потребностей, достижения личных целей и задач.

Становление рыночной экономики обострило конкуренцию на рынке труда и в сфере предпринимательства. Молодые специалисты вынуждены работать не по специальности, либо остаются безработными. Что влечёт за собой ряд социально-психологических проблем, при которых не каждый человек способен полноценно реализовать себя как личность:

- Стабильная занятость трудоспособного населения необеспеченна. Человек со средним либо высшим образованием не имеет гарантий на стабильный доход и обретение должного места в обществе.

- Различия в жизненном уровне людей неизбежно ведёт к социальному расслоению, при котором усиливается психологическая напряжённость в обществе.

- Поменялись критерии зачисления в средние и высшие учебные заведения, внесены изменения в программы обучения, поменялся сам образовательный процесс. При этом родители, не имеющие финансовых накоплений не способны дать ребёнку хорошее образование, что порождает замкнутый круг.

Наконец развитие техногенной среды снижает необходимость формирования творческого мышления. Люди неподготовленные к таким условиям нуждаются в дорогостоящем переобучении либо остаются невостребованными в обществе и на рынке труда.

Всё это отрицательным образом сказывается на психике и жизни, при этом личностный потенциал многих людей остаётся неразвитым и нереализованным.

Связь потребностей со сферами жизни человека неоднозначна. С одной стороны человек пытается реализовать свой личностный потенциал в сферах жизни по мере роста потребностей. С другой стороны удовлетворение личных потребностей становится возможным при условии развитости сфер жизни. В которых личностный потенциал является «инструментом» для достижения целей.

Маслоу А. предложил теорию иерархии потребностей, в которой потребность в самореализации относится к потребностям высшего порядка [6, 108 с.]. Однако если учесть факт реализации потребностей в сферах жизни, то мы не сможем проследить их тесную взаимосвязанность через пирамиду потребностей наглядным образом. Поэтому определив основные сферы жизни человека, сопоставив их с личными потребностями, мы вывели семь основных сфер жизни и составили карту (Рисунок 1):

- сфера здоровья и жизнедеятельности;
- сфера финансовых потребностей;
- сфера личного развития;
- сфера окружения;
- сфера личных отношений;
- социально-культурная сфера;
- эмоционально-волевая сфера.




Рисунок 1 – Карта сфер жизни (2.0)

Расположив их на карте сфер жизни, мы получим основу системы гармоничного развития человека. Через развитие этих семи сфер мы предлагаем раскрыть пути развития личного потенциала.

А так же провести эксперимент:

- измерить личностный потенциал студентов обучающихся в вузе.
- оценить полученный результат.
- рекомендовать пути развития личностного потенциала студентов в рамках вуза.
- обеспечить доступность развития личностного потенциала каждого студента.

Научно-практическая значимость изучения путей развития личностного потенциала способствует воспитанию гармонично развитой личности в соответствии с потребностями и природой человека. Государство, в котором развитие личностного потенциала реализуется не отдельными людьми, а осознаётся обществом способно рождать личностей действительно превосходных.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Маслоу А. Самоактуализация / Психология личности. Тексты. – М. : МГУ, 1982. 108-117 с.
- 2 Леонтьев А. Н. Избранные психологические произведения: в 2 т / А. Н. Леонтьев. – М. : Педагогика, 1983. - Т. 1. – 392 с.
- 3 Леонтьев, А. Н. Избранные психологические произведения: в 2 т / А. Н. Леонтьев. – М. : Педагогика, 1983. - Т. 2. – 320 с.
- 4 Книжникова С. В. Девиантология для педагогов и психологов : Учебное пособие – Москва : Директ-Медиа, 2014. – 363 с.
- 5 Фомина А. Н. Жизнестойкость личности. Монография. – М. : МПГУ, 2012 – 152 с.
- 6 Маслоу А. Мотивация и личность. 3-е изд. Пер. с англ. - СПб. : Питер, 2008. – 352 с.

СӘБИТ ДӨНЕНТАЙҰЛЫ ӨЛЕНДЕРІНДЕГІ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ТАРИХИ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАҒАЛАНУЫ

ЖҰМАҒҰЛ С. Б.

ф.ғ.д., профессор, Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

Алаш қайраткерлерінің қазақ мемлекеттігін қалпына келтірудегі тарихи ерен қызметтерін қолдап, елшілдік ұранын жырлауда Сәбит Дөнентайұлының «Қаулы», «Сарыарқа анамызға», «Адаспаспыз», «Алаштың алғашқы құрбанына» өлендерінің маңызы зор.

«Қаулы» – 1917 жылы 5-13 желтоқсан аралығында өткен екінші жалпықазақ сиезі күндерінің ізін баса туған өлең. Алашорда үкіметі,

Алаш автономиясы жарияланып, Алаш мерейі асқақтаған шуақты кезеңді өзек еткен ақын құрылтайда бас қосқан барша қауымның («Бай да бар, шешен де бар, көсем де бар») өрелі мұрат мақсатын, игі арман-аңсарын («Ұят та басқалардан қалғанымыз, Далаға кетпес бұған салғанымыз. Бай малың, батыр күшін аямасын, Ендігі осы болсын арманымыз») жеткізеді. Барша исі қазақ баласын ұйыстырар кемел жұмыс еріккенің ерігі, желіккенің желігі еместігіне әлеумет назарын аудартады. Жеке бастың қамын күйттеген қаймана жұрттың қоғамдық бейқамдығын сатиралық уытты тілімен түйрейді («Сонымен жұрт тарайды асын ішіп, Таң атса таз қалыпқа қалған түсіп. Қаулыны күнде күнде жасайтұғын, Ет бар ма қазан-қазан тұрған пісіп»).

Алаш қайраткерлерінің дербес мемлекет құру жолындағы қажыр-қайратына сенім артқан ақын олардың ел мүддесімен біте қайнасқан азаматтық қажыр-қайратқа толы күрестерін, түрме қорлығы мен патша тыңшылары тарапынан жүргізілген қысымдарға қарамастан ұлтты ұйыстыра білген отаншылдық ұстанымдарын қолдау – қазақты шын сүйген ерлердің абыройлы міндеті деп біледі. Әлеуметті өрге сүйреген тұлғалардың ұлт бақытына туған кеменгерлерлік болмысына сүйсінеді.

«Қазақтан шыққан білгендер
Халқыңды өрге сүйрендер!
Қазаққа да туды ай, күн,
«Жарық мұнда, жүр» дендер.
Бақытымызға берді алла,
Сіздердейін кеменгер,
«Сөзді ұғарлық адам жоқ,
Не ғыламыз» демендер.
Еңбек кетпес далаға,
Жығылғанын демей бер,
Тарт қолынан, ет жәрдем,
Оттан шықсын күйгендер.
Оңсын милләт десеңіз,
Алалықты сүймендер.
Түзу жетсін мақсатқа,
Арттарыңнан жүргендер.
Бұл сөздерді тек көрмес,
Қазағын шын сүйгендер» («Қазақтың білгендеріне»).

Сәбит Алаштың азаттық туы асқақтаған тарихи күндері «Сарыарқа анамызға», «Адаспаспыз», «Алаштың алғашқы құрбанына» атты өршіл рухтағы ұлттық сезімге толы өлеңдерін жазды.

Ақын қасиетті де киелі Отан анамызға деген перзенттік сүйіспеншілігін, имани махаббатын жеткізеді.

«Жүрмісің сау-саламат, қайран анам!
Көрсетті құдай көзге қайдан анам!
Өзіңмен ұрпағыңды еткей еді,
Жасаған жылдан есең, айдан аман!
Жүз құлдық, мың шүкірлік жеткізді Алла,
Болам деп мұндай, сірә, ойда бар ма?
Аймалат көкірегіңді, қыс мойнымнан,
Арман жоқ шықса жаным бүгін таңда».

Отаршылдық тепкісінде жаншылып, тарихтың ауыр тезінен өткен арда елінің азаттық күніне жеткен сәттегі қуаныш күйін тебіреніспен жырлап, ұлттың мәңгілік жасампаздығына мемлекетшілдік сана биігінде келеді.

«Кезінде бойың сыйлы, басың құтты,
Өстірдің тәрбиелеп талай ұлды.
Бақытсыз балаларың туғаннан соң,

Дұшпандар қастық қылды, үзді, жұлды..», – деп егілген ақын алмағайып кезеңде елдікке төнген қауіп-қатерден сақтандырып, қилы дәуірлерде ұлтқа тұтқа болған тарихи тұлғалардың тағылымды өмірін қандастарына үлгі-өнеге етеді.

Елге айбын, дұшпанға айбар болған қыр перзенттерінің Алаш елінің еркіндігі мен жерінің тұтастығы үшін жанын қиған рух ерлігін мақтаныш сезіммен айшықтайды.

«Хан болған Бөкей, Жәңгір, Абылайың,
Ер болған Кеңесары, Наурызбайың.
Сықылды Төле, Едіге биің өтті,
Көп қозғап ескі дертті не қылайың.
Туғыздың нелер сұлтан, арыстанды,
Өткіздің талай бағылан, серке санды.
Басында сол бір дәурен тұрған шақта,
Кім саған көз алартты, беттей алды».

Тарих тағылымын көркемдік танымда жаңғыртқан ақын кешегі бірлігі мығым, елдігі асқақ Алаштың бүгінгі мүшкіл халіне қайғырады. Жатқа тізгін берген елдің ауыр жағдайына күйінеді, атаға жетпей туған жетесіздің ардан безген тексіздігін шенейді.

«Таусылып о күндегі онды балаң,
Арами, азғын туды соңғы балаң.
Өз-өзін мас батырдай байлап беріп,

Жат елге қоңсы болып қонды балаң». Ақын қасиетті де киелі Отан анамызға тағзым етіп, барша Алаш баласының ұлттық сана

биігінде болуы үшін ана алдындағы перзенттік парызы мен қарызын жете ұғынуына, ақтық демі таусылғанша ата-бабалар аманатына адал болуына ой салады.

«Кез келдің мына күнге анамыз-қарт,
Басалқы айт, түзу жөнге балаңды тарт!
Шағында жасың жеткен күте алмаса,
Кінәң жоқ, обалыңды алашқа арт!».

Азаттықтың ақ жолын ұстанған өр халқын елдік заңғарындағы мақсат-мұратына еш адастырмай жеткізетін Алаш қайраткерлерінің қажыр-қайратқа толы кемел істеріне көміл сеніммен қарап, «Адаспаспыз» өлеңімен қуаттайды. Барша қандастарын Алаш баласын еркіндіктің жарық жолына бастаған ақ жүрек ерлердің тарихи қызметін қолдауға шақырып, жұрт жұмысын жұмыла атқарудағы намыстарын қайрады.

«Біз бөйгеге ат қосамыз «Алаш» деп,
Аянбай шап, «егей түс» пен «талас» деп.
Барды аптап, тілеп тұрмыс құдайдан,
Ия, жасаған, аруақ көтер, бақ аш деп!
Кежімдедік талай тарлан шұбарды,
Сүзіп құйрық, тағып үкі, тұмарды.
Әулекі жоқ қосып күлкі боларлық,
Ақыншылды «айт» дегенге құмарды.
Бар шолпаның «Алаш» қазақ ортаңда!
Бар шығарың қайнатқанда сорпаға.
Махамбет те кісі боп па дегендей,
Түк көрмейтін соқыр ма едің соншама» («Адаспаспыз»).

«Ұлттық идея – талай ұрпақтың еңбегімен, қуаныш, қайғысымен сараланған дүние. Бұл қайталанбас байлық өмірге ұлттық, өзіндік тарихи болмысымен келген, сол себептен де ол ұлттық дүниетанымның айнасы», – деп жазады ұлттанушы Амангелді Айталы. Осы ілкі қасиеттерді шығармашылығына сіңірген ақын «Бірін бастап, бірін тастап, ұлт ісімен ойнама» («Жүрекке»), «Қызмет көрсет халқыңа, Игі ат қалсын артына, Діндесінді бауыр тұт, Қарамай қазақ, сартына Аз нәрсеге мас болып, – «Мен пәлен» деп шалқыма, Пайдалы басқа өнерден, Ұлт керегі дегеннен, Жан қиналып жолыңда, Бас кетсе де тартынба» («Замандастар») – деп бүгінгі тәуелсіздік талабымен астасып жатқан мәңгілік қағиданы ту етіп көтерді. Сондықтан Сәбит Дөнентайұлының қазақтың азаттығы үшін жанын қиған Алаштың арда азаматы Қазі Нұрмұхамедұлы қазасына арнап, «Алаштың алғашқы құрбанына» өлеңін жазуы заңдылық болатын.

«Сарыарқа» газетінің 1918 жылғы №34 санында «Байымбет» бүркеншік есімімен берілген «Тұңғыш құрбан» атты мақала соңында Сәбит Дөнентайұлының «Алаштың алғашқы құрбанына» өлеңі жарияланды. Ақын қызыл әскер оғынан қапыда мерт болған Алаш атты милициясының сардары Қазы Нұрмұхамедұлының мезгілсіз қазасына егіліп, ұлт ұланының қаһармандық ерлігін тебіреніспен жырлайды. Азамат ердің баласы сыналар сәтте елі үшін жанын пида еткен есіл боздақты Алаштың қаһарманы деп бағалайды.

«Тірі жанға қылмыссыз,
Қисыны жоқ оққа ұштың.
Қара өмірден тұрмыссыз,
Періште боп көкке ұштың.
Қандай жанға қастық қып,
Кіммен баққа таластың!
Жат жігерін жастық қып,
Қаһарманың алаштың.
Ойлатып хал, шағыңды,
Таңба салдың жүрекке.
Бірақ сенің бағыңды,
Таппас ешкім тілеп те.
Әрі тұңғыш, әрі тақ,
Күнәсі жоқ меймандос!
Қонағыңды күт ап,
Ұлттың ұлы қош бол, қош!».

Алаш азаттығын, ел мен жер тұтастығын, саяси теңдігі мен рухани кемелденуін жырлаған Сәбит Дөнентайұлының «Сарыарқа анамызға», «Адаспаспыз», «Алаштың алғашқы құрбанына» өлеңдері елдік қасиеттерге бұла күш дарытудағы жасампаздық қасиетімен құнды болып қала бермек.

ДІН САЛАСЫНДА КЕҢЕСТІК ЗАҢНАМА: «ШІРКЕУДІҢ МЕМЛЕКЕТТЕН ЖӘНЕ МЕКТЕПТІҢ ШІРКЕУДЕН БӨЛІНУІ ТУРАЛЫ» ДЕКРЕТІ

САДЫҚОВА А. М.
филология және тарих факультеті, ПМПИ, Павлодар қ.

Бүгінгі күні кеңестен кейінгі кезең мемлекеттері үшін мемлекет пен дін арасындағы қатынастар мәселесі өзекті болып табылады.

Коммунистік жүйе үстемдік еткен кеңес қоғамындағы дін жағдайы, дінсіздікті насихаттаған кеңестік идеологияның салдары кеңестен кейінгі кезеңде құрылған елдердің қазіргі діни хал-ахуалына ықпалын тигізбей қоймады. Осы тұрғыдан алғанда мемлекет пен діннің арасындағы қатынастар мәселесінде кеңестік билік тәжірибесін ескерген жөн. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдары жүзеге асырылған дін саласындағы саясатының **мән-мазмұнын тереңірек ұғынуға сол саясаттың нормативтік-құқықтық негізін құраған кеңестік заңнаманы, оның ішінде «Шіркеудің мемлекеттен және мектептің шіркеуден бөлінуі туралы» декретті талдау жәрдемдеседі.**

«Шіркеудің мемлекеттен және мектептің шіркеуден бөлінуі туралы» декреті 1918 жылы қаңтарда жарияланды. Декрет шіркеудің (діннің – А.С.) мемлекеттен бөлінуін жариялап, мемлекеттің зайырлы сипатын танытты. Мемлекеттік немесе көпшілік-құқықтық қоғамдық шараларды өткізу кезінде діни салт-жоралғы немесе ғұрыптарға тиым салынды. Ресми құжаттарда азаматтардың **дінін анықтайтын белгі көрсетілмейтін болды. Декретке сәйкес ар-ұждан бостандығын шектейтін заңдар қабылдауға және дінге қатысты артықшылықтарға тиым салынды. Сонымен бірге азаматтарға кез-келген дінді ұстану немесе ешбір дінді ұстанбау құқығы берілді** [1,373-374 бб.].

Декретке сәйкес мектептер шіркеу мен діни мекемелердің қарамағынан шығып, Ағарту халық комиссариаты қарамағына берілді. Ағарту халық комиссариаты барлық жергілікті халыққа білім беру бөлімдеріне мектептерде діни ғұрып пен діни ілімнің оқытылуына жол бермеуді міндеттеді. «Мектеп шіркеуден бөлінеді. Жалпы білім беру пәндері оқытылатын барлық мемлекеттік және қоғамдық, сонымен бірге жеке меншік оқу орындарында діни ілімді оқытуға тиым салынады», – делінген декреттің 9-тармағында [1,372-б]. Конфессионалдық мектептер жабылып, оқу мекемелерінде діни ілімді оқыту мен қажетті оқулықтарды шығаруға рұқсат берілмеді. Бірақ, мектеп шіркеуден бөлінгенімен азаматтардың жеке сипатта діни білім алу мүмкіндіктері қарастырылды. Семей облыстық Кеңесі 1918 жылы 4 сәуірдегі қаулысында барлық мекемелерге қарасты азаматтық оқу орындарында діни пәндердің оқытылуы тоқтатылатыны атап өтіліп, 4-тармағында білім алушының ата-анасы тілек білдіріп, екі жақтың өзара келісуі негізінде діни ілімді оқыту үшін арнайы тұлғаларды шақырта алады деп шешілді [2,160-б.]. Бірақ мектептерде мұсылман діни ілімін оқытуға қатысты жеңілдік таныту заңға қайшы әрекет деп тынылып, ол үшін жаза берілді.

Декреттің негізгі қағидаттары 1918 ж. РКФСР Конституциясында көрініс тапты. Конституцияның дінге қатысты баптарына сәйкес діннің мемлекеттен бөлінуі бекітіліп, азаматтардың дін тұту еркіндігі мен дінге қарсы насихат бостандығы анықталды. Барлық шіркеу және діни ұйымдар жеке ұйымдар мен одақтар туралы жалпы ережеге бағынатын болды. Шіркеу және діни қоғамдардың заңды тұлға ретінде құқықтарына айырылды. Сонымен бірге дін қызметкерлері сайлау құқықтарынан айырылды. Бұның жалғасы ретінде 1919 жылдың наурызында өткен РК(б)П-ның VIII съезінде қабылданған Бағдарламада былай делінген: «Партия қанаушы таптар мен дінге қарсы насихатты ұйымдастыру арасындағы байланысты жоюды мақсат етіп, еңбекші бұқараның діни көзсоқырлықтан арылуы мен ең кең ғылыми-ағарту және дінге қарсы насихатты ұйымдастыруға жәрдемдеседі. Бұл орайда, діни жанкештіліктің (фанатизмнің) орнығуына алып келетін, діншілдердің сезімдеріне нұсқан келтіруден алыс болу керек» [3,83-б.].

Декрет алғашқыда қабылданған **«Жер туралы» декрет ережелерін бекітті. Шіркеу және діни қоғамдар жерге меншік құқығынан айырылып, олардың бар мүлкі халық игілігі деп жарияланды.** Құдайға құлшылық етуге арналған арнайы ғимараттар мен жабдықтар жергілікті және орталық мемлекеттік биліктің ерекше қаулыларына сәйкес тиісті діни қоғамдардың пайдаланылуына берілді. Құдайға құлшылық ету үшін пайдаланылмайтын барлық шіркеу ғимараттары мемлекеттендірілді. Шіркеу және діни қоғамдарға мемлекет тарапынан қаржылық көмек беру тоқтатылды. Діни қоғамдар құдайға құлшылық етуге қажетті ғимараттарды жергілікті немесе орталық биліктің рұқсатымен ғана ала алатын болды. Монастырларға тиесілі 4 миллиард рубль көлеміндегі капитал, 827 мың десятина жер, 84 зауыт, 1112 қарттар үйі, 704 қонақүй, 277 аурухана мен жетімхана, 436 сүт фермалары, 603 мал қора, т.б. тартып алынды [Толығырақ: 4,141-148 бб.]. Тек жергілікті немесе орталық биліктің ерекше қаулылары бойынша діни бірлестіктер діни ғимараттарды пайдалана алатын болды. Бұл ережелер КСРО-ның кейінгі заңнамалық құжаттарында да көрініс тапты [5,89-90 бб.].

Еуропа мемлекеттерінде шіркеудің мемлекеттен бөлінуі үдерісі діни институттардың бірқатар әлеуметтік қызметтерінен айырылуы, діни ғұрыптарды іске асырудың қысқартылуы, діни көзқарастардың дүниеәуи көзқарастармен ығыстырылуы, қоғамдық және жеке санада діни емес дүниетанымның қалыптасуы үдерісі ретінде

көрініс тапты. Қазіргі батыстық өркениет осы үдерістің әр түрлі салаларда (билік жүйесі, құқық нормалары, ғылым, өнер, т.б.) жүзеге асырылуының нәтижесі болып табылады. Кеңес мемлекетінде шіркеудің мемлекеттен және мектептің шіркеуден бөлінуінен басталған бұл үдеріс нәтижесінде шіркеу мен дінбасыларға қарсы бағытталған кең көлемді жазалау науқанына айналды.

Декрет мазмұны әсіресе Орыс православие шіркеуі тарапынан қолдау таппады. 1917 жылы 2 желтоқсанда Синод қабылдаған қаулыға [6,13-15 бб.] қарама-қайшы сипатта болды. Мысалы, Синодтың 25 пункттен тұратын «Православиелік Ресейлік Шіркеудің құқытық жағдайы» туралы қаулысының 4-тармағында православие шіркеуіне қатысты мемлекеттік заңдар шіркеу билігінің келісуімен шығарылуы тиіс делінсе, 13-тармағында православие дініндегі тұлғалардың неке құру жағдайларына қатысты мемлекеттік заңнама шіркеу құқық нормаларына сәйкес бекітілуі тиіс деп анықталды. 1918 жылы 19 қаңтарда Патриарх Тихон орыс Православие Шіркеуінің сенушілеріне арналған жолдауы да наразылық сипатта болды. Онда патриарх қалыптасқан жағдайды шіркеуді кудалау деп сипаттайды [7, 23-25 бб.].

Алғашқыда Декрет ережелері мен нормаларын жүзеге асыру міндетін 1918 жылы сәуірде Әділет халық комиссариаты қарамағында құрылған ведомствоаралық комиссия атқарды. Құрамына ішкі істер, ағарту комиссариаттарының өкілдері және православие, старообрядческой, рим-католик, грек-католик, басқа да шіркеу өкілдері кірді. [8,63-б.] 1918 жылы 8 мамырда Әділет халық комиссариаты қарамағында «Шіркеудің мемлекеттен және мектептің шіркеуден бөлінуі туралы» декретті жүзеге асыру мақсатында арнайы YIII-бөлім («ликвидациялық комиссия») құрылды. Алғашқы отырыста 8-бөлімнің міндеттері анықталды. «Шіркеудің мемлекеттен және мектептің шіркеуден бөлінуі туралы» декрет ережелерін толықтыратын және түсіндіретін құжаттарды дайындау» және «діни реформаны жүзеге асыру барысында жергілікті жерлерде тууы мүмкін түрлі даулы жағдайларды реттеуге жәрдемдесу» бөлімнің негізгі міндетіне жатқызылды. П.А.Красиков басқарған бұл комиссия декреттің негізгі ережелерін жүзеге асыруға қатысты көптеген түсіндірмелер мен өкімдер дайындап шығарды. 1922 ж. қыркүйек айының аяғында Р(б)КП ОК Үгіт-насихат бөлімі қарамағында Дінге қарсы насихат жөніндегі комиссия құрылды. Түрлі үкімет органдарында осы сынды дінге қарсы жұмыс комиссиялары қатқарды. 1922 ж. қазанда шіркеу және дінге қарсы

жұмыспен айналысқан барлық комиссиялар таратылып, олардың орнына мемлекеттік орган – Р(б)КП ОК қарамағында шіркеуді мемлекеттен бөлуді жүзеге асыру жөніндегі комиссия құрылды. Әділет халық комиссариаты қарамағындағы дін мәселелері жөніндегі бесінші (бұрынғы 8-ші) бөлімнің басшысы П.А. Красиков комиссияның уақытша төрағасы болып тағайындалды. Комиссия Саяси бюроға Троцкийді төраға етіп тағайындауға ұсыныс жасады. Бірақ Саяси бюро Орталық Комитет аппаратынан Н.Н. Поповты төраға етіп бекітті. Шіркеудің мемлекеттен бөлінуі жөніндегі комиссия 1928 жылдың 13 мауысымынан Дінге қарсы жұмыс комиссиясы болып қайта құрылды. Құрылғаннан бастап 1929 жылдың аяғында таратылғанға дейін Комиссия діни бірлестіктерге қатысты саяси шешімдерді қабылдауда маңызды рөл атқарды. Тек ерекше маңызды жағдайларда шешімді Саяси бюро қабылдап отырды. Бірақ соның өзінде ол Комиссия шешімдерін ескеретін. 1922-1929 жж. аралығында Комиссияның барлығы жүз жиырма отырысы өткізілді [9].

Шіркеу бірлестіктерінің құқықтық жағдайы мәселесіне қатысты шешім көп талқыланып, мемлекеттік аппарат қызметкерлері тарапынан түрлі пікірлер білдірілді. 1918 ж. 8 мамырда болған бөлім отырысында профессор М.Рейснер баяндамасы талқыланды. Баяндама жаңа әлеуметтік-саяси жағдайда діни және шіркеу бірлестіктерінің құқықтық жағдайын анықтауға арналды. Бұл мәселеге қатысты қатысушылардың көзқарастары әр түрлі болды. Бұны отырыс стенограммасының үзіндісіне сүйенер болсақ, VIII-бөлім қызметкері Гуковский өз баяндамасында діни ұйымдарға берілетін иелену құқығы мен оларды заңды тұлға құқығынан айыру арасындағы қайшылық ашып түсіндірілмегенін атап өтіп, егер қоғамға иелену құқығы берілетін болса, онда ол құқық субъектісі болып табылатыны туралы пікір білдірді. Бірақ құқық субъектісі бола тұра заңды тұлға не жеке тұлға болмау мүмкін емес екенін атап өтті. Бөлімнің тағы бір қызметкері Галкин (дін қызметкері) діни қоғамдарды заңды тұлға құқығынан айыру заңға қайшы болғанымен, қазіргі күрес жағдайында әрі саяси көзқарас тұрғысынан бұл құқықты беруге болмайтынын айтып, бұл орайда патриарх үндеуін ескеру қажеттігіне тоқталды. VIII-бөлім меңгерішісі Красиков революциялық жағдайды әрі ірі шіркеулердің (православие, католик) кеңес билігіне қарсы екенін атап өтіп, олармен күресіп, декреттің 12-ші және 13-тармақтары бойынша еш жеңілдік жасауға болмайтынын кесіп айтты [6,65-б.].

Билік басына келген большевиктер кеңестік мемлекет қағидаларын практикада жүзеге асыру мүмкіндігіне ие болды. 1918 жылы кеңестік Ресей заңнамалық түрде ұждан бостандығын бекіткен мемлекет ретінде дамыған еуропалық мемлекеттермен қатарласты. Дін бостандығымен қатар азаматтардың діни және дінге қарсы насихат жүргізу құқығына кепілдік берген кеңес өкіметі, сонымен бірге, ешбір дінді ұстанбау, атеист болу құқығын да бекітті. Сипаты жағынан айтарлықтай демократиялық болып саналған бұл нормалардың бір тармағына сәйкес барлық діни ұйымдар заңды тұлға құқығынан айырды. Дінге қатысты кеңестік заңнаманың еуропалық елдердің құқықтық тәртібінен бір айырмашылығы осында болды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Декреты Советской власти. Т. I. 25 октября 1917 г. – 16 марта 1918 г. – М., 1957.
- 2 Нургалиева А.М. Очерки по истории ислама в Казахстане. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2005. – 224 с.
- 3 КПСС в резолюциях и решениях съездов, конференций и пленумов ЦК. Т. 2. – М., 1983.
- 4 История России с древнейших времен до второй половины XIX века. Ч. 1. / Под ред. Б.В. Личмана. – Екатеринбург, 1995.
- 5 Мухтарова Г.Д. Ислам в советском Казахстане (1917-1991 годы). Дисс...д.и.н. Уральск, 2007. – 307 с.
- 6 Определение Священного Собора Православной Российской Церкви о правовом положении Православной Российской Церкви от 2 декабря 1917 г./ Русская православная церковь и коммунистическое государство. 1917-1941. Документы и фотоматериалы. – М.: Издательство Библейско-Богословского Института св.апостола Андрея, 1996. – 352 с.
- 7 Первое послание Патриарха Тихона верубцим русской Православной Церкви 19 января 1918 г. / Русская православная церковь и коммунистическое государство. 1917-1941. Документы и фотоматериалы. – М.: Издательство Библейско-Богословского Института св.апостола Андрея, 1996. – 352 с.
- 8 Одинцов М. Русская православная церковь накануне и в эпоху сталинского социализма. 1917-1953 гг. – М.: Политическая энциклопедия, 2014. – 424 с.
- 9 Steindorff L. Zwischen Bürokratie und Ideologie. Die Antireligiöse Kommission beim Zentralkomitee als Koordinator bolschewistischer Religionspolitik in den zwanziger Jahren // Kirchliche Zeitgeschichte. – 1999. – Nr. 1. – S. 106-142.

ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАР АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУЫ

САПАРГАЛИЕВА Д. С.
тәрбиеші, «Балапан» бөбектер бақшасы, Аксу к.

Мектеп жасына дейінгі баланың дүниетанымын, ой өрісін кеңейтіп, сөздік қорын байыту, эстетикалық талғамын арттырып, адамгершілікке баулу ісінде көркем әдебиеттің алатын орны ерекше.

Ертегі, шағын әңгіме, өлең, мақал-мәтел, жұмбақ сияқты балаларға лайықты көркем сөз жанрларының ежелден-ақ тәрбие ісінде зор көмекші екені белгілі. Балабақшада тәрбиеленбеген, әлі мектеп жасына жетпеген ауылдық жерлердің сәбилері кішкентай күнінен өз әже-аталары мен әкешелерінен естіген халық ауыз әдебиеті нұсқаларынан нәр алып өсетіні белгілі. Мұндай шығармаларды сәбилер қызыға тыңдайды, жылдам жаттап алады. Мысалы: «Торғай», «Бақабақа балпақ», «Қарғалар», «Санамақ», тағы басқалар сияқты халық өлеңдері ойнақы тілімен, қайталама сөзімен, музыкалық үнімен бөбектерді баурап, сөз өрнегіне баулиды.

Сол себепті де «Балабақшада оқыту және тәрбиелеу бағдарламасында» 2 жастан 3 жасқа дейінгі балаларға әдеби шығармаларды оқу, тіл дамыту жұмысы арнайы бөлім, 2-ден 3 жасқа, 3-тен 4 жасқа дейінгі балаларға халық ауыз әдебиеті үлгілерінен «Бесік жыры» сияқты ойнақы өлеңдер, санамақтар берілді.

Көркем шығармаларды тыңдауға бала сәби кезінен-ақ құмартып, қызығады. Қысқа ертегі, өлең оқып берсе, тез жаттап алады. Жаттау арқылы оның тілі жетіледі. Әдеби кейіпкерлердің жақсы ісіне сүйсінеді, жаманынан жиренеді – бойын қорқыныш билейді. Сәбилерде жақсы және жаман іс-әрекет жөнінде түсінік пайда болады. Сөйлеу тілі жетіле түседі. Ал тілінің дамуы – баланың бойында қабылдай – ести білу сияқты психологиялық процестердің бірте-бірте қалыптасуына негіз болады.

Мектеп жасына дейінгі балаларға оқып беретін шығармалар, негізінен, үш салаға бөлінеді:

- 1) ауыз әдебиеті нұсқалары;
- 2) классик жазушылардың шығармалары;
- 3) қазақ жазушыларының шығармалары.

Осы саладағы шығармалар тәрбиешіге арналған бағдарламалық материалда нақты жүйеге бөліп берілген.

Әдеби шығармаларды оқу мен сабақты жоспарлауда мына жағдайларды өте мұқият ескеру керек:

1. Әрбір шығарманы оқып берерде баланың жас ерекшелігі, осыған байланысты тәрбие жұмысының мақсаты мұқият ескерілуі шарт. Шығарманың лайықтысын ғана алу керек. Мысалы, сәбилер (3-4 жасар балалар) алғаш рет балабақшаға келді делік. Олардың көпшілігі әлі дұрыс сөйлей алмайды, балабақшада болатын жайттармен, ойыншықтармен әлі таныс емес. Сондықтан алғашқы үш-төрт айда тәрбие жұмысының бәрі, оның ішінде әдеби шығарманы оқып, тыңдату, көбінесе ойын түрінде өтіледі. Ол үшін ойынға негіз боларлық, суретті (суреті өте күрделі болмасын) шығармалар керек. Көлемді шығарманың лайықты бөлімінен кейбір үзінді ғана алынады.

2. Оқылатын шығарма тәрбие жұмысының әр саласын қамтитын болсын. Мысалы: жануарлар, жыл мезгілдері, еңбек, мерекелер туралы және тазалыққа, ұқыптылыққа, әдептілікке баулитын шығармалар.

3. Сәбилер тобында (3-4 жас) тәрбиеші шығарманы мәнерлеп жатқа айтып беруі керек. Бұл тұста тәрбиеші балаларды түгел бақылап отыратын болады. Тәрбиешінің шығарманы жатқа айтып беруі балаларға қызықты болады, оларды жалықтырмайды. Өйткені бала тәрбиешіні тыңдай отырып, әр сөзді дұрыс айтуға тырысады. Сәбилерге тапқакты арнайы жаттату қиын. Сондықтан тәрбиеші өзі жатқа айта отырып, шығарманың қажетті шумағын ойын ретінде қайталау кезінде біртіндеп өзіне ілесіп айтуға үйретеді.

4. Көркем шығарманы оқығанда шығарманың мазмұнына лайықты суреттерді пайдаланған жөн. Өйткені бұл жастағы балалар өз беттерімен оқи алмайды. Ал шығарманың мазмұнын сурет арқылы жылдам түсінеді. Бала кейде кітаптың бетін ашып отырып, суреттің астына жазылған өлең жолдарын дәл тауып, өз бетімен оқып отырғандай әңгімелеп береді. Сондықтан тәрбиеші қажетті шығарманы оқудан бұрын, суретті көрсету арқылы (сәбилер үшін) әңгімелеседі. Соңынан шығарманы оқып береді. Ересек балаларға шығармаға байланысты қажетті суретті шығарма оқылған соң берген дұрыс. Өйткені шығарманы оқудан бұрын сурет көрсетілсе, балалардың бар ынтасы сол суретке ауады да, тәрбиеші оқығанда зейін қойматын болады.

Оқылған шығарманы әңгімелеп айтуға үйрету сабағының үлгі жоспарын төмендегіше құруға болады:

1. тәрбиешінің кіріспе әңгімесі.
2. тәрбиешінің әңгімені оқып беруі.

3. оқылған әңгіме, ертегі мазмұнын көмекші сұрақтар қоя отырып айтқызу.

4. шығарманы қайталап оқу, шығарма мазмұнын балаларға айтқызу.

Мұндайда қысқа әңгіме, ертегі мазмұнын бір балаға, көлемді шығармалардың мазмұнын бірнеше балаға айтқызуға болады.

Әдеби шығармаларды оқып, тыңдату (ересек топта), әңгімелеп беру, әңгімелету, жаттату сияқты сабақ түрлері экскурсия, бақылау, санау, музыка, бейнелеу өнері сабақтарымен байланыстыра жүргізілгені жөн. Бұл сабақтар бірінің мазмұнын бірі толықтырып отырса, тіпті жақсы.

Ендеше баланы мектепке даярлау мәселесінде әдеби шығармалармен таныстыру ерекше орынға ие екенін ескеру қажет.

Бағдарламаға сай мұндай жұмыс баланың жас ерекшелігіне қарай, сабақ мақсатына сәйкес берілетін білім-дағдылар (пән аралық байланысты ескере) бір-бірімен байланыстыра өтіледі. Осылай оқыта отырып тәрбиелеу, тәрбиелей отырып оқыту принципі сәбилер тобынан бастап (2-4 жас аралығы) баланы өзіне қойылған сұрақты түсінікті, оған дұрыс, толық жауап беруге, өзі басқаға сұрақ қойып, жауап алуға, үйрету міндеті іске асады. Осы білім-дағдыларды меңгерте отырып, тәрбиеші баланы айналасындағы адамдармен амандасу, әдепті сөйлесу, алғыс айту, жылы шырайлылық білдіру сияқты мінез-құлық әдептеріне үйретеді. Мысалы, сәбилер тобында Ә. Дүйсенбиевтің «Не деу керек?» деген өлеңінен үзінді оқығанда тәрбиеші мына мақсаттарды көздейді: өлең түріндегі шығарманы тыңдай білуге, жатқа айтуға үйрету; «рахмет», «кешіріңіз», тағы басқа ізеттілікті аңғартатын сөздерді айтуға дағдыландыру, осы сөздерді күнделікті қолдана білуге баулу, тағы басқа. Ал Қ.Мырзалиевтің «Ойыншықтар» өлеңін ересек балалар тобында оқығанда тыңдай білуге үйрету, өлеңде аталған ойыншық жануарлар туралы сұрақтар қойып, олар туралы білімдерін жетілдіру қажет.

Балабақшаға бармас бұрын да бала әр алуан білім-дағдыларды меңгереді. Бірақ көрген-білгені жайлы айтып беріп, салыстыра алмайды. Ал бала білімін жетілдіру, оқуға әзірлену – балабақша тәрбиешісінің жұмысы.

Тәрбиеші қай тақырыпта қандай шығарма оқыса да, бақылау, экскурсия, әңгімелесу, әңгімелетіп айтқызу сабақтарын өткізсе де, әр заттың, іс-қимылдың сөздік атауларын бала түсініп, дәл тани білуге тиісті.

Әдеби шығармаларды оқу, тіл дамыту жұмыстарындағы басты әдістердің бірі – сөздік жұмысын жүргізу.

Мектеп жасына дейінгі мекемелерде балалар өздігінен оқи алмайтыны анық. Сондықтан текст оқуға, әңгімелеп айтуға үйрету, көркем сөздермен таныстыру жұмысы бағдарлама талабына сәйкес тақырыптық принциптерге негізделеді. Ол принциптер – айналадағы дүниемен, қоғам өмірімен, табиғатпен таныстыру, дүние танымын, ой-өрісін жетілдіру, зейінін, қабылдауын бағдарлай білу, қабілеттерін дамыту болып табылады.

Осы мақсаттарға орай әдеби шығармаларды оқу, алған білімдерін тиянақтау, жалпы сөздік қорларын молайта отырып, мағынасы ұқсас, мағынасы қарама-қарсы сөздерді меңгерту, көрген-білгендері жөнінде (салыстыра, теңей айтуға үйрету) алғашқы ұғымдарын қалыптастыру міндеті қойылады.

Шығарма оқу, тіл дамыту жұмысында сәбилер (2-3 жасар) тобында тыңдау қабілетін дамыту, шағын өлеңді жатқа айтуға, ауызша әңгімелеп берген ертегі, әңгімелеп беруге үйрету көзделеді. Ал естиярлар мен ересектер (4-6 жас аралығы) шығарманы тыңдай отырып, оның (әңгіме, ертегі) мазмұнын жүйелі әңгімелей білуге, кейіпкерлердің іс-әрекетін түсініп, өзінше талдап, ойын қорытындылай білуге, кейбір үзінділерді жатқа айтуға, мазмұнға сай әңгіме құрауға, бейнелі сөздерді дәл тауып айтуға, өздігінен салыстыра сипаттай білуге, үйренуге тиісті.

Сабақты мынадай жоспар бойынша өткізуге болады:

1) мәтінді оқудан бұрын мәтінге байланысты баланың не білетінін анықтау ниетімен әңгімелесу;

2) шығарманы оқу (сәбилерге ауызша айтылады);

3) әңгімелесу;

4) әңгімелету (суретпен, суретсіз, ойыншық көрсету арқылы);

5) экскурсия, бақылау.

Бала тілін жетілдіруде мынадай міндеттер көзделеді:

1) сөз үйрету жұмысын әр топта өтілетін барлық сабақ процесінде ұдайы жүргізу;

2) өмірмен байланысты сөздерді үйрету;

3) шығарманы оқыған кезде жаңа сөз үйрету;

4) оқылған шығарма мазмұнын қайталап түсіндіру.

Жаңа сөз үйрету, үйренген сөзді қолдану жағына көңіл бөле отырып, баланың жас ерекшелігіне орай сөз санын (2-ден 3 жасқа дейін сабақта – 2-3 сөз; 4-5 жаста — 4-5 сөз; 5-6 жаста — 6-7 сөзден) белгілеп, сабақ тақырыбын баланың нені игергенін, нені игерту керектігін ескере белгілеу. Осылайша баланы үйренген сөзді саналы қолдана білуге, жаңа сөздермен сөз қорын молайту дәрежесіне

жеткізу қажет. Үйренген сөзді қолдана білуге үйрету, сабақта және сабақтан тыс әр алуан серуен, ойын, еңбек процесіндегі жаттығу жұмыстарында іске асады.

Мектепке дейінгі балалардың сөз қорының басым көпшілігінің зат есім, етістік сөздерден болатыны, ал сын есім, сан есім, есімдік, тағы басқа сөздердің сөз таптарының аздығы көрініп жатады. Сондықтан сөзге үйрету ісінде заттын түр-түсі, формасы, кейде түрі ұқсас заттарды салыстыра отырып жауап алу, білмегенін түсіндіру қажет. Екінші кезекте «Сен нені қалайсың?», «Танып ал, атын ата» деген дидактикалық ойын (ұсақ суреттемен) ойнату орынды. Енді бірде қысқа тақпақтар оқылады. Сабақ жемістер жайында болса, олардың суретін көрсете отырып, тақпақ оқылады.

Тәрбиеші суреттерді көрсете отырып: «Жеміс ағаштары көктемде қайтеді?» «Қандай жемістерді білесіңдер?» «Дәмі, пішіні қандай?» «Шиенің дәмі қандай?» «Алманың дәмі қандай?» «Пішіні неге ұқсайды?» – деген сияқты сұрақтар қойып, жауап алады.

Осыдан соң «Пішінін таны», «Қайда өседі?» деген дидактикалық ойындар басталады. Ойын үшін жеміс-жидек суреттері әзірленеді. Тәрбиеші ойын ережесін түсіндіріп, суреттерді үстел үстіне араластыра тастайды. Шақырылған бала жоғарыдағы сұрақтарға сай жемістерді сипаттап айтады (5-6 жас), екінші бала сол жеміс туралы тақпақ айтады.

Жемістер жөнінде әңгімелесу сабағының қысқаша жоспары былайша болады:

1) жыл мезгілі, жемістер туралы әңгімелесу. Бұрын үйренген сөздерін қолданып, дұрыс жауап беруге үйрету.

2) жемістер туралы өлең оқу. Өлеңдегі салыстырма сөздерге (эпитет, метафора, синоним) көңіл бөлу. Сол сөздерді қайталану. Өздеріне салыстырту.

3) суреттермен (4-5 жас) және сөздік арқылы «Сен нені жақсы көресің?», «Қайда өседі?» (5-6 жас) ойынын ойнату.

4) жемістер туралы жұмбақ (5-6 жас) шештіру.

5) өлеңде аталған жемістердің, күзгі жапырақтардың суретін салдыру не қиып жапсыру (сабақ үстінде).

6) шиіе... (қызыл, домалақ, кішкене, ұсақ шар сияқты). Алма... (домалақ, қызыл, сары, тәтті, қышқыл). Жапырақ... (сап-сары, алтындай, жібектей, сары бояудай, тағы басқа) үйренген сөздерін қосып сөйлем құрату.

Балалар бұл сабақта: *гүлдейді, бұриіктенеді, қышқыл, жұмыр, домалақ, сары, алтындай*, тағы басқа сөздерді игереді. Әдетте

сабақтарға 25-30 минут аздық етеді. Ал сабақтың тартымдылығы тәрбиешіге байланысты.

Заттың түр-түсін, пішімін, қажеттілігін, сапасын танытып, білдіру ісінде балаға тапсырма беріп, орындату, өзіне тапқызу, атын, іс-әрекетін айтқызуға тиімді.

Сондай-ақ сәбилер тобында (балалар ойыншық атына әбден қанығып, сөзбен айтуға үйренген кезде) М. Әлімбаев «Менің ойыншықтарым», Ш. Смаханұлы «Добым менің» деген өлеңдерді оқи отырып, ойнату, әңгімелесу жұмыстары жүргізіледі. Мысалы:

Добым менің, добым менің,

Өзің неткен көңілді едің.

Жымыңдайсың, қутыңдайсың,

Бірақ менен құтылмайсың.

Сабақтың мақсаты: өлеңді жатқа айтуға, оқылған өлеңді тыңдай білуге үйрету, есту қабілетін жетілдіру. Осы өлеңдегі зымырайсың, қутыңдайсың, құтылмайсың (3-4 жас) деген сөздерді меңгерту, өлеңді жатқа айтуға үйрету.

Сабақтың барысы: Өлең не туралы? Доп неден жасалған? Доп еденге түскенде қайтеді? Өлеңде доп туралы қандай сөздер айтылған? (ересек топта) деген сұрақтарға жауап алу. Егер балалар жауап бере алмаса, тәрбиеші ол сөздерді қайталап айтуға тиіс.

Осыдан соң доптың суретін жасау тапсырылады. Сабақтан кейінгі серуен кезінде доппен «Кім қаққыш?» деген жарыс ойыны ойналады. Сабақта үйренген сөздер ойын үстінде қайталанып отырады. Келесі кезектегі мүсіндеу сабағында балшықтан доп жасалады. Музыка сабағында доппен, шеңбермен ойнау жаттығулары өткізіледі, тағы басқа осындай жұмыстар қайталана жүргізіліп отырады.

Тіл дамыту бойынша дидактикалық ойындарды мынандай топтарға жіктеуге болады. Олар:

- тәрбиеленушілердің тілін дамытуға бағытталған дидактикалық ойындар: жаңылтпаш ойындар, «Қуыр-қуыр қуырмаш», «Малдың төлін шақыру», «Сөйлем жарыс», «Сурет сыры», «Сөйлем қуаласпақ», тағы басқа;

- сөйлем, сөз, олардың өзара байланысы туралы түсінікті қалыптастыруға бағытталған ойындар: «Қай сөзді жоғалттым?», «Не қажет?», «Орамал тастамақ», «Домино», тағы басқа;

- заттың атын, қимылын, сынын, санын білдіретін сөздерді меңгертуге бағытталған ойындар: «Суретті лото», «Ғажайып қоржын», «Сықырлы сандық», санамак ойындар, жұмбақ ойындар, тағы басқа.

Тәрбиеленушілердің тілін дамытуға байланысты сабақтарда жұмбақ ойындарды көбірек пайдалану өте тиімді, олар баланың ой-өрісін кеңейтуге, өз бетімен ойланып, заттар мен құбылыстардың сипатталуына, баламасына қарай олардың атын табуға, сөздік қорын молайтуға үлкен септігін тигізеді. Біз тәрбиеленушілердің тілін дамыту, білім деңгейін молайту мақсатында төмендегідей жұмбақтарды пайдаландық: киімдер туралы «Барады, барады, аузын ашып қалады» (кебіс), жануарлар туралы «Таптым, таптым тап жорға, табаны жалпақ боз жорға» (түйе), тағы басқа.

Бұл жұмбақ ойындар сабақтарда жарыс түрінде көрнекі құралдарды пайдалана отырып өткізіледі. Олар тәрбиеленушілерді тапқырлыққа үйретеді, ой-қиялдарының өсуіне көмектеседі, қызығуы мен белсенділігін арттырады. Сондай-ақ тәрбиеленушілердің тілін дамытып, өз бетімен шығармашылық ізденісін, эстетикалық талғамын жетілдіреді.

Балалардың оқу материалдарын қабылдауды ұйымдастыруда құрғақ сөзбен жеткізгеннен гөрі балалардың тілін, танымдық процестерін дамытатын әр түрлі дидактикалық көрнекіліктермен жүргізілген жұмыстардың қабылдануы, балалардың сабаққа деген белсенділігінен, қызығушылығынан, берілген тапсырмаларды дұрыс, әрі тез орындауларынан, қойылған сұрақтарға дұрыс жауап берулерінен көрінеді.

Көрнекілік – оқытуда заттар мен дыбыстардың өзіне тән жаратылыс бітімін, сыр-сипаттарын сезім мүшелері арқылы көзбен көру, қолмен ұстап, құлақпен естіп қабылдауға баулитын дидактикалық құбылыс. «Қазақ жастары» ғылым өнерді, кітап сөзі деп қарамай, заттай көзімен көріп, ажырата білулері керек деген.

Көрнекілік ежелден қолданып келе жатқан принцип, әсіресе балабақшада әр түрлі жас топтарда жиі қолданы.

Көрнекіліктің негізгі түрлері:

1 нақты көрнекілік – яғни заттар мен құбылыстарды тікелей көрсету;

2 бейнелеу көрнекілік – бұл сурет, схема, кесте, плакат, диаграмма;

3 дыбыстық – ұнтаспа, диафильм;

4 көркем сөз арқылы бейнелеу – мұғалім оқушыларға заттар мен құбылыстарды түсінікті де жеңіл баяндау.

Аталған көрнекі құралдары тәрбиеші сөзін терендетіп шындай түседі. Балалардың дүниетанымын жетілдіреді. Тәрбиеші сабақта өзі сөйлегеннен гөрі көбінде балаларды сөйлету қажет. Тәрбиешінің жетекшілігі бойынша бала алғаш күнінен өз ойын толық жеткізе білуі қажет

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Баймұратова Б. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту методикасы. А.1991г.
- 2 Балақаев М. Тіл дамыту мәдениетінің мәселелері. – Алматы, 1995. – Б. 289.
- 3 Желдербаева С. Мәнерлеп оқу. - Алматы,1992. – 159 б.
- 4 Қаженбаева А.Е. Бала танымын ойынмен дамыту//Отбасы және балабақша, 2002, №1.-Б.
- 5 Қожахметова Х. Мәнерлеп оқу. – Алматы: «Мектеп», 1992. – Б. 185.

АЙМАҚТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ (МӘШҰРТАНУ БОЙЫНША)

САТЫБАЛДИН А. С.
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақтың «сөз өнері» ілкі заманнан қалыптасу жолынан өтті. Әдебиет әлемі тарихпен бірге жасап, түрлі кезеңдерден өтіп, жетіліп, шыңдалды. Халық ауыз әдебиеті, жазба әдебиеті, оның ішіндегі ежелгі дәуір әдебиеті, жыраулар поэзиясы, «алтын ғасыр» әдебиеті, XX ғасыр басындағы әдебиет болып жіктелді. Осындай дәуірлеумен жүрген ұлттық әдебиетіміз алып дарияға айналды десек артық айтқандық болмас. Әдебиет атты дарияға арна болып құятын жаңа салалар да келіп қосылды. Сол арналардың бірі – аймақтық әдебиеттану.

Аймақтық әдебиеттану дегеніміз не? Аймақтық әдебиеттану жалпы ұлттық әдебиеттен алшақ жатқан ұғым емес. Ұлттық әдебиетте жазылған көркем туынды «ұлттық тіл мәдениетінің жемісі, ұлттық дүниетанымның, тарихи-поэтикалық зерденің арасында қалыптасқан өз ұлтының шығармашылық өкілі болып табылатын қаламгердің туындысы» [1, 88б].

Қазіргі тәуелсіз Қазақ елінің аумағында бірнеше аймақ бары белгілі. Ел аймақтарының табиғаты, жер бедері, ауа райы, тұрмыстық, шаруашылық жағдайы да әртүрлі. Тілдік, салт-саналық, әдет-ғұрыптық, әдеби-мәдени жағынан да оқшауланады. Тұтас бір мемлекеттің жекелеген аймақтарында өмір сүріп, осы ортада шығармашылықпен айналысқан қаламгерлер аймақтық әдебиет өкілдері болып саналады. Аймақтық қаламгерлердің шығармаларында ұлттық әдебиетпен

тұтастыратын тұсы да, дараландыратын жағы да бар. Тұтастыратыны – көркемдік ойлауда ұлт мінезі, ұлт мәселесінің, жалпы адамзаттық тақырыптың көтерілуі. Ерекшелендіретіні - тілдік қолданысында, мәтіндік баяндауларда, көркемдік суреттеуде жергілікті колориттің орын алуы [15].

Ертіс-Баян өңірі әдебиетінің бастауында, әрине халық ауыз әдебиетінің үлгілері, фольклорлық жанрдағы шығармалар, халықтың ауызша «сөз өнері», халық шығармашылығы жатқаны белгілі. Одан әрі Ертіс-Баян өңірінің әдебиет өкілдеріне Бұқар жырау, Торайғыр би, Шоң би, Шорман би, Қобылан Бөрібайұлы, Көтеш Райымбекұлы, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Иманжүсіп Құтпанұлы, Жаяу Мұса, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Естай Беркімбайұлы, Жүсіпбек Аймауытов, Сәбит Дөнентаев, Иса Байзақов, Нұрлыбек Баймұратов, Қалижан Бекхожин, Мұзафар Әлімбаев, Дихан Әбілов, Қабдыкәрім Ыдырысов, Есентай Ерботин, Қалмұқан Исабаев, Мұбарак Жаманбалиновтарды атауымызға болады [2].

Аймақтық әдебиеттану аясында аталған әдебиет өкілдерінің шығармашылық өмірбаяны мен әдеби мұраларына шолу жасау, ғылыми зерделеу және терең танып-білу аймақтық әдебиеттану ерекшеліктерін бағамдауға мол мүмкіндік берері сөзсіз. Мұның өзі аймақтық әдебиеттану мәселелерінің өзектілігі болып табылады.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы қазақ халқының рухани-мәдени өмірінде өшпес із қалдырған ерекше бір кезең екені белгілі. Сондықтан да осы кезеңнің әрбір қалам иесінің шығармашылығын нақты әрі жан-жақты зерттеу бүгінгі таңда өте маңызды. Демек, сол дәуірдің шын суретін көзге елестету де еш мүмкін емес [3].

XX ғасырдың басындағы Ертіс-Баян аймақтық әдебиетінде ерекше құбылыс болған ірі үш қаламгерді атаған жөн. Олар: Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Сұлтанмахмұт Торағыров және Жүсіпбек Аймауытовтар.

Кейінгі жылдары қазақ әдебиеті тарихында «Тұлғатану» ілімі негізінде Мәшһүртану, Сұлтанмахмұттану және Аймауытовтану салалары оқытылып келеді. Біздің баяндамамыздың өзегі де Мәшһүртану саласы, оның қалыптасу тарихы мен аймақтық әдебиеттану мәселелері төңірегінде болмақ.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы - көрнекті ақын, фольклортанушы, тарихшы, философ, халық ауыз әдебиеті үлгілерін ыждаһаттылықпен жинап, оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші жазбагер. Алаштың біртуар перзенті - Мәшһүр Жүсіп заманынан озып туған дара тұлғасы.

Жалпы, Мәшһүртану саласының қалыптасу тарихын үлкен екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Еліміз егемендігін алған кезеңге дейін ақын, ағартушы, тарихшы, халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаушы Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің өмірі мен шығармашылығы туралы азды-көпті мақала мен тезистер жазған әдебиетші-ғалымдар мен зиялы қауым өкілдерінің еңбегі. Атап айтқанда, М. Әуезов, Ә. Марғұлан, М. Ғабдуллин, Б. Кенжебаев, Қ. Бисенбиев, Ә. Қоңыратбаев, И. Жарылғапов, Ы. Дүйсенбаев, М. Бөжеев, Д. Әбілов және т.б. Екінші кезеңі – еліміз егемендігін алғаннан кейінгі жылдары Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармашылығы, фольклор жанрындағы әдеби мұрасының ғылыми тұрғыда терең және жүйелі зерделенген ғалымдар еңбегін айтуға болады.

Асылы, Мәшһүр Жүсіп туралы алғаш мақала жазған Әлкей Марғұлан болды [4]. Жастайынан ақынның өмір жолы мен шығармашылығын жетік білген әрі Баянауыл-Екібастұз өңірінде туып-өскен Әлкей Марғұланның Мәшһүр Жүсіп туралы мақала жазуы да заңдылық. Ғалымның мақаласы 1940 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің №2 санында жарық көрген. Академик Марғұлан өз мақаласында ақынның шыққан тегі, өскен ортасы, шығармашылығы туралы мағлұмат беріп, ақын шығармаларындағы діни сарын туралы мәселені талқылаған.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығы жайлы белгілі әдебиеттанушы-ғалым Бейсенбай Кенжебаев өзінің «Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары» атты еңбегінде баяндады. Аталған еңбекте ақынның демократтық-ағартушылық бағыттағы өлеңдеріне талдау жасалған және Қазан қаласында шыққан кітаптары туралы жылы лебіздер білдіріп, Мәшһүр бабаның кітаптарына жоғары бағасын берген.

1959 жылы қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелеріне арналған ғылыми-теориялық конференция өтеді. Конференцияда М.Ж.Көпейұлының әдеби мұрасы жайлы І. Жарылғапов, Е. Ысмайлов, Ә. Қоңыратбаев, Ш. Кәрібаев, Б. Кенжебаев баяндама жасайды. Баяндамашылардың бәрі дерлік Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығына шолу жасап, халық ауыз әдебиетін жинаудағы еңбегін ерекше бағалаған. Конференцияда қорытынды сөз сөйлеген Мұхтар Әуезов ғұлама М.Ж. Көпейұлы туралы жарыссөзге шыққан сыншыларға ескертулерін айта келіп, былай дейді: «Мәшһүрдің ұзақ өміріндей шығармашылық жолының да талай-талай кездері болған. Соны ескеру қажет еді. Ол кейде патшалықты жақтаса, кейде халықтық сарынға жақындаған.

1905 жылғы патша манифесінен үміт етіп сөйлеген кезі де бар. Бұл – тарихтық заңды жайлар. Мұндай кездерін мінеудің қажеті жоқ». Осы сөздері арқылы Мұхтар Әуезовтің меңзеп отырғаны 1952-1953 жылдары «Социалистік Қазақстан» газетінде жарық көрген қос мақалада Мәшһүр Жүсіпке «діндар», «ұлтшыл», «панисламист» деген айып тағылуына қатысты болатын. Кеңестік идеологияның қате көзқарастары салдарынан М.Ж.Көпейұлы шығармашылығын жан-жақты тану, зерттеу жұмысы біршама кедергіге тап болды. Ал, конференцияда қорытынды сөз алған Мұхтар Әуезов Мәшһүр Жүсіп шығармашылығын тануға, ғылыми зерделеуге аз да болса ықпал етіп, жол сілтегендей еді.

1959 жылдан жоғары оқу орындарында ақын шығармашылығы оқытыла бастады. Жазбагер мұрасы мен шығармашылығы туралы оң пікір мен жылы лебіздер баспасөз бетінде жиі жарияланып жатты. Алайда, Мәшһүр Жүсіп шығармаларының жеке кітап болып жарыққа шығуы нықтап қолға алынбады.

М. Ғабдуллин, Қ. Бейсенбиев секілді ғалымдар заманның теріс идеологиясы әсерінен Мәшһүр Жүсіп шығармашылығына қатысты сыңаржақты ой-пікірлер айтқаны белгілі.

Ы. Дүйсенбаев «Ғасырлар сыры» (Алматы: Жазушы, 1970) кітабында Мәшһүр Жүсіптің халық ауыз әдебиеті нұсқаларын жинаудағы еңбегін жоғары бағалап, жазушының өткір тілмен халық мұңын жоқтап, ел билеуші өкімет өкілдері әрекетін батыл әшкерелегенін ерекше көрсеткен.

Ә. Жиреншин «Қазақ кітаптары тарихынан» (Алматы, 1971) атты зерттеу кітабында М.Ж. Көпеевтің Қазан қаласында жарық көрген кітаптары жайлы айта келіп, оны демократтық бағыттағы ағартушы ақын деп таниды [5, 36]. Сонымен қатар, Ә. Жиреншин патша цензурасы Көпейұлының кітаптарын бастырған Хусайновтар баспаханасына айып салып, өкімет орындарының авторды саяси қудалауға алуын архив деректерімен дәлелдейді.

«Жалын» журналының 1974 жылғы №3 санында әдебиетші-ғалым Мұратхан Бөжеевтің «Мәшһүр Жүсіп мұралары хақында» атты көлемді мақаласы жарияланды. Ғалым жазбагер Мәшһүр бабаның қазақ фольклоры нұсқаларын жинауда халық поэзиялық және прозалық фольклоры табиғи көне түрін сақтағанын және Бұқар жырау, Шөже, Шортанбай, Орынбай т.б. көптеген ақын-жыраулар толғау сөздерін жинауымен құнды деген әділ пікір білдірді [6, 112б]. Сондай-ақ М. Бөжеев өз мақаласында “ұланғайыр мол дүниеге бүгінгі таңда әлі де болса терең зерттеп, жан-жақты әрі әділ бағасын беруіміз керек” деп түйіндейді.

М. Ж. Көпейұлының туғанына 125 жыл толуына орай «Қазақ әдебиеті» газетінде (26 тамыз, 1983 жыл) керекулік қаламгер Діқан Әбіловтің «Шежіре болған серігі» және филология ғылымдарының кандидаты Сәрсенбі Дәуітовтің «Халықтың маржан сөзін қадірлеген» атты мақалалары жарық көрді.

Д. Әбілов кеңестік идеологияның ықпалынан М.Ж. Көпейұлы діни нанымға, ескілікке қарсы шыққан ағартушылардың бірі деп теріс бағамдайды. Алайда, Мәшһүрдің діни оқу арқылы өмірге көзін ашып, бүкіл дүниетанымында діни уағыздың айқын сезілетінін жоққа шығаруға болмайды [7].

Екінші мақаланың авторы С.Дәуітов Мәшһүр Жүсіптің ел аузынан жинаған әдебиет үлгілері: «Үлгілі сөз», «Бата», «Жар-жар», «Сыңсу», «Жоқтау», «Шешендік сөз» туралы айтқан нұсқаларынан әдеби талдау жасайды.

С. Дәуітов - Мәшһүртану ілімінің қалыптасуына ерекше үлес қосқан ғалымдардың бірі. Ол М.Ж.Көпейұлының әдеби мұрасын мерзімді баспасөз беттерінде жариялап, оқырман қауымға ақын туралы көп мағлұмат берген. Сонымен қатар, Мәшһүр атаның екі томдық таңдамалы жинағын құрастырып, оған көлемді алғысөз жазғанын атап өту орынды [8].

1990 жылы «Қазақ фольклористикасының тарихы» атты ұжымдық жинақ жарық көреді. Жинаққа «Мәшһүр Жүсіп Көпеев» атты ғылыми мақала жазған филология ғылымдарының докторы Зұфар Сейітжанов болды. Ғалым Мәшһүр Жүсіптің фольклор үлгілерін жазып алғанда ескі сөздердің қалпын бұзбай жазып алуының маңызы зор екенін дәлелдеп, Мәшһүрдің ауыз әдебиеті үлгілерін өзінше жіктеуін құптайды. Сонымен қатар, М. Ж. Көпейұлының өзі жинаған фольклор үлгілеріне этнографиялық түсініктер жасауын фольклоршыға тән қасиет деп жоғары бағасын берген [9, 356б].

Еліміз қасиетті Тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін Мәшһүртану саласы ғылыми тұрғыда және жан-жақты зерттеле бастады. Арнайы ғылыми еңбектер жазылды. Мәшһүртану саласы магистрлік, кандидаттық, докторлық диссертациялар және монографиялық еңбектермен толықты. Мәшһүртану саласына алғаш түрен салып, кандидаттық диссертация қорғаған ғалым С. Н. Сүтжанов болды. Ғалым 1994 жылы «М. Ж. Көпеев және оның әдеби мұрасы» атты кандидаттық диссертациясын қорғады, осы жылы «М.Ж. Көпейұлының шығармашылық өмірбаяны» деген методикалық нұсқаулықты да жарыққа шығарды [10].

Мәшһүртану іліміне ақынның туған немерелері – филология ғылымдарының докторы, профессор Қуандық Мәшһүр-Жүсіп пен Сүйіндік Көпеев те зор үлес қосты. Олардың бастамаларымен ақынның шығармашылығына қатысты тың зерттеу-мақалалар мен ғұмырнамалық соны деректері баспасөз беттерінде жиі жарық көрді.

1998 жылы Мәшһүртану іліміне жаңа ғылыми зерттеу еңбектері қосылды. Атап айтқанда, осы жылы Гүлназ Жүсіпова «Мәшһүр-Жүсіп дастандары» [11] және Нартай Қуандықұлы Жүсіпов «М.Ж.Көпейұлының фольклорлық еңбегі» [12] атты кандидаттық диссертациялар қорғады. Сонымен қатар, Ертай Жүсіпов кандидаттық диссертация тақырыбы бойынша «Мәшһүр-Жүсіп және Шығыс руханияты» атты монографиясын жарыққа шығарды [13].

90 жылдардың аяғында М.Ж.Көпейұлының мол мұрасы әдебиеттану, тілтану, тарихтану, этнография және педагогика ғылымы тұрғысынан зерттеу ісі қолға алынды. Әулие бабаның тікелей ұрпақтары – Естай мен Лаура Жүсіпова М. Ж. Көпейұлы жазбаларындағы тарихи дерек, мағлұматтар негізде кандидаттық диссертациялар қорғады. Ал, Айтмұхамет Тұрышев ақын шығармаларының тілі жөнінде көлемді ғылыми еңбек жазып, оны докторлық диссертацияға ұластырды [14].

Ақын мұрасын жан-жақты және терең зерттеу мақсатында Мәшһүртану іліміне қатысты жаңа ғылыми еңбектер жазған ғалымдар қатары да арта түсті. Бұл сөзімізге дәлел ретінде М. Н. Баратованың «Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінің жанрлық-стильдік ерекшелігі», Е. Ж. Сарбалаевтың «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы поэзиясындағы азаматтық әуен» және К.Н. Канапьяновтың «Отражения своеобразия лирики М.Ж. Копеева в русских переводах» деген тақырыптарда жазылған кандидаттық диссертацияларын айтуға болады.

2002-2012 жылдары С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде «Мәшһүртану» әдеби орталығы ашылды. М.Ж.Көпейұлының көптомдық шығармалары жинақталып 20 томдық кітап болып баспадан шықты. «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы» атты тұлғалық экспедициясы да С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ғалымдарының ізденісімен жазылды.

ПМУ-дің қазақ филологиясы кафедрасының оқытушы-профессорлық құрамы да Мәшһүртану іліміне қатысты ғылыми мақалалар, тезистер мен оқу құралдарын жазу ісімен өзіндік үлес қосқып келеді.

Асылы, Мәшһүр Жүсіп шығармашылығы туралы әр кезеңде жазылған көптеген мақалалар мен монография тараулары және

арнайы еңбектер қазақ әдебиеттану саласында берік орын алды. Алайда, акын мұрасын әдебиеттану, тілтану, тарихтану және өзге ғылым салалары тұрғысынан әлі де зерттейтін, ғылыми тұрғыда негіздейтін мәселелер бар екені анық. Болашақта Мәшһүртану саласында, біздің ойымызша, қарастырылуы қажетті мәселелер бар.

Біріншіден, қазақтың белгілі ақыны, фольклортанушысы, тарихшысы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының артына қалдырған мол мұрасы әлем жұртшылығының игілігі үшін өзге тілдерге аудару мәселесі өзекті екені сөзсіз. Мәшһүр бабаның мұрасын шетел тілдерінде аудару арқылы әлемдік өркениеттен жаңа ұғым, сипаттама мен тың тұжырым алу мүмкіндігі туады.

Екіншіден, Шығыс және қазақ әдебиетімен қатар сусындаған Мәшһүр Жүсіп шығармашылығын Ислам діні, мұсылман өркениеті тұрғысынан зерттеу өте маңызды. Мәшһүр Жүсіп дүниетанымы мен шығармашылығына ислам әдебиеті мен шығыстың әдеби дәстүрінің ықпалы, акын дүниетанымындағы шығыстық сарын мен сюжет желілері, шығыс дәстүрімен тамырластық мәселелері тыңғылықты және жүйелі зерттеуді қажет етеді.

Үшіншіден, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының хатқа түсіруімен бүгінгі күнге жеткен қазақ фольклоры мен ауыз әдебиеті үлгілері, атап айтқанда, тұрмыс-салт жырлары, аңыздар, ертегілер, эпостық жырлар, шешендік өлеңдер, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, жұмбақтар, айтыс үлгілері, халық өлеңдері, бата үлгілері, күлдіргі сөздер және т.б. қазақтың ұлттық фольклоры, тарихы, этнографиясы, психологиясы мен педагогикасын зерттеу үшін құнды мұра. Бұл – қазақты, ұлтымызды танудың негізі.

Төртіншіден, аймақтық әдебиетті өлкетанумен байланысты қарайтын болсақ, Мәшһүр Жүсіп жазбаларында Ертіс-Баян өңірінің тарихы, жергілікті әдеби-мәдени ерекшеліктер, тілдік қолданыстар, диалектілер, көнерген сөздер, жер-су атаулары, ру-тайпалардың шығу тегі мен шежіресі туралы құнды жәдігерлер сақталған. Бұл жағы да әлі зерттеуді талап етеді. Осылардың барлығы тұтаса келе аймақтық әдебиетті жеке нысан ретінде зерттеудің өзектілігін көрсетеді.

Қорыта келгенде, Ертіс-Баян өңірінің әдебиеттану ғылымында Мәшһүртану саласы зерттеу бағыты нақтыланған өзіндік концепциясы бар жаңа ғылыми мектеп болып қалыптасты. Ол – Мәшһүртану мектебі. Алайда, уақыт озған сайын Мәшһүртану саласының бағындырар биігі де алыстай түспек, себебі бұл салада әлі де ашылмаған, жазылмаған өзекті мәселелер баршылық.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әдебиеттану терминдер сөздігі / Құраст. З. Ахметов, Т. Шаңбай / - Семей-Новосибирск, 2006
- 2 Әдеби өлкетану «Ертіс өңірі акын-жазушылары»: Оқу құралы / Құраст. Көріпжанова Г. Т., Абаева А.Т., Мұхаметжанова Р. Ж., Окпина Б.М. - Семей, 2012
- 3 Сүтжанов С.Н., Сәрсенбаева Б.Ф. Мәшһүр Жүсіп мұрасы. Оқу құралы. - Павлодар, 2015
- 4 Марғұлан Ә. Қазақ әдебиеті. 1940. №2, 5 қаңтар
- 5 Жиреншин Ә. Қазақ кітаптары тарихынан. – Алматы, 1971. 3-б.
- 6 Бөжеев М. Мәшһүр Жүсіп мұралары хақында. // Жалын, 1974.112-115б.
- 7 Әбілов Д. Шежіре болған серігі. // Қазақ әдебиеті, 1983. 26 тамыз.
- 8 Дәуітов С. М. Ж. Көпеев //Көпеев М. Ж. Таңдамалы. 2-томдық. –Алматы: Жазушы, 1990;1992. – 272; 224-бб.
- 9 Сейітжанов З. Мәшһүр Жүсіп Көпеев. // Қазақ фольклористикасының тарихы. –Алматы: Ғылым, 1988. – 353-388- бб.
- 10 Сүтжан С. Н. Мәшһүр мұрасы.–Павлодар: НПФ «ЭКО», 2001.–104б.
- 11 Жүсіпова Г. Мәшһүр-Жүсіп дастандары. Павлодар: НПФ «ЭКО», 1999. – 164 б.
- 12 Жүсіпов Н. М.Ж.Көпейұлының фольклорлық еңбегі. Павлодар, НПФ «ЭКО» - 1999. – 126 б.
- 13 Жүсіпов Е. Мәшһүр Жүсіп және Шығыс руханияты. – Алматы: Алаш, 2005. – 184 б.
- 14 Тұрышев А. Қ. а) М. Ж. Көпеев шығармалары тілінің кейбір мәселелері. Павлодар, 2002. ә) М.Ж.Көпеев шығармаларының этномәдени лексикасы. Монография. – Павлодар, 2004.
- 15 Әміренов Ә. Д. Аймақтық әдебиеттану мәселелері. – Конференция материалдарынан.

ФУНКЦИИ ПАРЦЕЛЛЯЦИИ КАК ОДНОГО ИЗ ОСНОВНЫХ СРЕДСТВ ЭКСПРЕССИВНОГО СИНТАКСИСА В СОВРЕМЕННЫХ РУССКИХ И АНГЛИЙСКИХ ПУБЛИЦИСТИЧЕСКИХ ТЕКСТАХ

СИНЦОВА М. В.

магистрант, ПГУ имени С. Торайгырова, г. Павлодар

Глобальное реформирование норм современных литературных языков, свидетелями которого мы становимся, затронуло практически все явления языка. Не представляет собой исключения и синтаксис, претерпевающий в последнее время значительные изменения. Это синтаксис потока сознания, где мысль формируется и выражается спонтанно, где взаимодействуют две противоположные тенденции: «к синтаксическому слиянию различных структур в едином потоке и синтаксическому расчленению единых структур» [1].

Среди языковых средств, заметно активизировавшихся в последние годы, следует отметить расчлененные конструкции, являющиеся особой формой построения высказывания. Одной из самых продуктивных структур данного типа является парцелляция. Актуальность изучения парцелляции обусловлена их отнесенностью к грамматике речи, на которой в настоящее время сосредоточено центральное внимание.

Объектом нашего исследования являются парцеллированные конструкции как проявление экспрессивного синтаксиса в языке казахстанских СМИ. Предмет исследования – основные функции парцеллированных конструкций, связанные с экспрессивной направленностью рассматриваемых текстов. Цель данной работы – рассмотреть экспрессивные функции парцеллированных конструкций в современной публицистической речи на материале казахстанской прессы.

Материалом для исследования послужили парцеллированные конструкции, извлеченные из печатных текстов следующих периодических изданий за 2014 год: «Городская неделя», «Новое время», «Наша жизнь», «Регион.kz», «Звезда Прииртышья».

Парцелляция - сравнительно новое синтаксическое явление, суть которого заключается в расчленении структуры предложения на отдельные части, «превращая их в эквиваленты самостоятельных предложений, через своеобразную расстановку знаков препинания, нарушающую общепринятые правила» [2].

Советский исследователь Л. Ю. Максимов в своей работе использовал термин парцелляция для описания явления расчленения предложений в письменной речи, а затем в 50-е гг. А. Ф. Ефремов предложил рассматривать подобные структуры как отклонение от синтаксических норм и также применил для их характеристики термин парцелляция [3, 4].

Середина 60-х гг. XX века ознаменовалась появлением сразу нескольких фундаментальных исследований по вопросам парцеллирования. В них авторы не только сформулировали основные теоретические положения по данной проблеме (в том числе утвердили новый термин), но и доказали целесообразность рассмотрения парцеллированных конструкций как элементов экспрессивного синтаксиса.

Однако до сих пор учеными явление парцелляции определяется по-разному. Теоретическое обоснование явления парцелляции дано в работах Ю. В. Ванникова, Е. А. Иванчиковой, Г. М. Рыбаковой, А. П. Сквородникова и др. Ю. В. Ванников так определяет парцелляцию: «Явлением парцелляции мы называем такой способ речевого членения единой синтаксической структуры, т.е. предложения, при котором она воплощается не в одной, а в нескольких интонационно-смысловых речевых единицах, т.е. фразах» [5].

В понятие парцелляции Е. А. Иванчикова вкладывает более узкое содержание, чем то, что принято считать присоединением. «Под парцелляцией - в самом общем виде - мы будем понимать такой прием экспрессивного синтаксиса письменного литературного языка, существо которого состоит в расчленении синтаксически связанного текста на интонационно обоснованные отрезки, отделяемые знаком точки». Мы будем придерживаться определения парцелляции, данного Ю. В. Ванниковым и поддержанного А. П. Сквородниковым: «Явлением парцелляции мы называем такой способ речевого членения единой синтаксической структуры, т.е. предложения, при котором она воплощается не в одной, а в нескольких интонационно смысловых, речевых единицах, т.е. фразах» [6, 7].

Методом сплошной выборки из вышеперечисленных газетных изданий были выявлены парцеллированные конструкции, которые были распределены в три группы в зависимости от выполняемой ими коммуникативной функции в публицистическом тексте.

Первую группу составляют парцеллированные конструкции, используемые как средство перераспределения информативной нагрузки

частей предложения, не связанные непосредственно с каким - либо эмоциональным значением. Например: Подходит страж порядка. Представляется. («Новое время» №5, 2014 год). Compared to the Soviet years, an increasing number of textbooks, manuals and monographs Kazakh authors. Pavlodar too. Especially in the state language («Новое время» № 6, 2014 год). Однако данные конструкции всегда выражают авторскую позицию по отношению к описываемому событию.

Зачастую в авторском публицистическом тексте парцелляция может связываться с подчеркиванием конкретной эмоции. Это могут быть различные оттенки, от положительной эмоциональной направленности текста до резко отрицательной. В таких конструкциях парцелляция способствует актуализации определенного смысла. Например: Но Головкин сейчас уже жаждет победы - битвы. Чтоб дрожь по коже. У всех. («Новая жизнь» № 3, 2014 год). Fortunately, on the flight I missed. And the plane crashed. («Наша жизнь» № 11, 2014 год). Эти конструкции мы отнесли ко второй группе.

Третью группу представляют собой газетные тексты, в которых парцелляция связана с созданием иронического подтекста. Например: Начались петиции: не хотим сдавать экзамены невежде. И тогда Дурдыев решил срочно выучить химию вновь. За день - другой. В темпе. («Регион.kz» № 21, 2014 год). Who will argue with the fact that snow is white. Of course, usually white... («Новое время» № 2, 2014 год»).

Эти функции типизированы и показывают возможности парцелляции как принципа реализации предложения, который принадлежит системе языка.

В современных языках часто употребляются парцеллированные конструкции. Этот факт свидетельствует о действующей в языке тенденции к расчлененной подаче высказывания. В основе парцелляции лежит подражание естественному развертыванию разговорной речи, когда речь формируется по мере течения мысли, а не является заранее обдуманной и вмещенной в готовые, законченные формулы.

Парцеллированные конструкции детализируют сообщение и в то же время делают его более обозримым, в результате чего усиливается его действенность и возрастает его информативность.

Рассмотрев различные парцеллированные конструкции в публицистических текстах, мы можем сделать вывод о том, что особое воздействующее значение достигается благодаря основным функциям парцелляции, передающим различную эмоциональную окраску текста или актуализирующим определенный смысл текста.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Покровская Е.А. Русский синтаксис в XX веке: лингвокультурологический анализ. Ростовн/Д, 2004.
- 2 Амосова Н. Н. Основы английской фразеологии. Л., 1963.
- 3 Максимов, Л.Ю. Присоединение, парцелляция и текст / Л.Ю. Максимов // Русский язык в школе. 1996. - № 4.
- 4 Ефремов, А. Ф. – Язык Н. Г. Чернышевского. – М., 1951.
- 5 Ванников Ю.В. Синтаксические особенности русской речи (явление парцелляции). М.:1969.
- 6 Иванчикова Е. А. Парцелляция и коммуникативно-экспрессивные и синтаксические функции. // Морфология и синтаксис СРЯ. - М., Наука 1968.
- 7 Сковородников А. П. О системе экспрессивных синтаксических конструкций современного русского языка / А. П. Сковородников // Русский язык в школе. – 1982. - № 1.

МЕСТО ПОСТРОЙКИ ПЕРВОЙ В СРЕДНЕМ ПРИИРТЫШЬЕ СТАВКИ СУЛТАНА СУЛТАНБЕТА И ПОЛОВИННЫЕ МАЯКИ ИРТЫШСКОЙ ВОЕННОЙ ЛИНИИ XVIII ВЕКА

СИРИК В. А.
г. Павлодар

Благодаря труду капитана Андреева И. Г. «Описание Средней орды киргиз-кайсаков» современной исторической науке известно о построении в XVIII столетии российским правительством для местных султанов деревянных домов на реке Иртыш, служивших им зимними ставками. До настоящего времени не локализована ни одна из этих ставок. В данной статье мы, взяв за основу архивные материалы из Государственного архива Омской области, карты военных топографов XIX века, современные топографические карты, а также спутниковые снимки поймы Иртыша, сделаем попытку локализации одной из таких ставок, которая была построена ранее других. Первой ставкой, построенной султану Султанбету в 1776 году, был деревянный дом «... на самом линейном тракте от форпоста Коряковского в первых у половинного маяка, где он ежегодно свое кочевье с давних лет по зимам имеет...» [1, 81с.].

На наш взгляд, исследование жизнедеятельности султана кипчакского улуса Среднего жуза Султанбета – верного

сподвижника Абылай хана, весьма актуально в год 550-летнего юбилея Казахского ханства.

В труде Андреева И. Г. содержится информация о строительстве пяти домов на Иртыше:

1. Дом старшего сына Султанбета Урус султана (Басентиинская волость), построенный «... *прямо станца Черног¹ за рекой Иртышом ... , который построен ему по рассмотрению Сибирскими линиями от командующего генералитета в 1780 году*» [2, 96 с.].

2. Дом Торобатыр султана (Торт-улская волость). «*От станца Кривого вниз по реке Иртышу в 147 верстах ... , где проходит линейной дороге подъем на высокую гору, жительство имеет в построенном доме (Первый дом [...] ему построен за рекою Иртышом и от киргизцев сожжен, а нынешний — в 1782 году.) Торя-батыр-султан*» [2, 97 с.].

3. Второй дом султана Султанбета (Кипчакская волость), «... *которому султану по знатности его в прошлом 1778 году прямо форпоста Коряковского в 7 верстах на заречной стороне для зимнего кочевья построен деревянный дом*» [2, 101 с.].

4. Дом старшины Токтамыша Енузакова (Атыгайская волость), «... *кoему старшине по доброжелательству его в 1783 году построен для зимнего кочевья от станца Черноярского² в двух верстах деревянный дом*» [2, 104 с.].

5. Дом Тюляки батыра (Канжигалинская волость), «... *по доброжелательству к российской стороне Тюляку ниже форпоста Чернорецкого¹ в 19 верстах по реке Иртышу на здешней стороне построен в 1779 году деревянный дом для зимнего кочевья*» [2, 105 с.].

Таким образом, из пяти перечисленных домов – дом султана Султанбета построен ранее других. Кроме того, в статье «В поисках мест постройки домов султану Султанбету» [3, 149-156 с.] были описаны обстоятельства строительства данного дома: предпосылки, время постройки и многие любопытные подробности, сопутствующие строительству. Было выяснено, что в 1778 году дом, о котором писал капитан Андреев И. Г., был не построен, а только перенесен на другое место. Первоначально он был построен на правом берегу Иртыша осенью 1776 года у половинного маяка между форпостом Коряковским и станцем Подстепным. Статья содержала также гипотезу о месте постройки, как оказалось, ошибочную. Так, основываясь на данных рапорта, написанного в Коллегию иностранных дел командующим Сибирскими военными линиями генерал-майором А. Д. Скалоном, о

постройке на *самом линейном тракте*, было сделано предположение, что первый дом султану Султанбету был построен в районе автомобильного кольца-развязки на юге Павлодара, на берегу речки Усолки.

Изучив дополнительно вопрос о постройке маяков на Иртышской линии, мы пришли к выводу, что маяки функционировали в зимнее время. Поскольку пойма, недоступная для проезда весной и осенью, становилась вполне пригодной для проезда в зимнее время, путь от укрепления к укреплению сокращался. Значит, не было никакой необходимости делать маяки на военном тракте, а наоборот, стоило отодвинуть Иртышскую линию зимой поближе к Иртышу. Вот что пишет о степных маяках П. А. Словцов в своей «Истории Сибири»: «*В указе 20 августа 1739 г. насчет линии по рр. Ую и Тоболу повелено строить крепостцы и их населять. В случае дальнего расстояния между ними, напр. 40-50 верст, по неудобству грунта, делать среди них небольшие редуты для караулов и для убежища проезжающих от неприятеля и дабы редут редуту давал повести о неприятеле выстрелом или зажжением маяка. Кто из сибиряков не слышал, что киргизы пользовались оплошностью караулов?»* [4, 266 с.]. Таким образом, строительство маяков было необходимо для защиты от нападений казахов на внутренние сибирские территории и от переходов ими границы с целью выпаса своих табунов. Анализ более чем двухсот архивных документов позволяет сделать вывод, что казахское население приходило к Иртышу и пыталось перекочевать через военную линию недалеко от форпоста Коряковского в зимнее время года, предпочитая летнее время проводить на джайлау в Баянаульских горах, подальше от залитой водой поймы с ее комарами, слепнями и пр. Знаменитый путешественник П. С. Паллас в своем труде «Путешествие по разным местам Российского государства» прямо говорит, что караулы на иртышских маяках содержатся зимой [5, 120 с.]. Он, как и П. А. Словцов, пишет, что маяки по военным линиям построены «*не токмо при крепостях и редутах, но и на половине разстояния, где находятся пикеты, поставлены высокие маяки, которые снабжены смолою и другою горючею материею, и в случае набега грабительных Киргизцов оные зажигают, дабы чрез то дать знак соседственным пикетам*» [6, 373 с.].

Караулы на маяках были сменяемыми, то есть казаки приходили на смену друг другу из военных укреплений (крепостей, форпостов, станцев, редутов) раз в сутки. Если по пути следования к маяку ими были замечены так называемые сакмы – следы перегонов табунов, то с маяка давался знак и военная команда из того или иного укрепления отправлялась на перехват

перекочевавших казахов, чтобы выдворить их с внутренних территорий. Так функционировала система маяков в Сибири.

Поиски места первой ставки султана Султанбета на Иртыше стоят в прямой зависимости от местонахождения половинного маяка между форпостом Коряковским и станцем Подстепным. Для того, чтобы найти место половинного маяка, нам пришлось изучить систему маяков и приблизительно локализовать места постройки всех маяков на Иртышской линии от Омска до Ямышева. Г. Н. Потанин обнаружил в Омском архиве и записал «Реестр, при каких местах определены Киндерманом⁴ почтовые дворы, защиты, маяки и прочие построить [1745 года]» [7, 41-42 с.]. В этом документе указано на строительство 18 маяков. Маяков фактически было построено больше запланированного. Полковник Сибирского гарнизонного драгунского полка Яков Павлуцкий в ведомости о своей службе пишет, что в период с 1745 по 1747 годы между всеми укреплениями от Омска до Усть-Каменогорска были построены маяки, а в некоторых случаях, когда расстояние между укреплениями было больше обычного, строились два маяка [7, 111 с.]. Со временем, на небольшом расстоянии от половинных маяков, казаки стали строить себе дома, давшие начало будущим поселкам. Рассмотрим Иртышскую линию от Омской до Ямышевской крепости для определения, какие поселения существуют на месте старых маяков:

1. Село Черемуховское – между Омской крепостью и Усть-Заостровским станцем.

2. Село Розовка – между Усть-Заостровским станцем и форпостом Ачаирским. Вот что пишет об этом маяке П. С. Паллас: *«По дороге виден поставленной между всеми форпостами бекет, состоящей обыкновенно из небольшого плотничей работы четвероугольника с караульною, надолбами, рогатками и маяком, караул же в оном содержится токмо зимою»* [5, 120 с.].

3. Село Покровка – между форпостом Ачаирским и станцем Изылбашским.

4. Село Бердниково – между станцем Изылбашским и станцем Соляной Поворот.

5. Село Елизаветинка – между станцем Соляной Поворот и форпостом Черлаковским.

6. Село Бол Атмас – между форпостом Черлаковским и станцем Татарским.

7. Село Крутоярское (ныне не существует) – между станцем Татарским и станцем Урлютюбским.

8. Село Башмачное – между станцем Татарским и крепостью Железинской.

9. Село Моисеевка – между крепостью Железинской и станцем Пятерьжским.

10, 11. Аулы Жанабет и Жаскайрат – между станцем Пятерьжским и форпостом Осьморьжским.

12. Село Качиры – между форпостом Осьморьжским и станцем Песчаным.

13, 14. Аулы Кызылтак и Караколь – между станцем Песчаным и форпостом Чернорецким. П. С. Паллас пишет: *«В девяти верстах от последнего солончака лежит наконец еще по правую руку маленькое пресное озеро Гусиное, а полтора верстами далее виден маяк, которых на сем расстоянии поставлены два»*.

15. Село Григорьевка – между форпостом Чернорецким и станцем Чернойарским.

16. Село Павлодарское – между станцем Чернойарским и форпостом Коряковским.

17. Село Кенжеколь – между форпостом Коряковским и станцем Подстепным.

18. Село Комарицыно – между станцем Подстепным и крепостью Ямышевской.

Итак, место половинного маяка, который существовал между форпостом Коряковским и станцем Подстепным, должно было находиться неподалеку от нынешнего села Кенжеколь. Благодаря спутниковым фотографиям поймы Иртыша, сделанным в период максимального разлива реки, доступ к которым имеется в интернет-проекте «Google Earth», в двух километрах от западной окраины села Кенжеколь был найден незатопляемый во время разлива участок земли. Современные топографические карты дают отметку на этом холме в 117 метров над уровнем моря. Это самая высокая отметка между Павлодаром и селом Подстепное. К тому же, на военных картах топографов конца XIX века это место отмечено как «сопка Ак-тюбе». Действительно, при выезде на данное место обнаружилось, что холм выделяется своей светлой растительностью на фоне зеленых пойменных трав. С холма открывается великолепный вид на Павлодар, панорама которого просматривается с района Хим-городок на северо-западе до Дачного микрорайона на юго-востоке. Если бы не село Кенжеколь, раскинувшееся в юго-восточном направлении от холма, то с этой возвышенности и сейчас было бы видно село Подстепное. В результате анализа было выявлено, что

почти равны отрезок пути от сопки до Подстепного и отрезок пути от сопки до места спасательной станции на Иртыше, где в XVIII веке находился Коряковский форпост.

Для подтверждения гипотезы, изложенной в статье, необходимы находки в результате археологических раскопок на сопке Ак-Тюбе. Из источников мы знаем, что сам маяк представлял собой деревянную двухъярусную вышку со смоляной бочкой, хворостом на верхней площадке для подачи сигнала [8, 1034 с.]. Кроме того, при такой вышке находились изба для содержания караула и конюшня. Изба или караульня, а также конюшня обносились палисадом, либо укреплялись рогатками и надолбами. Первое упоминание данного маяка содержится в рапорте командующего в Коряковском форпосте капитана Ветберха в Ямышевскую канцелярию, датированное 9 декабря 1757 года [9, 327-328 об. с.], но построен он, вероятно, еще раньше, а, именно, в период с 1745 по 1747 годы, о чем, как выше указано, пишет полковник Я. Павлуцкий. Маяк просуществовал до начала XIX столетия, пока граница Российской империи не была отодвинута от Иртыша вглубь казахской степи, и надобность в таком сооружении не отпала сама собой. Таким образом, это сооружение просуществовало более полувека, и на месте, где оно располагалось, должны находиться осколки керамики того времени, оставшейся от разбитой казацкой утвари; утерянные военными людьми предметы обихода, изготовленные из металла; и наконец, монеты XVIII века. Определив место половинного маяка, мы определяем и место постройки первой ставки султана Султанбета.

Такие находки позволят совершенно определенно подтвердить – является ли локализованное нами место на холме Ак-тюбе у села Кенжеколь местом первой ставки на Иртыше, построенной султану Султанбету.

ЛИТЕРАТУРА

1 Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867 годы) (Сборник документов и материалов). – Алма-Ата: Наука, 1964.

2 И. Г. Андреев. Описание средней орды киргиз-кайсаков. – Алматы. Гылым. 1998.

3 В. А. Сирик. Материалы Республиканской научной конференции «Ермухан Бекмаханов и его вклад в развитие отечественной исторической науки». – Павлодар. Кереку. 2015.

4 П. А. Словцов. История Сибири. От Ермака до Екатерины II. – Тула Вече. 2006.

5 П. С. Паллас. Путешествие по разным местам Российского государства. Часть вторая. Книга вторая. – Санкт-Петербург. Имперская академия наук. 1786 год.

6 П. С. Паллас. Путешествие по разным местам Российского государства. Часть первая. – Санкт-Петербург. Имперская академия наук. 1773 год.

7 Пространство Северного Казахстана и Сибири в исторической ретроспективе XVIII в. (По документам и публикациям Г. Н. Потанина) – Томск. Издательство Томского Университета. 2013.

8 ГАОО, ф. 1. оп. 1. д. 100. л. 1034.

9 ГАОО, ф. 1. оп. 1. д. 60. лл. 327-328 об.

ФРАЗЕОЛОГИЯ ЖЕКЕ САЛА РЕТІНДЕ

СЛЯМОВА А. Р.

магистр, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар

ҚАДЫРОВА Б. М.

профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар

Бұл мақалада қазіргі таңдағы әлі де өз шешімін таппаған мәселені көтермекпіз. Фразеологизмнің жеке сала ретіндегі салмағын саралау бірізділік тапқан жоқ. Ол отандық тіл білімін алмағанның өзінде шетелдік тіл білімінде де нақты орныққан емес. Біз өз зерттеуімізде фразеологизмдерді жеке сала ретінде тануға бола ма, әлде ол жеке салаға қойылатын талаптарға сай емес пе деген мәселені алға тарттық.

Профессор В. В. Виноградовтың классификациясы бойынша фразеологизмдер:

Фразеологиялық тұтастық

Фразеологиялық бірлік

Фразеологиялық тіркес

деп бөлінеді. Қазақ ғалымдарымыздың бір тобы осы классификацияны жақтаса, енді бірі Н. М. Шанскийдің бұл үш топқа «фразеологиялық сөйлемшенін» қосуын жақтайды. Яғни Шанскийдің айтуы бойынша соңғы топқа терминдер мен мақал-мәтелдер де кіреді. Бұл мәселені бұған дейін Л. А. Булаховский, А. Е. Ефимов сынды ғалымдар қозғаған.

Осы сияқты бүгінгі таңға дейін фразеология мәселесіне байланысты зерттеулер өте көп. Отандық ғалымдар шет ел ғалымдарының еңбектеріне сүйене отыра, қазақ тіл біліміне

сәйкестендіріп қарастырады. Бірақ әр ғалым өзіне дұрыс көрінген пікірді ұстанған себепті, бүгінгі таңда олардың «фразеология» жайлы зерттеулері бір арнада тоғыса алмай тұрғандай.

Ғ. Қалиев пен Ә. Болғанбаевтың бірлесіп шығарған «Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» деп аталатын еңбектерінде 1990 жылы шыққан «Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте» фразеологизмге берілген анықтаманы қазақшаға аударып: «Фразеологизм дегеніміз формасы жағынан синтаксистік құрылымыдармен ұқсас, бірақ олардай жалпы заңдылыққа сай сөйлеу кезінде жасалмай, даяр қалыпында қайталап қолданылатын, семантикалық және лексика-грамматикалық құрамы тұрақты сөз тіркестері мен сөйлемшелер», – деп көрсетеді. Мұндағы сөйлемше деп отырғаны орыс тіліндегі «выражение», яғни, фраза деген сөзді білдіреді. Демек, бұл «сөйлемше» [1, 184] деген аударманың берілген анықтаманың түпнұсқасына мүлдем пара пар келмейтінін көрсетіп отыр.

Осы еңбектегі «фразеологизмдердің түрлері» деген тарауда қазақ тіл білімінде фразеологизмдерді топтастырудың екі пікірі бар деп көрсетіледі. Алғашқысы, І. Кеңесбаевтың топтастыруы, яғни, идиома мен фраза болса, екінші пікір В.В. Виноградов пен Н.М. Шанскийдің үлгісі бойынша жасалған топтастыру [1, 190] деп көрсетеді. Бірақ мұнда ғалымдар өздері фразеологизмдердің бөлінуі деп көрсете келіп, екінші топ ғалымдарының үлгісін: фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірлік, фразеологиялық тіркес, фразеологиялық сөйлемше деп бөледі. Осыдан соң фразеология ауқымды ма әлде фразеологизм ауқымдырақ па деген сұрақ туады.

Біздің пікірімізше, алдымен сала болады да содан соң оның бөлігі болады. Фразеология сала болса, фразеологизм, яғни, өз «изм» жұрнағынан көрініп тұрғандай бөлшектік мағына демеп тұр. Демек, бұл топтастыру фразеологизмнің емес фразеологияның түрлері.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шежіресінде 2000-нан астам кісі есімі кездеседі. Көптеген кісі есімдерінің уәжін автор өзі белгілеп те отырады. Мысалы: «Тобықтының екі баласы – Рысбек пен Дәулетбек. Бұл Дәулетбек бір аста жуан таяқ ұстап, жерошақ басын қорығаннан Жуантаяқ атанды, нәсілі де сол атты иеленді», - деп жазады. Немесе: «Естіген құлақта жазық жоқ. Арғын апасы қыз күнінде оң жақта отырып, бір төремен айқасып қалып, еркек бала тауып: «Бұл қалай?» деушілерге дәнеме дей алмай, шашын тарай берген екен. Сонан баланың аты Тарақты қойылыпты. «Төре жоқта Тарақты төре болуға да жарайды», «Арғын баласына Тарақты – нокта ағасы болған» деген де сөздер бар». Осылайша әрбір аттың пайда болу себептерін көрсетіп отырады.

Шежіреде кездесетін кісі есімдерінің барлығы дерлік қазақша атаулар. Бұл есімдердің жасалуының сөзжасамдық тәсілдеріне назар аударар болсақ:

1. Синтетикалық сөзжасам тәсілі арқылы жасалған кісі есімдері:
 - ық, -ік, -ақ, -ек тұлғасы арқылы жасалған кісі есімдері: Күлік, Қосақ, Жанақ, Көшек, *Бәйтік*, *Шуманақ*;
 - міс, мыш тұлғасы арқылы жасалған кісі есімдері: Тілеміс, Өтеміс, Төлеміс;
 - лы, -лі тұлғасы арқылы жасалған кісі есімдері: Тілеулі, Қанжығалы, *Қоңыраулы*;
 - й, -ай, -ей тұлғасы арқылы жасалған кісі есімдері: Көшей, Шобалай, Шобай, *Төкей*, *Ақай*, *Түкей*, Шоқай, Бөтей, Болай, Апай, *Шақай*, *Тоқанай*, *Оразай*;

-дық, дік, тық, -тік тұлғасы арқылы жасалған кісі есімдері: Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік;

-шы тұлғасы арқылы жасалған кісі есімдері: Бораншы, Қояншы, Суғыншы, Қарақшы, Балықшы, Қармақшы, Орманшы;

-шақ тұлғасы арқылы жасалған кісі есімдері: *Құлынишақ, Тобышақ, Қытшақ*;

-ым, -ім тұлғасы арқылы жасалған кісі есімдері: Досым, Қосым, Жиренім, Қызылым, Назым, Жолым.

- ты тұлғасы арқылы жасалған кісі есімдері: Тарақты

- аң, - н тұлғасы арқылы жасалған кісі есімдері: Құтан, *Қойтан, Татан*.

2. Аналитикалық сөзжасам тәсілі арқылы жасалған кісі есімдерінің жасалу үлгісіне қарай бірнеше топқа бөліп көрсетуге болады:

1) Бай тұлғасының бірігіп келуі арқылы жасалған туынды атаулар: Батырбай, Балғабай, Құттыбай, Бұқабай, Өгізбай, Дандабай, Қуанбай, Дәуітбай, Жолдыбай, Үсенбай, Құдысбай, Адамбай, Қалибай, Сазанбай, Еділбай, Жарбай, Есбай, Кешубай, Секербай, Есімбай, Ыдықбай, Олжабай, Өтебай, Тоғайбай, Үкібай;

2) Келді тұлғасының бірігіп келуі арқылы жасалған туынды атаулар: Қойкелді, Жылгелді, Оразкелді, Жанкелді, Есенгелді;

3) Бет тұлғасының бірігіп келуі арқылы жасалған туынды атаулар: Тілеуімет, Келімет, Жолымбет, Бәйімбет, Қожамбет, Әйімбет, Бегімбет;

4) Жігіт тұлғасының бірігіп келуі арқылы жасалған туынды атаулар: Ақжігіт, Бекжігіт, Жанжігіт, Байжігіт;

5) Берді тұлғасының бірігіп келуі арқылы жасалған туынды атаулар: Тілеуберді, Тәңірберді, Қожамберді;

6) Назар тұлғасының бірігіп келуі арқылы жасалған туынды атаулар: Байназар, Есназар;

7) Бол тұлғасының бірігіп келуі арқылы жасалған туынды атаулар: Күнбол, Құлбол, Жолбол, Жанбол, Айдабол;

8) Бек тұлғасының бірігіп келуі арқылы жасалған туынды атаулар: Жәнібек, Тыныбек, Ғазымбек, Қазыбек, Қорғанбек, Құлжамбек, Сәбібек, Баубек, Мұсабек, Ырысбек, Найзабек, Қасымбек, Құрманбек, Сүйкінбек;

9) Қожа тұлғасының бірігіп келуі арқылы жасалған туынды атаулар: Болатқожа, Аққожа, Қарақожа, Ақтамбердіқожа, Есімқұлқожа, Қосымқожа, Бакқожа, Бердіқожа, Белқожа;

10) Сопы тұлғасының бірігіп келуі арқылы жасалған туынды атаулар: Қарасопы, Арықсопы, Нәдірсопы, Ақсопы, Сарысопы, Арсопы;

11) Құл тұлғасының бірігіп келуі арқылы жасалған туынды атаулар: Жанығұл, Бердікұл, Ниязқұл, Қойғұл, Сыбанқұл, Айқұл, *Байқұл, Жұмағұл, Сарықұл*;

12) Тай тұлғасының бірігіп келуі арқылы жасалған туынды атаулар: Өміртай, Шұбартай, Тілеутай, Құлатай, Қожантай;

13) Ғали тұлғасының бірігіп келуі арқылы жасалған туынды атаулар: Иманғали, Жиенғали, Нұрғали;

14) Торы тұлғасының бірігіп келуі арқылы жасалған туынды атаулар: Ерторы, Байторы, Нарторы;

15) Болат тұлғасының бірігіп келуі арқылы жасалған туынды атаулар: Бекболат, Тасболат, Темірболат;

16) Әлі тұлғасының бірігіп келуі арқылы жасалған туынды атаулар: Нұрәлі, Ерәлі, Тінәлі;

17) Жасар тұлғасының бірігіп келуі арқылы жасалған туынды атаулар: Санжасар, Мыңжасар, Жүзжасар, *Көпжасар*;

18) Салық тұлғасының бірігіп келуі арқылы жасалған туынды атаулар: *Байсалық, Жансалық*;

19) Қарт тұлғасының бірігіп келуі арқылы жасалған туынды атаулар: Есенқарт, Аманқарт. т.б.

3. Екі сөздің бірігуі арқылы жасалған кісі есімдері: Қоскел, Қосайдар, Байшуақ, Аққошқар, Аргүл, Қарашаш, Аманжол, Айбас, Сексен, Алшағыр, т.б.

Кісі есімдерінің көпшілігінің қойылу сипатының ұқсастығы және бір топқа тән болуы кейде, бір атаның балаларының атын ұқсатып қою үрдісінен де туындаған. Мысалы, М. Көпейұлының «Қазақ шежіресіндегі»: «Бөктік бәйбішеден туған үш бала - Жанжігіт, Ақжігіт, Қармыс. Ақжігіттен – Сырмағамбет, Сырмағамбеттен - Санжасар, Мыңжасар, Жүзжасар, Көпжасар, Мағырып. Көпжасары қораш, уақтау туғаннан Көпей атанып кеткен де, сол Көпейден туған Мәшһүр Жүсіп жетпіс жасында жазып отыр осы нұсқаны», - делінген [1, 15 б.].

Немесе, Ақбура балалары – Арзықұл, Құдайқұл, Мендікұл, Жанықұл деп жазылады. Яғни бір атадан тараған балалардың есімдерінің тірек сынарлары бір түбір болған. Бұлайша ат қоюдың танымдық та мәні болған. Қазақ халқының дүниетанымы бойынша, ұқсас, бір-біріне жақын болса, олар көп болады, көбейеді деген уәжі болған.

Шежіредегі кездесетін кісі есімдерінің көпшілігі туынды сөздер арқылы жасалған. Туынды сөздің құрамындағы сөздердің лексикалық мағынасының анықтығы мен айқындылығы оның арнайы мағынасын, уәжін ажыратуға толық мүмкіндік береді. Мысалы, қазақ халқының дүниетанымында Қарашаш, Сұлушаш, Қарагөз деп ат қою дәстүрі бар.

Өйткені қазақтардың шашы, көзі негізінен қара түсті болып келеді. Ал қара түсті шаш пен қара көз қазақ халқының дүниетанымы бойынша ең әдемі, ең сұлу болып есептеледі.

«Күлік-Күлік, жүрген жерің – бүлік» атанған Күлікке келейік. Күлік – қырғызша жүйрік делінген сөз.

Қыс шілдеде - жілік жүгіреді.

Жаз шілдеде - Күлік жүгіреді», – деп жазады автор [1, 14 б.].

Мәшһүр Жүсіп Күлік деген есімнің жүйрік мағынасын анықтап көрсетеді. Ал қазақ халқының дүниетанымы бойынша ат қадірлі, қасиетті мал. Оның әр түрлі сипатын балаға ат қою үшін де пайдаланған халық Күлік, Тұлпар, Жылқыбай, деп те ат қойған.

Шежіреде мынадай аттар аталады: «Енем баласы – Жаманбай. Жаманбайдан – Елеу, Елеуден - Бейісжан, Тілеуімбетпен бір туысқан Құттымбеттен Қарабас туған деп едік қой» [1, 24 б.]. Мұндағы Жаманбай есімінің қойылуының да өзіндік уәжі, негізі бар. Жаманбай – Енемнің жалғыз баласы. Бір атадан жалғыз бала болған соң, тіл-көзден аулақ болсын деп, оның атын Жаманбай қоя салған [1, 24 б.].

Шежіреде қамтылған кісі есімдерінің көпшілігі қазір қойылмаса да, тарихи мәні мен маңызы ерекше саналады. Бұл шежірелерде қазақ руларының топтары таратылады. Кездесетін кісі есімдері негізінен түркілік атаулар. Олардың жасалуының да, сөзжасамдық сипатының да өзіндік ерекшелігі бар. Негізгі сөзжасамдық қалыбы қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасамдық тұлғалардың жалғануы арқылы және екі не үш сөздің бірігуі арқылы жасалады.

Сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалғандықтан мұндай кісі есімдерінің сөзжасамдық мағынасы болатыны айқын. Бұл сөзжасамдық мағыналар себепші негіздердің мағынасы арқылы жасалғандықтан, екіншілік мағына деп танылады. «Сөзжасам негізінде жасалған күрделі атауларды даяр тілдік бірліктер десек, олардың ішкі мағыналық құрылымы жаңа аталымдардың табиғатын айқындауға жол сілтейді, шешуге мүмкіндік жасайды. Ол – күрделі атаудың мағынасын қалыптастырушы негіз» [3, 102 б.].

Кісі есімдерінің көпшілігі қазіргі тандағы қолданысында туынды сөздер ретінде қалыптасқан. Олардың барлығының жасалуының өзіндік уәжі мен дүниетанымдық сипаты бар. Шежіреде ішінара болса да кісі есімдерінің қойылу себебі мен танымдық ерекшеліктері көрсетіледі. Кісі есімдерінің қойылу ерекшелігінде кездейсоқ қойылатын аттар да, ырымдап қойылатын аттар да кездесіп отырады.

Қорыта келгенде, Мәшһүр Жүсіптің «Қазақ шежіресіндегі» антропонимдер қазақ халқының тілі мен мәдениеті үшін өте

маңызды. Өйткені шежіре қазақ халқының тарихымен, мәдениетімен, салт дәстүрімен байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 10 том. – Павлодар: «ЭКО», 2007. – 445 б.

2 Раевская О.В. Проблемы словосложения в свете теории номинации // Вестник Московского ун-та. Серия 9. Филология. № 2, 1980. – С.44-51.

3 Қасым Б. Күрделі аталым жасалымы: когнитивті-дискурстық ұстаным. – Алматы: «ЖК Волкова А.В.», 2010. -383 б.

МӘТІННІҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ МЕН ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ТЕМІРБЕКОВА Г. Қ.

Қазақстан инженерлі-педагогикалық халықтар достығы университеті,
Шымкент қ.

Кез келген мәтін түрі лингвистикалық аспекті ретінде айқындалады, яғни лингвистикалық талдаудың бір қыры ретінде танылады. А.Байтұрсынұлы мәтінді шығарма сөз деп атап, сөйлудің бірлігіне жатқызады, себебі, ғалым: “Сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы аты шығарма сөз, ол аты қысқартылып шығарма деп айтылады. Ауыз шығарған сөз болсын, жазып шығарған сөз болсын бәрі шығарма болады”, - дейді [1,344]. А.Байтұрсынұлы мәтіннің (шығарманың) тақырыптан, ал мәтін (шығарма) мазмұнының үш мүшесін, яғни аңдату, мазмұндау, қорытудан тұратынын көрсетті. Мәтіннің қатысымдық қызметін тудыруға қатысатын айтушы ойының өзге үшін бағытталатынын алғашқылардың бірі болып айтты [1,345]. Мәтін ұғымын тілші қауымы көп жағдайда коммуникативтік акт аясында, яғни сөйлеуге («речь») тән элемент ретінде де қарастырады. Ауызекі шығармашылық («речетворчество») – тоқтаусыз, үздіксіз қозғалыстағы және құбылып отыратын құбылыс. Оның бір ғана сәттік «тұрақты» қалпын қағазға не магнитофон таспасына түсіріп алуға болады. Бұл үзік те, әрине, мәтін деп танылады. Бірақ, бұл үзік мәтін деп танылғанмен, мұра ретіндегі мәні (қолжазбасы немесе ұнтаспаға басылғаны) тарихи нұсқамен бір дәрежеде танылмайды. *Кез келген мәтіннің лингвистикалық нысан бола алатынын жоққа шығаруға болмаса да, «мәтін-мұра» принципіне келгенде, екеуінің екі бөлек*

дүние екенін айту жөн. Әрине, бұларды бір-біріне қарама-қарсы қою мақсатында емес, мәтін-мұраны зерттеудің тарих төріне тереңдейтін қиындығын, жаң-жақтылығын, тарихпен байланыстылығын, т.б. атауға болады. Ал көркем немесе ғылыми, я болмаса публицистикалық мәтінді зерттеу, талдау қазақ топырағында тым тереңдемей, ұзаса XIX ғасырдың II жартысы, ұлттық жазба әдеби тілдің дүниеге келуімен ұштастыруға болады. Бұл арада қазақтың ауызша әдеби тілі мен оларды танытушы мұралардың тілінің оқшауланып бөлек тұратынын, олар ауызш-жазбаша мәтін қисынынмен қарастырылатынын тағы да ескертеміз. Қазір қазақ тіл білімінде мәтін түрлері ғылыми түрде толысып сараланды деп айту қиын. Ұлттық-мәдени ерекшеліктердің рухани қайнар көздерінің біріне саналатын - шешендік өнер, билер дискурсы, тілек-бата сөздеріндегі суггестивтік элементтер әлі мәтіндік теорияда өз деңгейінде сөз етілмеген. Осы орайда И.Р.Гальпериннің мына анықтамасы мәтіннің кез келген түріне де, «мәтін-мұраға» да қайшы келмейді деп санауға болатын анықтама екенін айтпаса болмайды: «Текст – это произведение речетворческого процесса, обладающее завершенностью объективированное в виде письменного документа, литературно обработанное в соответствии с типом этого документа, произведение, состоящее из названия (заголовка) и ряда особых единиц (сверхфразовых единиц), объединенных разными типами лексической, грамматической, логической, стилистической связи, имеющее определенную целенаправленность и прагматическую установку» [2, С. 18]. Мәтіндердің типологиясы лингвистикалық тұрғыдан танылуы қажет. Лингвистикалық типологияның негізіне лингвистикалық дифференциация алынады. Оның өзі мәтіннің түрін, формасын, жанрлық-стилистикалық ерекшеліктерін, жүзеге асырылу шарттары мен тәсілін білдіреді. Сонда мәтіннің белгілеріне (әдістемелік тұрғыдан келгенде) мыналар алынады: 1) сөйлеу түрі; 2) сөйлеу формасы; 3) сөйлеу стилі; 4) жанры; 5) сөйлеудің функциональдық-мағыналық типі (сөйлеу тәсілі); 6) сөйлеудің эмоционалдығы мен экспрессивтілігі. Лингвистика мәтіннің лексикалық, интонациялық, синтаксистік құралдарын, амал-тәсілдерін зерттеумен қатар ондағы графикалық құралдарды, атап айтқанда, сөздің, сөйлемнің астын сызуды, жекелеген ойды нақтылайтын сөзді, сөйлемді, сөз тіркесін айрықшалауды, арнайы шрифт түрімен бөліп көрсетуді, тыныс белгілерін, т.б. қарастырады, зерттейді. Ал мәтінді қабылдаудың дұрыс болуын тек қана тілдік құралдар ғана емес, графикалық бірліктер мен тәсілдер де қамтамасыз етеді. Бұл тұрғыдан алғанда, мәтін талдау мен мәтінтануда ұқсастық байқалады. Мәтін талдау мен мәтінтану

тұрғысынан алғанда, мәтінді, ондағы ойды жөнімен қабылдау, ұғыну мен түсінудегі «коммуникативтік фонның» қызметі жеке бөліп айтуға лайық. Коммуникативтік фон негізінде мәтінтүзілім жүзеге асады және оны тануға яки ашуға («декодирование») болады. Мәтінтанулық, мәтінтүзушілік зерттеулер жүргізген кезде алғашқы қадам мәтінге, қолжазбаға (мәтінтану тұрғысынан бұл да - мәтін) ғылыми сипаттама беруден басталуы тиіс. Ғылыми сипаттама арқылы мәтіндегі *ойды, ойдың жүйелілігін қалпына келтіру, мәтіннің біртұтастығын, байласымдығын, семантикалық және концептуалдық, тарихи тұрғыдан этимологиялық ортақ кеңістікте тұранын ашып бере алу* кез келген мәтінтанушының міндеті болса, ол мәтінталдаулық зерттеулердің де белгілі бір дәрежеде шешуші жағы болып табылады. Бұл ертеден келе жатқан, бұрыннан қалыптасқан дәстүр, осы дәстүр жөнінде С. А. Рейсер былай деп ой түйеді: «В древней литературе очень остро стоит вопрос о так называемой «единоцелостности» произведений» [3, С.5]. Мәтін тілдік категория болғандықтан, оның өзіне тән параметрлері болуы тиіс. Ц. Тодоров мәтін атаулыға барынша ортақ жалпылама белгі ретінде *вербальды, синтаксистік және семантикалық параметрлерді* [4, С.37]. Н. Э. Энkvист *тақырып, фокус, байланыс* параметрлерін [5] атайды. И. Р. Гальперин сөйлеу мен мәтіннің екі басқа ұғым екенін айта отырып, мынадай белгілерді саралап көрсетеді: 1. Сөйлеу фактісі ретінде мәтін жүйелі, басқаша айтқанда, мәтін толық аяқталған («завершенный») ойға құрылған, мазмұны бар, негізіне белгілі бір функционалды стильде қабылданған; 2. Мазмұны мәтіндегі айтылмақ ойға негізделіп, оқырманға жеткізілуге тиісті хабармен байланысып жататын; 3. Мағынасы («смысл») мәтіндегі сөйлем немесе фразеологиялық тұтастықтан жоғары саналатын тілдік бірліктерге тәуелді; 4. Мәні («значение») морфема, сөз, сөз тіркестері, синтаксистік конструкцияларға байланысты болып келетін құрылымдар деп атап көрсетеді. Бұл аталғандар мәтіннің параметрлеріне жатады. Мәтіннің, оның ішінде тарихи мәтіндер де бар, мәтіндік параметрлері мәтінтүзуші маңызды белгілер болып саналады. Мәтіннің параметрлері, сөзсіз, өз алдына кешенді түрде қарастырылып, зерттелетін өлшемдер [2,21]. Тарихи мұрағаттарға жатқызылатын тарихи мәтін-мұралар сияқты көркем мәтін де шығармашылық нәтижесі, яғни оның өзіне тән параметрлері болуы тиіс. Сондықтан кез келген мәтін параметрлері өзге де тіл құбылыстары сияқты семантикалық, құрылымдық, прагматикалық, функционалдык критерийлердің талабына жауап бере алуы керек. Мәтін талдауды әдеби тілдің стильдерінің барлық түрлеріне, атап айтқанда, ресми, көркем,

публицистикалық, эпистолярлық, ғылыми стильдеріне жататын мәтін түрлерінің бәріне де жасауға болады. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, текстің мағыналық белгілері болмаса, формалдық белгілерін анықтау қиын. Бұл тұрғыдан жеке сөйлем ғана аяқталған тұлға – бірлік бола алады. Ал текст ішіндегі сөйлемдердің кез-келген бірлігі құрылымдық аяқталғандық белгілеріне ие бола алмайды. Сондықтан ол белгілерді табу үшін текстің мағыналық жағына иек арту керек. текстің мағыналық сипатқа ие ондай белгілеріне тұтастық, байланыстылық, аяқталғандық жатады.

Бұл турасында ғылыми мәтіннің стилистикасын қарастырған ғалым С.Әлісжанов былай дейді: «Ғылыми мәтін – мәтін лингвистикасында енді-енді қарастырыла бастады. Осы орайда өзекті болып табылатын мәселелер: ғылыми мәтіннің өзіндік белгілерін айқындау, семантикалық-синтаксистік ерекшеліктерін ашу, т.т. Бұл мәтіннің басқа типтерімен олардың арақатынасын белгілеуде, мәтіннің әмбебап типологиясын жасау ісінде септігін тигізері хақ» [6,9-б.].

Көркем мәтін жалпы көпшілікке арналады, яғни оның адресаты жалпы алғанда тұтас ұлт, халық болып табылады, ол көп жағдайда мәтін-мұраларға да қатысты болып келеді. Дегенмен, әр мәтін типінің өзіндік ерекшелігі бар. Мәтін — тіл жүйесіндегі өзінің мәні мен болмысына сай, сөйлемдердің жай ғана тізбегі емес, мағыналық-құрылымдық күрделі тұлға. Ол — логикалық, грамматикалық, мағыналық байланыстарға негізделген, тиянақты мазмұнға ие біртұтас қарым-қатынас бірлігі. Сондықтан мәтіннің құрылысына, оның түрлі қыртыс қабаттарына түзіліп, мәнді де сипатты ерекшеліктерін ашу, белгілі кеңістік пен уақыт шеңберінде өмір сүру заңдылықтарын айқындау, сөйтіп мәтіннің ішкі бірлігінің сыр-сипатын түстеп-түгендеу тіл білімінің басты міндеті.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Байтұрсынов А. Тіл тағлымы, Алматы, 1998, -362 б.
- 2 Гальперин И. Г. Текст как объект лингвистики. - М.: Наука, 1981. - 140 стр.
- 3 Рейсер С. А. Основы текстологии. – Л.: Просвещение, 1978. - 176 стр.
- 4 Тодоров Ц. Поэтика// Структурализм: «за» и «против». – М.: Прогресс, 1975. - 113.
- 5 Энквист. Стратегии понимания связанного текста// Новое в зарубежной лингвистике. – М., 1988. - Вып, 23.
- 6 Әлісжанов С. Ғылыми прозаның синтаксисі. – Алматы: Арыс, 2007. - 296 б.

О ТВОРЧЕСТВЕ ПАВЛОДАРСКОГО ХУДОЖНИКА М. К. ИКЛАСОВОЙ

ТЕМИРГАЛИНОВА А. К.

магистрант, ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар

Богато и разнообразно художественное наследие города Павлодара. Сейчас важно сохранить духовность, воспитать в подрастающем поколении культурное наследие прошлого, настоящего и будущего. Искусству многие века была отведена задача передавать культурную информацию из поколения в поколение. Как и многие виды искусства, живопись является инструментом воспитания в человеке морали, идеалов добра, любви к людям, эстетического восприятия всего мира и стремления жить по законам свободы и прекрасного.

В истории Казахстана много выдающихся художников, внёсших огромный вклад в развитие отечественной и мировой культуры. Одним из таких творческих людей является Икласова Майса Камысбаевна. Художник – наш земляк, детство которого прошло в селе Жанабет Павлодарской области. Икласова Майса Камысбаевна – член Союза художников Казахстана.

Ее кредо – лучше поздно, чем никогда! Работы Майсы Камысбаевны могут быть признаны неординарными, выполненными с использованием традиционных живописных приёмов и материалов. Художник базирует свои образы на личностных ощущениях и переживаниях. Ее внимание сосредоточено на решении тех же творческих задач, которые занимали художников прошлых веков. Живописец ещё раз убедительно доказывает, что главным в искусстве является творческое, оригинальное видение мира, а не технические, формалистические новации.

Ещё с детства талантливая Майса увлекалась рисованием и это было главным смыслом её жизни. Закончив в 1979 году Театрально-художественное училище им. А. Кастеева в г. Шымкенте по специальности «Художник – бутафор театра», а затем в 1986 году Театрально-художественный институт им. Жургенова в г. Алматы, по специальности «Сценография» предано и целеустремлённо следует по избранному пути в искусстве. Её учителями были такие люди, как талантливый живописец Жумакан Кайрамбаев, замечательный скульптор Вагиф Рахманов и др. Она очень благодарна таким учителям, которые посеяли в ней стремление к созданию новых форм, идей и жажду новаций.

Творчество Икласовой Майсы представляет собой непосредственный взгляд на мир, поиск скрытого смысла и объяснения тайны бытия. Благодаря ее творчеству у зрителя формируется свежий взгляд на живопись и творчество вообще. Майса Камысбаевна, разносторонний творческий человек. Начнём с живописи, а точнее с портретного жанра.

«В изобразительном искусстве портрет – это самостоятельный жанр, целью которого является отображение визуальных характеристик модели. «На портрете изображается внешний облик (а через него и внутренний мир) конкретного, реального, существовавшего в прошлом или существующего в настоящем человека». Портрет – это повторение в пластических формах, линиях и красках живого лица, и одновременно при этом его идейно-художественная интерпретация» [1].

Портрет нам многое может рассказать об изображаемой персоне – о его характере, темпераменте, чувствах, эмоциях. И всё это читается по глазам написанного человека, его осанке, движению. Даже как на нём сидит одежда, и то выказывает сущность личности. И всё это благодаря искусству художника Икласовой Майсы «И чем внимательнее был живописец, тем лучше понимал, как сложен человек, как трудно передать на холсте противоречивые особенности его характера, движения души» [2, стр.18]. На первый взгляд портрет – это всего лишь фотографическое изображение того или иного человека. Но стоит только вдуматься и взглядеться, то можно увидеть очень многое, нежели открывается нашему взгляду. На портретах Майсы люди изображены с глубоким взглядом. На таких картинах как «Портрет сестрёнки», «Портрет девушки в красном», «Портрет девушка Весна», «Портрет бабушки», «Портрет Алии».

«Всякая картина, с которой мы знакомимся, побуждает задуматься о том, что происходило и происходит в мире, о себе, о своей жизни, о людях вокруг, о своём отношении к событиям, свидетелями которых мы стали» [2, стр.5]. А вот портрет нас знакомит не только с изображаемой личностью, но и в какое время он жил, какая вокруг была обстановка, мода в одежде, порядки и традиции, в какой стране он проживал, ну хотя бы приблизительно часть света, а также какого он был чина, в каких событиях он принимал участие, если на заднем плане имеется фон события. То есть через такие полотна происходит взаимообмен информации, знакомство с культурами, традициями, историями многих народов мира между собой.

В давние времена портреты знаменитых людей писали в основном для того, чтобы ими любовались близкие люди изображаемого человека, а также чтобы увековечить себя в картинах. Это такие портреты как «Портрет А. И. Крылова» К. П. Брюллов, «Портрет Дени Дидро» Д. Г. Левицкий, «Портрет Петра I» И. Н. Никитин, «Конный портрет Карла I» Антонис Ван Дейк, «Портрет Л. Н. Толстого» И. Н. Крамской, «Портрет короля Франциска I» Жан Клуэ.

Но бывали и иные причины для написания таковых картин. Взять к примеру работы живописца Ганс Гольбейна Младшего, который служил в XVI веке при дворе короля Англии Генриха VIII. Среди многих портретов короля, написанных Ганс Гольбейном, отличается своей красотой и статностью «Портрет Генриха VIII», на котором он изображён в свадебном наряде. И это не случайно. Генрих VIII отличался не только военными успехами, но и любил женщин, и не раз ходил под венец. «Ганс Гольбейн выполнял для Генриха VIII роль свадебного посланника: он ездил к предполагаемым невестам короля и писал их портреты, чтобы представить монарху» [3, стр.70].

Но не всегда писали портреты знаменитых людей. Нередко художники изображали простых крестьян и работников, лица которых не меньше могут рассказать нам о своей судьбе и жизни, о своём настроении, характере и многое другое. К таким работам можно отнести картины В. А. Тропинина «Кружевница», «Золотошвейка», «Пряха». А также картины кисти А. Г. Венецианова «Вот те и батькин обед!», «На пашне. Весна», «Захарка», картина И. П. Аргунова «Портрет неизвестной крестьянки в русском костюме».

Мы рассмотрели и проанализировали суть портрета, о чём может повествовать картина данного жанра. Но есть ещё много секретов в подобных изображениях. Мы рассмотрим ещё один. «Настоящий художник рассказывает в портрете не только о человеке, которого изобразил, но и о самом себе – о своём отношении к этому человеку, а значит, и вообще к людям, к жизни, к искусству». В том, что увидел художник в лице человека, которого взялся писать, что захотел поведать о нём людям, как поместил его на картине – посадил или поставил, в какое платье одел, какими вещами окружил, какие краски выбрал для портрета – во всём этом непременно выказывает себя и натура самого художника» [2, стр.54].

Таким образом, картины портретного жанра знакомят народы всех времен между собой. «И, конечно же, всякая картина, созданная талантливым художником, помогает нам глубже, полнее воспринимать и ценить красоту мира, в котором мы живём» [2, стр.5].

Но вернёмся к нашему художнику Майсе Икласовой. Этот талантливый человек пишет не только портреты, но и пейзажи. При создании своих шедевров она использует акварель, гуашь, масло, акрил. Ее работы отличаются техникой исполнения, мягким переливом контуров, сочетанием цветов, а также высоким профессиональным мастерством. Художник отличается способностью видеть, чувствовать, ощущать и фиксировать безвозвратно ушедшие моменты жизни. И это мы видим в ее творческих работах. Художник рассказывает зрителям, каким он видит невидимый и окружающий видимый мир. Он призывает вместе с ним взглянуть по-новому на явления, чувства, эмоции, которые присутствуют в жизни каждого человека. Увиденные картины художника вызывают реакцию зрителя, и будят творческие дискуссии. Это говорит о том, что настоящее искусство не оставляет равнодушным людей, а заставляет задуматься над своим миропониманием и месте каждого человека в этом мире.

Вдохновенный путь художника продолжается и развивается. Впереди новые творческие планы, новая серия работ, отражающая взгляды художника на мир, как процесс взаимодействия и взаимопроникновения мирового абсолюта с человеком на уровне подсознательных ассоциаций. Его творчество – это расплавленные цветовые сгустки визуального и психического состояния живого организма, которые передаются от художника к зрителю. Образы, создаваемые художником, сотканы воедино в его воображении. Сложный цветовой состав и взаимодействие форм, цветов и оттенков – все это находит отражение в его работах. Как и всякое другое истинное творчество, работы Майсы Икласовой близко и любимо человеку и не имеет границ.

Сам художник даёт нам понять, как сформировалась его способность видеть необычное в обычных явлениях, находить вдохновение во внутренних переживаниях, увидеть поэзию в вещах, которые остаются для многих людей незамеченными. Именно это является отличительной чертой художника, сформировав его собственный почерк и уникальную творческую манеру.

Кстати, говоря о поэзии. В этом плане у художника особая связь и влечение к ней. Майсой Камысбаевой создана целая серия графических работ, посвящённая творчеству казахского поэта и писателя Мукагали Макатаева. Это неописуемой красоты и глубокого смысла графические картины. Творчеству М. Макатаева посвящена не одна персональная выставка, так сказать «Поэзия в

графике». Особенно поражает своей чистотой графические картины на слова этого поэта «Сенің көзің», «Қайдасың...». По словам художницы в отличии от живописи, графикой можно заниматься в любом месте и в любых условиях. Она не требует специально оборудованных помещений, в этом состоит её удобное применение.

Майсу Камысбаевну знают не только как художнике, но и как художника-постановщика создателя театральных костюмов и декораций. Ее особое увлечение – это изготовление казахских головных уборов саукеле. В процессе такого творчества накопилась целая коллекция, впоследствии она предложила своим студенткам их продемонстрировать. Еще Икласова увлеклась необычным для женщины творчеством – войлоком. Это гибкий материал, с помощью которого можно изготавливать не только обувь и одежду, но и произведения искусства. И что особенно, как объемные – в виде споделок, так и в плоскости – картины. Он самостоятельно изучила этот метод. Ее картины из войлока поражают своим шедевром и кажется, что пейзажи, созданные войлоком написаны акварелью. Сейчас Майса Икласова обращается к истокам народного декоративно-прикладного искусства. Ежегодно Майса Камысбаевна принимает участие в выставках как городского и областного, так и республиканского и международного значений. Её работы выставлялись в г. Павлодаре, г. Алматы, г. Таразе, г. Омске, г. Санкт-Петербурге.

На данный момент основной работой Икласовой является преподавание в Павлодарском государственном университете им. С. Торайгырова на кафедре архитектуры и дизайна старшим преподавателем. Майса Икласова пользуется большим уважением не только среди профессорско-преподавательского состава университета, но и среди студентов. Они очень тянутся к любимому преподавателю. Художник с удовольствием проводит с ними дополнительные занятия, мастер классы, так как молодёжь интересуется творчеством и желает постичь все навыки, которыми владеет эта талантливая личность. Ее **стаж работы составляет 40 лет. Преподаваемые ею дисциплины:** «Академический рисунок», «Дизайн интерьера», «Живопись, рисунок», «Основы декоративно-прикладного искусства» и др. Также занимается научной деятельностью, **областью исследования которой является** декоративно-прикладное искусство, войлок, и в ходе которой было издано 7 научных трудов, а также пособие для студентов «Өлең мен өнер үндескен» 2010 года издания.

Самой заветной мечтой мастера является открыть собственную студию, где можно будет обучать всех желающих писать картины; создавать картины из войлока; познавать графику; изготавливать сувениры и поделки, т. е. научиться декоративно-прикладному искусству. Смелое следование своим творческим порывам и переживаниям, посвящение себя искусству, с полной отдачей творческих сил стало для Майсы Икласовой смыслом его творческой жизни.

ЛИТЕРАТУРА

1 **Википедия. Свободная энциклопедия. Портрет.** Электронный ресурс. Режим доступа: [<https://ru.wikipedia.org/wiki/Портрет>].

2 Порудоминский В. И. Моя первая Третьяковка: Рассказы о русских художниках. – М.: ЗАО «ОЛМА Медиа Групп», 2012. – 192 с.

3 50 шедевров мировой живописи – М.: Эксмо, 2014. – 208 с.

4 50 шедевров русской живописи – М.: Эксмо, 2014. – 208 с.

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН САЯСИ ӨМІРІНДЕГІ ОРНЫ МЕН РӨЛІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ

ТОКТАГАНОВА Ж.
студент

Бүгінгі таңда БАҚ-ның қоғамдағы алатын орны ерекше. БАҚ-ның қайсысында болса да, негізгі материал-сөз. Ал, баспасөзде, радио мен телевизияда сөздің маңызы зор. Әрине, радио, телевизиядағы сияқты дыбыс, көрініс газет журналдарда сөзге көмекші рөл атқара алмайды. Журналист пен аудитория арасындағы қажелеттіліктері өтеу барысында интерактивті ашық әңгімеге, диалог, полиолог жасаудың мәні ерекшеленіп, журналистік шығармашылықтың мазмұнын айқындауға жол ашылады. Журналистика- ол актуалды әлеуметтік ақпараттарды жинау, іріктеу және мазмұн негізінде шындықты айқындайтын (баспасөз, теледидар, радио, кино, интернет және т.б.) қоғамдық – әлеуметтік қызмет. Бұл сөздің тағы бір мағынасы- ақпаратты жинау және жеткізу жүйесінің: редакцияның, телерадиокомпаниялардың, ақпараттық агенттіктердің және олардың өндірістік- техникалық базасы. Осы термин журналистика қыметінің өнімі- мәтінді (шығарманы) анықтайды. Осылардың

негізінде газеттер нөмірлері, электронды ақпарат құралдарының бағдармалары құрылады. Сондықтан баспасөз, пресса сөздерінің түсінігі журналистиканың жеке саласының мәнін береді. Сондай-ақ журналистика саласын жете зерделегенде, оның «Бұқаралық ақпарат құралдары» деген түсініктен де айырмашылығы бар екендігі айқындалады. Әлеуметтік, саясат, құқық, экономика және т.б салалардағы тақырып бойынша қоғамдық қатынастың сапасын көрсететін журналистикалық мәтіннен (шығармадан) ақпараттардың қоғамдық- әлеуметтік мазмұнын жеткізу атқарылымын іске асырады. Бұл ретте журналистика бұқаралық байланыс (коммуникация) құралы ретінде қарым- қатынастың аралық келістіруші рөлін атқарады. Білім мазмұнына халықтық педагогика құндылықтарын енгізудің педагогикалық шарттары негізінде оқыту ұстанымы осы сапаны әлеуметтік- психологиялық және педагогикалық ғылым жүйесінде зерттеу мазмұнын қарастыру көздейді. Бұл ұстаным болашақ журналистерді жалпы адамдар арасындағы байланыс, олардың іс- әрекеттері үнемі түсіністік жағдайда өтеді деген ұғымда тұрақтанып қалмай, олардың таным деңгейіне қарай, әлеуметтік сәйкессіздіктерге орай пікір алуандығы болатындығын, мұндай байланыс қатынас құралы ретінде терең мәнді қызмет көрсетудің қажеттігін үйренуге бейімдейді.

Бүгінде қайсібір мемлекет ішкі- сыртқы міндеттері мен мақсаттарын жүзеге асыру үшін өздерінің белгілі бір ақпараттық саясаты болады. Қазақстан жаңа даму жолына түскеннен кейін біздің халқымыз бен біздің экономика үлкен өзгерістерді басынан өткеруде. Яғни, демократиялық жаңғырулар терендетіледі, қоғамды жалпы трансформациялау процесстерінің қажетті шарттары тұрақтандырылуда.

Осындай өтпелі кезеңде БАҚ-тың қоғамдық санаға әсері саяси- әлеуметтік күшінің арқауында байқалып отыр. Егемен елде болып жатқан барлық оқиғаларға ақпарат құралдары тікелей араласа отырып, қоғамның басқа салаларымен ақпарат қызметі өз рыногына шықты.

70-80 жылдары телевидение Бұқаралық Ақпарат Құралдарының ең үстемдік етушісі болып саналады. Осыған АҚШ-ғы Дж. Кеннеди мен Р. Никсон арасындағы телевизиондық дебат мысал бола алады. Э. Роупер сайлаушылар арасында сауалнама жүргізгеннен кейін, осы теледебаттар Кеннедидің жеңісіне ықпал етті деген қорытындыға келді, 1980- жылы теледебаттар Р. Рейганның Дж. Картерді 5 пайызға озып шығуға мүмкіндік берген. Сонымен қатар Р. Рейган мен

У.Мондейл, 1988-ж. Дж. Буш пен М.Дукакис арасындағы, 1992-ж. Дж.Буш пен Б.Клинтон арасындағы теледебаттар сайлау науқанында негізгі құрал ретінде дами түсті.

Соңғы жылдары республиканың ақпараттық кеңістігінің қалыптасуында теледидардың рөлі мен маңызы артып отыр. Статистикалық деректерге жүгінсек, адам күніне кем дегенде 2-3 сағат теледидар көреді екен. Яғни бұл уақыт қоғам мүшесінің ой-санасы мен саяси- әлеуметтік көзқарастарына елеулі ықпал етуге жетіп отыр деуге болады.

2004- жылдың сәуір айында болған Еуразиялық медиа-форум республика тұрғындары арасында жүргізілген сауалнаманы шолып өтті. Жауап бергендердің 82 пайызы БАҚ- тың жан- жақтылығын бағалайды. Және газет бетіндегі мақала немесе телесюжет дау-дамайлық әрекеттерге итермелеуі мүмкін десе, 15 пайызы бұған қарама- қарсы пікір айтады. 3 пайызы жауап беруді қиынсынады. Сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі(74 пайызы) экстремизм мен нәсілшілдікке бөлінудің насихатталуын қаламайды. 16-29 жас аралығындағылардың 37 пайызы, 50-59 жас зорлық зомбылыққа жауапты болмауы керек дейді. Он жылдық білімі бар 57 пайыз, ал жоғары білімді 16 пайыз сұралғандар да осы пікірді қолдайды.

Ақпарат тарапынан бұқаралық құралдарының ішінде мүмкіндігі мол арнаның бірі- радио. Ақпарат кеңістігінде оперативтілігімен, шынайылығымен және өміршең өткірлігімен айрықша мәнге ие болған БАҚ-ның ең тиімдісі, әрі қолайлысы осы радио. Ол кең аудиториясымен әрбір отбасына, әрбір жеке адамға әсер ету қуатымен ерекшелінеді. Радио басқа ақпарат құралдарының өзінің демократиялығымен және жеделдігімен оқшауланады.

Жалпы мемлекет пен БАҚ-ның қоғам алдындағы екі жақты жауапкершілігі мынаған сәйкес келеді. Яғни, мемлекет өмір тезіне шыдай алар саясат жүргізуге міндетті болса, ақпарат құралдары сол саясаттың эволюциялық даму заңдылықтары мен үрдістерін бұзбай сақтай отырып, кемшіліктері мен артықшылықтарын қоғам алдында айқындап отыруы тиіс.

Егер, бұл тепе- теңдік сақталмаған жағдайда қоғамдағы саяси процестердің жалпы түсіндірілуінен бастап, өмірде көрініс табуы, шешілуіне дейін сынаржақ, қате шешімдерге бой алдыруы әбден мүмкін.

Мемлекет басындағылардың іс- әрекеті түрлі заң, құқықтық нормалар мен ережелерге сүйеніп қана қоймай процестерді реттеп жүйелеуге, басқаруға бағытталады. Басқаша айтқанда, билік басындағылар мен биліктің қол астындағылар арасындағы саяси-

экономикалық, мәдени- құқықтық және т.б толып жатқан қарым- қатынастар әлгі нормалар мен ережелер арқылы жүзеге аспақ.

Қоғамның саяси институттары қатарында айрықша мәнге ие, басқалармен салыстырғанда саяси- әлеуметтік « билігі» мен қызметі бөлектеу тұрғаны БАҚ- ның тарату жүйесі болып табылады. Бұл жүйе тікелей өндіруші сала болмағанымен, қоғамдағы саяси- әлеуметтік ықпалы жағынан басым болатыны белгілі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ж. Бижан: «Журналист шығармашылығындағы жаңа инновациялық технологиялар»// Астана 2013, 10.06.

2 Н. Ә.Назарбаев: «Баспасөз- саяси ықпал жасаудың тетігі»// «Халық кеңесі». 1994, 29.11.

3 Н. Ә. Назарбаев « Мемлекеттік емес БАҚ- ның жағдайы.» // «Астана ақшамы». 2002, 21.05.

ҚАЗІРГІ САЯСИ МӘТІНДЕРДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ МАЗМҰНДЫ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕР СИПАТЫ

ТӨЛЕУ Ұ.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
КАРИПЖАНОВА Г. Т.

профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Шешендік дегеніміз не? Ойшылдарға сүйенсе айтсақ, шешендік – кісі көркі, ақылмен билеу өнері. Тіл өнері мен сөйлеу мәдениетінің ең жоғарғы сатысы. Дидарласушымыздың жүрегі мен ақыл-ойын баурап алуға, оны не нәрсеге болса да сендіруге, иландыруға септесетін бізге берілген сый. Кез келген нақтылы зат туралы шебер сөйлеу өнері және сонысымен өзгелерді өз ойына ойыстыра білу. Біліктілік пен білімнен, қуатты түйсік пен терең сезімнен, санадағы санлақтық пен ұшқыр қиялдан, тер төгу мен ой тербелісінен туындай келе, білгірліктен кейін тұрады. Сөз бен ойға негізделеді. Биік дүниетаныммен, ғылым-білімді терең меңгерумен, халықтың тұрмыс-тіршілігін, жөн-жосықтарын жүйрік танумен, жалпы айтқанда, адамзаттың рухани мәдениетінен мол хабардар болуымен, ой өрісінің кеңдігімен тамырлас. Демек, жас тұлғаға қажетті шешендік дегеніміз – тыңдаушылардың жан-сезім әлемін сөзінің әдемілігімен, образдардың жарқындылығымен, нақыл, ғибрат сөздердің ұшқырлығымен толқытатын, баурайтын өнер, өзгеше қабілет-қарым, тума қасиет, сондай-ақ өскен ортаның,

үлгілі жандардың, ұлағатты туындылардың тағылым-тәрбиесі, өз дүниетанымының нәтижесі.

Қазіргі саяси мәтіндердегі әлеуметтік-саяси мазмұнды шешендік сөздер. А.Байтұрсыновша айтсақ, әлеуметтік, шаруашылық, мемлекеттік, саясаттық, тағысын тағы қоғамдық істерді түзеу, жаналау, өзгерту мақсатымен халықты соған ұйытып, миына қондырып, көңіліне сіңіреді. Бүгінгі күндерде тәуелсіз жаңа қоғамның, жаңа саясаттың мәселелерін түсіндіруде, халықтың жаншылап қалған ой-санасын оятуда бұл аталған шешендіктің мәні үлкен [1]. Ғалым Р.Сыздықова айтқандай, қоғамның экономикасын, әлеуметтік-саяси өмірін, мәдениетін оқу-ағарту ісін, халықтың тұрмысын тілге тиек етеді. Шешен осы салалардағы деректерді пайдалана отырып, өтіп жатқан оқиғаларға қоғам мүшелерінің қатысын, пікірін, шешімін қатыстырып сөйлейді [2]. Әлеуметтік-саяси мазмұнды шешендік сөз әлеумет ісіне араласатындықтан нақты деректермен ойын дәлелдей алатын жан-жақты дайындықты және айқын ұсыныстар жасай алатын аса білгірлікті қажет етеді. Көзқарасы мен қабылдауы әр түрлі бүкіл қауым алдында жұртшылық атынан сөйлеу-аса жауапты жұмыс, сондықтан саясаткерге, көсе сөз иесіне білуге қажет белгілер-әлеуметтік –саяси мазмұнды сөзде ресмилік үн болуы логиканың күштілігі, дәйектемелердің бұлтартпас мықтылығы маңыздылығы рөл атқаратындығы. Оның үстіне халықтың отаншылдық сезімін оятындай жігерлі, асқақ әсем, тілде айтылуы тиіс. Қазіргі кездегі әлеуметтік-саяси мазмұнды шешендік сөздерді публицикалық стиль мен өзектес деп таныған Р.Сыздықова: «Үгітші-насихатшылар сөздерінде түсіндіру басым болып келеді де, тыңдаушыға әсер ететін тілдік-көркемдік құралдарға иек арту тіпті күшті болады, латынша «агитация» үгіт сөзінің өзі адамдардың ой санасын ояту деген мағына білдіреді, яғни үгіттің мақсаты-адамдардың ой санасын оятып барып, белгілі бір іс әрекетке ұмтылдыру ғой, ал насихат «түсіндіру», яғни белгілі бір көзқарастардың идеялардың немесе саяси теориялардың мән-мәнісін, мақсатын айқын және әсерлі түрде айтып беру дегенді білдіреді. Әлеуметтік саяси мазмұнды шешендік сөздер көбінесе баспөсөз арқылы жүзеге асады да, талқылау, пікір алысу, үгіт насихат айту сипатында келеді» [2]. «Шешеннің тілі – семсердің жүзі». Сол семсердің жүзіндей тілімен ата-бабаларымыз ел басқарып, қол бастаған. Ханның алдында қара датын айтып, 60-тағы биді алты жасар бала сөзден жеңген. Ал қазір ше? Бір кездері сөзге тоқтаған халқымыз «ала сөйлеп ұлыққа жаққанша, адал сөйлеп жұртқа

жақ» деген аталы сөзді ұмыт қалдырған жоқ па? Саясаткерлеріміз өздерінің негізгі көзірі саналатын «сөз өнерін» ақсатып алмады ма? Талқылап көрелікші.

Кез келген тарихтың бетін ашыңыз, кез келген оқиғаға көз жіберіңіз, төрткүл дүниені мойындатқан барша қолбасшылар, ел билеушілер мен әлемге белгілі саяси тұлғалар өз биігіне жұртты ұйыта білерлік шешендігінің арқасында қол жеткізгенін байқайсыз. Мәселен, қазақтың үш биінің аталы сөздерін алыңызшы. Әлі күнге өз маңыздылығын жоя қойған жоқ. Жиенше, Бөлтірік сынды шешендеріміздің, Сырым Датұлы секілді батырларымыздың әр айтқаны – нақыл Мысалы, ол дәуірде Шалкиіз, Бұхар жырау, Шортанбай, Дулат, Мұрат секілді ақын-жырауларымыздың шешен тілі мен жүйрік ақылының арқасында еларалық, руаралық дау-дамайлардың бәрі шешіліп отырған. Ал бүгінгі күні бізге шешен тіл мен жүйрік ақыл қажет болмай қалған жоқ па? Жиеншелердің биігіне шыққан саясаткерлеріміз бар ма? Жауап беру қиын. Бір белгілі дүние – біздің лауазымды тұлғалар спичрайтерлік қызметке (сөз мәтінін арнайы мамандар дайындап береді) арқа сүйеп алғандығы. Оларға қысылтаяң уақытта спичрайтерлердің көмегі болмай қалатынын түсінбей ме? Қазақ ұлты экспромт, суырыпсалма шешендікті жақсы көретіні, сөз өнерін қадірлейтіні тарихтан белгілі. Солай бола тұра, біз неге «сөзімізді түземейміз»? Әрине, сұрақ көп, жауап жоқ.

АҚШ-тың бұрынғы президенті Вудро Вильсон: «10 минуттық әңгімеге дайындық үшін маған бір апта керек, 15 минут сөйлеу үшін – үш күн, жарты сағаттық сөзге – екі күн, ал бір сағат сөз сөйле десе, қазір-ақ айтып беремін», – депті. Біз бұдан «аз сөз – алтын, көп сөз – көмір» екенін ұғамыз. Мұны, біріншіден, біздің саяси қайраткерлер ескеретін жайт.

Екіншіден, өткен жылдардағы санақ қорытындысы 17 миллион халқы бар Қазақ елінің 82 пайызы мемлекеттік тілді білетінін дәлелдеп берді. Солай бола тұра, биік мінберлерде 82 пайыз халықтың құқығын аяққа таптағандай етіп, ресми тілге арқа сүйеу, ресми тілде шешенсудің қажетінің жоқтығы анық байқалады.

Үшіншіден, тек ділмарсу, сөзбен сарай салу барлық мәселені шешпейтіні белгілі. Сөз бен істі үйлестіре білген әкімқара ғана елінің көшін алға сүйрей алады. Бізге ең алдымен осы үш қағидатты сақтай білгеніміз жөн. Екінші мәселе... Біздің халық руханият, дін, тіл мәселелеріне келгенде неге аса сауатты? Ал технология тілі мен экономика салаларына ат басын тірегенде не себепті шабан аттай «шоқырақтап» қаламыз. Мұның себебін технология һәм экономика

саласындағы мамандарымыздың шешен еместігінен іздеуге болады. Бұл салаға сөздің қажеттілігі жоқ секілді көреміз. Ал егер де технологиялық саладағы сөзімізді, тілімізді түзей алсақ, бұл бағытты тікелей ұлттық экономика, ұлттық технологияға бұрған болар едік. Сонда ғана ділдік мәселе мен әлеуметтік ахуалдың таразысы тең тартар еді.

Үшінші мәселе... «Наполонның әскерінің аяғы тимеген жерді Бальзак қаламымен жаулап алған» деген мәтел сөзді жиі айтамыз. Сөйте тұра, жер қайысқан қолды да, өзіне қарсылас шақ келтірмес батырды да ықтыратын қасиетті қара сөзге шекемізден қарайтынымыз бар... Осы түсінікті өзгерту керек. Төртінші мәселе... Егер де ұлттық шешендік өнерді мемлекеттік деңгейде дамыта алмасақ, халқымыз жат саяси ағымдардың жетегінде кетуі мүмкін. Тіпті сөзі түзу саналы саясаткерлерге сыртқы саяси күштер ықпал етіп, өз «шешендеріне» айналдырып алмасына кім кепіл? Мысалы, қазір діни сыпаттағы саяси күштер белгілі тұлғаларды өздеріне тарту арқылы біздің ішкі саясатқа бас сұғудың жолдарын қарастырып жатқаны жиі айтылады. Бұл да – біз үшін қауіп.

Бесінші мәселе... Зерттеушілер шешендік өнердің туа бітті қасиет ретінде және кәсіби тұрғыда қалыптасатынын айтады. Осы критерийге сүйене отырып, шеңуніктердің шешендік қабілет-қарымын ұштайтын ділмарлық мектеп керек екенін байқаймыз.

Парламент мәжілісінде М.Шаханов: «Ұлтқа басын имейтінді кім депутат сайлаған?» деген сұрақ төңірегінде мәлімдеме жасады. «Өздеріңізге белгілі, Парламент Мәжілісінде заңдарды талқылау кезінде қаралып отырған мәселеге орай сол саланың министрлері баяндама жасайды. Әрине, олардың едәуір бөлегі мемлекеттік тілде шатып-бұтып зорға сөйлейді. Содан қашқақтайтын болуы керек, министрлердің көпшілігі Парламентке өздерінің орынбасарларын жібереді. Мәселен, Парламент Мәжілісінің өткен жолғы жиынында Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Айдар Әріпханов мырза баяндама жасады. Бірақ вице-министр депутаттардың мемлекеттік тілде қойған бір де бір сұрағына мемлекеттік тілде жауап бере алмады. Әрі онысына, яғни өз ана тілін білмегеніне ыңғайсызданып тұрса бір сәрі ғой, керісінше мемлекеттік тілді менсінбейтін сыңай танытты. Осы саланың министрі Гүлжана Қарағұсова тележурналистерге берген сұхбатында «мен казакча биледи» деп екілене үн қатқанымен оның қазақшасының қандай деңгейде екені жұрттың бәріне аян. Жағдайы анадай болған соң, сол Қарағұсова ханым тым құрыса өзіне орынбасарлыққа екі

тілді бірдей білетін адамды таңдауына болатын еді ғой. Бұрынғы мәлімдемелерімнің бірінде нақ осындай жағдайдың Парламентте Қазақстан Республикасы Туризм және спорт вице-министрі Қайрат Әйтекенов мырзамен болғанын әңгімелегенмін. Республикамыздағы қаншама министрлердің, әкімдердің, олардың орынбасарларының, департамент басшыларының ішінде, тіпті Парламент депутаттары арасында өз ана тіліне, яғни мемлекеттік тілге тұмсығын көтере қарайтын қазақтар аз ба?

Бұл феноменге мемлекеттік тұрғыда баға беретін кез әлдеқашан жетті деп білемін». М.Шахановтың осы сөзі мына өлеңінен де көрніс тапқан. «Депутаттар мен ана тілін тепкен «тепутаттар» және «жепуттар» хақында»- деген өлеңінде:

«Тепутат» пен «жепутаттың» қазір айқын нарқы да,
Ендеше сәл үңілелік депутаттар парқына:
Ана тілін сүймейтінді кім депутат сайлаған?
Ұлтқа басын имейтінді кім депутат сайлаған?
Шын депутат бола ала ма тілін тепкен «тепутат»?

Сол «тепутат» атанғанның неге көбі «жепутат»-деп ызалана жырлауының өзі бекер емес сірә..Бұның астарында терең ой жатқаны да сөзсіз..Бірақ бәріне бірдей топырақ шашпаймыз, шүкірлік бүгінгі таңда билік тәуелсіз еліміздің тәу етер ұлы тұлғалары, зиялы өкілдері, орақ тілді, от ауызды тақ иелері де жоқ емес...Дегенмен саусақпен санарлықтай аз емес екені де өтірік емес...

Бүгінгі күннің ең басты мәселесі-шүкір ететініміз де, қобалжи аландаушылық білдіретініміз де тәуелсіздік. Еліміздің егемендігі «Азаттықтың ақ таңы» (Ә.Кекілбаевтың сөз) саяси-әлеуметтік мазмұндағы шешендіктің ең өзекті тақырыбы болып отыр.

Саяси шешендер қатарында тәуелсіз мемлекетіміздің тұғыш президенті, шебер дипломат, білгір саясаткер, жан-жақты білім иесі-Н.Ә. Назарбаевты атаған болар едік. Елбасы ретінде қоғамдық өмірдің қай саласында да терең білімділік танытып, өрелі ой иесі екендігін анық аңғартады, ағынан жарылып, ақ жүрегін жайып салады, бейнелі сөздермен, мақал-мәтелдермен, фразеологиялық оралымдармен әрлеп, астарлап сөйлеп, қазақ тілінің мол байлығын жетік меңгерген сөз зергері екендігін танытады. Жан-жақты білімді, көреген Елбасы «Қалың елім қазағым» деген кітабында былай өрбітеді: «шөп шыққан жеріне шығады» -дейді аталарымыз. Біздің қазақ- қаншалықты «мың өліп, мың тірілсе де» өзін өзі сақтап қала алған халық, өте талантты халық. Мен айтар едім: өліге де, тіріге де бар жанымен

беріліп қызмет көрсететін мұндай халық-ер мінезді, көңілді де, қолыда ашық халық дүние жүзінен табыла қоярма екен?!

Мен туған халқымды сүйемін. Сондықтан ел көшін бастау-маған сын, мен қостау елге сын. Береке-бірлік, тұтастық-жұбымызды жазбаудың кепілі. Ал қазақстандық елжандылық пен бауырластық, ұлттар достығы бәрінен жоғары тұруға тиіс.»-дей келіп, Дүниежүзі қазақтары құрылтайына жиналғандарға: «Сәл қатқылдау болсада айтайын, «отансызда опа жоқ» бұрынғылар мұны біліп айтқан кезінде Египеттің сұлтаны болған Бейбарыс сарыарқаның жусан исін неге сағынады? Мейлі сен патша не қойшы бол бәрібір...Атамекеннен табаның тайса жетімеңсің...Рас, екі қолға бір жұмыс қайдан болсын табылады тамағыңды тауып жерлік кәсіп, одан да дәуір қызметте жолыңар. Бірақ қара орманның-өскен еліңнің ортасында жүріп ішкен бір жұтым ішкен қара суға қайдан татысын ол», деп тебірененді [3].

Осы мазмұндағы қазіргі шешендіктің көш басшысы деп белгілі қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы Ә.Кекілбайұлы: «Бақ түгендейтін, тақ түгендейтін, атақ түгендейтін заман ба? Ел қамы жолындағы егесте, тарихи болашақ жолындағы таласта ой пиғылының бір жерден шығатындай бастас түгендейтіндей кезеңге келдік. Аттан ауып түскен ақырет емес. Тақтан ауып түскен тақсірет емес. Өз басыңнан бақ ауса да, елбасынан бақ аумасын. Халық жолында, қауым жолында баяғының батырларындай аттан аударып әкетсе жаяу жүріп жағалас салатын заман. Ел игілігіне керекке түгел жете алмасаң да, қолыңа түскенге бекем боп белінді берік буатын заман»-дейді[4]. Бұдан артық не айтуға болады, қалай айтуға болады? Кеменгер кеңесші осындай келелі істі халқына кеңес ретінде айтты, жүрекке жеткізіп, шешен тілмен шебер айтты. Шешеннің шеберлігі де сонда А.Байтұрсынұлы сөзімен айтсақ, дыбыстарды көңіл әуеніне қарай үндестіріп, сөз әуезділігін құрады. Сөздерді көңіл күйіне қарай ұқсата отырып сөйлеу әуездігін құрады. Көңіл толқындарынан кестелең төгілген сөйлемдер өрнек құрап, лұғат әуезділігін құрады. Ойдың түйіні болып тұрған сөздер тізбегі есеппен қайталанып, лебіз анықтығына алып келеді [1].

Парламент Мәжілісінің депутаты: Оразгүл Асанғазықызы бір сұхбатында «Қазақ тілін қолдануды сәнге айналдыру қажет».

«..2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламада да «қазақ тілін сәнге айналдыру керек» делінген. Енді соған шешеніктеріміз де ұмтылуы керек. Жаңа да айттым, «Қазақстанда орыс тілінсіз мемлекеттік басқару ісі әлсірейді» дейтіндер, қазақтың орыс тілісіз күні жоқ дейтіндер он екі өрім қамшымен біздің

биліктегі қазақ азаматтарының арқасынан осып отыр. Және ол жанашырлықпен жай «намысын жаныншы» деп айтып отырған жоқ, шындыққа айналған кемшілігімізді бетімізге басуда. Бұдан соң биліктегі азаматтарымыз өздеріне дүре соқтырып қойып отыра бермейтін шығар, намыстанып, өз ана тілін білуге, оны мемлекетті басқару тіліне айналдыруға ұмтылатын шығар деп ойлаймын».

Парламент Мәжілісінің депутаты: Б. Тлеуханның мәжілісте айтқан шағымы: «Ұлт – тұтас дене секілді. Жүрегі ауырса, тізенің бүгілгені немесе қолы сынса бетінің тыржығаны, құлағы шаншыса, демі ауырламақ.

Қаратаудағы қасіретке Алтай, Атыраудағы ауыртпашылыққа Арқа, Алатаудағы қиыншылыққа Аралдағы қазақтың қабырғасы қайыспаса, елдігің қайсы?! Алатауда туған Қарасай батыр Көкшеде ажал құшып, Обағанда туған батыр Баян Жетісу-Іле бойында қаза тауыпты.

Қазақта қабырғалы үш бидің есімдері ауызға қатар ілінеді. Төле, Қазыбек, Әйтеке! Төле бабама топырақ Тәшкеннен бұйырыпты, Әйтеке атам Өзбекстандағы Тамды-Нұратада жатыр. Бүгінгі Қазақияның территориясынан топырақ бұйырған қаз дауысты Қазыбек атам ғана. Сонда не, олар бұл жерге сыймап па?! Әрине, олай емес. Алаш аяулысын айдалаға көметін ел емес. Ардақтыларымыздың өз атақонысында жатқанын білуге сұрапыл зерде, терең ілімнің қажеті жоқ. Тарихтан аз-кем хабарыңыз болса жеткілікті. Күй атасы Құрманғазы Ресейдегі Астрахан жерінде байыз тапқаны бәрімізге аян. Өн патшасы Найманбайдың Әсеті де қазіргі Қытай территориясындағы Аяққамырда жерленген. Бүкіл Қазақияны ортақ таныған бабалардың жортқан жері, тастаған үлгісі осы еді. Ал бүгін ше? Діні үшін дүр сілкінген Оспан сынды арланның қасіретіне, қарға тамырлы қазақтың бәрінің қабырғасы қайыса алды ма? Өкінішке қарай, қастерліміздің қадірінен күсіп қалыппыз. Бөлшектенгеннің кесірінен еді бұл бейбақтығымыз. Қандай қиын кезеңдерде қарға тамырлы қазақ – алабүйректенгеннен емес, бір-біріне арқа сүйегендіктен аман қалған. Басы ғана емес, тілін, дінін амандап қалды.» және «Махамбет шамырқанған, Жамбыл қыр төккен, Абай толғанған қазақтың тілін қомсынар жөнің жоқ еді. Өзгені зор, өзін қор тұтқан құлдық сананы миыңнан аластап, серпіл де сергі қазақ! Күңіреніп күн түбіне жортқан, алдаспаны айға шағылысқан ата-бабаларымыз айбын төккен адуынды тілді аманат таныған алаштың бүгінгі ұрпағы әспеттей білсе керек-ті. Айтарымыз – өздеріңе сеніңдер! Ақыл-қайратыңа жүгініп, асыл тіліңнің бағасын асыр, бағландарым! Қажетті қылыңдар, көкжалдарым!».

Бір ғұлама «шешен саясаткер – төрт сағат бойы үздіксіз жүйелі түрде тоқтамай сөйлей алатын адам» деген екен. Төрт сағаттық шешендікті былай қойып, ана тілімізде төрт сөйлемдік еркін ой айта алмайтын басшыларымыз (әкімқараларымыз), билеріміз (соттарымыз), батырларымыздың (әскерилер) көп екені бәрімізді ойландыруы тиіс секілді. Өйткені көпшілік ортасында сөйлей білу мәнері көптеген түйткілді мәселелерді шеше алады.

Көне Римнің шешендік өнерінің төретигі саналатын Цицерон бір сөзінде: «Ақын болып жаралу керек, шешендер жүре қалыптасады», – дейді. Ал қазақ халқының «Көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың» деген сөзі бар. Бұл сөзді қазақ Цицероннан бұрын айтты ма, кейін айтты ма, ол арасын екіше мүмкін емес. Десек те, Цицеронның айтқаны пәлсапалық ой болса, қазақтың мәтелі осы бір ойды поэтикалық тұрғыда көркемдеп, ырғақты түрде жеткізіп тұрғанын мойындауымыз қажет. Қызығы: екеуінің бар айтары бір ғана түйінде тоғысады [5]. Демек, шешендік өнерді ізденіп үйренуге, ел алдына сөйлеу арқылы қалыптастыруға болады деген сөз. Яғни, біздің ойымызша, екі сөздің басын құрап, дұрыс сөйлей алмайтын кез келген әкімқараның бұл мәселеге келгенде кеңестік кезеңнің салдарынан орысша қара танығанын алдыға тартып, ақталуына жол жоқ.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Байтұрсынов А. Тіл құралы.
- 2 Сыздықова Р Тіл мәдениеті және оның проблемалары.
- 3 Назарбаев Н.Ә Тіл мәдениеті және оның проблемалары.
- 4 Қосымова Г. «Қазақ шешендік өнерінің негіздері және тілдік танымы».
- 5 Негимов С. «Шешендік өнер».

ШУМЕРЛЕР МЕН ТҮРКІЛЕР

ТРУШЕВ А. К.

профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ПСТЕБАЕВА Қ. С.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Шумер тілі – өлі тіл деп есептеліп жүр. Сөздік қорына келетін болсақ: негізгі түбірден, бір буынды сөздерден құралған. Шумер жазуы, ертедегі Шумер мемлекетінде қолданылған. Оны Оңтүстік Қосөзеннің (Евфрат пен Тигр) бойында (қазіргі Ирак)

біздің заманымыздан бұрын 2-мыңжылдықта өмір сүрген тайпалар пайдаланған. Зерттеушілердің пайымдауынша, бұл жазу мен тілінің басқа тілдермен туыстығы дәлелденбеген. Қазіргі ғылыми деректер бойынша Шумер жылы дүние жүзіндегі ең ежелгі жазу болып саналады. Оның алғашқы түрі сурет түрінде, заттың ерекше белгілерін кескіндеу арқылы жазылған. Кейін бір сөзді нақты танбамен жазуға көше бастаған. Осыған орай Шумер жазуы жылы бірнеше кезеңге бөлінеді: 1) классик. Шумер жазуы жылы (біздің заманымыздан бұрын 23 – 21 ғ-лар); 2) жаңа Шумер жазуы жылы (біздің заманымыздан бұрын 21 ғ.); 3) кейінгі Шумер жазуы жылы (біздің заманымыздан бұрын 2-мыңжылдықтың бас кезі). Шумер жазуы жылы туралы құнды зерттеулер жүргізген И.М. Дьяконов оның аккад тілімен қатар кітаби тілдің негізін қалағанын, график., лексик. және грамматикалық ерекшеліктері болғанын анықтаған. Ғалым шумерлік 100-ден аса сөздерді алып, олардың грамматикалық құрылымын, сөз таптарының мағынасы мен қызметін, сөздердің орын тәртібі мен синтагмат. ерекшеліктерін көрсетті. Әңгіме осыдан шығып тұр. Яғни біз атап жүрген зат атаулары ежелгі шумер жазуымен тікелей байланыстылығы [1].

Қазіргі таңда әлемдік тілші ғалымдардың ерекше ықыласпен құмарта ықылас білдіріп жүрген өзекті мәселелердің бірі-шумерлер тарихы, олардың жазуы, әсіресе шумерлер мен түркілер арасындағы туыстық жақындық. Түркі тілдес халықтардың жазу-сызу мәдениетін зерттеген ғалымдар кеңестік кезеңде олардың ілімін шумерлік руханиятқа байланыстырып зерттеген емес. Осындай өзекті мәселемен алғаш рет филология ғылымдарының докторы, профессор Г. Қосымова айналысып, «Тілдің тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері: Шумерология және түркі (қазақ) таным мәселелері» атты монографиялық еңбегін жарыққа шығарды. Аталмыш монографияда түркі тілдерінің даму кезеңдері және қазақ тілінің түркі тілдер ішіндегі алатын орны анықталып, қазақ тілі көне түркі тілімен салыстырыла зерттеліп, шумер дәуірінен бері қолданылып келе жатқан тарихи сөздердің дыбыстық ерекшеліктері мен мағыналық өзгерістері ғылыми негізде алынып зерттелген. Қазақ тілінің тарихын түркі тілдерінің даму тарихында қарастыра отырып, оның өзіндік даму жолын анықтауға ұмтылуы, сонымен бірге түркі тілдеріндегі қазақ тілінің ролін көрсетуге деген талпынысы автордың қазақ халқының ежелгі дәуірдегі мәдениетін әлемдік деңгейде таныту болып табылады. Ғалым өз еңбегінде Шумер тілі мен түркі тілдерінің жақындығын ғылыми тұрғыда нақты деректермен дәлелдеп шыққан. Автор өз

монографиясында ономастикалық атауларда болған тарихи және фонетикалық өзгерістердің заңдылықтарын негіздеп, қазақ тілінің шумер заманынан белгілі көне түркі тілінің тарихи жалғасы екенін ғылыми тұрғыда дәлелдеп берді. Шумертанушы О.Н.Тунаның дәлелдеуінше, шумер тіліндегі элементтер-түркі тілінен енген тілдік бірліктер. Тілші ғалым Г.Қосымованың зерттеу жұмыстарының нәтижесі шумер тілі мен көне түркі тілінен алынған мыңдаған сөздердің дыбыстық жүйесі, олардың орналасу тәртібі, тіркесу мен үндесу заңдылығы, түбір сөздерге қосылып жазылатын аффикстердің түрлері мен жалғану жүйесіндегі ұқсастық, сөз таптарына тән грамматикалық категориялардың ортақтастығы осы екі тілдің түбірлес, туыстас тілдер қатарына жататынын және бұл ортақтастық жай ғана кездейсоқтық емес, керісінше сан мыңдаған жылдықтар бойында қалыптасқан жүйе екенін ғылыми негізде дәлелдеп берді.

Сөздің шығу тегіне байланысты құнды еңбектердің бірі Олжас Сүлейменовтың «Язык письма» деген этимологиялық зерттеуін ерекше атап өтуге болады. Бұл еңбек –сөздің беймәлім тархын тілдің сана тұрғысынан аша түскен. О.Сүлейменов: «Генетика жағынан туыс тайпалар ғасырлар бойына көрші тұрып, бір жазуды меңгерсе де, ортақ таңбаны атайтын бірдей дыбыстардың тіркесімділігінен әртүрлі сөздерді туындауы мүмкін» дейді [2, 6 б]. Сөз тұлғасының дамуына фонетикалық өзгерістен басқа адам санасындағы саналық өзгерістің де әсер еткенін сөздің тарихын зерттеп отырып көз жеткізуге болады.

Шумер жазуы жылдарын Хоммельден кейін түркі тілдерімен салыстырған О.Сүлейменов ұқсас сөздердің кездейсоқ еместігін дәлелдеді. Ол Шумер жазуы жөн түркі терминдерімен салыстыра отырып, сәйкес келетін сөздердің дені: 1) Тәңірге; 2) адамға; 3) табиғатқа; 4) мәдениетке қатысты екенін зерделеп, ондағы жүйелілікті анықтаған. Ол шумер және түркі жазуларының жақындығын нақты тілдік деректер арқылы негіздей келіп, оның генетик. жақындық емес, мәдени жақындығының болуында деп, мағыналық, тұлғалық, ұғымдық жағынан жақын шумер мен түрік сөздерін салыстырады. Мысалы: ада – ата; ама – аба, ана; амар, мар – мара, мала, бала; ер – ер; думу – тума, од – от, уш – үш, т.б. Автор Шумер жазу жылдарындағы материалдар арқылы ежелгі замандағы түркі тілінің сөзжасамдық жүйесінің кейбір сызбалық жүйесін анықтауға болатындығын, шумерлердің дайын терминдерді қабылдап, өз сөзжасамдық жүйесімен түрлендіргенін, зат есім мен етістік арасындағы байланыстың генетик. тектілігі болғанын анықтай түсті. Жазу тарихында Шумер жазуы жылы

басқа жазулардың (аккад, вавилон, ассирия, т.б.) қалыптасуына негіз болған [3, 45 б].

Шумерлер оқулықтар жазбас бұрын алдымен шумер-аккад сөздігін жасаған. Олардың екі түрі бар; жалпы және терминдік (мыс. ботаника, фармацевтика, зоология, минералогия және т.б.) сөздіктен үзінді: шумерлік – дир, дири – аккадша – ватру – превосходящий (асып түсетін) қазақша – аса, дүр, дүрдей. Шумерлік оқулықтардың үлгісі «қыш кітапханалар» арасынан табылған э – дуба (оқу, оқыту, оқулық, яғни әдаба) шумерлердегі бала оқытуды, мектепті және оқу құралы әдебиетті айқындаушы болып табылады. Мұнда, мысалы емші – «ашутасу», дұғалаушы – «машмаш» деп берілген (қазақта аштау, ұшықтау деген сөздер бар, ал «машмаш» – шаман дегенге келеді). Шумер тілін грамматикалық жағынан зерттеу үшін арнайы оқу құралы (өзгерген сөздер, оның айтылуы туралы) жасалды. Оны «Ана иттишу» - «согласно извещению об этом» – «анадай айтылуы», яғни бұл туралы айтылуына сәйкес деп атаған. Сол оқулықтардың бірі жорамал кітабы [3, 61 б].

Бұл еңбектерді қарастыра отыра шумер тілі мен түркі тілдерінің байланысы бар екені аңғаруға болады. Оған дәлел ретінде Олжас Сүлейменовтің еңбегінде былайша көрініс тапқан: «В иероглифическую эпоху любой простой знак должен был иметь образное значение. Я поинтересовался как выглядела в шумерском письме цифра, соответствующая числу десять. И оказалось:

> -u- десять.

Если прототюрки были знакомы с графемой в этом качестве, то они использовали её и как указатель направления - «вправо». Попытался представить:

> -uŋ- 1) десять, 2) правая (сторона), вправо, 3) он.

Во всех тюркских языках представлены производные этой лексемы: **un** - десять (тат., баш., сюг., лоб.), **on**- т.ж. (тур., аз., кум., караим., кр.тат., балк., узб., каз., кирг., ног., ккалп., уйг., алт., хак., тув.), **von**- т.ж. (як.), **vun, vuna, vunna** - т.ж. (чув.диалекты).

(Старокипчакская форма **ong** - десять, мне кажется наиболее приближена к праформе.)

Знакомство с цифрой-угол может подтвердить второе значение названия знака, служившего, вероятно, и указателем направления вправо. Диалектные формы слова и значения собрались в общетюркском.

| | | | |
|-----------------|---|---------------------------|-------|
| | | / | u (o) |
| ᠋ > - *buŋ - uŋ | ∖ | un (on) - an - a | |
| | | uŋ (oŋ) - ung (ong) - ang | |

Uŋ - правый (тат., башк.), **uŋ-** т.ж. (тур.диал.), **oŋ** - т.ж. (большинство тюрк.яз.), **an** - правый (чув.). Распространилось в тунгусо-манжурских языках: **an** - правый (эвенк.). Носогортанность согласного сохраняется в производных **angida** - правый, в правой стороне (солон.), **angyv, angav** - т.ж. (эвен.).

Исходным, вероятно, был знак месяца, истолкованный как след ноги (копыта), ориентированный вправо: **᠋ - uŋ** - 1) след ноги (копыта), 2) количество пальцев на ноге, 3) вправо.

Севортян в эту группу, мне кажется, совершенно справедливо включает древнетюркскую лексему, приведённую венгерским тюркологом Вамбери - **ong-** «пальцы на ноге». Этот иероглиф в древнейшем курсивном начертании попадает в алфавит: **᠋ - an** - (др. тюрк.).

...Неслучайность совмещения значений «десять» и «правая (сторона)» может подтвердить и другой пример. Если та же цифра назвалась в славянских **des - 10, desno** - правое (слав.), то это соответствует итальянским **des - 10, des(stra)** - правая (сторона)» [4, 207 б].

Жіктеу есімдіктеріндегі мынадай ұқсастықтарды көрсетеді: «me (шум.), men – мен (қазақ), ze (шум.), sen – сен (түркі, қазақ) [5, 24 б]. Демек, «бұл тілдік құбылыстар түркі-шумер байланыстарының болғанын дәлелдейді. Яғни түркілер өз заманында жақсы дамыған шумер мәдениетін пайдаланған.

Біз шумерлер тілі мен көне түркі тілінің, яғни біздің ата-бабамыздың тілінің туыс тілдер қатарына жататынына және алтай тілдер тобына кіретін түркі тілдерінің шумерлер дәуірінен бұрын да болғанына ғалымдар зерттеулері арқылы көз жеткіздік. Сына жазуымен жазылған шумер кестелері ойлап қарасақ, түркі тілінің ең көне жазба ескерткіші болып шықты. Ғылыми негіздемелер мен зерттеулер нәтижесі қазақ тілінің жасын түркі тілдерімен бірге ұзартып, шумер дәуірімен байланыстырады. Бііз ғалым, шумертанушы О.Н.Тунаның пікірін көпшілікке ұсына отырып, түркі тілдерінің бір тармағы- қазақ тілінің сан ғасырлық тарихы бар екенін және шумер тілімен сабақтаса дамығанын айрықша мақтаншпен айтқымыз келеді. Зерттеуші ғалым О.Н.Тунаның: «Түркі тілінің

осыдан 5500 жыл бұрын тәуелсіз және екі тобы бар тіл ретінде өмір сүргені дәлелденген. Егер пайда болғаннан шумершемен байланысқа түскен уақытқа дейінгі таралу жылдамдығы тұрақты болған болса, прото-түркі тілі орасан көп уақыт бұрын өмір сүрген болуы қажет. Түркі тілінің археология және глоттохронологиялық жұмыстарына сүйеніп айтылған «жасы» ең саран есептерімен есептегенде 8500 жыл сөздерімен салыстыруға болады. Өйткені прото-түркі тілінен прото-шығыс және батыс түркі тіліне дейінгі өткен заман есептелсе, ол дәуірден осы күнге дейін өткен 5500 жыл екі есеге артуы мүмкін» [6, 89 б],-пікірі бүкіл әлем алдында түркі тілінің сан ғасырлық ғұмыры болғанын, тілі ұзақ өмір сүріп келе жатқан халықтың жоғары деңгейдегі мәдениеті болғанын да дәлелдейтін нақты деректер.

Автордың ойынша: «Тіл – жанбайтын, шайылмайтын, шірімейтін және идеологияның әсері тимейтін мұрағат. Ата-бабамыздан жеткен басты интеллектуалдық мұра; тіл мен мәдениетте көрініс тапқан бірінші иероглифтердің дамуын түсіне білу керек; сөздің себептілігін іздеу, жазу мен тіл бастау алатын бірінші иероглифтерді анықтау жұмыстары жүргізілгенде ғана тіл білімі өз мәнін сақтай алады; ауызша тіл жазба тілмен салыстырғанда құнды мәлімет беруі мүмкін. Сондықтан бізге ата-бабамыз өздерінің өткен тарихын ұрпақтары білсін деп, «біліндер, білгір болындар» деп өсиет қалдырды. Бізге өте мол мұрағатты оқу тағдырымызға бұйырды, онда тек өткеніміз ғана емес, сонымен қатар болашағымыз да кодталған» [5, 317 б].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Википедия (<http://kk.wikipedia.org/>).
- 2 Көбденова Г. Сөздің шығу тарихы/Ана тілі,-2012,-16-22 тамыз, -5 б.
- 3 Қоңыратбаев Ә.,Қоңыратбаев Т.Көне мәдениет жазбалары.- Алматы,1991.
- 4 Сүлейменов О. Язык письма.-Алматы, 1998-499 с.
- 5 Сүлейменов О.Таңбалар тілі.-Алматы,2014-384 б.
- 6 Крамер С.Шумеры. Первая цивилизация на земле. М., 2002.

ТІЛДІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ МӘНІ

ТРУШЕВ А. Қ.

профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ӘУБӘКІР С. С.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Тіл және ойлау – бір-бірінен өзінің мәні, өздік белгілерімен ерекшеленетін, қоғамдық қызметтің өз ара тығыз байланысты екі түрі. Қазіргі заманда бұл мәселемен әр түрлі ғылым саласындағы ғалымдар айналысуда.

Ойлау – аса күрделі психикалық процесс. Оны зерттеумен бірнеше ғылым айналысады. Бұлардың ішінде логика мен психологияның орны ерекше. Психология түрлі жас мөлшердегі адам ойының пайда болуы, дамуы, қалыптасуы жолдарын, яғни жеке адамның ойлау ерекшеліктерінің заңдылықтарын қарастырса, логика – бүкіл адамзатқа ортақ ой әрекетінен заңдары мен формаларын айқындайды, адам ойының нақты нәтижесі болып табылатын ұғым, пікір, дәлел, ой формаларының табиғатын зерттейді. Ойлау ерекшеліктерін таным мен ой процесінің сатысы ретінде зерттеу, ойлаудың білім мен тікелей байланысты екендігін көрсетеді.

Тіл дегеніміз – сөздік белгілердің жүйесі. Ал белгі – шындық пен болмысты білдіретін бөлшек. Тіл арқылы ойымызды басқа біреуге жеткіземіз. Ақыл-ой жетістігі болып табылатын, ақиқат, өмірдің бейнелуін қамтамасыз ететін ең жоғарғы таным-түйсік адамға ғана тән және ол-сөйлеу актісімен тікелей байланысты форма. Яғни адамдар бұл бейнелерді қалыптастыруда тілді пайдаланады, бір-бірімен қарым-қатынасқа тіл арқылы түседі, бейненің бар болмасын суреттеу үшін, бір-біріне жеткізу үшін тілдік блоктарды түзеді.

Тіл мен сөйлеу жайындағы ғалымдардың пікіріне келсек, ерекше концепция Ф. де Соссюрдің тұжырымы. Оның пікірінше, тіл дыбыстың өзі, дыбысталу. Яғни, тіл – барлық дыбыстық таңбалардың жиынтығы болса, сөйлеу – дыбысталудың жиынтығы. Ғалым «Язык – это система знаков и правил их комбинирования; речь же это использование нашей языковой системы в целях общения» /2/. Ф. Соссюр тілмен сөйлеуді ажырата келіп, олардың әрқайсынына тән айырмашылықтарды нақтылап көрсетеді.

Тіл – әлеуметтік, ал сөйлеу – жеке құбылыс. Тіл мен ойлаудың өзара байланысы туралы мәселе жалпы тіл білімінің ғана емес, сонымен бірге философия мен логиканың және психологияның ең күрделі мәселелерінің бірі болып саналады. Дыбыстық тіл де,

абстракті ойлауда адамға тән құбылыстар. Осы бірліктен тіл мен ойлаудың жалпы ерекшелігі көрінеді. Ой тіл арқылы айтылған мазмұнның негізін құрайды. Ой арқылы, адам миының сәулелендіруші әрекеті арқылы тілдік единицалар объективті дүниенің заттары мен және құбылыстарымен байланысқа түседі, мұнсыз адамдардың бір-бірімен тіл арқылы қатынас жасауы мүмкін болмаған болар еді.

Адамның ой тіл арқылы тілдегі сөздер және олардың тіркесі арқылы айтылды да, материалдық формаға енді. Ойлаудың туып жасалуында тілдің ролі айрықша зор.

Белгілі бір тілдің дыбыстық комплекстері ойлауда сәулеленетін объективті дүниенің элементтерінің сигналдары ретінде қызмет етеді де, бұл дыбыстық комплекстерде адам танымының нәтижелері орнығып бекітіледі, ал осы нәтижелердің өзі ары қарай танып білуге негіз болады. Сондықтан да тіл ойлаудың қаруы, инструменті ретінде, ал тіл мен ойлаудың байланысы бірлік ретінде сипатталады. Тілдің шығуы мен абстракті, жалпылаушы ойлаудың шығуы туралы мәселелер өз ара тығыз байланысты. Мұны И.П. Павловтың екінші сигнал жүйесі туралы ілімі дәлелдей түсті. Ол екінші сигнал жүйесі адамның пайда болуымен байланысты туды және осымен байланысты жалпылаушы ойлау да пайда болды дейді. «Тегінде айналадағы дүниеге барып тірелетін біздің түйсіктеріміз бен елестеріміз егер біз үшін шындық өмірдің бірінші сигналдары, нақтылы сигналдары болып табылатын болса, онда тілдің өзі сөйлеу органдарынан ми қабығына баратын ең алдымен кинестезикалық тітіркенулер, екінші сигналдар, сигналдардың сигналдары болып есептеледі.

Түйсіктер, сондай-ақ қабылдау мен елестері образдары дүниедегі заттардың, құбылыстардың және олардың сапа, қасиеттерінің сезім мүшелеріне тікелей әсер етуінің нәтижесінде пайда болады. Ал жалпылаушы және абстракті ойлау сыртқы дүниенің сезім мүшелері арқылы бізге жететін деректеріне, әсеріне сүйенгенімен, оның ұғым, байымдау және т.б. түрде болатын нәтижелерінің өздері сәулелендіретін объективті шындыққа қатысы жанама түрде болады. Әрбір ұғым заттар мен құбылыстардың және т.б. бүтіндей тобын олардың жалпы және басты қасиеттерінде бейнелей отырады да, сол топтағы әрбір затқа, құбылысқа және т.б. тән индивидуальды қасиеттерден дерексізденеді. Кез-келген халықтың таным мен ойлау ерекшелігі оның ұлттық тілінде көрініс табады және ол тек қана сол ұлттың тарихын, мәдениетін ғана емес, оның өркениетін құрайтын талғамдар жиынтығын, өмір сүру әдісін, руханият, ділдік, материалдық саладағы қол жеткен жетістіктерін де белгілейді. Сол себепті тіл тек таным мен ойдың вербалдануы

қызметін ғана атқарып қоймай, сонымен бірге ол тарихи, мәдени, өркениеттік құндылықтарды сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, танытушы.

Бізді қоршаған дүниедегі заттар мен құбылыстар, олардың әр түрлі белгілері, бір-бірімен қарым-қатысы адам санасында ойлаудың әр түрлі формалары (ұғым, байымдау) түрінде бейнеленеді де, сонғылар тілде сөздер және сөйлемдер арқылы айтылады, осылар арқылы баянды етіледі. Адам санасында шындық өмірдің бейнеленуі тілсіз іске асуы мүмкін емес. Тіл біздің ойымызды білдіре және баянды ете отырып, бізді қоршаған шындық өмір жайындағы білімімізді сақтаушы болып есептеледі. Тіл объективті дүниедегі заттар мен құбылыстар, олардың сапа, белгілері және бәр-бірімен қарым-қатынасы туралы қандай бір ойды болса да айтып жеткізуге икемді болады.

Тіл мен ойлау бір-бірімен тығыз байланыста болады дегенде, тілдегі категорияларының өз ара байланысы, арақатысы ескеріледі. Мысалы, тілдегі сөз логикалық категория – ұғыммен тығыз байланыста болса, сөйлем байымдаумен (суждение) тығыз байланыста болады.

Сөз бен ұғым бірлікте, өз ара тығыз байланыста болады дегеннен бұл екеуі бір-бірімен тепе-тең екен деген түсінік тумауға тиісті. Олардың арасындағы айырмашылықтары мыналар: кейбір ұғымдар жеке сөздермен емес, сөздердің тіркестерімен айтылады; фразеологиялық сөз тіркестерінің құрамындағы кейбір ұғымдар жеке сөздермен емес, сөздердің тіркестерімен айтылады; фразеологиялық сөз тіркестерінің құрамындағы кейбір сөздер ұғымды өздігінен емес, тек тұрақты сөз тіркестерінің құрамында қолданылғанда ғана білдіре алады. Бірнеше мағынаны білдіретін бір сөздің өзі әлденеше ұғымды білдіруі мүмкін. Сөз кейде ұғымды ғана емес, байымдауды да білдіруі мүмкін. Мұндай жағдайда сөз сөйлем ретінде қызмет атқарады. Бұл айтылғандардың бәрі де сөз бен ұғымның тепе-тең емес, бірақ өз ара байланысты екендігін көрсетеді.

Ойлаудың тілмен тығыз бірлікте болатынын ойлау формаларының бірі – байымдаудың сөйлеммен байланысынан да көруге болады. Тілдің тіл болуы үшін ең қажетті фактор – ойлау, пайымдау екені белгілі. Адамның ми қабатында жинақталған ой тіл арқылы сыртқа шығады, сөйлеу арқылы неше мәрте айтылса да белгілі бір сөйлеу жүйесіне бағынбаса, түсініксіз болады. Ой тілге әсер етеді, тіл сөзге әсер етеді, сөзден сөйлеу пайда болады.

Тіл-тұрақты және ұзақ өмір сүретін процесс, ал сөйлеу – тұрақсыз және жиі өзгеріп отырады.

Тіл адамның миымен, санасымен бірге өзі қалыптасатын үдеріс, ал сөйлеу әркімнің өзі дамытып отыратын үдеріс.

Тіл – психикалық құбылыс, ал сөйлеу - психофизикалық құбылыс.

Осылайша, тіл мен сөйлеудің ара жігін ажырата келіп, олардың өзара тығыз байланысты екенін де атап өтеді.

Қазақ лингвистикасында тіл мен сөйлеуге қатысты мәселелерді анықтап, олардың айырмашылықтарын көрсетуге тырысқан тілші - Т.Р. Қордабаев. Ол: «сөйлеу дегеніміз - тілді қатынас жасау процесінде өз ойын басқаларға білдіру, басқаның ойын білу мақсатында қолдану деген сөз», – /3, 87/ дей келіп, тіл мен сөйлеу бір-бірімен ажырамас бірлікте – деп көрсетеді.

Тілсіз ойлаудың болмайтындығы, әрбір ой тіл арқылы ғана көрінетіндігін, яғни сөйлеуді ойлаудан бөліп алудың мүмкін еместігін түсінеді.

Ф. де Соссюр ойды тілдің семантикасымен теңдестіре отырып, тілді қағазбен былайша салыстырады: «Ой дегеніміз, сол қағаздың бет жағы, ал дыбыс – астыңғы жағы, егер қағаздың бет жағын, астыңғы жағын бүлдірмей кесіп алуға болмайтыны сияқты, тілде де дыбыстан, дыбысты ойдан бөліп алуға болмайды. Мұны тек абстракциялық түрде ажыратуға болады» - дейді.

Тіл мен ойлау бір-бірімен тығыз байланыста болады дегенде, тілдегі категорияларының өз ара байланысы, арақатысы ескеріледі. Мысалы, тілдегі сөз логикалық категория – ұғыммен тығыз байланыста болса, сөйлем байымдаумен (суждение) тығыз байланыста болады.

Сөз бен ұғым бірлікте, өз ара тығыз байланыста болады дегеннен бұл екеуі бір-бірімен тепе-тең екен деген түсінік тумауға тиісті. Олардың арасындағы айырмашылықтары мыналар: кейбір ұғымдар жеке сөздермен емес, сөздердің тіркестерімен айтылады; фразеологиялық сөз тіркестерінің құрамындағы кейбір ұғымдар жеке сөздермен емес, сөздердің тіркестерімен айтылады; фразеологиялық сөз тіркестерінің құрамындағы кейбір сөздер ұғымды өздігінен емес, тек тұрақты сөз тіркестерінің құрамында қолданылғанда ғана білдіре алады. Бірнеше мағынаны білдіретін бір сөздің өзі әлденеше ұғымды білдіруі мүмкін. Сөз кейде ұғымды ғана емес, байымдауды да білдіруі мүмкін. Мұндай жағдайда сөз сөйлем ретінде қызмет атқарады. Бұл айтылғандардың бәрі де сөз бен ұғымның тепе-тең емес, бірақ өз ара байланысты екендігін көрсетеді.

Ойлаудың тілмен тығыз бірлікте болатынын ойлау формаларының бірі – байымдаудың сөйлеммен байланысынан да

көруге болады. Тілдің тіл болуы үшін ең қажетті фактор – ойлау, пайымдау екені белгілі. Адамның ми қабатында жинақталған ой тіл арқылы сыртқа шығады, сөйлеу арқылы неше мәрте айтылса да белгілі бір сөйлеу жүйесіне бағынбаса, түсініксіз болады. Ой тілге әсер етеді, тіл сөзге әсер етеді, сөзден сөйлеу пайда болады.

Тіл – тұрақты және ұзақ өмір сүретін процесс, ал сөйлеу – тұрақсыз және жиі өзгеріп отырады.

Тіл адамның миымен, санасымен бірге өзі қалыптасатын үдеріс, ал сөйлеу әркімнің өзі дамытып отыратын үдеріс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық. – Алматы, 2009 ж.

2 Ф. Соссюр. Труды по языкознанию. Перевод под редакцией А.А. Холодовича. – М.: «Прогресс», 1977 г.

3 Т.Р. Қордабаев. Жалпы тіл білімі. – Алматы: Ы. Алтынсарин атындағы Қаз. білім акад. Респ. баспа каб., 1999. – 195 б. с.

ХАНДЫҚ ДӘУІРДЕГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ

ТРУШЕВ А. Қ.

профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ҚАБЫШЕВ Б. Б.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Бұл дәуірдегі қазақ халқының мәдени-рухани өмірінде жаңа құрала бастаған халықтың сөйлеу тілі мен қазақ халқын құраған ру-тайпалардың ежелден келе жатқан поэзиясы тілінің негізінде ауызша дамыған әдеби тіл қызмет етті. Ол негізінен, поэзия түріндегі көркем әдебиет пен ауызша жүргізілетін дау-билік саласында, хан жарлықтары, шетелмен қарым-қатынас қағаздары, тарихи шежірелер секілді жазба дүниелердің қажетін орта азиялық түркі әдеби дәстүріне негізделген қазақтың ескі жазба тілі өтеп отырды.

Солай десекте, қазақтың бірқатар ғалымдары бұл кезеңде қазақтың әдеби тілі болды дегенді қолдамайды, өйткені әдеби тілді танытатын әдебиеттің басын ХҮІІІ ғасырдан, Бұхар жыраудан бастайды. Олардың пікірінше, сол тұстағы қазақ жырауларының өзіндік жанрлық сипаттары мен стильдік ерекшеліктері болған емес, көбіне фольклордағы дидактикалық-тұрмыстық жырлар мен арнау, қоштасу, өсиет сияқты ертеден келе жатқан ауыз әдебиетімен үндес келеді.

Ғалым Р.Сыздықтың пікірінше, бұл тұста қазақтың ауызша дамыған төл әдеби тілі болған.[1, 112]. Ғалымның осындай пікір айтуына, 60-80 жылдары жарық көрген «ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ поэзиясы» (1982), «Ертедегі әдебиет нұсқалары» (1967), «Алдаспан» (1971), «Ақберен» (1972) т.б. жинақтарда басылған мәтіндер негіз болып отыр. Бұл жинақтарға енген Асан қайғы, Қазтуған, Доспанбет, Шалкиіз, Сыпыра жырау және т.б. толғаулары ауыздан ауызға жеткендіктен, біз осы дәуірдің өзіне тән ауызша әдеби тіл болды деп айта аламыз.

Ал жазба әдеби тіл үлгілеріне келсек, бұл салада да біршама зерттеулер мен айтылған пікірлер бар. Қазақтың ескі жазба тілінде жазылған жалайыр руынан шыққан Қадырғали Қосымұлы сияқты тарихшының шығармаларын танып-талдау үстінде сол тұста қазақ туындысы пайдаланған жазба тіл мәселесін Ә. Марғұлан, Қ. Жүнісбаев, Е. Масанов, Т. Қордабаев, Р. Сыздықова т.б. ғалымдар көтерді. Сонымен қатар, осы тұстағы қазақтың хан, сұлтан, тархандарының Ресей үкіметіне немесе бір-біріне жазысқан ресми қағаздары мен әкімшілік орындарының үкім-жарлықтарының мәтіндерінің тілі жайлы да пікірлер айтылды.

Р. Сыздықтың айтуынша, әдеби тіл статусын тарих кешенінің барлық кезегінде тек жазуға байланыстыра анықтауға болмайды. Сол тілді танытатын үлгілердің әлеуметтік жүгі, барлық нұсқаларға біршама ортақтығы, тілдік-көркемдік нормаларының («қырланған, өңделген, сұрыпталған сипатының») болуы – осылардың баршасы қоғамға белгілі бір дәуірде қызмет еткен тілдің категориясын айқындайды, даму сатысын көрсетеді. Осы тұрғыдан келгенде, бізде ауызша сақталып, там-тұмдап жеткен ескерткіштердің тілін әдеби тіл болды деп табамыз.

Бұл кезеңдегі әдеби тіл нұсқалары ауызша тарап жеткендіктен, олардың мәтіндерінің жай-күйлері бірдей болмаған. Мысалы Асан қайғының «Ақ тонынды жамандап, Атлас қайдан табарсың» дегеніндегі атлас сөзі – соңғы дәуірлердің элементі. Сонымен қатар жырау шығармаларында ақы, ғаріп, мөрмөр, пейіл, мақсұт, пір, надан, хатим ету, ғалым, әзиз сынды араб-парсы сөздері молынан ұшырасады. Бұл да соңғы кезеңдер қоспасының жемісі болуы керек.

Асан қайғының замандасы Қазтуған, Шалкиіз, ХҮІ ғасырда өмір сүрген Доспамбет пен Шобан жыраулардың тексттері лексика-грамматикалық және көркемдік-композициялық құрылымы жағынан өз дәуірлеріне сай элементтерді көбірек сақтаған. Ал ХҮІІІ ғасыр жырауларының тілі соңғы ғасырларға өте жақын. Мұнда қазіргі кез тұрғысынан алғанда да бейтаныс

тұлға-тәсілдер өте аз. Дегенмен түсінуге қиын, мағынасы күнгірт сөздер мен сөз тіркестері бар. Мысалы, Қазтуғанның «Қара ұнымы сұлтандайын жүрістің» дегені түсініксіз. Немесе оның «Салп-салпыншақ анау үш өзен» дегенінде «салп-салпыншақ» эпитеті нені білдіреді? Шалкиіздің «Тал мойныма қол артсаң, күліктен бек ұнармын» дегенінде соңғы сөз түсініксіз. Доспамбеттің «Көмбідей ару жаларға. Кірмембес ауыр қолға бас болып» деген, Шобанның «Аббар кешіп, шет қонған, Баланқылар батпаған. Сырғаласқан жауды сықтарға. Ісірібі тоқтасқан» деген жолдарында көрсетілген сөздер қазіргі қазақ тілі үшін бейтаныс элементтер.

Зерттеуші Қ. Өмірәлиев ноғайлы циклі нұсқаларындағы мұндай элементтерді көне емес, түбі бір туыстас өзге түркі тілдік деп санайды. Ал Р. Сыздық бұл дәуірдің поэзиясы тілінде кездесетін бейтаныс немесе мағынасы өзгеше сөздер мен граммтикалық ерекшеліктерді тұтасымен қарамай, бөліп қарау керек екенін айтады. Яғни бұл сөздердің бірқатары ноғай тілінде болса, енді бір тобын қазақты құраған ру-тайпалардың өзіне тән, бұл күнде көнерген немесе мағынасы өзгерген сөздері мен тұлғалары деп танығанымыз жөн. Себебі ХУ-ХУІ ғасырларда қазақ ру-тайпаларының өз алдына ұлыс болып құрала бастады. Бұған дейін ноғайлылар мен қазақтың ру-тайпалары Алтын Орда құрамында бірге, аралас-құралас өмір сүргені мәлім. Сондықтан Асан, Шалкиіз, Қазтуған, Шобан сияқты сөз зергерлері ноғайлы, қазақ бөлінгенде, әрқайсысы өзімдікі деп ала кетуі заңды құбылыс.

Сөз етіп отырған дәуірлердегі әдебиет үлгілері хатқа түспей, ауызша сақталып жеткендіктен, олардың тілін құрылымдық қабаттарға қарай сипаттау, фонетикалық күй-қалпын беру мүмкін емес. Бұл дәуірдегі әдеби тіл үлгілері фонтикалық, граммтикалық және лексикалық жағынан да көп өзгеріске ұшыраған. Сонымен қатар осы ғасырларда жасаған қалам иелері ноғайлы-қазақ жұрттарына ортақ болғандықтан, мұнда ноғайлылық тілдік элементтер көп кездеседі. Мысалы Шалкиіз, Доспамбет, Шобандарда кездесетін соңратын, соқта, асмар ету-сымарыш ету, бажа, балаңқы, сықтау нарты, кілең бұз, жарқа, кежігу, т.б. сөздер қазақ тілінен гөрі ноғайлылар тіліне жақын. Ал грамматика мен фонетика салаларынан бұз (мұз), бұзмай, дұшман, менім, атлы, жүрерлер, кешу кешмек, хаңлар, не білейім, бізім тәрізді тұлғаларды кездестіреміз [1, 98].

Ал енді осы тұстағы ақын-жырауларының тілін тақырыбы мен мазмұнына қарай былай топтастырамыз: Асан қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет, Шобан, Марғасқа, Жиёмбеттер негізінен екі-үш жанрда жырлаған: бірі – дидактикалық толғау, оның тақырбы

– жалпы ақыл, насихат айту, екіншісі – арнау толғау, тақырыбы көбінесе қоғам, адам, ел қорғау, үшіншісі – портрет өлеңдер. Қазтуған мен Доспамбетте, Шобанда, Марғасқа мен Жиёмбетте дидактикалық толғаулар жоқ.

Жоғарыда аталған жыраулар тілінің лексикасын бірнеше салаға бөліп қарауға болады:

Аң-құс, жан-жануарлар, өсімдік, ландшафт сияқты табиғатқа қатысты сөздер: тырна, тауық, қошқар, изен, түйғын, қаршыға, сұңқар, құлан, тарпан, ор қоян, тобылғы, көл, аспан және т.б.

Төрт-түлік малға қатысты сөздер: тоқты, жабағы, тай, бұзау, жылқы, түйе, т.б.

Қауымның әлеуметтік құрылысы мен жаугершілік тақырыбына қатысты сөздер: жұрт, халық, хан, қарашы, қызметші, батыр, би, жау, ер, құл, дұшпан, жолдас, көп, ата, ана, ұл, ұғыл және т.б.

Соғыс ісіне, қару-жараққа қатысты сөздер: садақ, қылшан, сары жүн оқ, найза, алдаспан, ауыр қылыш, ала білек оқ, қанды көбе, ала балта, қандыауыз, жебе, қара болат, он екі құрсау жез айыр, мылтық, т.б.

Дерексіз есімдер: атақ, көңіл, кеңес, жақсылық, жамандық, жалғыздық, әділдік, сыпайшылық, есендік, қызыл тіл, өтірік, пәле, ит түрткі, ерлік, өрлік, зарлық, беріктік, сыр, қайрат, ант, т.б.

Бұл тұстағы қазақтың ауызша дамыған төл әдеби тілінің сөздік қазынасында орыс тілінен сөз алу дәстүрі жоқ, өйткені мұның әлі базасы жасалмаған еді. Себебі Ресей мемлекетімен, орыс мәдениеті және тілімен араласатын саяси, әлеуметтік, экономикалық қарым-қатынастар тумаған болатын.

Ал жана сөздерге (нәологизмдерге) келсек, олар жайлы нақты айту қиын, себебі XV ғасырдан бұрынғы тілдің лексикалық сипатын толық көз алдымызға келтіре алмаймыз. Дегенмен бір жәйтті нақты айта аламыз, ол – жыраулардың жеке бастарына тән даралық ізденістер мен қосқандары байқалмайды. Бірінде бар сөздер типтері басқаларында да кездеседі. Бұл мүмкін, ауызша сақталудың жемісі болар.

Дегенмен бұл кезеңдегі қазақ тілінде бүгінгі нормалардан өзгеше келетін азды-көпті граммтикалық тұлға-тәсілдердің болғаны даусыз. Соларға тоқталсақ.

Сөз өзгерту саласында. Септеу тәртібі негізінен қазіргімен бірдей, тек есімдіктердің септелуінде өзгешелік бар. Ілік жалғауы мен, біз деген есімдіктерге жалғанғанда *-иң, -ім* түрінде де келеді: менің, бізің. Шығыс септіктің *-дың, -дің* нұсқасы кездеседі: Ер өзіндің соңратын... Бұ кеткеннің қайтпасаң (Шалкиіз).

Етістіктің тұйық түрі екі түрлі тәсілмен жасалған: бірі - -у жұрнағы арқылы, екіншісі -мақ жұрнағы арқылы: мақтанбақ, батыр болмақ, кешу кешмек. Мақсат реңкімен келетін тұстарда -уға қосымшаларымен берілетін етістік -арға тұлғасымен келеді: Ал дегенде аларға, Алып жерге саларға.

Есімшенің ауыспалы шағын жасайтын тұлға негізінен -тұғын түрінде келеді: Өлетұғын тай үшін, көшетұғын сай үшін (Асан қайғы).

Етістіктің бұйрық рай тұлғасы (II жағы) қазіргі қазақ әдеби тіл нормасымен сай келеді: анайы түрінде (бар, кел, сынаспа), көпше түрі -ңыз жұрнағын жалғайды: барыңыз, болыңыз. Мысалы: Бір болыңыз бөріңіз (Асан қайғы).

Бұйрық райдың II жақа -ғыл, -гіл жұрнағын жалғаған түрі кездеседі: Адам өзін айтар деп, көңілінді салмағыл. Нәпсі алдаушы дұшпанның насихатын алмағыл (Асан қайғы) [1, 119].

Осы күнгі -ңыз, -ғыз жұрнағымен келетін етіс тұлғалары –кер қосымшасымен берілген: Масағынан өткеріп, Басы қолға жеткеріп, Созып тартар күн қайда! (Доспамбет).

Етістіктің өткен шағын -ғай, -гей жұрнағымен беру бар: Тұкылдықтан сартылдап Үзілер болғай сол мүйіз (Шалкиіз).

Ауыспалы осы шақтың болымсыз түрінің I жақта -ма+й+мын вариантының орнына -ман (фонетикалық түрлерімен) жұрнақты тұлғасы да кездеседі: Тоғай қондым – өкінбен. Ару сүйдім – өкінбен (Доспамбет). Мұныға, халқым, шыдаман (Жиёмбет).

Шылаулар ішінен жазба тілдерге тән арабша уа, лекин, парсыша һәм шылауы бір-екі жерде ғана көрінеді: Жайынды білген қарындас Ол – қарындас һәм жолдас (Шалкиіз).

Сөз тудыру жүйесінде. Бұл салада да біршама ілгерушілік байқалады. Жиі қолданыста болған -лық, -лік, -лы, -сыз, -дай жұрнақтары арқылы жасалған сөздердің мағыналары қазіргідей. Бұл күнде жанаса байланысатын қатысты сын есімдер, сол кездегі тілде -лы қосымшасымен келеді: алтынды кесе (алтын кесе), айдынды көл (айдын көл). Ал басқа -шы, (қызметші, жарақшы) -ім (көрінім жер), -шылық (сыпайшылық), -сін (сүйесін, демесін), -шық (сызашық, боташық) секілді қосымшалар жиі қолданылмаған.

Гамматикалық ерекшеліктер қатарында дүр (-ды, -ді, -ты, -ті) қосымшасының қолданылуын айтуға болады. Мысалы: Жауынды күні көп жүрме, Жар жағасы тайғақ-ты (Шалкиіз). Сырым саған түзу-ді (Жиёмбет). Қарап отырсақ, іс-әрекеттің нақты болған-болмағанын білдіру мәнінде жұмсалған дүр көрсеткіші бүгінгі күнге -ды, -ді түрінде жеткен.

Бұлардан басқа сол дәуірде өзгеше тұлғада қолданылған кейбір туынды етістіктер бар. Мысалы, ырысымды сындайын, Сұлу үнмен үндейін (Асан қайғы) дегендегі сындайын – сынайын, үндейін – сөйлейін болар еді.

Сонымен талдап отырған дәуірдегі қазақ әдеби тілінің грамматикалық жүйесі қазіргі кездегімен көбінесе бірдей болғанымен, кейбір жерлерде өзіндік ерекшеліктері бар екені байқалады. Ол ерекшеліктер, біріншіден, ертеден келе жатқан ескі тұлғалардың орын алуынан туса (-ғай, -ман, -дүр), екіншіден, әдебиет жанрының сөз қолданыс тәсіліне байланысты (-ар, -ман жұрнақты етістіктердің қолданысы) орын алған.

Сонымен XV-XVII ғасырларда қазақ даласында ауызша және жазбаша әдеби тіл қатар дамыды деп айта аламыз. Жазба әдеби тілде лексикалық нормалану процесі аяқталмаған, жүріп жатқан әрекет болғандықтан, осы дәуірдегі әдеби тілде жарыспалылық (варианттылық) орын алған. Соның ішінде ішінара оғыз, көне ұйғыр сөздері қолданылған. Араб, парсы тілдерінен енген тілдік элементтердің бірі - кірме сөздер болса, екіншісі – көпшілік қолданысында жоқ, бірақ сол кездегі мұсылманша сауатты адамдарға түсінікті болған.

XV-XVII ғасырлардағы ескі қазақ жазба тілінің поэзия және проза жанрында грамматикалық, синтаксистік амалдардың белгілі бір нормаға тұрақталмағандығын және жүйеге түспегенін айта аламыз. Дегенмен сол тұстағы көне қазақ тілі әр салада қолданылып, түрлі стильдерде жұмсалған. Ноғайлы және түркі тілдес халықтардың тілдерінен көптеген тілдік элементтерді қабылдаса да, өзіндік өзгешеліктерін сақтап қалған. Бұған әсіресе қазақтың сол тұстағы жыраулары мен шежірешілері өзіндік зор үлес қосты. Бұл кезеңдегі поэзия үлгілері ауызша жетсе, жазба әдебиет үлгілері тек тарихи шежірелер мен хан-сұлтандардың іс-қағаздарынан көрініс тапқан.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010.-400 б.

2 Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. –Алматы: Ана тілі, 1996. - 301 б.

3 Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. (XV-XIX ғасырлар). –Алматы: Арыс, 2004. - 288 б.

4 Балақаев М., Сыздықова Р., Жанпейісов Е. Қазақ әдеби тілінің тарихы. –Алматы: Мектеп, 1968. - 238 б.

5 Бес ғасыржырлайды. Алматы 1989,1-том. - 350 б.

6 Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы.-Алматы, 2001. – 320 б.

МӘШҰР-ЖҮСІПТІҢ ЛЕКСИКАСЫ

ТРУШЕВ А. Қ.

профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

МҰХИТОВ С. Қ.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Мақал-мәтелдер – әрбір халықтың көне байлығының рухани қазынасы. Ол – өз бастауын адам баласының тым ертедегі саналы қоғам құраған бала кезінен алып, ғасырлар бойы еленіп-екшеліп, сұрыпталып, толассыз толығып, келе жатқан жанды құбылыс, халық даналығының қорланып жиналған қоры, атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келе жатқан рухани мирасы.

Қазақ мақал-мәтелдерінің бастау көзі сонау Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен бастау алады. XII-XIII ғасырлардан бізге жеткен жазба ескерткіштердің тілінде мақал мен мәтелдер баршылық. Мысалы: Орхон жазбаларында: «Бастыны еңкейтіп, тізеліні бүктірген» («Күлтегін» жырынан), «Өлімнен ұят күшті» («Тоныкөк» жырынан) деген мақал-мәтелдерді кездестіреміз. Ал Махмұт Қашқаридің «Дивани лұғат-ат түрік» сөздігінен: «Ұлы болсаң, кішік бол, халық үшін бәлік бол», ал «Құдатғу біліктен»: «Біліп сөйлеген білекке саналар, білімсіз сөз өз басын жояр» [1, 56 б.] дейтін мақал-мәтелдерді байқауға болады. Бұл деректерге сүйене отырсақ, мақал-мәтелдердің бастауы сонау көне ескерткіштерден бастау алып, шығармалардың тілінде қолданыста болғанына көз жеткіземіз.

«Мақал-мәтелдердің пайда болып, қалыптасуы үлкен екі факторға байланысты. Оның біреуі – сыртқы фактор болады да, екіншісі – сәйкесінше ішкі фактор» (Ә. Қайдар).

Ғалымның зерттеуіне сүйене отырып, мақал-мәтелдердің шығуын ішкі фактор қатарына жатқызып, оны этностық қауымның ұзақ тарихи процесіне, тіршілік тәсілдеріне, өзіндік дүние танымы мен болмыстағы құндылықтарды бағалай білуіне байланысты деп білсек, сыртқы факторын сол этникалық қауымның бір табиғи ортада, географиялық аумақта, бірге жасап, біте қайнасып кеткен басқа халықтармен араласуының, бір-біріне тигізетін рухани-мәдени әсеріне байланысты деп қараған жөн.

Мақал-мәтелдердің зерттелуін бүкіл түркология көлемінде қарасақ, Нәкый Исәнбаттің «Татар халық мәкәльләре» (40 мыңға жуық мақал), С. Гапаровтың «Синтаксический строй киргизских пословиц», Ю. Ф. Ефимовтың «Лексика-грамматические особенности» сынды еңбектерін келтіруге болады. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің зерттелуі. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерге қатысты материалдарға шолу жасау барысында оларды жинақтау, сұрыптау, жүйелеу, жариялау ісінің екі кезеңнен тұратыны анықталды. Оның алғашқысы – XIX ғасырдың екінші жартысы. Кеңес дәуірінің 1948 жылдарына дейін мақал-мәтелдерді тек халық аузынан жинап, жеке басылым ретінде шығару жұмыстары жүргізілген болса, екінші кезең – оларды тілдік тұрғыдан зерттеудің қалыптасуымен сипатталады. Қазақтың мақал-мәтелдерін алғаш қағаз бетіне түсірген ғалым – Ш. Уәлиханов. Ал баспа бетіне тұңғыш жариялаған қазақ ағартушысы Ы. Алтынсарин болатын. Одан соң, 1899 жылы өзіне дейінгі жарияланған 1500 мақал-мәтелдерді жинақтап, «Сборник киргизских пословиц» (Оренбург) деген атпен қазақ тілін алған зерттеуші түркологтардың бірі – В. В. Катаринский жариялайды.

Осы дәстүр жалғасып, қазақ мақал-мәтелдері 1923 жылы Мәскеу қаласында «Мың бір мақал» деген атпен, 1927 жылы Ташкентте «Қазақ мақалдары» деген атпен (құрастырушы Ә. Диваев), Алматыда 1935 жылы «Қазақ мақалы мен мәтелдері» деген атпен (құрастырушы Ө. Тұрманжанов) жариялана бастайды [2].

Ш. Уәлиханов пен Н. Н. Березин архивтерінде XIX ғасырдың елуінші жылдарында ел аузынан жазып алынған екі жүзден аса мақал-мәтелдер сақталған. Сондай-ақ, қазақ ауыз әдебиетінің басқа үлгілерімен бірге қазақ мақалдары мен мәтелдерін де жинақтап, жеке жинақтар шығарып, қазақ тілі мен әдебиетінің, тіл ғылымының, мәдениетінің дамуына зор үлес қосқан Ы. Алтынсарин, Ә. Диваев, В. Радлов, Ш. Ибрагимов, М. Терентьев т.б. сынды ағартушы, ғалымдардың еңбегі ерекше. Қазақ мақал-мәтелдерінің ғылыми тұрғыдан зерттелуіне арналған іргелі монографиялық зерттеулер де, мақалалар да баршылық. Солардың ішінен ғалым Б. Шалабаев алғашқылардың бірі болып, аталмыш тұрақты тіркестер тобын арнайы қарастырып, олардың негізгі мағыналық топтарын, жанрлық ерекшеліктерін анықтады. М. Ғабдуллин өзінің «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» деген еңбегінде қазақ халқының шаруашылығын, кәсібін, тұрмыс-тіршілігін сипаттайтын мақал-мәтелдердің өмір танытқыштық мәні мен қызметін айқындаса, С. Нұрышев оларды

даму тарихы тұрғысынан қарастырды. Мақал да, мәтел де қазақ тіліне араб тілінен кіріккен. Арабша мақал «орынды айтылған сөз» дегенді білдіреді екен. Мәтел сөзі [масал] сөзінен деформацияланған (с~т). Мақалдарды мәтелдерден айыру керек. Мақалдың басты өзгешелігі болып оның бітімі және дидактикалық мазмұны табылады. Мәтел үйрету мінезімен, ақылды қорытындының бітімсіздігімен айырылады. Сонымен мақал-мәтелдің жалпы мағынасы оның құрамындағы компоненттердің (мақал мен мәтел) тура мағыналарынан туындаса, мәтелдердің жеке мағынасы оның астарлап айтылған ауыспалы идиомалық мағыналары негізінде қалыптасады. Мақал, әдетте жалпылама мағынаны білдірсе, мәтел белгілі бір ситуацияға байланысты іске асқан, не асуға тиісті құбылыстың, не іс-әрекеттің тек өзіне ғана тән мағынасын білдіруге бейімділігі [3, 56 б].

Сонымен мақал дегеніміз – нақыл сөз. Ол өмірдегі түрлі құбылысты жинақтап, түйіп, ықшамдап беріп, бір не екі тармақтан тұратын, алдыңғы жолдарында пайымдап, соңғы жолдарында қорытылған **ой** айтады. Көбіне **ұйқасқа, аллитерация** мен **ассонансқа** бейімделіп құрылады. Мақалдар тура және ауыспалы мағынада қолданылады. **Ауыспалы мағынадағы** сөздер ішкі астары бар, тұтас бір ойды білдіреді («Бір женнен қол шығар, бір жағадан бас шығар»), («Ырысқа қарай ұл өсер, Қонысқа қарай мал өсер»), («Ел – ырыстың орманы, ер – ырыстың қорғаны»), («Ер жігіт үш ақ үй тігеді, үш кара үй тігеді»).

Мәтел – өзінің негізгі түйіндеуін кесіп айтпайтын, бір-бірімен кереғар шендестіруі жоқ, қорытындысы тұспалды, қысқа да нұсқа нақыл сөз. Мақалға өте жақын. Мәтел сыңары **тармақ** болып келеді. Сөз үстемелене келіп, мақалға айналады. Мысалы, «Қаңбақтан қашсаң, дөңбекке» – мәтел. «Қаңбақтан қашсаң, дөңбекке жолығасың» – мақал. Мәтел тура, ауыспалы, астарлы мағынада қолданылады. Мәтел адамның айтқан пікіріне ой қосады, сезімін әсерлі де айшықты жеткізеді.

